19675
84.5 Қаз3

СӘКЕН ЖҮНІСОВ

ҚЫЗЫМ, САҒАН АЙТАМ...

СӘКЕН
ЖҮНІСОВ

ҚЫЗЫМ, САҒАН АЙТАМ...

ПЬЕСАЛАР

«ЖАЛЫН» БАСПАСЫ
Алматы 1978

Қаз 2
Ж 91

ЖҮНІСОВ С.

Ж 91 Қызым, саған айтам... Пьесалар. Алматы, «Жалын», 1978.— 288 бет.

Қаз 2

Жазушы, драматург Сәкен Жүнісовтің пьесалары республика театрларында қойылып, көрермен қауымнан жақсы баға алып жүр.

Бұл жинаққа театр сахналарынан мықтап орын алған «Ажар мен ажал», «Қызым, саған айтам...», «Тұтқындар», «Жаралы гүлдер», «Әр үйдің еркесі», «Қос анар» атты пьесалары еніп отыр.

Ж $\frac{70600-284}{408(07)78}$ 306—78

© «Жалын» баспасы, 1978

Северо-Казахстанская областная библиотека
город Петропавловск

013675

АЖАР МЕН АЖАЛ

(Үш актілі драма)

Кейіпкерлер:

1. Ажар
2. Соқыр кемпір — Ажардың әжесі
3. Атан
4. Қатай
5. Олжатай — Ажардың ұлы
6. Жұматай — Атанның ұлы
7. Бөпіш
8. Сары жорға
9. Оқыған азамат (кейін өкіл)
10. Бойжеткен
11. Патша офицері
12. Көсе
13. Ақлима — Атанның әйелі
14. Тамыршы
15. Дүйсен
16. Әукен
17. Үрләпия

I акт

БІРІНШІ КӨРІНІС

Жықпыл-жықпыл тас үңгір. Сұры қашқан екі адам әңгімелесіп отыр. Жұматай мен Қатай.

Қатай. Ал, Жұматай, таң да аппақ болып атып қалды. Жігіттерді оятып, бұл арадан көшіңдер.

Жұматай. Жігіттерің бар болсын.

Қатай. Қайтейін енді, өңкей қорқақты. Қасында мерген шал мылтығымен аңдып отыр, деп Ажарды әке-

луге бата алмапты. Асықпа, қайтып келеді ауылға көп ұзамай. Өзім хабарын беремін.

Жұматай. Мүлдем кеткен шығар. Оны ана қыздан сұрайық. Алдыр оны осында. Сосын отты сөндіріңдер. *(Қатай Бойжеткенді әкеліп шығып кетеді).*

Жұматай. Ажар, тәтең бір жола кетті ме?

Бойжеткен. Оны қайтейін деп едің?

Жұматай. Тезірек жұмаққа жөнелтейін деп едім.

Бойжеткен *(күліп).* Сонда тамұққа өзің барайын деп пе едің? Осыны сұрауға алдырдың ба мені?

Жұматай. Жоқ, қатын етуге алдырдым.

Бойжеткен. Менің бай еткім келетінін қайдан білдің?

Жұматай. Оны сұрамаппын, кешіргейсің?

Бойжеткен. Біреудің жүрегіне әмірің қалай жүрмек?

Жұматай. Маған керегі сенің жүрегің емес, қатыным болмасаң, күнім боларсың, елімнен бір күн бұйырар маған да! Қиқаңдама, жетті. *(Қолын қайырып өзіне икемдей береді. Осы кезде Қатай шығады).*

Қатай. Жасаған-ай! Ажар келе жатыр.

Жұматай. Ажар?!

Қатай. Иә, тап өзі. Қан басқан ғой, қаңғырған немені.

Бойжеткен *(ышқына айқайлап).* Ажар тәте, жолама мұнда! *(Қатайлар аузын басып әкете береді. Ол Түншығға сөйлеп барады).* Ажар тәтеме тиміңдер. Маған не істесеңдер де мейілдерің, тиміңдер!..

Ажар шығады. Тастардың арасында жасырына қалған Жұматай алты атарын кезеніп алдынан шыға келеді.

Жұматай. Өзің түстің бе қолға!

Ажар. Жұматай!

Жұматай. Дәл таныдың, Жұматаймын. Өзің өлтірген Атанның ұлы Жұматаймын. Иманыңды айта бер!

Ажар. Жоқ, иман айта келгем жоқ. Дәтім бар айтар.

Жұматай. Айт, тез!

Ажар. «Әке көрген — оқ жонар» дейді. Ол — жауға жонар оқ. Сенің әкең жауға емес, момындарға, панасыз сорлыларға жонып еді оғын. Сен де сол оқты қалаған екенсің. Дәрменсіз қызды зар жылатып әкеп отырсың. Бұл да кеше әкең салған қиянат жолы еді...

Жұматай. Сен ақыл айта келдің бе, әкемді өлті-

ріп жүрегіме салған өшпес жараңды ұлғайта келдің бе? *(Мылтығының курогін ашады).*

А ж а р. Жоқ, әкең қалдырған жараны айта келдім. Асықпа. Торға түскен торғайдай жалғыз әйелді өлтіресің. Әлің жетеді.

Ж ұ м а т а й. Бол, айт. Не қасастығың бар еді әкемде? Тергемей, терлетпей, жаныңды қинамай өзім де өлтірмеймін.

А ж а р. Тыңда онда, Ақлимадай анадан туған шын азамат болсаң... *(Пауза. Енді көзін тайдырып бұрылып сөйлейді).* Жапан түзде жалғыз үйде тұрып еді ғарып кемпір, жетім қыз. Қорғансыз боп күн кешкен, жоқшылықтың зарын шеккен, қолы қысқа болса да ары таза жандар ед...

(Шам сөнеді).

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Азалы, қайғылы күй ойналады да, аяғы далада ысқырған, гүілдей соққан боран мен ішін тарта ұлыған ит үніне ұласады. Енді бірде солардың арасынан еміс-еміс, тұншыға шыққан қоңырау дыбысы естіледі де, біртебірте күшейіп сахна түбіне жетіп тынады. Артынша екі адам шығады. Үстіндегі қасқыр ішіктері қар-қар, көтерген қалың жағаның арасынан көздері ғана жылтырайды. Ұрлыққа, не бір сұмдыққа шыққандай, жүрістері суыт, сөздері жат.

А т а н *(алға тосырқай қарап).* Мынауың бір иесіз қора секілденген жеркепе ғой. Ұсқыны жаман екен.

Қ а т а й *(жұмсара сөйлеп).* Атанжан, үндеме. Дымың ішінде болсын. Бүгінгі билікті маған берсеңші.

А т а н. Ай, қайдам. «Аяғын көріп, асын іш» деуші еді. Сыртынан түңілейін дедім...

Қ а т а й. Жылы-жұмсақ осындай баспанада болады. Сырты сұлу, іште жылу жоқтың да талайын көрдің. Енді сыртына қарап тон пішпейік. Асықпа. Көресің, Қатай ағаңның адастырған күні бар ма?

А т а н. Әзер болса бір түнім кетер текке. Көндім. Бердім тізгінді өзіңе.

Екеуі сахнаның екінші жағына қарай жүре береді. Жаңағы музыка-боран үні қайталанады. Перде ашылып, сахнаға жарық түседі. Бір көзіне жастық тыққан, қырау басқан, сығырайған терезесі бар шағын бөлме. Үй іші, төсек-орын жұпыны. Жарма пештің кенересінде май

шам. Үйде екі адам. Бірі-екі көзі су қараңғы кемпір. Екіншісі — он бес — он алтылар шамасындағы қыз — Ажар. Сыртта дүбір естіледі.

Соқыр кемпір *(елегізіп)*. Біреулер жүр ме осы манда? Әлде құлағы құрғыр ма дүбірлеп отырған.

Ажар *(есікке қарап еленде)*. Жоқ, әже, біреулер келді білем. *(Үрейленіп, әжесіне жабыса түседі)*.

Соқыр кемпір. Тағы да әлгі Дүйсен шығар. Сыртқы есіктің көлденеңін салмап па едің?

Тар есіктен кептетіле ішке Атан мен Қатай «кеш жарық» деп кіреді де, босағаға ішіктерін тастай беріп, төрге өтеді. Отырар-отырмастан-ақ, Қатай күбірлеп аятты мақамына келтіре шұбырта жөнеледі.

Қатай. Ағзу биллаһи мнәшайтан разим, бисмиллә иорахман иррахи-иим... *(Күбірлеп ұзақ отырып бата қылады)*.

Атан. Тәуір, тыйышсыз ба, шешей?

Қатай. Құдай ісі, ақыры қайырлы болсын! Қалғандарына ғұмыр берсін!

Соқыр кемпір. Е, дүние жалған! Қалғанымыз ғұмырлы болғанда неге тығын болар дейсің. Әйтеуір, кеудеден жан шықпағасын отырмыз да.

Қатай. Олай демеңіз, шешей. Тірі адам тіршілігін жасай береді де.

Атан. Иә-ә, өлгенмен бірге өлмек жоқ.

Қатай. «Өлмегенге өлі балық». Мына қызыңыздың тірлігін тіленіз енді.

Соқыр кемпір. Иә, Сұлтанымнан қалған жалғыз көз ғой... Жөн, жөн сөз. Ашынған сөн айтып жатқаным да, бізде тілден басқа не қалды дейсің. Құдайды да қарғаймын, адамды қарғаймын, сонда да тиіп жатқан не шапағаты, не кесепаты жоқ.

Қатай. Қамықпаңыз, шеше! Ел-жұрт бар емес пе? Көп боп көтерсе, бір басқа түскен қайғы салмағы ертеңақ ұмыт болар.

Соқыр кемпір. Қайдам, шырағым. Осы күні адам баласы бір-біріне қызыл көз болып алған жоқ па? Қайғы үстіне қайғы жамаса, одан арылтар тірі жанды көре алмадым-ау.

Терезені тырналап, сыртта ит ұлиды.

Атан. Апырай, мына иттің ішін тартып ұлуын қарашы. Жаңа біз келгенде неғып үрмеген?

Соқыр кемпір. Осы үйдің иті ғой. Қасқыр ала-

тын ести ит. Бұрын да жуас еді, енді Сұлтаным қайтыс болғалы, тіпті, келген кісіге де үруді қойды.

Атан. Қасқыр алады дедіңіз бе?

Соқыр кемпір. Қасқыр алғанда қандай! Топ қасқырдың ортасына түскенде де алдырмай жүрген ит еді кезінде. Бірақ не керек. Қазір қабырғасы арса-арса. Ит жеті қазынаның бірі деген ып-рас. Иесі кеткелі тамақ ішуден қалды. Зират пен үйдің ортасында бұралып, ертеңнен қара кешке селең-селең сенделіп жүреді де қояды.

Қатай. Түһ, қасиетті ит екен онда!

Соқыр кемпір. Қасиеттісі қасиетті-ау, бірақ өзі көңілің жадап отырғанда, түн баласына терезе түбінде отырып алып азынап, ұлып шығатыны-ақ жаныңа батады. Кейігенде тіпті: «Өз қара басыңды жұт» деп қарғап қуып та жіберем.

Қатай. Шешей, оған кейіменіз. Иттің ұлығанының бәрі жамандыққа көрінбейді. Жақсылыққа жору керек. Шынында, жақсылық болар. Иллаһи амин! *(Бетін сипайды).*

Соқыр кемпір. Алда риза болсын, айналайын! Сөзің жақсы екен. Бүгінде жылы сөз естісек те бір марқайып қаламыз... Айтқандай, Ажаржан, ағаларыңа қазан көтер.

(Ажар ауыз үйге шығып кетеді).

Ал, қарақтарым, таныса отырайық, қай баласындар? Жол болсын!

Қатай. Әли болсын! Төменгі елге бара жатыр ек. Жолдан әдейі бұрылып, марқұмның орнына құран оқып шығайық деп келдік.

Соқыр кемпір. Алда риза болсын, жарымжан көңілді көтере келген балаларым, құдай көтерсін көңілдеріңді!

Қатай. Өзіміз мына жоғарғы елденбіз, қасымда отырған Атан мырза. Естуіңіз бар шығар, болыс ағатайым Қасекемнің баласы. Мен Атан мырзаның атқосшысымын.

Атан. Бұл кісінің аты Қатай болады, шешей.

Соқыр кемпір. Жарайды, қарақтарым. Өздерің нағыз құдайы қонақ екенсіндер онда. Сендерді алла-тағалам өзі айдап келген шығар. Құлшылық, құлшылық. Біздей пақырларды елдің өздеріндей, ортан қолдай азаматтары елеп келсе, сол емес пе бөліп бергендерің. Әкеңе атына сырттан қаныққпын, қарғам. Атышулы адам ғой.

Әттең, бір бара алмай жүрмін. Сұлтаным өлгелі көрген қияметқайым-қорлығымды айтып, шағынсам деп ем.

А т а н. Келіңіз, келіңіз.

Қ а т а й. Қайсыбір кішігірім дау-шарды мына Атан мырзаның өзі-ақ бер жақтан реттей салады. Тартынбаңыз, шеше, көңіліңізде не болса да айта отырыңыз.

С о қ ы р к е м п і р. Иә, айналайындар, іздегенге сұраған дегендей, сендерден артық кімге шағынармын. Естеріңде жүрсін, алда-жалда өздеріңе жете алмай тұйыққа тірелген заман болса, көңілі де, өзі де жарым, сормандай кемпір зарлап еді-ау бізге; тартқан азабын, көрген қорлығын баяндап еді-ау деп құдай жолына қол ұшын берерсіндер.

Қ а т а й. О, не дегеніңіз, шешей!

С о қ ы р к е м п і р. Осы жасыма дейін біреуден кейін, біреуден ілгері боп өскен жанмын, шырақтарым. Шырағдандай көзім барда шаруаны тасқаяқтай қағатын, жұлынған келіншек ем. Кейін екі көзімнен басыр боп отырып қалдым. Сонда да Сұлтанымның арқасында еш кемшілік көргем жоқ. Құдай тағала төбемнен бір-ақ күнде қос қолдап ұрған жоқ па?! Сұлтанымды да, келінімді де арасына он күн аралатпай, сұм ажал алып кетті. Өзі бұрын да дімкес көз жылай-жылай, міне, енді су қараңғы болды. Қаршадайымнан жетімдік тауқыметін тартқан панасыз жалғыз Ажарымның қолына қарап мен қалдым. Сайраған тіл болмаса, тірі өлікпін, қарақтарым. Сұлтанымды алғанша мені алмаған құдайда да көз жоқ. Енді «Өлі арыстаннан тірі тышқан мықты» демекші, баламның жамбасы жерге тимей жатып, артында қалған ошағына ойран салып отырған жоқ па?! Ойран салған емей немене, жақында ғана беттері шылп етпестен осында келіп...

Музыка... Шам сөнеді. Қайта жанғанда әлгі үйдің іші, төрде орта жасқа келген еркек — Дүйсен, москал әйел — Үрлэпия. Соқыр кемпір өз орнында отыр. Далаадан жан ұшырып Ажар кіреді.

А ж а р. Әже, ана кісі сиырды алып кетейін деп жатыр. Қара қойды қозысымен шанаға салып алды.

С о қ ы р к е м п і р. *(Үрейленіп)*. Не дейді? *(Орнынан ұшып тұрып, қарманып)*. Таяғым қайда? Ажаржан? *(Үйге еліріп Әукен кіреді)*.

Ә у к е н *(кекештеніп, көзі алақтап)*. Әй, Д-Дүйсен, қ-қ-қатын, енді не отырыс бар. К-кеттік.

Д ү й с е н, Ү р л э п и я. Отыршы, отыра тұршы.

Ә у к е н. Еһ, не, бірдеңе т-ты-тындырдыңдар ма? Ал отырдық. *(Кекештеніп, иегі дірілдеп сөйлейді).*

Д ү й с е н. Әукен, мына шешей жаз шыға алашағыңды қайтарам, қазір кеңшілік берсін деп отыр.

Ә у к е н. Жоқ, маған ке-кеңшілік керек жоқ.

Ү р л ә п и я. Айттым ғой, Әукең көнбейді.

С о қ ы р к е м п і р. Қарағым, Әукен, сені мен бұрыннан білетін ем. Болған жердің баласысың. Құдайға шүкір, ішер ас, киер киімге қазір зәру емессің. Ана бай інілерің тұрғанда ешкімге кіріптар да емессің. «Ішкенің — алдында, ішпегенің — артында. Аз күн кідіре тұрсаң, не етеді...

Ә у к е н. Жо, жоқ! А-а-атама.

С о қ ы р к е м п і р. Біздің жалғыз сиырға қарап отырған жоқсың. Күнде желініне телміріп, қашан бұзаулар екен деп зарығып, отырған екі жетімді жылатып кетпексің бе?

Ә у к е н. Әй, жүресіңдер ме, жоқ па. Мен бір дұп-дұрыс сөз айтады десем *(орнынан тұра береді).*

С о қ ы р к е м п і р. Қарағым-ай, сен де бір құдай тағала аямаған жан екенсің, тым құрмаса өзің аяушылықты білсең етті, біз өзіндей жарымжан ғарыппыз ғой.

Ә у к е н. Не, не? Әйде кеттік. Қа-қалыңдар, әйтпесе.

Ү р л ә п и я. Әуеке, Әуеке, тұра тұр. Біз қазір.

Д ү й с е н. Күте тұр. *(Әукен шығып кетеді).*

Ү р л ә п и я. Апа, қазір сиырыңызды алып қаламыз. Айтсайшы-ай енді.

Д ү й с е н. Шешей, әлгі ақылымды айтайын деп ем. Апа, Әукенге ренжіменіз. Ол да, әйелі өліп, ішқұса боп жүрген бейбақ. Қазір қолында шиеттей жеті баласы қалды. Қызылқарын жас бала. Оңай дейсіз бе. Адам болған соң кеийді де. Әйтпесе мойынынына екі нардың жүгін салсаң қажымайтын өгіз емес пе. «Қатын өлді — қамшының сабы сынды» депті ғой. Бірақ ол қатын жанды неме, салы суға кетіп, бір аяулы аты өлгеннен жаман...

Ү р л ә п и я. Дүйсен-ай, дүйім ел сені мылжың Дүйсен дегенде намыстанып, ішіме қара пышақ сұғып алардай болушы ем. Айналшық жегендей бір арадан айналып шықпайсың, айтсайшы енді.

С о қ ы р к е м п і р. Ажаржан-ай, қарашы әлгіні. Шынымен әкетпек пе? Жасаған-ай.

Ажар шығып кетеді.

Д ү й с е н. Шеше-ау, ашынған соң айтасыз ғой. Әйт-

песе... Одан да қайла жасамайсыз ба, «Заманың түлкі болса, тазы боп іл» деп пе еді...

Үрлэпия. Қойшы сен. Апа, тоқ етері сол: Әукен жуанның тұқымы. Алам дегенін алады, шабам дегенін шабады. Оған қарсы шығар сіз түгіл, бізде де дәрмен жоқ. Ендеше, сізге айтар ақыл: құдайға шүкір, бала он үшінде отау иесі, мына Ажарыңыз, бетінен жарылқасын, сырықтай қыз.

Соқыр кемпір. Сондағы айтпағың не?

Үрлэпия. Айтарым сол, Ажарды құтты орнына қондырып, қолыңызды жылы суға малы-е-еп отырмайсыз ба?

Соқыр кемпір. Ә-ә, сөзіңніц сыңайына жаңа түсіндім. Қыз бала жат жұртқа жаратылған пенде екені рас. Бірақ әлі жас қой, құлыным. Он беске енді шығады. Алды-артын аңғарып болмаған сәби емес пе?

Үрлэпия. Түһ, апай-ай, өзіңіз бала боп кеткенсіз бе. Тіпті ұят та болса айтайын, өзіміз осындай кезімізде шешеміздің іргесінде жатып-ақ талай қызықты көретін ек.

Соқыр кемпір *(байсалды)*. Әй, Үрлэпия, ол ақылыңды басқаға айт. Бір аяғым көрде, бір аяғым жерде отырып, жалғызымның жұдырықтай жүрегін табаққа салып көрінгенге тартар жайым жоқ. Қуарған қу басым сол үшін қалып па. Әр нәрсе уақытымен. Табар өз сүйгенін, барар өзі қалаған жеріне.

Дүйсен. Шешей, «Құланның қасуына мылтықтың басуы» депті ғой.

Үрлэпия. Иә?

Дүйсен. Сол айтпақтай, жұрты бар десең жұрты бар, қара жұмысқа да әйдік, и-и-ә, бір үйлі жан түгілі, бір елді асырайтын қауқары бар. Бүгінде қорасы толған мал, тасы өрге домалап, мұрнынан құрты түсіп тұрған әлгі, и-и, Әукен ғой қолайлысы.

Соқыр кемпір (шошып). Не дейт? Құдай шыққыр көзді алғанша, естір құлақты алса етті. Не деп отырсың. Не бетіңмен айтып отырсың. Танысымды тәңірім тарылтқанда, өрісімді енді сендер тарылтпақсыңдар ма? Барыңдар, жоғалыңдар, күнімді сендерге салмасын Жапандағы жалғыз үйде сүйегім қалар, молам болсын бұл қаңқиған қара лашық, жоғалыңдар...

(Алқынып Ажар кіреді).

Ажар. Әжетай, әлгі кісі әкетіп барады. Сиыр да, қой да кетті.

(Дүйсен, *Үрләпия орындарынан ата тұрып, тондарын сүйрете далаға беттейді).*

Дүйсен. Ойпырмай, далада қалар ма екенбіз. Тез, кеттік.

Ажар *(бірге ілесе тысқа беттеп).* Ағатай-ай, шыдасаңдар етті бірер айға.

Соқыр кемпір. О, шұнақ құдай, өз басынғаның аздай енді... Тастап кетіңдер сиырды! Одан да мені өлтіріп кетіңдер осы босағада. *(Сипалап, қарманып, ұмтыла бере, сүрініп құлайды).* О, жасаған!

(Музыка. Шам сөне береді... Зарлы музыка аяқталып, шам жанғанда алғашқы көрініс қайталанады).

Соқыр кемпір. Қайтейін, өз маңдайымды өзім ұрып қала бердім. Олармен жұлысарлық бізде не дәрмен бар. Ажар жаным ботадай боздап соңдарынан жүгіріп, сиырдың бас жібіне жармасқан екен, әлгі кекеш өңменінен итеріп тастапты. О, жасаған ием, қорғансыз адамның күні осы да. Ендігі бар сүйенеріміз жалғыз сиырдың төрт емшегі еді. *(Пауза).* Ертең аузымыз аққа тие ме деп отырғанда оны да қағып әкеткендері сұмдардың айласы екен. Қысылшаң кезді пайдаланып, зәру тосып, бізді оп-оңай көндіре салу екен ниеттері. Содан кейін де араға адам салды, «Қызын бере ме екен. Бәрін қолыма көшіріп алып, көсегесін көгертер едім» дейтін көрінеді. Үйтіп көгермей-ақ қойсын көсегем. Балам артында қалғанда, Ажарымның көз жасын нәр етуге қалыппын ба. Үлбіреген жібегімді тұқыл өгізге қалайша бөстек етермін. Ертең о дүниеге барғанда баламның жүзін қалай көрмекпін... Айналайындар, осы еді айтпағым. Көз қырын сала көріңдер. Бір сәті түскен күні Ажарды тартып әкетуден таймайды ол қара жүректер. Біздей сорлыларға жасаған мысқылдай жақсылықтарың зая кетпес. Адамнан қайтпаса да, құдайдан қайтар. Тым құрмаса, дікеңдетпесеңдерші. Басындырмасаңдаршы, елдіктерің қайда?!

Пауза

Қатай. Иә, шешей. Ол антұрғандардың сіздей нашарларды жылатқаны жарамаған екен. Не деген ұятсыз жандар еді.

Атан. Шіркін-ай, қамшының астына алар ма еді. Қарашы, өздерінің басынуын.

Соқыр кемпір. Е-е, қарағым иесіз үйді кім басынбайды? Ең арты көрінген құзғынға дейін пеш мойнына қонып бір саңғып кетпесе, көңілі көншімейді. *(Пау-*

за). Ал, балалар, шай да дайын боп қалған шығар. Қолдарыңды жуыңдар.

Қ а т а й. Атан, мен аттарды суарып, отқа қойып келейін. Бір жола отырғанымыз дұрыс болар.

С о қ ы р к е м п і р. Иә, сүйтіңдер. Ажаржан, мына ағаңа шам алып шығып, шөп алатын жерді көрсет.

Қ а т а й. Атан, сен де далаға шығып келмейсің бе? *(Көзін қысады)*.

А т а н (керіліп). Түһ, белім ұйып қалыпты-ау, шықсам шығайыншы.

(Бұлар тұра бергенде, сахна қараңғыланады. Қысқа ғана, үрейлі музыка ойнайды.)

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Тастай қараңғы қора іші. Жөткірінген екі адам шығады. Атан мен Қатай ақылдасып тұр. Бірақ өздері қараңғыда көрінбейді, даусыстары ғана естіледі.

Қ а т а й. Атан, қалай екен?

А т а н. Былай өңді... көрікті екен...

Қ а т а й. Айтпадым ба, мен табам ғой. Тек енді өзің қапы соға көрме. Әй, бірақ сенен ешкім құтылған ба...

А т а н. Енді... Құтылмас-ау. Бірақ әлгі соқыр кемпірден қорқайын дедім. Мұндайлар сақ келеді. Анада осы секілді бір көксау қақбас түні бойы ұйықтамай, тықтық жөтеліп зығырымды қайнатқан.

Қ а т а й. Атан, қазір ол қыз да қораға шықпай ма. Сен осында сөйлес. Тіпті, реті келсе... мен ат суарып келгенше не заман...

А т а н. Бірақ мына қыздың сорты бөлек сияқты. Адамға бір тіктеп, тура қарамайды. Қыз деген былай, көзбен ұғынысып, икемге келе беруші еді.

Қ а т а й. Сыныққсып жүр-дағы. Біз секілді бай аулының қай жігіті қарайды дейсің мұндайларға.

А т а н. Әй, шынында, жетім қызбен болғанымды ертеңгі күні жұрт естіп, сүйегіме таңба түсіп жүрмесін. Қыздың өзі мақтанып айтып қояр әлі!

Қ а т а й. Үндеме, о жағын өзіме тапсыр. Реттеймін. «Тісіңнен шығарушы болма» деп қорқытып кетем ғой. Бұл қораның астындағы сөз қайда ұзар дейсің... Әне, өзі де шықты. Ал, жолың болсын.

А т а н. Тұра тұр, Қатай. Сонымен сен сөйлессең қайтеді?

Қ а т а й. Жарайды, жасырына тұр.

Қолында шілтерлі шам, Ажар келеді.

Қ а т а й. Қарындас, сен неге үндемейсің?

Ажар...

Қ а т а й. Жарайды, жігіттердің алдында ибалы болғаның жөн. Қыз балаға жарасып тұрады.

А ж а р. Ағай, шөпті ана қуыстан аласыз. Жұлғыш ішінде.

Қ а т а й. *(Шамды жерге қойып кете берген Ажарды бөгейді).* Тұра тұр. Қайда асығып барасың? Сенімен әңгімем бар. *(Ажар үрейлі қарайды).* Өзің киік құсаған тағы екенсің. Немене, жігіт көрмеп пе ең? Сенің үйіңе Атан күнде келе берер деймісің. Әншейін құдай айдап келгеніне шүкіршілік те. Күнің түсіп тұрғанда пайдаланып қалмайсың ба? *(Қолын ұстайды).*

А ж а р. Ағай, не айтып тұрсыз өзіңіз?

Қ а т а й. Ойпырмай, осы қыздардың дым түсінбейтін сәби бола қалатыны-ақ жаман. Ана, Атанды байқамадың ба? Сені ұнатып қалыпты. *(Ажар одан сайын үрейлене қарайды. Қатай қолын босатады).* Бір жолға ойнап-күліп, көңілін аулай салмайсың ба?

А ж а р. Осы сөзді қалай ұялмай айтып тұрсың...

Ажар жүгіре жөнеледі.

Қ а т а й *(аңтарылып).* Әй... мынау қайтеді...

Тасада тұрған Атан Ажарды бас салып, көтеріп ап қараңғыға сүңгиді. Қатай шілтерлі шамды сөндіре салады. Қараңғы түнекте («Ағатай-ай, жіберші» деп, жалынған, жылаған үн).

Музыка. Алғашқы көрініс, үй іші.

Жаңағы музыка аяғы енді асығыс ойналады. Әлденені күткендей жүрек лүпілін сездіргендей. Боран үні ысылдап естіледі. Үйдегі соқыр кемпір де, Атан да үрейлі. Кемпір ұшып кетейін деп отыр. Атан әбігерленіп, ерсілі-қарсылы тынымсыз жүр. Есік жақтан дүбір естіледі. Музыка тынады. Үйге мойыны салбырап Қатай кіреді.

С о қ ы р к е м п і р. *Ажарым ба, келдің бе?*

А т а н *(кемпірмен жарыса).* Бар ма таптың ба?

Қ а т а й *(басын шайқайды).* Жоқ...

С о қ ы р к е м п і р *(басын қос қолдап ұрып).* О, сорлы басым. Қу бас, ендігі көрешегің осы ма еді?!

Қ а т а й. Сабыр, шеше, сабыр.

С о қ ы р к е м п і р. *(Екі қолын алға созып).* Қайда жібердіңдер жетім қозымды, бірге шығып еді ғой сендермен. Қайда қалды, неге келмеді...

Қ а т а й *(күмілжіп)*. Апыр-ай, мен кінәлі болдым-ау. Бағана суатты көрсетіп жібер деген соң... орта жолға дейін барып, бағытын біліп алып... енді тоңып қалар-сың, үйге қайта бер деп ем. Күн сол екі арада мың құбылып, боран алай-түлей түтеп кетпеді ме. Қайтарда үйді зорға таптым. *(Қиналған болып)*. Әттеген-ай! *(Соқыр кемпірде ес жоқ. Екі қолын жерге тіреп ап, бар денесімен қопарыла теңселе береді)*.

А т а н *(Қатайды ілгерірек алып шығып)*. Қораның ішін қарадың ба?

Қ а т а й. Тінтпеген жерім жоқ.

А т а н. Иә, мен де шаммен қарадым. Шөпті де қопардым.

Қ а т а й. Осы маңды түгел шарладым. Боран аздап толастап, төңірек ашылып келеді. Бірақ ат омбы қарға малтығып, аттай алар емес, айғайлай-айғайлай даусым да қарлықты. Алыстағы мола жақтан ұлыған дауыс шыққанға, осы үйдің иті ме десем, ол осында жүр. Бірдеме сезе ме, аяғыма оралып, қыңсылай береді.

А т а н. Далаға шығып кетіп адасқан екен онда.

Қ а т а й. Е-е, байғұс-ай. Намысты қайтетін еді. Далада босып жүрген үйірлі қасқырға тап болды ғой ендігі.

С о қ ы р к е м п і р. *(Әлсіз, жалынышты үнмен)*. Оу, адамсыңдар ғой, іздесеңдерші. Құлыным-ай, жалғызым-ай, адам бөрісінен құтыла алмай жүріп, дала бөрісіне жем болдың-ау, панасыз қозым, жарығым-ай!

А т а н *(ақырын ғана)*. Кеттік, Қатай. Енді мына кемпірдің зарын естіп отыра алмаспыз. Көршіауылға жетіп алайық. *(Екеуі де ептеп басып, тұлыптарын алып шығып кетеді)*.

С о қ ы р к е м п і р *(азалы)*. Көкірегімді сау қалдырып, көзімді алдың, құдай. Не жазып ем саған. Тым құрмаса іздер ем ғой құлынымды. Бірге адасып, бірге өлу де келмеді-ау қолымнан. Қалғаным ба омалып осылай.

Ит қыраулы терезені тырмалап, қыңсылайды. Артынан қайтадан сай-сүйекті сырқыратқандай ұлиды.

С о қ ы р к е м п і р. О, жасаған, мынау тағы зарлады. Зарла, зарла. Сен түзде зарла, мен үйде зарлайын. Аңырайық екеуміз қосылып.

Даладан қоңырау үні естіледі. Кемпір селк етіп басын көтеріп алады. Сыр еткен шана үнімен қосыла доғадағы күмбірлеген қоңырау үні ұзай береді, ұзай береді.

Соқыр кемпір. *(Ең соңғы үміті үзілгендей үрейленіп).* Кетіп қалды әлгілер. Кетті, кетіп қалды. О, лағынат жаусын сендерге. Азамат екен десем, жауыз екенсіңдер ғой *тәлтіректеп тұрып күпісін киіп, таяғына сүйеніп шыға береді).* Ал енді, мені де ал, құдай. Көңілің бір жола көншісін. Уа, ақсарбас!

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Кішкентай дөңестің бауырындағы екі төмпешік Ажардың әкесі мен анасының бейіті. Жаяу борасынның әлсіз ысылы естіледі. Аспандағы тұман түстес жұқа бұлт ортасынан бозамық ай көңілсіз сығалайды. Сыртта қыңсылаған ит дыбысы естіледі де, артынша таяғына сүйеніп, соқыр кемпір шығады.

Соқыр кемпір. О, боздақтарым, жатырсыңдар ма. Мен де келдім сендерге, қастарыңнан орын бер. Кінәлімін алдарында. Кешіріңдер. Кешу сұраймын, жапан түзде қалған мүсәпір екі жетімек едік. Қозымнан айрылдым. Сақтай алмадым. Кешіріңдер. Сорлы басым өзім едім шыға ғой деген. Кешіріңдер, қайтейін. Алла тағала жапанда зар қақсатып жалғыз қалдырды. Енді сендермен мұңдасып, сендерге шағынбасам, зарымды тыңдар, қарманар ешкімім қалмады. Не деген ит жанды жансебіл едім сүйегімді сүйретіп тірі жүрген. Келдім өздеріне. Тым құрмаса бір арада жатайық. Ал, тәңірім, ең соңғы тілегімді бере гөр, мен де жер жастанайын, бере гөр тілегімді. *(Төмпешікке құлап жылайды. Осы кезде «әже, әжетай »деп ыңырсыған дауыс шығады).*

Соқыр кемпір. *(Басын көтеріп алып).* Біреу әже деді ме. Ажарым болар ма. Ойпырмай... Әлде алжаса бастағаным ба.

Әже... Әже...

Соқыр кемпір. Жоқ, құлынымның даусы. Үніннен айналдым. Қайдасың? *(Бір сүрініп, бір тұрып, екі бейіттің арасында жатқан Ажарды сипалап жүріп тауып алады).* Таптым, таптым, садаған кетейін, құрмалдығың болайын... Құлыным-ай, сен де адасып, осында келген екенсің ғой. Қарағым-ай, ораншы мына күпіге *(күпісін шешіп Ажарды орайды).* Енді болмаса үсіп қалады екенсің, құдай-ай. Әлгі Ақтөс қыңсылап жеңімнен тістелеп осында алып келді. Ит те болса біліп жүр екен-ау Зекетің кетейін. Өлім тілеп келіп, сенің тірлігіңе кезіктім-ау, ботам-ай.

Северо-Казахстанская областная библиотека
город Петропавловск

019675

Ажар *(аузы икемге келмей)*. Аналар қайда? Аналар қайда? Аналар! Әжетай-ай *(жылайды)*.

Соқыр кемпір. Жаным-ай, аналарың кім. Көзіне бірдеме көрінді ме... Ақ боранның ішінде қорқып қалғансың ғой, қозым. Тәубе, тәубе, тәңір ием жарылқады ғой.

Ажар *(үзіп-үзіп)*. Азаптан... мазақтан құтылдым-ау деп ем, тағы да көрешегім алдымда болғаны ма...

Соқыр кемпір. Жоқ, жаным, құдай енді жарылқайды. Келші, құлыным, жылындың ба, кішкентайыңнан арқалап өтіп ем, келші арқалайын, сәбиім менің...

Ажар. Аналар, үйде ме әлі?

Соқыр кемпір. Кімді айтасың?..

Ажар. Мені солар адастырды. Білмейсің, әже, қор болдым, мазақ болдым. *(Жылап басын әжесінің тізесіне басады.)* Тым құрмаса, намысымды жыртар еркек кіндікті не ағам, не інім болсашы. Адастырды ғой олар, қорлады ғой...

Соқыр кемпір. Не дейсің? Адастырды? Кімдер? Құлыным-ау, не айтып тұрсың? Әлгі қонақтар ма?

Ажар. Солар, солар, солар... *(Солқылдап жылап жібереді)*.

Соқыр кемпір. О, тоба, жасаған-ау, неден ғана адам баласын бір-бірімен осыншама шайнастырып қойдың! Мейірімің қайда... Жібісең етті бір мезгіл. Мейірімің қайда? *(Талықсып барып құлайды)*.

Ажар. Әже-е-е!

II акт

Халықтың басына түскен ауыртпалықты баяндайтын «Елім-ай» сарындас қайғылы күй ойналады да, аяғы ұлы дүбірдің хабаршысындай екпінді күйге ауысады. Күй фонында аттардың дүбірі, айғайлаған, шулаған адам даусы, мөңіреген мал даусы, солардың арасында жаршының үні шығады: «Патша ағзамы он тоғыз бен отыз бірдің арасындағы қазақ жастарын қара жұмысқа алуға жарлық етеді». (Дауыс ұзай береді). Екпінді күй қайтадан сыңсып, сарнаған қайғылы күйге ұласады. Жылаған, азнаған үн. Әйелдер зарлы. Авансценада пистолет жарығында Ажар.

Ажар. Қаны қара адам келіп, зұлымдықпен сәби тәнін жаралап, арына өшпес дақ салды. Қәрі емендей күні біткен ғазиз ана — қарт ана жауыздыққа шыдай алмай морт сынды. Тал шыбықтай майысқан қыз қайысса да сұмдықтан, кінәсіз жас нәрестені періштедей жебеді де өмірі, жеңді ажалды, тірі қалып он бесінде ана болды, қос түйіншек, қос анарға ақ бітіп, ақ сүтімен жетілдірді перзентін. Жетім жүрді, жесір жүрді, көлденеңге алабұртпай көңілі талай жылдар арқа сап асырады перзентін. Жұрт танысын, дос тапсын деп жалғыз ұлын жетелеп, әлгі ана басып еді ел шетін, қарсы алдынан қаны қара адам шығып, тағы салды жауыздықтың шеңгелін. Жырып алып кеудедегі сол ананың жүрегін, отқа тастап, тағы мазақ етпек болды аяусыз. *(Перде ашылады.*

БІРІНШІ КӨРІНІС

Бір жақ балағын түріп алған, жалаң аяқ, киімі жұпыны Олжатай үстін қағып жатады. Екінші жақтан сәнді киінген, сылқым бозбала Жұматай шығады, қолында сабы күміс қамшы.

Жұматай. Әй, бәрекелді, тым-тырақай қылдымау. Немене, сені ұрды ма?

Олжатай. Жәй, әшейін. Солдатқа баратындардың тізіміне іліккенімді айтып ем, келемеждеп... нанбайды.

Жұматай. Солдатқа?

Олжатай. Иә.

Жұматай. Сенің атың кім өзі?

Олжатай. Олжатай. Сенің ше?

Жұматай. Атанның баласымын.

Олжатай. Атанның?!

Жұматай. Иә, болыс Атанның баласымын!

Олжатай. Солай де?

Жұматай. Сен өзің қай ауылдың баласысың? Бұрын біздің ауылдан көрмеген сияқтымын.

Олжатай. Біз жақында ана төменгі ауылға көшіп келгенбіз. Бұрын жалғыз үй тұратын ек.

Жұматай. Кімнің баласысың?

Олжатай. Ажардың.

Жұматай. Жо-жоқ, әкең атын айтамын.

Олжатай *(күмілжіп)*. Әкем жоқ...

Жұматай. Ә, қайтыс болып па еді?

Олжатай. Солай болар...

Жұматай. Руың кім?

Олжатай. Білмеймін.

Жұматай. Қызық екен. Жарайды... Ендігәрі әлгі балалар тиіссе, маған айт. Әкел қолыңды, дос болайық. *(Олжатай қолын береді).*

Жұматай *(сыртқа көзі түседі).* Ойбай, кеттім. Біздің жылқышы келе жатыр. Ол көрсе...

Жүгіріп кетіп қалады. Іле көсе адам келеді.

Көсе. Немене, балақай, әлгімен шүйіркелесіп тұрғаның?

Олжатай. Досым ғой.

Көсе. Жарылқанған екенсің.

Олжатай. Неге?

Көсе. Ол Атан иттің күшігі емес пе. Елді зар жылатып солдатқа айдайын деп жатқан жоқ па ол сұрқия.

Олжатай. Мен де іліктім.

Көсе. Балам-ау, рас па?!

Олжатай. Рас.

Көсе. Е, ол жетім-жесірді аяйын деп тұр ма. Болар, болар. Қаршадайымнан солардың үрім-бұтақ зәузәтінің жылқысын бағып өтіп ем, мені де іліктіріпті.

Олжатай. Сізді ме... Сіз отыздан асып кеткен жоқсыз ба, ақсақал?

Көсе. Е-ей, балам-ай, отызың түгілі елуіңнен де астық. Ақ сақал түгіл, қара сақал да болмаған соң отызда боп шыға келдім. Болысқа барып: «Қарағым-ау, сенің асық ойнап жүрген жалаң бұт бала күнінде әкеңнің жылқысын бағып ем ғой. Ешкінің терісін байлап ал демесең, мына жылтыр иекті енді соқамен жыртып, жүн ексең де сақал шықпайды»,— деп ем, өзімді кекетіп-мұқатып тастады. Әбден ашынған соң айғайлап: «Ал мына қысыр сиырдың тандыры кепкен желіліндей қыртысқыртыс әжімдерді, шаштағы ақты қайда қоясың»,— деп ем. «Е, уайымшыл, ынжық адамдарда бола береді»,— деп өзімді келемеждеп, жұмсақ жерімнен бір теуіп үйден айдап шықты. Бұларда не иман бар. Қой, одан да басқа амалын ойластыру керек. Заман бұзылды ғой, заман. (Кетіп бара жатып). Айтқандай, сен кімнің баласысың?

Екеуі де шығып кетеді.

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Белінде балта, отын арқалап келе жатқан Ажар алысқа қарап, аңтарылып тұрып қалады.

Ажар. Батыр-ау, мынау Бөпіш емес пе? *(Үңіле түсіп)*. Иә, Бөпіш, Бөпіш! *(Суын жерге қояды)*. Таныды, ол да таныды. Апырмай, осы жолы не десем екен. Бұл да күтудей-ақ күтті-ау.

Арсаландап Бөпіш келеді. Бірақ қанша алқынып жетсе де Ажарға бата алмай, қипақтай береді. Арқасында қапшығы бар.

Бөпіш. Уһ, жеттім-ау. Жол бойы көрінген лауға мініп зорға жеттім.

Ажар. Өзің ұзақ жүрдің ғой.

Бөпіш *(қипалақтап төмен қарап, қапшығын ақтара бастайды)*. Мүттем сағынып қалдым. *(Пауза)*. Сен сағындың ба?

Ажар (бөгеліп). Әрине, Бөпіш.

Бөпіш. Олжатай қайда? Мә, оған (алып береді) көйлек, белбеу алып ем.

Ажар. Оһо, жарайды. Өзі ашып көрсін. Бір жасап қалатын болды. Игілігіне кисін.

Бөпіш. Ал саған, міне... *(ұсынады)*.

Ажар *(жазып көріп)*. Түһ, өзің дүниені түгел көшіріп келгеннен саумысың?

Бөпіш. Ажаржан-ай, несін айтасың. Ақмола дегенің адам айтқысыз үлкен шәр екен ғой. Тек қолың қимылдап кетсе алақаның сөлкебайға толып шыға келеді. Дүкенінде дүниеден көз сүрінеді, мата дегенің адам айтқысыз *(саусағын санайды)*. Барқыт, патсайы, мауыты, жібек, тайғақ, шәйі, тағы немене еді, сәтен, ләстік қисапсыз көп. Бірақ тамақ жағы тапшы.

Ажар. Бөпіш *(қолындағы киімдерді көрсетіп)*. Мыналарды киіп шығайыншы. Қигенше асығып тұрмын.

Бөпіш. Е, ки, ки. Қимегенде оны мен неге әкелді дейсің. Бар жиған-тергенімді салдым осыған сен үшін...

Ажар екінші жаққа кете береді.

Бөпіш *(жалғыз)*. Сен үшін. Не аяйын. Әттең қолым қысқа, қайтейін. Қырқа матап беретін малың болмаған соң, көрген күн осы. Менің жасымдағы байлардың екіден, үштен әйелдері, қаншама үрім-бұтағы бар. Шіркін-ай, әрқайсысына ара қонып, шалжи-е-еп жатады-ау олар... *(ойланып)*. Әй, бірақ қойшы, шын еміреніп сүймеген соң, несі қызық. Ажаржанның бір өзі ғой он әйелге бергісіз. Әттең, қолыма түссе, өл-өлгенше алақаныма салып, мәпелеп өтер ем-ау.

Ажар. *(Қайтадан келеді)*. Басына бөртпе шәлі сал-

ған қаусырмалы, қынама бел камзол киген. Сұлуланып кеткен.

Б ө п і ш. Ойпырым-ай, Ажаржан-ай, көз тимесін. Тіпə-тіпə. Мүлдем өзгеріп кеттің ғой.

А ж а р. Солай ма?

Б ө п і ш. Рас айтам. Мына түріңмен басқалардың көзіне түсе көрмеші.

А ж а р. Түссе несі бар. *(Қуланып)*. Ана болыстардың əйелдерінің алдынан бір көлбеңдеп өтсем қайтеді. Немене, қорқамысың?

Б ө п і ш. *(Күмілжіп)*. Кім біледі...

А ж а р. Əй. Бөпіш-ай, өзің қызғаншақ екенсің ғой. *(Пауза)*. Қызғанбай-ақ қой бізді. Маған ешкімнің де керегі жоқ. Баяғыдан бері көңілім болса, бір теңім табылар еді. Бірақ балам тұрғанда қайтемін. Өз қолы өз аузына жетіп алсын да.

Б ө п і ш. Оның дұрыс қой. Бірақ Олжатайға кім қағажу көрсетер дейсің. Оған əке болуға жарамаймын ба? Ылғи Олжатайды кесе-көлденең қоясың.

А ж а р. Шыда, Бөпіш. Көбіне шыдағанда азына шыда. Мына бір аласапыран тағы да басталып кетті. Олжатайымды да солдаттыққа іліктіріп қойыпты.

Б ө п і ш. Қой, ол бекер шығар, он тоғыз бен отыз бірдің арасы дегендері қайда?

А ж а р. Иə, мен де сенбеймін. Қаншама қасастық жасаса да, тап осы сапарға бұғанасы қатпаған баланы іліктірмес. Не көріпті. Құдайлары бар емес пе?

Б ө п і ш. Ай, бірақ соларға сеніп те болмайды. Пара берген қолы ұзын байлардың балаларының орнына кедей пақырларды тықпалап жатыр деген қауесет Ақмола жағында да гу-гу етеді.

А ж а р. О, Олжатайымның өзі де келе жатыр. *(Үңіле түсіп)*. Өзі бірдемеге ренішті сияқты ма, қалай? Ашулы кезде басы осылай төмен салбырап кетуші еді. Қазір қуантайыншы.

(Екі иіні түсіп Олжатай келеді).

Б ө п і ш *(құрақ ұшып)*. Оу, Олжатай, амансың ба?

О л ж а т а й *(салқын ғана)*. Саламатсыз ба.

А ж а р. Олжатай, Бөпіш аға саған базарлық əкепті. Мə... Олжатай.

О л ж а т а й *(шешесінің киімін жаңа аңғарғандай)*. Саған да əкеліпті ғой.

А ж а р. Иə, əкелді. Ұнай ма?

О л ж а т а й *(көңілсіз)*. Жақсы екен...

Ажар *(басынан сипап)*. Сен өзің көңілсізсің ғой... Жылайын деп тұрғаннан саумысың... *(Құшақтап)*. Ой, айналайын баладан, тауып алдық даладан *(Олжатай құшағынан жұлқынып шығады)*. Жаным-ау, саған не болды?!

Олжатай. Ендігәрі осы өленінді айтпашы.

Ажар *(күліп)*. Иә, онда не тұр? *(Өлеңдетіп, әндетіп)*. Далада бала жатар ма, түсіп қапты шанадан.

Олжатай *(ашуланып)*. Ендеше, айта түс. Далада жұрт мазақтасын, үйде сен мазақта.

Ажар. Жаным-ау, кішкентай күнінде осы өленді айтқанда, маужырап ұйықтап қалатын ең, *(сезсе де сезбегендей)* енді бала дегенге намыстанамысың.

Бөпіш. Баламысың деген. Соған ренжи ме екен. Сені ғой аналар дардай азамат деп жүр.

Ажар. Е, олар осыны азамат етейін деп жүр дейсің бе... Әншейін құрбандыққа шалғылары келеді де.

Олжатай. Ажар, айтшы өзің. Менің... әкем кім?!

Ажар *(салқын ғана)*. Оны неге сұрадың... Әкең Сұлтан.

Олжатай. Иә, деген. Ол сенің әкең.

Ажар. Немене, тағы да әлгілер бірдеме деді ме?

Олжатай. Жоқ.

Ажар. Ендеше, неге сұрадың... *(Ашынып кеп баласын жағынан тартып-тартып жіберіп, өзі жылайды. (Музыка баяулай береді)*. Жұрттың шаруасы қанша екен осы. Анада *(Бөпішке қарап)* сенің әкең жоқ, жетімексің деп ауылдың балалары тәлкекке салып, ақыры шыдамаған соң, Олжатай жағаласпай ма. Бәрі жабылып ұрып қоя беріпті.

Олжатай. Ендеше, айтшы, Ажар, кім менің әкем? *(Пауза)*.

Ажар. Сенің әкең, міне қасыңда тұр. Бөпіш — сенің әкең.

Олжатай *(таңырқап)*. Рас па, Ажар?

Бөпіш. Рас, жаным. *(Олжатайды құшағына алады)*.

Осы кезде дүбірлетіп атпен шауып, айғайлап жүрген жаршының даусы естіледі.

Хабаршы *(сырттан)*. Солдатқа алынған жігіттер, кір-қоңдарынды жудырып, жол азықтарынды әзірлеп, дайын отырыңдар.

Төңірек у-шу. Ажар, Бөпіштер де үрейлі. Сырттан хабаршы даусы тағы есітіледі.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Бай аулы. Ымырт. Батқан күннің қызыл шапағы бозарып қоңырайып барады. Әр жерге шашырата тіккен ақ үйлердің көрінісі. Жер ошақтарынан тік ұшқан түтін. Сахнаға Қатай мен Ақлима шығады.

Қ а т а й. Ау, Ақлима, бүгін де масқара болдым. Бүкіл ауылдан бір келіншек табылмағаны ма?

А қ л и м а. Әй, Қатай, осы бір елде-күнде жоқ сұмдықты қайдан шығардыңдар?

Қ а т а й. Қеше анау орыс ұлығы емеурін білдірген жоқ па. Атан да оны мүсіркей қалды.

А қ л и м а. Онда өзі тауып берсін. Не мүсіркейтіні бар.

Қ а т а й. Ай, Ақлима-ай. Сен де түсінбейсің. Ертең жігіттерді солдатқа жөнелтейін деп отырмыз. Былай да улап-шулап, қарғыс айтып қағынып, жүрген ел жайбарақат көне қояр деймісің. Кім біледі, жаман айтпай жақсы жоқ. Егер ел Атанға кәрін төгіп, іс насырға шабар күн туса, паналарың мына келіп жатқан орыс ұлығы. Оның қолында жасаулы мылтық, қасында сайдың тасындай әскер. Ол да тегін келіп жатқан жоқ. Бірдеменің иісін сезген сыңайлары бар. Ал описердің көңілін тапсақ, ол Атанға шық жуытар ма екен. Аты орыс демесең, ол да еркек кіндікті адам емес пе... Ештеңе ерсілігі жоқ.

А қ л и м а. Мейілдерің, шырақтарым. Тек мені бұл сұмдықтарыңа араластыра көрмеңдер. Менен аулақ.

Қ а т а й. *(Кете береді).* Жарайды. Бүгін ең болмағанда... бірдеме жасармын.

Кетеді. Ақлима артынан жақтырмай қарап тұрып, ақ отауға кіреді. Сахнаға жасқана басып Ажар шығады. Қаймығыңқырап тұрып ақ отауға кіреді. Бұл — болыстың үйі. Іште үй ішін реттеп жүрген Ақлима ғана...

А ж а р. Саламатсыз ба?

Келіншек үнсіз ғана тосырқап, танымайтын сұлу келіншектің басынан аяғына дейін әлденені қызғанғандай салқын, сүзе қарайды.

А қ л и м а. Ш-ш-шүкір.

А ж а р. Болыстың үйі осы болар?

А қ л и м а. Болса болар.

А ж а р. Ақлима деген жамағаты сіз боларсыз?

А қ л и м а. Біз болсақ, біз болармыз... Оны қайдан біліп тұрсың. Мен сені танымаймын.

Ажар. Сіз түгілі ел аралап, көпті көріп жүрген еріңіз де танымайды.

Ақлима. Е, ол бүкіл ғаламдағы әйел біткенді тани бере ме екен. Әлде жылтыраған бетіңнің әрі болған соң еркек сені білуі керек деп ойлаймысың?

Ажар. Жоқ, әншейін, сөздің ретімен айтып жатқаным да.

Ақлима. А-а, жаңа түсіндім, нобайыңды. Басыңа торғын шәлі салып сыландауыңа қарағанда... Бәсе, бәсе, бұл маңдағы байлардың әйелдерін білуші едім. Ымырт түсе шүрегейше сыпыңқ етіп келе қалғаныңның реті бар екен ғой. Түсіндім, түсіндім...

Ажар. Сіз не айтып тұрсыз?

Ақлима. Жарайды, менен жасырмай-ақ қой. Бәрібір, мен білем. Кешеден бері іздеу салып жүр еді. Ақыры тапқан екен.

Ажар. Кімді? Мені ме?

Ақлима. Әйтеуір, сен секілді жібек баулы көңілшек келіншекті.

Ажар. Тұспалдамай тура айтыңызшы.

Ақлима. Тура айтса, осында не бетіңмен келіп тұрсың? Дәуде болса, бір жігіттің алтын асықтай әйелісің. Ердің басын неге қорлайсың? Әйел затына лайық па? Ана деген атымыз бар емес пе. Еркегіңнен ұялмасаң, ертең балаларыңның жүзін қалай көресің. Балаң да бар шығар, ә?

Ажар. Бар болған да қандай. Сенің Жұматайыңнан бірде-бір кем емес.

Ақлима *(өзіне-өзі)*. Жұматайды да біледі.

Ажар. Түйедей құрдас. Бойы да, түрі де бір. Тек тәрбиесі бөлек. Жұматайың болыс әкесінің қасында не ішейін, не киейін демей уайымсыз шалқақтап өссе, менің Олжатайым әкесіз жетім өсті. Бірақ ешкімнен кем етіп қор етіп өсіргім келмейді. Сол үшін келіп ем. Тең құрбы болған соң өзіңізге алдын ала құлақ қағыс қылайын десем, сіз жөн-жосық жоқ...

(Сырттан адамдардың дарылдаған даусы естіледі).

Ақлима. Жарайды, олай болса, кейін айтарсың. Түсіне алмай тұрмын әлі де, әне, аналар келе жатыр. Қазір бара тұр.

Ажар. Аналарың кім?

Ақлима. Әлгі біздің үйдегі...

Ажар. Ендеше, кетпеймін, маған солар керек.

Ақлима *(ернін сылп еткізіп)*. Бетім-ау, түсінсем бұйырмасын.

Үйге адамдар кіреді. Орыс офицері, Атан, Қатай, оқыған азамат. Алдымен кірген офицер Ажарды көргенде таңырқап тұрып қалады.

Офицер. Oh-хо! *(Ажардың иегінен көтере бергенде, Ажар тістеніп қолын итеріп тастайды)* Oh-хо! Мне нравится женщина с характером.

Атан. *(Төрге отыра беріп)*. Ау, періштем, босағада тұрғаның қалай. Әй, қатын, сен де бір әйтеуір өзіңнен сұлуырақ келіншек көрсең жыланша жиырылып қаласың-ау.

Ақлима. Ағасы-ау, енді не істе дейсің, кінәліміз.

Атан. Төрге шығарып құрметтесең, хандығыңнан түсемісің.

Ажар. Рақмет, құрметіңізге осы ара да жарайды. Екі күннен бері сіздерге жолыға алмай жүр едім. Шаруам бар.

Атан. Шаруаңды кейін айтарсың, мына орыс ұлығының тізесін баса отыршы келіп.

Ажар *(түсінгендей шошынып)*. Ешкімнің тізесін сипай келгем жоқ. Өз қайғыммен жүрген жанмын.

Оқыған азамат. *(Алғашқыдай емес, ризалық нышанмен)*. Иә, айтыңыз.

Ажар. Ағайындар-ау, маңдайыма басқан қаршадай жалғыз ұлымды қара тізімге іліктіріпсіңдер. Аясаңдаршы, жас қой.

Қатай. Е, ана төменгі ауыл жақтан көшіп келген жесір әйел сен бе едің?

Ажар. Иә, жалғыз балам үшін әр жерде күнелтіп, жел айдаған қаңбақша көшіп жүрген мен едім. Баламның аяқ артып жүрген жалғыз тайы бар, соны алсаңдар да...

Атан. Өй, не деп тұрсың. Ха-ха! *(күледі)*. Сенің жалғыз тайың еді керегі. Балаң солдатқа барса—«Көппен көрген ұлы той». Онда не тұр?

Ажар. Сол көппен бірге көрмей, жалғыз өзі көрсейін деп тұр ғой.

Атан. Немене? Ұлың жалғызсырамайды. Бір болыс елдің азаматы аттанайын деп тұрған жоқ па?

Ажар. Бір болыстың азаматы не керек, өзінің теңқұрбысының ішінде жалғыз іліккен соң.

Қатай. Ау, қарағым, сенің жалғыз-малғыз дей бе-

ретінің не. Қасына тең құрбысын ертетіндей қайнына ұрын баратын ба еді. Кімнің еркесі еді ол соншама!

Ажар. Солдатқа айдау үшін сіздерге серке көрінгенмен, маған әлі ерке. Әркімнің өз баласы өзіне. Егер оңай болса, өз балаңыз Жұматай неге бармайды?

Атан. Жетті, жетті. Жұматайда не қақың бар. Аяқты қалай-қалай саласың өзің? Тәйт, табаныңды жалтыратып тұр онда! Тәжікелесуін...

Оқыған азамат. Болысске, әйел жолы жіңішке демеуші ме еді?

Атан. Ай, қарағым, тілің мен жағыңа сүйеніп, қыстырыла бермесеңші. Маған тілмаш керегі жоқ. Мына ұлыққа тілмаш болсаң жетер. Сені жұрт оқыған азамат келіпті десе, кесепат келген екен ғой ауылға.

Офицер. Понятия не имею, что происходит?

Оқыған азамат. Ваше благородие. Женщина жалуется, что ее единственного сына — подростка...

Офицер. А-ай, я уже наслышался, это не наше дело. Для нас все ровно — хоть верблюд, хоть баран.

Оқыған азамат. Ваше благородие, если дело о справедливости...

Офицер. Я уже несколько раз слышу из твоих уст о какой-то справедливости. Давай навсегда покончим разговор об этой не нужной вещи. Кстати, она не нужна для этой степи, для степных табунов, бичь — вот тебе справедливость! Понял?!

Оқыған азамат. Виноват, Ваше благородие.

Атан. Әй, көп сөйлесіп кеттіңдер ғой. Не дейт мына ұлық, ренжітіп алдық па, қалай?!

Оқыған азамат. Ренжіткенде қандай. Мына кісінің жағдайын естіген соң, сіздердің тізіміңіздегі адамдарды қайта тексеру керек, өз туысқандарын жасырып, тізімге іліктірмеген екен деп отыр.

Қатай. Не дейт? Оның бәрін қайдан түсіне қойды. Сен ғой жеткізген.

Оқыған азамат. Сұраған соң, ештеме бүкпей түгел айтуға тиістімін.

Атан. Және қырлап, сырлап жеткіздім де бұл кещеге!

Оқыған азамат. Мұныңызды да жеткізейін бе?

Атан *(ыршып түсіп)*. Әй, сен бір бәле болдың ғой.

Оқыған азамат. Ендеше, мына кісінің шаруасын тындырсын деп отыр. Аяқсыз қалдырмаңыздар.

А т а н. Мынауың алжасқан шығар. Қатай, сен кеше аналарыңды сүйтпеп пе едің.

Қ а т а й. Ее-е, бүгін мына келіншек ұнап қалған ғой. Сосын құбылып отыр да. Шырағым, бәлденбей, отыршы әуелі.

А ж а р. Әлі өзгермеген екенсің.

А т а н. Әй, келіншек, саған не керек. Балаң тізімге жазылған болса, барады солдатқа. Кімнен артық. Түсіндің бе. Мені құдайыңмен де қорқытып ала алмайсың.

А ж а р. Оны білем. Құдайдың сен сияқтыларға әлі келмейді, біздей, панасыз пақырларға болмаса...

О қ ы ғ а н а з а м а т. Балаңыз нешеде еді?

А ж а р. Бауырым-ау, құдай біледі, он бесте.

А т а н. Ха-ха, құдай көріп тұрған шығар. Кемінде жиырмадан асқан жігітті... Ол мегежіннің бойы өспей мыртық боп қалғанына мен кінәлі деп тұрмысың.

А ж а р. Сенің Жұматайың туған жылы, менің Олжатайым да дүниеге келген.

А қ л и м а. Ой, айналайын-ай, менің ұлыммен құрдас екен онда.

А т а н. Тәйт, әрі, көрінген қаңғырған кірмені құрдас қылмай.

А қ л и м а. Қойдық, ағасы, кінәлімін.

О қ ы ғ а н а з а м а т. Атеке, сіз де қызықсыз, өз анасы білмегенде, баланың туған күнін кім біледі.

А т а н. Сен де бұралқыланып, тақымдап қоймадыңау, шырағым. Мұндай надандар баласының туған күні түгілі, жүкті болған күнін де, кімнен болғанын да біле бермейді. Түсіндің бе? Сен сияқты көзі ашық дейсің бе, оқыған азамат!

А ж а р. Оның рас, біле бермейтін шығармыз. Бұдан табаны жалпақ он алты жыл бұрын айдалада қалған кемтар жетімдерді басынып, қорғансыз қызды масқаралап кеткендерің естеріңде болар. Панасыз қыз намысқа шыдамай боранда ұшып өлгенде, үйде жалғыз қалған екі көзі жоқ соқыр кемпір де тысқа шығып адасып өлген. Сондай сұмдықты да білеміз. Олжатайым сол жылы бойыма біткен ұл еді...

Қ а т а й. Әй, не тантып тұрсың. Не жала жапқың келеді. Қайдағы қыз, қайдағы кемпір. Оның бұл арада қатысы не?

О ф и ц е р. Что за скандал?

О қ ы ғ а н а з а м а т. Не беспокойтесь, Ваше благо-

родие. Они уговаривают ее для Вас. Знаете, степные женщины очень строптивые!

Офицер. Странно, это же целая драма.

Оқыған азамат. Да, Ваше благородие. Здесь нет сцены, а ситуации для драмы слишком много... Иә, айта беріңіз.

Ажар. Енді не айтатыны бар. Сол күнгі сұмдықтарын ұмытқан жандарға не өтеді.

Қатай. Саған ондай өсекті кім айтты? Өлген адамдар хабарлады ма? Әлде жындарың сыбырлады ма құлағыңа?

Ажар. Жоқ, сол күнәсіз сәби қыздың өзі айтты. Ол — бұл күнде кезбе боп жүрген тірі аруақ. Қалай оны ұмытып кеттіңдер. Қалайша ол аруақ түнде көздеріңе елестемейді. Қалайша мазаларыңды алмайды.

Ақлима. Стағпиралла! Мынауыңыз шынында түске енетін нәрсе екен.

Ажар. Қорықпай-ақ қой. Дәрменсіз мүсәпірлерге әлім жеттік етіп мазақтап кеткен ұятсыз еркектер қорықпағанда, саған келер-кетері шамалы.

Атан *(басын көтеріп)*. Әй, сен өзің мұңынды жоқтап келдің бе, әлде қайдағы бір жоқ аруақтардың ісін даулап келдің бе?

Ажар. Қашанғы сендер жетім-жесірді жылатып, қамқорсыз жандарды қорлай бересіңдер. Соны айта келдім. Ал, аруақ десең, оның да мұңын жоқтап келдім. Аруағың — мен. Мына мен алдарыңда тұрған!

Атан. Не дейт? Жала, жала!

Ажар. Мен жала жауып, сендей еркекті даулап алуға келгем жоқ. Ұятсыз, арсыз еркектің құлы — қара бақыр. Дәрі болсаң мынадай бейбаққа дәрі шығарсың. Ал мен сенің қасыңа отыруға да жиренемін. Эттең, сол күні өлу қолымнан келмеді. Жазықсыз сәбидің көрешегі бар шығар. Енді тірі жетімді шырылдатып, көкпарға салған лақтай созбайлауларыңа ғана қалды ма. Жетті қол жаулық қылуларың!

Үйге Олжатай кіріп келеді. Бәрі оған үнсіз қарайды. Атанның ғана мойнына су кетіп отыр.

Олжатай. Ажар, кетейікші үйге. Неге келдің мұнда. Маған араша түспеші. Не жақсылық күтіп ең бұлардан.

Ажар *(құшақтап)*. Ботам-ау, қайтейін енді.

Олжатай. Жүрші, жүрші.

Оқыған азамат. Олжатай деген бала сенсің бе?

Олжатай. Иә, болса ше?

Оқыған азамат. Нешедесің, балақай?

Олжатай. Отыздамын.

Ажар. Күнім, дұрысын айт. Ол аған жақсы адам, жаны ашып сұрайды сенен.

Олжатай *(күмілжіп)*. Он бестемін.

Қатай. Оны саған кім айтты?

Олжатай. Білемін.

Қатай. Сен білгіш болсаң, әкеңді де білетін шығарсың.

Олжатай. Неге білмеймін. Білемін. Әкем — Бөпіш.

Атан *(басын көтеріп алып)*. Әһ, Бөпіш. Ах-ха-ха-ха. Әй, ана жаман әтек Бөпіш пе. Бәсе...

Қатай. Аһ, сұм қатын, бағанадан бері қайтсем жаным қалады деп сиқырсып тұр екенсің ғой. Сайқал!

Ажар *(баласын құшақтап)*. Жарайсың, көп жаса, күнім. Бөпіш әкең. Дұрыс айтасың. Бөпіш — сенің әкең.

Атан. Қарай гөр ана жаманды. Қатын ала алмай қаңсып-қаңғырып жүріп. Әй, Қатай, Бөпіш қалада біреуге жалданып жүр деген, ол да біздің ауылдың сүмелегі. Оны да солдаттыққа жаз. Көрейін сосын әуселесін...

Олжатай. Аға, ол жасы асқан үлкен адам емес пе. Оны қалай жазасыз?

Атан. Қара мұның ара түсуін. Әкең екеуің бірге барасыңдар, жалғызсырамауларыңа жақсы болады.

Олжатай. Мен солдаттарыңа бармаймын. Бармаймын!

Атан. Ой, мына боқмұрын не деп тұр. Шақыр, Қатай жігіттерді. Байлап тастасын иттің күшігін. Қарсыласуын мұның.

Ажар. Ойпырм-ай, қаршадай балаға қалай әлдеріц келеді.

Атан. Әй, бала, мына шешең сен екеуіңнен ұялып жүрген көрінеді көзі қарайған пәле сендер кетсеңдер, еркекке бір жарыр еді. Ха-ха-ха!

Олжатай құлағын басып ата жөнеледі.

Атан. Ұстаңдар ана баланы, жібермеңдер!

Ажар. Арсыз хайуандар!

Іштегілер, оқыған азамат пен Ақлимадан басқасы, мәз-мейрам. Атан жастыққа домалап, ішін басып ішексілесі қатып жатқанда, Ажар көз ілестірмей босағада

жатқан балтаны ала салып Атанды шабады. Ә дегенде шошып қалған офицер шегініп, мылтығын суыра береді. Оқыған азамат мылтығына жармасады. Қатай, офицерлер Ажарды тарпа бас салады. Сахна қараңғылана береді. Жан-жақтан бауыстар шығады.

Д а у ы с т а р:

... — Ұрыңдар итті. Шашын бір талдап жұл.

... — Ат құйрығына байлаңдар.

... — Өлім, өлім.

... — Сұмдық! Сұмдық!

... — Ойбай, болысты өлтіріпті.

... — Сұмдық! Сұмдық!

... Қан.

— Өлтіріңдер.

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Сахнада қорапты ләкшенкенің арты ғана көрінеді. Доңғалақ айналып, кетіп барады. Артында теріс қаратып екі қолын байлап тастаған, шашы жалба-жұлба, беті жарақаттанған Ажар отыр. Киімі өрім-өрім. Солдаттардың фуражкасы, мылтықтың шошайған найзалары ғана көрінеді. Соңынан Бөпіш еріп келеді.

Б ө п і ш. Жаным-ай қолдан келер дәрмен болмаған соң біздің тірлігіміздеп не пайда.

А ж а р. Қажыма, Бөпіш, мені ойлама. Мен енді тұздәмім таусылған адаммын. Арманым жоқ, жастығымды жастана өлдім. Кегім қайтты. Арманым жоқ.

Б ө п і ш. Олай деме. Әлі де тірлік болса көрісеміз. Қырық жыл қырғын болса да күтем, жаным!

А ж а р. Кеш, Бөпіш. Көп күттірдім. Өлсем аруағым ырза саған. Тапсырдым өзіңе, тапсырдым жалғызымды. Қош!

Б ө п і ш *(арбадан қалыңқырып)*. Қош, жаным. Күтемін. Өмір бойы өзіңді күтемін. Күт-те-е-мін.

Ш ы м ы л д ы қ

III акт

Көңілді музыка ойналады да, перде ашылады. Сахнада мектеп үйінің суреті көрінеді. Музыка аяғы қайғылы, үрейлі үнге ауыса бергенде, алақтап Қатай шығады.

Қ а т а й *(алақтап, ымдап)*. Сері жүр. Көзге түсесін. *(Сақал-мұрты өскен, Жұматай шығады. Түсі сұсты)*.

Қ а т а й. Жарқыным-ау, қайдан жүрсің. Тал түсте бұл жүрісің не?!

Ж ұ м а т а й. Қайтейін деп едің. Өзің қайдан жүрсің?

Қ а т а й. Ойбай, Жұматай-ай, сұрама. Төңкерісте мені ұстап әкеткенін білмеуші ме ең.

Ж ұ м а т а й. Иә, білемін. «Атқосшы едім, жалшы едім» деп жалбарынып, басыңды арашалап алғаныңды да білемін. Бар жамандықты әкеме үйіп-төккен шығарсың.

Қ а т а й. Қарағым-ау, не дегенің. Көзімді жылтыратып түрмеге қамап қойған соң, жалшы едім деп жалтарып, жол тапқаным рас. Бірақ ішке қатқан қан көрге кіргенше жібімес.

Ж ұ м а т а й. Онда, елге несіне келдің?!

Қ а т а й. Ә, онда мән бар. Бұл күнде бәлшейбектер бел алды. Оны жалғыз-жарым жүріп жеңе алмайсың. Іштен шалу керек. Адалым сол — сенің әкеңнің кегін ала жүрмін.

Ж ұ м а т а й. Әкемнің?!

Қ а т а й. Иә. Бүгінгі баладан не үміт, не қайыр.

Ж ұ м а т а й. Менің әкемді өлтірген осындағы аулынай әйел деген рас екен ғой.

Қ а т а й. Жаңа білдің бе?

Ж ұ м а т а й. Ендеше, мен соны көре келдім.

Қ а т а й. Немене, оған көрімдік берейін деп пе ең?

Ж ұ м а т а й. Иә. *(Алты атарын көрсетеді)*. Мынаны сыйлайын деп едім.

Қ а т а й *(сескеніп)*. Ойбай, тық. Өзің де жасырына тұр, көзге түспе, олар сені де іздеп жүр. Көрсе-ақ аямайды.

Ж ұ м а т а й. Жоқ, інде жатқан суырдай жасырынажасырына болдым.

Қ а т а й. Әлі де тығыла тұр. Сендердің Қытай асып кетпекші болғандарыңды сезіп қойыпты. Қазір іздеу салып жүр. Таяуда ауылға көп милиция шығады деген қауесет бар.

Ж ұ м а т а й. Әкем үшін кегімді алсам, туған елімнен қарамды мүлдем батырармын. Сосын тауып алып көрсін.

Қ а т а й. Сабыр, балам, сабыр. Өзім де біліп ем. Әке кегін алар ұл екеніңді, қайырылып бір соғарыңды сезіп едім. Бірақ «Асығыстық — сайтан ісі». Жұртты дүрлікті-

руге болмайды. Онда бүкіл болыс болып, жердің жарығына кіріп кетсең де тауып алады.

Жұматай. Мейлі!

Қатай. Қой сөзді. Сенің қазіргі әкең менмін. Тыңда мені. Әуелі Ажарды ел бетін көргісіз жексұрын етіп, бұл арадан аластау керек. Оны мына маған тапсыр. Содан соң Ажардың өлімін жоқтап, іздеу салар тірі пенде болмайды. Ар жағын өзің білесің. Ал, балам, қазір бой тасала. Тек жатқан жеріңді айт, өзім хабарласып тұрамын.

Жұматай. Жамансордағы қойтас. Есіңде болсын, мен көп күте алмаймын. *(Жұматай кетеді).*

Қатай *(жалғыз)*. Іс оңға басты... Жұматай Ажарды өлтіреді... Қатай қапысын тауып ұстап береді... Сонда қар жауып із басылады... Қатай аман болса, кеңес үкіметінің де тілін табады. Ә, Бөпіш, келе жатыр. Ал, енді мұнымен де әңгіме бастайтын уақыт жетті.

Арқалаған қапшығы бар Бөпіш келеді.

Қатай. Оу, Бөпішпісің. Сәлем бердік. Ассалаумағалайкум.

Бөпіш. Аликумссалам.

Қатай. Иә, келгелі жасы үлкен еді-ау деп қазақшалық жолымен кіріп те шықпадың. Енді өзім әдейі іздеп келдім.

Бөпіш. Шаруадан қол босай ма. Бара алмай жатырмын.

Қатай. Не шаруа мұншама мұрныңнан шаншылып жүрген?

Бөпіш. Мына үйді көрмейсіз бе. Мектеп. Ауылдың балалары енді осында оқиды. Бұрын Зікірия молданың ауыз үйінде бұзау, қозылардың қасында оқушы еді. Жаңа учитель келейін деп жатыр, естіген шығарсыз.

Қатай. Иә, шет-жағасын...

Бөпіш. Осы үйдің іргесін жаз бойы зорға көтермедік пе. Ауылда адам жетіспейді. Ажар ауылнай болған соң бар жұмыс соның мойнына түсіп... Айта берсеңіз шым таситын өгіздің өзін зорға таптық.

Қатай. Е, онда өзім өгіз боп жүрмін дессейші. *(Күледі).* Ай, Бөпіш-ай, көңіліңе келсе де айтайын, баяғы ынжықтығыңнан әлі арылмапсың ғой.

Бөпіш *(ұнатпай)*. Бұрын солай болсам, енді түзелер деймісің. Көрге осылай кететін шығармыз. Әлде сіздің түзейтін сиқырыңыз бар ма? *(Көңілденіп күледі).*

Қатай. Оның несі күлкі. «Әйелдің қары күлегеш,

еркектің қоры күлегеш». Жаңа есік алдында тұрып орыс поселкесінен жаяу-жалпылап келе жатқан сені көріп, жаным ашыған соң, әдейі іздеп келдім. Мойнында дорба. Қайыр сұрап жүрген тіленші шығар деп шошып кеттім.

Бөпіш. Ә, ол мына мектепке әкеле жатқан ақ балшық қой.

Қатай. Ақ балшық, ах-ах-ах! Әй, Бөпіш-ай, әйтеуір... М-м... Сен өзің отыршы. Екеуміз бір еркектерше әңгімелесейік. (Пауза). Бөпіш, сенің осы жүрісің не? Болар төңкеріс болды. Ал сенде қандай өзгеріс бар. Баяғы кедей, жалшы қалпың. Әйтеуір, Ажарға қолың жеткенге мәз болып, сырттан иемденіп жүрсің.

Бөпіш. Сырттаны қалай? (Күледі).

Қатай. Сырттан иемденбегенде, бір үйде тұрам демесең, ол сенің адал жарың деп жүрмісің. Қашан саған адал болып еді?

Бөпіш. Осы сіз не айтып отырсыз?! Ажар менің әйелім. Мен оның ері. Одан басқа не адалдық керек.

Қатай. Е-ей, Бөпіш-ай, әйелдің сиқырлығын біздің сұра. Сенің өмірінде мандайына бір-ақ қатын жазды. Әрине, сен біле бермейсің. Адал, адал дейсің. Адал болса, ана жылғы баласы қайда?

Бөпіш. Ол ақ патшаға қарсы көтерілісте өлген. Өз қолыммен көмдім.

Қатай. Ал, сол баласы кімдікі екенін айтты ма?

Бөпіш. Жоқ, оны сұрағаным жоқ. Өткенді жаңғыртпайық деген Ажар. Өлсем бірге кететін сырым, оны еш уақытта сұрама деген соң сұрағам жоқ. Қайтейін.

Қатай. Ым... солай де. «Осының неге қимасы қышиды» деп ойлап отырған шығарсың. «Бөріктінің намысы бір» дейді. Үстіп жүріп қатыныңнан да айрыласың ғой.

Бөпіш. Неге?

Қатай. Неге, неге?! Қорқып қалдың ба? Айрыласың, ондай бір кезбе табылмас дейсің бе. Қайбір оң жақта отырғанда алып ең. Қазір баяғы заман емес, қырық жетіні матап беретін. Табылады біреу. Сенен бұрын ол тастап кетсе, мазақтың көкесін сонда көрерсің.

Бөпіш. Түсінсем не қыл дейсің.

Қатай. Жарайды, ендеше, мен айтайын. Ажар елден асқан ерен емес. Кісі өлтірді демесең, ауылдың жаман қатындарының бірі. Бірақ бар айырмашылығы ол басқадан көрі, былай, беті жылтырлау, қолға тез қона-

ды. Оның үстіне сен де қайбір қарағымсың, қайда жұмсаса, сонда сөлең-сөлең салпақтаудан басқаны білмейсің. Ал, ана болыстан келетін сары ауыздарға Ажар іздегенге сұраған.

Бөпіш. Осының бәрін қайдан біле бересіз?

Қатай. Осы ауылдың қатындары түгел шулап жүрген жоқ па. Алдын ала қарғаша салмасаң, бір күні күлің ғана қалады. Ал намыссыз болсаң, мейлің, шырақ, маған келіп-кетері шамалы. Шамданба, жарқыным.

Бөпіш *(ойланып, сәл қапаланып)*. Жоқ, Ажар көзіме шөп салады деп ойламаймын.

Қатай. Шөп салып қана қоймайды, керексіз еткен күні күшәла да салады. Ал ана жырық етек өкіл айналшық жегендей осы ауылдан неге кетпей қойды, білемісің?

Бөпіш. Ол баяғыдан өзімізге таныс адам. Сосын көзі ашық оқыған азамат. Қаладағы әкімдер осында әдейі жіберіпті. Ажарға ел басқарудың жай-жапсарын үйретіп жүр.

Қатай. Үйретпей қалсын. Екеуінің әмпей-жәмпейі бір. Тіпті мөрдің өзі соның қолында көрінеді. Ол нені айтса, Ажар соны істейді. Ал, сен құдай қосқан қосағысың, бір рет айтқаныңды орындатып көрдің бе?

Бөпіш. Маған не керек.

Қатай. Маған не керек! Сен де осы елдің азаматы емессің бе? «Бәрін білем, бұрын бай болған» деп шетімізден тізіп, кәмпескелеп елді береке-құтынан айырған Ажар емей кім? Солардың ішінде өзіннің туғандарың да бар. Ол сені басынғаны емей, немене? Бүйте берсең, қатыннан ғана емес, ел-жұрттан да айрылып, қу томардай қаласың. Ақылым сол...

(Апы кіріп, күпі шығып Сары жорға келеді).

Сары жорға. Е, сен мұнда екенсің ғой. Ажардың күйеуі! *(Сықылықтап күледі)*.

Қатай. Ажардың күйеуі несі. Азан шақырып қойған Бөпіш аты бар емес пе? О не сөз?

Сары жорға. Ағай-ау, оны шығарған мен дейсіз бе. Ел-жұрт мұны қазір өз атымен атамай Ажардың күйеуі дейді.

Қатай *(өтірік кейіп)*. Е, солай еді де!

Сары жорға. Құдай-ай, мұндай да заман болады екен. Өзіміз байымыз жоқ жерде бөтен біреумен жеке отырмақ түгілі еркектердің үстіне ғұмыры аттап кірмеуші ек. Заманның бұзылғаны ғой, заманның...

Қ а т а й. Иә, тағы не боп қалды?

С а р ы ж о р ғ а. Жай әншейін, ішіме сыймағансын айтам да, әйтпесе Бөпішті қажытып қайтем. Мүмкін, Бөпішке сол ұнайтын шығар.

Қ а т а й. Е, Бөпішке де қашанғы ұнай берер дейсің... Тегі, осының үй жағынан тағы бір түтіннің иісін сезгенсің ғой.

С а р ы ж о р ғ а. Сезгені сол, көріп келдім. Бөпішай, алыс адам емес ек. Тіпті, сен емес, әйел басыммен менің намысым келіп болды. Осы бір қаңғырған немеге қайдан ғана тап болғансың.

Қ а т а й. Иә, не көрдің?

С а р ы ж о р ғ а. Ағай-ай, не бетімді айтайын. Әлгі қағазы құрғырға мөр бастырып алайын деп, аққөңіл басым, аңқылдап барып қалмаймын ба. Есіктің тұтқасына қолымды сала беріп ем, іште күңкілдескен екі адамның даусын естідім. Барарымды барсам да ол сұр жыланның бетін көруге дәтім шыдамады. Ай, ұят-ұят жоқ, әлгі жырық етекпен басын түйістіріп алып, сүзісе ме, керек, шалқалап күлеме, керек. Істемегендері жоқ. Әбден басынып еркінсігендері-ау. «Қой, бұл малғұн мұндарға ісім түскенше» деп бетімнен басып ұялып кетіп қалдым. Әлі от боп күйіп тұр екі бетім, ұят-ай!

Қ а т а й. Е-е, оны Бөпіштің өзі де білетін көрінеді. Құр сүлдері жүрген жоқ па.

С а р ы ж о р ғ а. Білсең неге ғана үстерінен түсіп, шашын бір талдап жұлмайсың. Сені де өлтірер деп қорқамысың. Еркек емессің бе? Бар онда қазір!

Б ө п і ш *(күмілжіп)*. Өзі де келіп қалар.

С а р ы ж о р ғ а. Ой-бой-ой. Есіл сөзім қор болған ынжық-ай!

Қ а т а й *(Сары жорғаға қарап)*. Әлгі қағазың қайда, әкелші. *(Сары жорға қамзолының қалтасынан қағаз алып береді)*. Мә, мынаны сылтау ғып бар. Және мөрін алып, өзің басып бер, ағайынға жақсылық істемесең, барыңнан жоғың. Онда сенің орныңа бір құрай. Мейлің, Ажарыңмен күл болмасаң, бұл бол. Бірақ ел адамдарының алдында қадіріңді жойып алып жүрме.

Бөпіш қағазды алып, сәл ойланып, қабағын шытынып кете барады.

С а р ы ж о р ғ а. *(Бөпішке естірте)*. Ай, осы маубас, сздің қолынан не келер дейсің. Бұзауы емес пе Ажардың.

Қатай. Дегенмен тап осы жолы бір сойқанның болары анық. Бар, сен де бар, бер жағынан тыңда. Егер әлгі жылбысқы былжырап, жуасып қалса, үйіне кіріп, отына май құй. Бар, бар...

ЕКІНШІ КӨРІНІС

Бөпіш пен Ажардың отауы. Өкіл мен Ажар дөңгелек жер столдың қасында сөйлесіп отыр.

Өкіл. Ажар, жүрер алдында саған бір айтпағым бар еді.

Ажар. Иә, айтыңыз.

Өкіл. Сенің үстіңнен түскен арызда қисап жоқ.

Ажар. Арыз?

Өкіл. Иә, мен соларды тексере келгемін. Әрине, сенің адалдығынды білемін ғой... Саған қоятын негізгі кінәсі —«Ескі феодалдық салтты көксейді, кеңес үкіметінің адамдарын — кедейлерді ұрып, соғады...»

Ажар. Сондағы кедейлер дегені малын әр жерге таратып, жасырып отырған Атанның жұрағаттары ма, әлде 16 жылы халықтың көз жасымен байыған Қатай ма?

Өкіл. Иә, Қатай жайын кейін айтам. Осы ауылдағы Сары жорға аталып жүрген әйелді қамшының астына алып, бетіне дақ түсіргенің рас па?!

Ажар. Рас. Сары жорға болса, бүкіл әйел біткенді, жастарды азғырып, мектеп жұмысына кедергі келтірсе, Қатай екеуі бірігіп бандыларға астық жеткізіп тұрса, оларға не аяушылық керек!

Өкіл. Соған дәлелің бар ма?

Ажар. Не дәлел керек. Сары жорға бір кезде ақтарға, кейін қызылдарға дастарқанын жайып, қол қусырып құбылған сиқырдың нағыз өзі. Қазір әншейін бір өсек айтып жүрген елдің қараңғы әйелдерінің бірі бола қалыпты. Қатай — тонын айналдырған қасқыр.

Өкіл. Ажар, кешегі төңкеріс пен қазіргі уақыт екі басқа. Бүгінгі мақсат жұртты ұрып, соғып жөнге түсіру емес. Ақ-қараны айырып, ел ішін байлардан аршу. Ол үшін коммунистік байсалдылық қажет. Елдегі кеңес үкіметіне ниеттес адамдарды топтай білу керек. Ал, ана Қатай түрмеден қалай шықты, білемісің?

Ажар. Кедей едім, болыстың атқосшысы едім деп босаса керек.

Өкіл. Ол аз. Гәп басқада. Бас саусақ та бірдей

емес. Ендеше, ауылдағы қара ниетті адамдардың сыбайластары қалада да бар. Олар да аршылады.

А ж а р. Осы арыз дегеннің құритын күні болар ма екен?

Ө к і л *(ойланып)*. Иә, арызқойлық, жікшілдік ежелден жабысқан дерт. Атам заманнан бері ел қамын ойлаған ардагер азаматтар алысып-ақ келеді. Абайдың да мұңы еді. Дәл төңкеріс өтісімен-ақ 17 жылы ақын Майлин «Қазаққа» деген өлеңінде былай ұран тастап еді:

... Азын-аулақ миың болса басыңда,
Партия, штат, дау-шарыңды қой, қазақ!

А ж а р. *(Өз-өзінен мұңайып, өлеңді қайталайды)*.

... Азын-аулақ миың болса басыңда,
Партия, штат, дау-шарыңды қой, қазақ!

Ө к і л. Ажар, мүмкін сенің әзірше бұл ауылдан кете тұруың керек болар.

А ж а р. Сонда, бас сауғала демексіз бе?

Ө к і л. Жо-оқ... Оқуың керек. Бөпіш те қалаға барып сауатын ашуы керек. Мен қолымнан келгенше көмектесер едім. Аяқ астында мерт болуға болмайды. Сен болашаққа қажет адамсың, *(екі иінінен ұстап)*, ойлан, Ажар. *(Үйге Бөпіш кіреді)*.

Б ө п і ш *(қабағын түйіп)*. Осы үй менің үйім бе? Әлде ауылнайдың кеңсесі ме? Әй, Өкіл, кішкене дем алуға пұрсат беремісің, әбден төбемізге шығып болдың гой әулиесіп!

А ж а р *(таңырқап)*. Бөпіш-ау, не айтып тұрсың?!

Б ө п і ш *(тура қарай алмай)*. Сөз біреу, құлақ екеу.

А ж а р. Бірдемеге кейіп келгенсің-ау, сірә.

Б ө п і ш. Жетеді енді сиқырсуларың.

Ө к і л. Беке, сабыр етіңіз. Сіз бұлай ашуланбаушы едіңіз.

Б ө п і ш. Немене, мен адам емес деп пе едің. Кеще, миғұла деп жүрген шығарсыңдар. Ендігі қорлықтарыңа көне алмаспын.

А ж а р. Сені кім қорлапты. Кеще, миғұлаң не? Не айтып тұрсың, бірдеме үйренгеннен саумысың?

Б ө п і ш. Енді мені үйренуге де жарамайды деп пе ең? Мен өлерімді білемін. Жұрттан мән сұрамаймын. Ажар, мөрді әкелші.

А ж а р. Мөр?

Б ө п і ш. Иә, мөр!

А ж а р. Оны қайтпекшісің?

Бөпіш. Жемеймін, қорықпай-ақ қой... Әлде басқаға сенгенде маған сенбеймісің?

Ажар. Өзің айтып өлтірші өлтіретін болсаң, мөр не үшін керек?

Бөпіш. Саған не үшін керек еді? Маған да сол үшін керек. Менің де елім, жақын-жұрағаттарым бар, жұртта жалғыз ұлып қалған бұралқы ит емеспін. Еркек болып себім тимесе, сенің ауылнайлығыңнан, маған әйел болғаныңнан не пайда.

Өкіл (күліп). Бөке, Бөке, «Бөрі ашуын тырнадан алады» деп мөрден алғаныңыз қалай?..

Бөпіш. Әй, енді сенің араласуың жетті. *(Қалтасынан қағазды шығарып, Ажарға).* Мә, мына қағазға мөр басып бер.

Ажар *(қағазға ұмтылып).* Ол не қағаз, әуелі көрейік.

Бөпіш *(бермей).* Көріп қайтейін деп еді. Маған сенбейсің бе? Мен айтып тұрмын, қой да бер.

Ажар. Жоқ, Бөпіш, менің басым екеу емес, оқып алмай қоя алмаймын.

Бөпіш. Қоя алмаймын! Қоя алмасаң бер әкел, мен неше жерден қояды екем. *(Ұмтылады).* Әкел мөрді, мөрді әкел!

Ажар. Жоқ, бере алмаймын. (Өкілдің артына жасырынады).

Бөпіш *(төніп барып).* Ә-ә, артына тығылайын дедің бе, бәсе, жаңа көзім жетті.

Өкіл *(даусын көтеріп).* Түкке де көзіңіз жеткен жоқ. Мөр сізге ойыншық емес. Өкіметтің мөрі.

Бөпіш. Енді өкіметпен қорқытайын дедің бе?

Түтіліп шығып кетеді.

ҮШІНШІ КӨРІНІС

Сары жорғаның үйі. Бір бұрышта бүк түсіп Бөпіш жатыр. Үйде Сары жорға мен Қатай, Тамыршы кіреді.

Қатай. Ау, Бөпіш, көтер басыңды, байғұс-ау, бүйте берсең ит жемеде өлесін ғой. Халіңді біле келдім әдейі.

Сары жорға. Ағай-ау, еркектің бұлай қажығанын өмірімде бірінші көруім. Соңғы күндері тамақтан қалды.

Қатай. Е, оңай дейсің бе. Басқа түссе баспақшы.

Сары жорға. Тым құрымаса неге зауқы соғаты-

нын да айтпайды. Қазір құймақ құя қояйыншы. Бөпіш, айналайын, тұра қойшы.

Қатай. Ау, Бөпіш, басыңды көтер деймін. Саған мына ақсақалды әдейі әкелдім. Іш жақтан келіпті. Ірі тәуіп бұл кісі.

Бөпіш *басын көтеріп, селсоқ отырады. Сарғайып, жүдеген.*

Қатай. Ақсақал, бар ықыласыңызбен қарай көріңіз. Елдің бас көтерер азаматтарының бірі еді, ендігі түрі мынау — сүзектен тұрғандай.

Қалтасынан бір түйіншекті тастай береді. Тамыршы қағып алып, қойнына тығады да, Бөпіштің қасына отырып, тамырын ұстайды.

Тамыршы. Бісміллә. *(Көзін тас жұмып, үнсіз отырады).* Балам-ай, ауруың меңдеп кеткен екен. Өзің құса болғаннан саумысың? *(Аз ойланып қалады).* Оһ, бәлем, түстің бе қолға... Апырай, не деген сенгіш ең, балам. Басыңды мүлдем айналдырып, арбап алған екен. Өзі алыстан емес, жақыннан келген-ау. Аһ, аял болды, аял. Балам-ай, жасырғанмен бола ма, көзіңе шөп салған-ау. Өзің сүйеді екенсің.

Сары жорға. Сүймей қалсын ол қарды!

Тамыршы. Бірақ ешкімге айта алмай іштен тынып, ішқұса боп барады екенсің. Қөңіліңе келмесін, сары уайымға түсе берсең, ұзақ жасамассың.

Сары жорға *(кемсеңдеп).* Ата-тай-ай, не дейсіз...

Тамыршы. Одан құтылмай саған тіршілік жоқ. Ол саған жар емес. Қара албастыдай жабысқан ауру екен, енді ішке түсіп жегі құрттай үңгіп барады. Дерт, ұрғашыдан жабысқан дерттен айығу қиын. Тек ұмытуың керек, ұмыт, балам, әйтпесе, жарық дүниемен бір жолата қоштас. *(Көзі тарс жұмылып).* Кешір, балам, өтірік жұбатып, құдай алдында күнәһар болар жайым жоқ. Тамырың осыны айтып тұр. *(Орнына барып отырады).*

Сары жорға. Атажан-ай, дәл таптыңыз. Біліп ем-ау, өзімде, мұның арты неге соғарын.

Қатай. Алда риза болсын, ақсақал, жасырмай айтқаныңызға.

Тамыршы. Сақалды басыммен неге жасырайын?

Қатай. Бәрі рас. Мына Бөпіштің Ажар деген әйелі бар. Өзі ауылнай. Бір кезде төңкеріске қатысқан неме емес пе. Шаш ал десе, бас алады. Ұстараның жүзіндей лыпып тұр. Өзі кәмөнес.

Сары жорға. Көменесің сол болса, жетіскен екеміз.

Қатай. Бір кезде әр ауылда тентіреп жүрген жесір әйел еді мына Бөпіш соған тап болған жоқ па. Соқтандай баласымен алды.

Бөпіш. Жарайды, ол жағын қазбалап қайтесің.

Қатай. Қазбаламай бола ма. Сол үшін атан болысқа пышақ салып өлтірген жоқ па.

Тамыршы. Сұбхан алла. Не дейсің. О заманда бұ заман әйелдің кісі өлтіргенін естіп отырғаным осы. О, кәфрстан!

Сары жорға. Иә, ата дәу де болса, сол кірменің қаны таза емес. Қой, оның жыры таусылмас, одан да тамақ дайындайын. *(Шығып кетеді).*

Бөпіш. Әй, Қалай, басқасына жазғырсаң да, Атанды өлтіргеніне неге жаздырасың. Қаршадай баласына қиянат жасаған өздерің емес пе едіндер?

Қатай. Немене, сонда баласына қиянат жасағаннан өлтірді деп ойламысың?

Бөпіш. Өлген баланың құлағын шулатып қайтейін деп ең.

Қатай. Бөпіш-ай, әлі қимайсың-ау. Не деген ақғал ең. Анада сол баланың кімдікі екенін сұрағанда, «Білмеймін» деп ең.

Бөпіш. Оны біліп қайтемін.

Қатай. Білмесең, мен айтайын. Ол — Атанның баласы.

Бөпіш. Атанның?

Қатай. Иә, Атанның баласы. Ол кімнен қалмаған салдаман. Бір кезде Атанның мойнына ұйыққан қаншықша өзі келіп асылып еді, сенің алдында бетіме шіркеу болмасын деп өткен қылмысын жасыру үшін оны өлтірген жоқ па.

Бөпіш. Қой, мұның бекер шығар.

Сырттан Сары жорға жүгіріп кіреді.

Сары жорға. Ойбай, ана сұр жыланның өзі келе жатыр.

Бөпіш бүркеніп жата қалады. Сырттан арс еткен иттің даусы, баж еткен әйел даусы. Үйге алқынып Ажар кіреді. Көйлегінің бір жақ етегі өңіріне дейін дар айрылған. Балтыры қарасанына дейін жылтырап тұр. Тамыршы бетін басып теріс айналды.

Ажар. Иттерінді неге байлап қоймасыңдар!

Сары жорға. Немене, енді осы ауылдың итіне

дейін кожа болғың келді ме. Одан да үлкендердің алдында саныңды жалтыратпай жапсаңшы, көргенсіз!

А ж а р. Мен сенен мән сұрамаймын! Ендігі итіңді бұлай бос қойсаң, өзіңді ит жеккенге айдатып жіберемін!

С а р ы ж о р ғ а. Ойбай, қойдық. Сенен одан да зор шығар. Тыр жалаңаш жүрсең де мейлің, жарықтығым!

Қ а т а й *(кекете күліп)*. Ит емес, әлгі өкілдердің бірі шығар көйлегін айырып жіберген.

А ж а р. Күле түс. Қаншама күлермін дейсің.

С а р ы ж о р ғ а. Әй, еркекке әкіреңдеме. Сенің айдауыңа жүре берстін Бөпіш деп тұрмысың. Шаңыраққа қара.

Ажар шыдай алмай тістеніп, Бөпіштің қасына барады.

А ж а р. *(Бөпіштің үстіндегі шекпенін тартып)* Бөпіш тұр, тұр деймін. *(Иығынан тартып)*. Тым құрмаса жібі түзу адамның да босағасы бұйырмағаны ма.

С а р ы ж о р ғ а. Қолгірсуін. Байсырап қалған екенсің. Сағынған шығарсың қатты.

Қ а т а й. Өкіл кетіп қалған ғой, тегі.

А ж а р. Тұр деймін. Жүремісің?

Б ө п і ш. *(Қолын қағып жіберіп)*. Бармаймын.

А ж а р. Ал, соңғы рет айтамын, жүрмейсің ғой. *(Бөпіш басын көтермей жата береді)*.

С а р ы ж о р ғ а. Әй, зорлайын деп пе ең еркекті. Тыныштық берсеңші.

Қ а т а й. Атан құсатып бәрімізді қырамысың, бір мезгіл маза берсеңші.

Бөпіш басын көтеріп отырады, Ажарға тіктеп қарай алмай, төмен қарап сөйлейді.

Б ө п і ш. Олжатайдың әкесі кім?

А ж а р. Иә, оны неге сұрадың? Қазір не керегі бар. Жүр үйге, айтайын бәрін де.

Б ө п і ш. Жоқ, осы арада айт.

(Пауза).

А ж а р. Атан. Жауыз Атан. Енді соның атын ататқызуың қалып еді.

Қ а т а й *(Бөпішке)*. Естіген шығарсың өз құлағыңмен?

А ж а р *(Қатайға)*. Сен де сол үшін тартарсың сазайыңды. Жалшы едім, атқосшы едім деп жалбарынып жүрсің ғой. Сені білетін адамдардың көзі тірі әлі. Ұлы кәмпескеден аман қалдым деп жүрген шығарсың, асық-

па, іініс су құймай тынбаспын, байдың құйыршығы. *(Ажар терісіне сыймай ашуға булығып шығып кетеді. Арсылдаған төбет даусы).*

Сары жорға. Таласа игі етті бәлемді! Сол керек! *(Бөпіш атып тұрып есікке ұмтылады. Сары жорға алдын кескестеп).* Отыр әрі, елбектемей. Мен-ақ шығайын.

Сары жорға шығып кетеді. Бөпіш сілейіп тұрып қалады.

ТӨРТІНШІ КӨРІНІС

Сахна қараңғы. Пистолет жарығында Ажар: Құлағын басып мең-зең болып сахнаның екінші бұрышына қарай жүріп келеді. Бұрышқа жете бергенде алдынан әлдекімнің көмескі сәулесі биіктен көрініп зілді күлкімен сөйлейді.

Дауыс. Ә, байыңнан да айрылдың ба? Енді сен кімге керексің. Кімге дәрісің? *(Ажар шегіншектеп, екінші бұрышқа қарай жүгіреді. Ол жақтан да дауыс шығады).*

Дауыс. Басқан ізіңе харам, сенің харам! Батыр қаранды бұл ауылдан! *(Ажар үшінші жаққа жүгіреді. Ол жақтағы, сол жақтағы парталдардан дауыстар шығады).*

Дауыс. Аһ, кафр қауымынан жаралған сұр жылан! Ұл-қыздарымызды мұсылмандық жолдан тайдырар әзәзіл, аулақ, аулақ!

Дауыс. Қаңғырған кірме, жоғал, жоғал, ластамай ауылды. Жоғал!

Ажар құлағын басып, әр бұрышқа жан ұшырып жүгіреді. Пистолет жарықтары да айқыш-ұйқыш ойнап, жарқ-жұрқ етеді. Әлгі дауыстар гүілдеп кетеді.

БЕСІНШІ КӨРІНІС

Түн. Аспанда сайраған жұлдыздар. Жол үсті. Жақында көл. Құрылдаған көлбақа, барылдаған үйрек үні. Жол айрығына екі әйел шығады. Бір аяғында жайдақ етік, үстіне былғары күртке киген Ажар, екіншісі — Бойжеткен.

Ажар. Қарашы, шіркін, мына дала, ауыл көркі қандай тамаша еді. Қимаймын. Әттең, не керек...

Бойжеткен. Ажар тәте, шынымен мүлдем кетесіз бе? Тіпті әлі көңілім сенбейді.

А ж а р. Кетпегенде қайтейін. Шыдатпады ғой. Қажыдым. Ел азаматтарына кінә қоймаймын. «Бір қарын майды шіріткен бір құмалақ...» Әбден абыройымды төгіп болмады ма. Бірақ ел өсегі де басылар. Мүмкін өзім де осал шығармын, затымыз әйел емес пе.

Б о й ж е т к е н. Жоқ. Ажар тәте. Қайта ер адамға бергісізсіз. Бәрі де сізден қаймығады.

А ж а р. Қаймықтырам деп тым өрескел де кеткен болуым керек. Ел ұстау үшін қайраттылық өз алдына, білім де қажет. Ендігі қуарым сол білім. Оқимын, мүлдем күдер үзіп кетеді деп ойлама. Әлі бір қайрылып соғамын, жаным.

Б о й ж е т к е н. Біздерге тірек едіңіз. Айырылғанымыз жанымызға батады.

А ж а р. Қамықпа оған. Енді тірегің көбейе бермесе, азаймайды. Тек талпына бер. Әттең, жалғыз анаң науқас. Бірақ бәрібір үлкен қалаға барсам, өздеріңді алдырамын. Оқуың керек. Ендігі келешек сендердікі. *(Күліп)*. Бірақ бір жерге тайып отырмайсың ба?

Б о й ж е т к е н. Жоға, Ажар тәте. Әзір ешкімге де бармаймын. *(Бір жақ бұрыштан мылтық ұстаған көсе — атқосшы шал шығады)*.

К ө с е. Ажар, қарағым, аттар тапыршып тұрмай тұр. Жүрейік енді.

А ж а р. Қазір, ата *(Атқосшы кетеді)*. *(Қалтасынан бүктеулі қағаз алады)*. Сен мына хатты Бөпішке оқып бер. Бәрін жаздым. Қатайларға сенем деп арандап қалмасын. Көз қырларыңды сала көріндер. Ал, жаным, қош бол, тірлік болса, көрісеміз әлі талай.

Қоштасып кете барады.

Б о й ж е т к е н (қашан ұзағанша қол бұлғап) Қош, тәте, келіңіз. Күтеміз.

Бойжеткен бұрыла бергенде артынан баспалап келген екі-үш адам бас салады.

Б о й ж е т к е н *(ышқынып)*. Ажар, тәте, құтқар, құтқар! *(Әлгі адамдар, басын шекпенмен тұмшалап алып кетеді)*.

Пауза. Сахнаға Ажар жүгіріп шығады.

А ж а р. Не боп қалды! «Құтқар» деп айғайлағандай болды-ау.

Селсоқ басып, атқосшы шал шығады.

А ж а р. Естідіңіз бе, әлгі дауысты? Біздің қыздың даусы емес пе? Неге үндемейсіз? Жан даусы шықты ғой. «Құтқар» демеді ме. Неге үндемейсіз?

Көсе. Үндегенде менің қолымнан не келеді. Қарағым, жүрейік, қайтесің енді ол қызды. Біреулер алып қашқан шығар. Елдің сұлуына кім құштар емес дейсің.

Ажар. Жоқ, ата, елден аттамай жатып бұлай болса, басымды арашалағаныма мәз болмақпын ба?

Көсе. Қарағым, соған да тәубе.

Ажар. Сіз не айтып тұрсыз?

Көсе. Ажар, қарағым, мына мылтықты мен тегін алып шықты деймісің. Біздің ауыл елде-күнде жоқ ең бір қағынған ауыл — баяғы Атанның аулы екенін білесің. Бәрі жақын жұрағаты. Саған жақсылық ойлаушы аз. Біз сияқты қаратабандар әлі де әлсіз. Кешегі кәмпескеге іліккен байлар үрім-бұтағымен ордалы қасқырша ұлып, ел торып жүрген жоқ па. Соның бірі — Атанның баласы Жұматай.

Ажар. Жұматай? Оның қайда екенін білесіз бе?

Көсе. Анық білмесек те, естиміз. Жаңағы қызды алдырған сол. Көптен жол тосып жүрген жендеттері бүгін сені де алып кетпек еді. Ол ниеттері болмады.

Ажар. Мені ме?

Көсе. Иә, олар сені өлтірмекші... Саған ниеттес адамдардың бірімін, шырағым. Бар қолдан келетіні — аман-есен шәрға жеткізіп салу. Қарағым, елдегілердің бәріне ренжіме. Заман түзеліп келеді, аналар да көп ұзамай құрыр. Сонда қайтып ораласың, сенің елге-жұртқа, жалшы-жақыбайға жасаған жақсылығыңның орнын толтыру қиын. Ал әзірше баспаналай тұр. Жүр...

Ажар *(жалғыз)*. Баспаналай тұр. Сенің жақсылығыңның орнын толтыру қиын дейді. Сондағы жақсылығым осы ма? Басыма күн түскенде тайып тұрмақпын ба. Мені пана бол, қорған бол деп сеніп жіберді-ау... Жо-оқ, өз қолымнан шырылдатып бере алмаспын панасыз қызды?!

Көсе келеді.

Көсе *(тықыршып)*. Жүрмейсіз бе енді?

Ажар. Ата, Жұматайлардың қайда жасырынып жүргенін айтыңызшы.

Көсе. Қарағым-ау, сен шәрға барып милиция шығарғанша олар күтіп отырар деймісің.

Ажар. Дегенмен айтыңызшы?

Көсе. Біреулер Жаман сордағы қойтасты тасалап жүр деген. Кім білсін рас-өтірігін.

Ажар. Ата, сіз елге қайта беріңіз. Маған ана атты тастап кетсеңіз болады.

Көсе. Қарағым-ау, не сұмдыққа бастадың?

Ажар *(өзіне-өзі)*. Оларды бүгін таппасаң, айрыласың.

Көсе. Қой, жарқыным, арыстанның аузына түсем демесең. Қой оны Таста. Ажалмен ойнамас болар.

Ажар. Қасқырдың бөлтірігі емес, ол да анадан туған адам шығар.

Музыка. Сахна қараңғыланады.

АЛТЫНШЫ КӨРІНІС

Ажар. Сол ана — мен едім. Бұғанасы қатпай жатып, сұм ажалға кезіккен жалғыз ұлым, сенің бауырың Олжатай еді.

Жұматай. Олжатай!..

Ажар. Содан бері талай жылдар өтті. Бақытсыз балам — Олжатайымнан айрылдым. Бірақ соңғы рет көре алмағаным болмаса, өкінбеймін. Жауымен жағаласып жүріп қаза тауыпты. Мен болсам, патша түрмесіне қамалып, төңкерістен кейін шықтым. Араға жылдар салып, елге қайтадан оралдым... *(Енді Жұматайға жалт бұрылып, кеудесін тосады)*. Атан салған сол жара аз десең, ат енді, сен де ұлымсың, қолыңды қақпаймын. Бірақ өз бауырың Олжатай емген, адам емген қос анарға қолың қалтырамай үңірейген ажал аузын қалай бұрасың, анаңның жүрегіне ажал оғын қалай қадамақсың?! *(Пауза)*.

Жұматай мылтығын тастап, мойны салбырап, сылқ етіп тізерлеп отыра кетеді.

Ажар. Мен тартқан ана тақсіреті қайталанбасын десең еріксіз келген, зорлықпен жеткізген ана баланы босат.

Жұматай *(баяу ғана)*. Ә-әй, босатыңдар қызды. *(Осы кезде алас ұрып жүгіріп шыққан Қатай жерде жатқан алты атарды бас салады)*.

Қатай *(көзі қанталап)*. Ә-ә, әкеден тумай кеткір, ез неме?

Ажар. Аһ, қанипезер, сен екенсің ғой, тағы да ажалға бастап жүрген.

Қатай. Мен, мен. Естіп, көріп қал соңғы рет.

Жұматай. *(Орнынан тұра беріп)*. Таста мылтықты.

Қатай *(шегіне береді)*. Жо-жоқ, бала. Мен әуелі сені өлтірем. Сонан... *(кезене береді)*.

Д а у ы с. Тоқта.

Дауыс шыққан жаққа селк етіп қараған Қатай үрейленіп шүріппені басып қалады. Жұматай атылып барып мылтықты ұшырып жібереді. Оң жақ ыығынан оқ тиген Бөпіш қанын қолымен басып, «Кешір, жаным, кешір!» деп Ажардың аягын құшады. Екінші бүйірден шыга келген Бойжеткен де, «Ажар тәте» деп бас салады.

Үңгірге Көсе шал, тағы басқа ел адамдары сау етіп кіріп келеді. Қақ ортада, көптің ортасында абзал Ана, ел қамқоры Ажар тұр. Дүниеге өмір берер ана — ажалды жеңген Ажар.

Шымылдық.

ҚЫЗЫМ, САҒАН АЙТАМ...

(Екі бөлімді драмалық повесть)

Драма кейіпкерлері:

1. Разия
2. Мұрат
3. Құмар
4. Сәуле
5. Шарипа
6. Жәкуда
7. Шүйкстай
8. Ұяқ жігіт
9. Медсестра
10. Солдат

Қосымша:

11. Разия — жас шағы
12. Мұрат — жас шағы

Эпизодта Қасқа бас, Қоңқақ мұрын, Бурыл шаш

І-бөлім

1-КӨРІНІС

Соғыс даласының үрейлі үні. Жарылған снаряд, атылған мылтық, гүрілдеп өткен самолет.

Тау баурындағы дачаның верандасы. Екі-үш жеңіл тоқыма орындықтар. Мұрат, Шарипа, Сәуле соғыс үнін тыңдап тұр.

Мұрат. Біз Германия жерінде, бір деревнядан өтіп, қатты тосқауылға кезіктік. Жау қарсы беттен оқ жаудырып жатыр. Тап ортада бықсып-жанған ат-арбалар, үй жиһаздары эвакуациямен әрі шегінген деревня адамдары. Қап-қара түтін. Траншеяда тасаланып, ұрыс бағытын дүрбімен барлап тұрғам — көзіме төңкерілген арбаның қасында тұрған ақ көйлекті құйтымдай бала түсті. Зуылдаған оқтың бірі міне-міне баланы жұлып

әкететін сияқты. Траншеядан қалай атып шығып жүгіргенімді білмеймін. Снарядтар қазып кеткен шұқырларға бір құлап, бір тұрып, балаға қарай ұштым.

Есі шығып көзі алақтаған сәби екі-үш жастағы қыз бала екен... Тап қасында ашық кеудесінен қан сорғалаған анасы жатыр. Тұла бойы үрейден қалтыраған мүсәпір баланы бауырыма қысып, кері жүгірдім. Барарда қалай тез жеткенімді білмеймін. Қайтар жолда әр қарға адым жер шексіз шұбатылып, әр жығылып тұрған сайын ажал оғы зуылдап, құлағымның түбінен өтіп жатты. Әлден уақытта атыс саябырсып барып екі жақ та бір минутке тына қалғандай болды. Жан ұшырып траншеяға баламен құлай бергенімде, қаңғырған бір снаряд жақын жерден жарылды... Сәби тірі қалды.

Сәуле. Неміс баласы ма?

Мұрат. Иә... деревнядан әрі тылға шегінген неміс әйелінің қызы болса керек... Мен госпитальда жатқанымда бір айдай қасымда жүрді. Жібектей сап-сары шашы желбіреп, «папа» деп мойныма оралушы еді. Сәбилерде не жазық бар... Амал не, кейін детдомға тапсырдық...

Сәуле. Сол жолы жараланған екенсіз ғой?

Мұрат. Иә, сол сәби үшін аяқтан жараланғанмын.

Сәуле. Бірақ оны ерлік санамайтыныңыз қалай?

Мұрат. Ол арада ерлік көрсетейін деген ой жоқ еді. Адам баласының парызы ғой. Соғыс даласында ондай парызды ойлап жатар уақыт та болмайды, айналайын. Тегі, қысылтаяң шақта не нәрсеге де әмірші жүрек пе деймін...

Сәуле. Сіз соғыс даласында неміс қызы үшін басыңызды оққа байладыңыз. Ал, бейбіт өмірде өз сәбиін шырылдатып тастап, мәңгі қайырылмай кетер адамдарды кім дер едіңіз?!

Мұрат. *(Шошынғандай, сәл тіксініп.)* Қалай дедің, айналайын?! Иә, ондай қара жүректер бар...

Сәуле. Мен сізге сондай адамдар туралы да айта келіп едім.

Мұрат. Сондай адамдар?!..

Сәуле. Енді сіз мені тыңдаңыз. Тек сұрарым сөзімді бөлмесеңіз екен.

Мұрат *(үрейлі)*. Не айтпақшы болып тұрсың, қызым?! *(Шай жасап жүрген Шарипа да әлденеден секем алғандай аңырып, құлақ тосып отырып қалады).*

Сәуле. Мен жөргегімде әкеден жетім қалыппын

да, анам содан былай жесірлік таукіметін тартыпты. Әйтсе де анашымның арқасында жоқшылық көрмедім. Жоғарғы білімі болмаса да, ел қатарлы тырбанып жұмыс істеп, асырап адам етті. Оның үстіне марқұм әкемнің пенсиясын да талшық етіп, біреуден кейін біреуден ілгері күн кештік... *(Музыка әуені көтеріліп барып қайта бәсеңдейді).*

Ес білгеннен былай мен үшін үй ішінде әлдебір қаснетті нәрсенің орны ойсырап тұрғандай сезілетін болды. Есейген сайын көңілім де өз-өзінен құлазып, әлденеден жабырқап, жүрегіме жетімдіктің таңбасы түсе берді. Қатар құрбыларым өз әкесін әңгіме ете қалса-ақ «сенің әкең жоқ, жетімексің» дегендей ол арадан тез кетуге асығатынмын... Келе-келе оған да етім өліп, үйреніп кеттім...

Анам әкемнің пенсиясын ылғи өзі алушы еді. Маған көрсетпейтін... Жақында білдім... Бірақ бәрі кеш... Мен тірі жетім екем де, әкем тірі өлік екен. Осы күнге дейін анамның айтпай келген пенсиясы пенсия емес, бізді тастап кеткен әкенің алименті екен!..

Мұрат. Ботам-ай, сен... Разияның қызы емессің бе?!

Сәуле. Мен Разияның ғана емес, сіздің де қызыңыз едім. Бірақ бүгіннен бастап менде өлі де, тірі де әке жоқ. Мен анамның ғана қызымын. Міне, соңғы алиментіңіз. Он сегіз жыл алып келген ақшаны, тірі болсам, өтеймін. Қарыздармын. Он сегіз жыл бойы мойнымa таққан жетімдік қарғысын тастадым өзіңізге!

(Сәуле ораулы ақшаны шезлонгтің үстіне тастап, кете барады).

(Мұрат пен Шарипа мағынасыз ұмтыла түсіп, қала береді).

2-КӨРІНІС

Палата. Коляскада, шалқалап, шашына ақ кірген Разия отыр. Жастығы биік салынған. Палатаға ол-пұл тамақ, жеміс алып иығына ақ халат жамылған Сәуле кіреді.

Разия. *(Баяу ғана.)* Келдің бе, жалғызым!

Сәуле. *(Жүзіндегі кейістікті сездірмеуге барынша тырысып.)* Мама, бойың қалай? Мен саған алма әкелдім. Төбетің шаба ма, жеші, мама.

Разия. Жейін, құлыным, жейін. Қашан көзім жұмылғанша...

Сәуле. Үйдемсші, мама. Неге олай дейсің.

Разия. Жарайды, қойдым, құлыным, қойдым. Он сегіз жыл арқама салып өсірген сенің көзінді мөлдіретіп, жалғыз тастап кетуге өзімнің де белім қайысады. Қайтейін...

Сәуле. Мамочка...

Разия. Жарайды, жарайды, өлмеймін... Бірақ, жарығым, сен де көп ойлап, қажи берме... Қане, маған қарап күлші. *(Сәуле күлген болады. Бірақ күлкісіндегі жарықшақ, жүзіндегі кейістік ізі жоғалмайды.)*

Разия. Күлкіңнен айналайын... Қарашы, бір айдың ішінде өзің жүдеп қалыпсың. Қане, менің көзіме қарашы, тағы да.

Құлыным, өзің бүгін күндегіден де жабырқаусыц ба қалай? Көзің де қызарып кетіпті... Бір жерің ауырып жүр ме?

Сәуле. Жоқ, мама. Жай әшейін. Кеше түні бойы емтиханға дайындалғам. Соныкі болар.

Разия. Құлыным, онда қазір үйге барып ұйықтап алшы. Денсаулығыңды сақта, жаным. *(Разия құптап бас изейді.)* Айтқандай, анада қағаз тастап кетіп ем, әкеңнің пенсиясын әкеп берген шығар. *(Сәуле үндемей теріс айналады.)* Иә, *(күрсінеді)* сен міне, он сегізге келдің. Әлі де бірер жыл тірі болсам, қарекет жасап, оқуынды бітіртер едім. Ендігі күнің не болар екен...

Сәуле. *(Теріс қарап жүріп кетеді.)* Мама, сен ренжіме... Мен кеше пенсияны өзім барып алдым.

Разия. Пен-сияны?!

Сәуле. Иә, мама, он сегіз жыл бойы сен солай атаған соң енді не дейін.

Разия *(баяу ғана)*. Бәрін де білген екенсің ғой.

Сәуле. Білдім, мама, неге ғана білдім деп артынан өкіндім де. Бірақ болар іс болды.

Разия. *(Өз-өзіне сөйлегендей.)* Он сегіз жыл бойы жүрегіме түйіп, ашпай келген сыр еді. Білген екенсің.

Сәуле. *(Сәл ашына түсіп.)* Иә, мама, он сегіз жыл бойы жалғыз өзің тақсірет тартып, ішіңнен тынып келсең, мен үйте алмадым. Кеше сол әкені тауып алып, соңғы ақшасын өзіне тастап кеттім.

Разия. Бекер... бекер істегенсің!

Сәуле. Мама, шыдай алмадым. Бір қаланың ішінде тұрып тірі жетім атанғанша, бір жола күдер үзейін деп мәңгіге қоштастым. Кешір, мама, сенің алдыңнан өтпедім, кешір.

Разия. Жоқ, балам, осы күнге дейін айтпай, жасырып келген мені сен кешір. Ер жетіп, ес кірген шағында бір айтармын, түсінер сол кезде деп жүруші ем. Енді айтайын...

Сәуле. Мама айтпай-ақ қой. Бәрін де сезем. Қолың қысқа болып, өмірің тапшылықта өтпесе, оның ақшасына да мұқтаж болмас ең. Бар сұрарым оның атын енді қайталамашы. Ендігі жерде «әкең жоқ» дегеннен гөрі, «әкең бар» деген сөз ауыр мен үшін.

Разия. *(Пауза. Ауыр күрсініп.)* Сәулем, сені қанша жүдетпейін десем де айтайын: Маған бүгін операция жасамақ.

Сәуле. Операция! Мама!..

Разия. Онсыз болмайды, жаным. Кел, қасыма таяу отыршы. Егер мені ана десең, сөзімді түгел тыңдап, миыңа құйып ал. Мүмкін, бұл саған берер соңғы ақылым болар. Мен өксумен өткен өз өмірімді саған бастан-аяқ айтып берейін. Жесірлік өмір менімен кетсін. Тек сол өмірден сабақ қана қалсын. Тыңдай бер. Бұл анаңның өтініші...

(Кідіріс — музыкалық астар).

Разия. Соғыс аяқталған жыл. Тап өзіндей талдырмаш, бүлдіршіндей қыз күнім. Біз, бір топ қыз, осы күнгі «Офицерлер үйіне» күнде кешкі биге баратынбыз. Ол кезде соғыстан жаңа келген офицерлер таңсық... Мен сонда жүріп бір көрген Мұратпен танысып, көп ұзамай түрмысқа шықтым. Соғыстан батыр боп оралған Мұрат үлкен үй алды. Қаладағы ресторандар мен асханалар тресінің бастығы боп қызмет атқарады. Күнде думан, күнде той... Бірақ сол қызу өмір көп ұзамай басылды. Ақыры үш жылдан соң сот залында қатар отырдық *(сәл ойланып)*. Біз сот алдында, жұрт алдында, тағдыр тәлкегіне жем болған екеуміз, тұрмыс құрған шақты жасырмай түгел баяндадық.

(Минорлы музыка. Шам сөне береді. Қайта жанғанда шалқаймасында Одақтың гербі бар биік үш стульдың суреті бүкіл задникті алып тұр. Бұдан былайғы оқиға сот залында өткендей әсер береді. Авансценаның бір жақ басында екі аяқ арбада Разия отыр, екінші жағында Мұрат түрегеп тұр. Сахнадағы көріністер енді Разия мен Мұраттың сөзі арқылы жүріп отырады. Бұл екеуінің жастық шақтарын сахнада басқа адамдар ойнайды.)

Мұрат. Иә, алғашқы отау тігіп қосылған жыл, сауық-сайран, думаны мол, ойсыз, қамсыз жыл еді.

Разия. Астанадағы асханалар мен ресторандар тресінің бастығы Мұратты қарамағындағылар хан көтерді. Күнде қонақ, күнде той. Ашылған шараптар, атылған шампандар. Тартылған сый, көрсеткен құрмет күн өткен сайын үдей түседі. Тұрмыс құрудың тәттілігі осы шығар деп ойлаушы едім. Бақытқа мас боп шыр көбелек билегенде еденде емес, жұрттың алақанында жүргендей болатынмын. Сол алақандарға биік өкшемнің қалай бататынын да ойламайтынмын.

Мұрат. Ал, мен болсам, сол сый-құрметтен де, даурықпа тостардан ығыр бола бастадым. Бәрінен де трест бастығы деген ат жаныма қатты батты. Бұл шаруашылықтан ештеме түсінбейді екенмін. Мен үшін тәжірибесі мол басқалар өндіріп жұмыс істейді. Менің бар бітіретінім қызыл, көк қарындашпен қол қою. Бір сөзбен трестің бастығы емес, масылы сияқтымын.

Разия. Сен ол жұмыстан айнып жүргеніңді кейінгі кезде талай айттың. Бірақ ол жөнінен менің ақылдасқым да келмейтін.

Мұрат. Бір күні нан дүкенінде кезекте тұрғам. Ол кезде жұрт нанды кәртішкемен алатын. Бір кезде қолында таяғы бар, омырауына көп медаль таққан біреу кимелей келіп алға ұмтылды. Кезектегі бала-шаға, кемпір-шал, бір-екі жүкті әйел шу ете қалып еді, әлгі адам, «мен фронтовикпін, сендер үшін қан төгіп келдім» деп кеудесін соғып, соғысқанын міндетсініп, бір бөлке нанды кезексіз алып кетті. Сол күннен бастап маған да ой түсті.

САХНАДА КӨРІНІС

Мұрат пен Разия үйінің ауласы. Әр жерде орындық. Аула толы адам. Думан. Біразы «Дунай толқындары» вальсінің шалқыған әуенімен қоса тербеліп, шыр көбелек айналып, билеп жүр. Сыңғырлаған бокалдар. Жарасқан әзіл-күлкі. Ортаға малынып киінген әйел — Шүйкетай жүгіріп шығады.

Шүйкетай *(бар даусымен)*. Жолдастар, достар. Разияның туған уақытына бес-ақ минут қалды. Қане кімнің қандай тартуы, жоралғысы бар. Көрсетіңдер.

Атылсын шампан. Құйылсын шарап! *(Шараптар құйылып жатыр. Жоралғы әкелгендер сөз алады.)*

Қасқа бас. — Жолдастар. Разиядай аруға, тоғыз нарға тиеп сый әкелсең көпшілік етпейді. Мен он екі жыл ресторанның директоры болғанда он екі түйір нәрсе көтермеген екенмін. Бүгін Разия үшін бір нар әрең көтеретін он екі метр түкті кілемді өз иығына салып, түйедей бақырып, аруағын шақырып, он екі терін төгіп келген пақырыңыз осы біз боламыз!

(Ду қол шапалақ).

Қоңқақ мұрын. — Мен, міне *(қалтасына қол салады),* Разияға, айын, жылын, күнін көрсетіп, басқан адымын, жүрген қадамын есептейтін, қақпағына айдай жүзі түсетін алтын сағат тарту етемін! *(Ду қол шапалақ).* Және сыңар аяқ темір қазықтай жалғыз жарқырамасын деп екіншісін қоса әкелдім. Бірақ екі қолға тағу сәнде жоқ. Сол себепті екіншісін, өмірлік қол ұстасқан, жүрек қосқан, білек қосқан аяулы ері Мұраттың білегіне тағамын!

Мұрат *(қысылып).* Қойыңыз, болмайды. Білек бір болғанмен, туған күн бір емес қой.

Бурыл шаш. «Орамал тонға жарамайды, жолға жарайды» демекші, мен кішкентай ғана ойыншық зат әкелдім. Бұл міне, кешегі соғыс жылдары құйтымдай ғана Разия жұмыс істеген фабрика станогінің макеті. «Аяз би әлінді, құмырсқа жолынды біл» дегендей, әр уақытта Разияның көзі түсер, ой салар белгі болсын дедім! Кешегі отты күндердің белгісі болсын!

(Жұрт баяу ғана қол соғады. «Не дейт», «не деп тұр» деген жақтырмаған сөздер естіледі.)

Шүйкетай *(тыжырына түсіп).* Ал, жолдастар, басқа сыйларыңды кейін тарта жатарсыңдар. Уақыт болып қалды. Қане, Разияның туған күні, соққан тіршілік сағаты үшін!

(Бәрі де көтереді. Тағы да би. Ән әуенінің арасында тостар көтеріліп сыйлар тартылып жатыр. Бірақ дауыстары естілмейді. Авансценаға қолдарында бокал Шүйкетай мен Мұрат шығады.)

Шүйкетай. Келіңізші, сізбен бір жеке соғыстырып ішейінші *(соғыстырып ішіп салады).*

Сіздің не арманыңыз бар екен, Мұрат. Соғыстан аман келдіңіз. Келе Разиядай аруға қолыңыз жетті.

Бар қаланың байлығы қолыңызда. Соғыс біреуге бақыт, біреуге сор боп тиді ғой *(жыламысырайды)*.

Мұрат. Қойыңыз, олай демеңіз, сізге не болды?!

Шүйкетай *(әлі де жыламсырап)*. Сор демей не дейін, біздей фронтовиктің семьясына қол ұшын бере ме десе, сіз де теріс айналасыз, не жазығым бар еді бұл жұртқа.

Мұрат. Ә, ә, оның жөні бір басқа... Сізге сауда орынында жұмыс істеуге болмайды!

Шүйкетай *(ашулы)*. Сонда сізге ғана болғаны ма?

Мұрат. Маған да болмайды.

Шүйкетай. Неге?

Мұрат. Сізге болмайтыны, бұрын буфетте істеп, халық үстінен байып, бір рет қылмысты болғансыз. Ал менің істеуге болмайтыным, трестің бастығы түгілі сатушылық қызметтің не екенін түсінбейтін жанмын.

Шүйкетай. Олай болса сіз де қылмыс арқалап жүрсіз ғой.

Мұрат. Иә, қылмыс арқаламас үшін, мен ол қызметтен өзім босадым.

Шүйкетай *(шошығандай)*. Не дейсіз? Шын ба? Қашан?

Мұрат. Жақында... Бүгін бюрода арызымды мақұлдады.

Шүйкетай. Разия... жұрт біле ме?

Мұрат. Кейін біле жатыр. Сүйінші сұрайын ба?! *(Шүйкетай даурыға жөнеледі. Билеп жүргендерді тоқтатады.)*

Шүйкетай. Ей, жолдастар, тойшылар! Сендер не білдіңдер. Не сұмдықты естідіңдер. Ештеме білмейсіңдер. Жұрттың бәрі биді тоқтатып, үрейлене жиналады. Масқара. Бүгін, бүгін Мұратты қызметінен шығарып жіберіпті.

Жүзінде еш қысылыс жоқ, темекісін тұтатып тұрған Мұратқа Разия келеді.

Разия *(үрейлі)*. Мұрат, ойының ба, шының ба?

Мұрат. Мұнда тұрған не ойын бар.

Разия. Сенің кәперіңде түк жоқ қой өзі. Жұмыстан... Қызметтен шығарғаны рас па?

Мұрат. Шығарған, жоқ...

Разия. Не дейсің?..

Мұрат. Өзім. Өтініш жазып өзім босадым... Онда

не тұр, Рәш. Оқуым керек. Әркімнің өз көңілі қалайтын...

Разия. Өз көңілі *(кекесін күлкі)*. Өз көңілі... Ал, менің көңілім сенің осы қызметте істеуіңді қалайды.

Мұрат. Соншама таусылатындай не боп қалды. Мен, тіпті, бұлай болар деп ойлаған жоқ едім.

Разия. Ойламасаң, енді ойлан. Мен саған ойланатындай сөз айтып тұрмын гой деймін. Ойлан Мұрат, ойлан... Әлі де кеш емес.

СОТ ЗАЛЫНДА

Разия. Соңғы жолы сен ақылдасқан жоқсың. Алған бетіңнен қайтпадың. Арада айлар өте берді. Бұрынғы сауық-сайран, келім-кетімді адамдар пышақ кескендей тыйылды. Бәрі өң мен түстей. Үлкен ақ кемеде қолпаштаған қалың қауымның ортасында келе жатқан екеуміз қалтылдаған жалғыз қайықта қалғандай болдық. Жер шетіне енді қайтып шыға алмайтындай, өзөзімнен құлази бердім.

Мұрат. Ал, мен болсам, құлазу орнына, соғыстан бұрын бастаған аспирантурама қайта оралып, оқудың қызығына құныға түстім. Тіпті, кей күндері оқу залында жалғыз қалып, түннің бір уағында үйге зорға жетуші едім.

Разия. Ал мен болсам, әлдекім алдап-сулап ұстап алып, тірідей торға қамап қойған жетім торғайша күн ұзақ үйде жападан-жалғыз отыратынмын. Кейде қала ішінде қыдырып, бірге жүргім келсе де, сенің уақытың болмайтын.

Мұрат. Иә, уақытым болмағаны сол, кейде, киноға, театрға өзің барсайшы деп, билет әкеп беріп, тағы да оқу залына кететін ем. Бір мезгіл сенің қас-қабағыңа қарауды да ойламаппын.

Разия. Келе-келе оған да етім үйренді. Жалғыз жүріп, бұрынғы дос-жарандарды кездестіре бастадым. Кей күндері солармен ойын-тойларға бірге баратын болдық. Алғашқыда сен келіп тосып отыр-ау деп мазасыздансам, жүре-жүре сенің барынды да ұмыта бастағандаймын. Бір сөзбен — сен менің бір жақын ағайыным сияқты бола бастадың да күн өткен сайын бір үйде тұрған потерші сияқтана бердің.

Шағын бөлме. Жазу столы. Үстінде лампа. Босағада шар айна. Қабырғада әскери формалы Мұрат пен Разияның иық тақастыра түскен үлкен суреті. Бөлме ішінде әлденеден мазасызданған Мұрат ерсілі-қарсылы жүр. Кейде тың тыңдайды, елеңдейді.

Бұрыштағы радиоқабылдағышта қоңыр дауыс. «Қалалық радио торабы бойынша таңғы сағат алтыға дейін үзіліс. Жайлы жатып, жақсы тұрыңыздар, жолдастар!» *(Сөзін аяқтатпай, Мұрат радиоқабылдағыштың тетігін бұрап тастайды. Сәлден соң сырттан сықылықтап күлген Разияның даусы.)* «Көріскенше».

Шүйкетайдың даусы. Көріскенше сау бол! Ертең кешке!.. *(Разия ішке енеді де, тура шар айнаның алдына келіп, шашын желпіп сыланады.)*

Мұрат. Осыншама кешігіп қайда жүрдің, Рәш?

Разия. Немене, тексерейін деп пе едің?

Мұрат. Жоқ... енді... сұрауға болмай ма?

Разия. Неге болмайды, болады. *(Айнадан бұрылып.)* Жолдастарыммен қыдырдым. Паркке бардым. Биледік. Ал тағы не сұрайсың!

Мұрат. Дұрыс қой ол. Бірақ... мезгілсіз...

Разия. Не мезгіл керек. Биді түнде билемей, күндіз билей ме екен.

Мұрат. Дегенмен әр нәрсенің уақыты бар емес пе.

Разия. Сонда мен үшін ойын-сауықтың мезгілі өтті демекпісің. Жоқ, маған жаңа-жаңа басталды.

(Мұрат шекесін ұстап отырып қалады. Разия ас үйден кастрольмен ас әкеп, Мұраттың қағаздарын сырып тастап, тамақ ішеді).

Разия. *(Ас ішіп отырып.)* Дегенмен жарайсың, асың әлі суымапты.

Мұрат. *(Үнсіз, салқын қарайды.)*

Разия. Егер бұдан да кешіксем, қайтадан жылытып қояр ма едің... Әлде өзің ішіп қоясың ба? *(Сықылықтап күледі.)*

Мұрат. *(Ерсілі-қарсылы жүріп кеп тоқтайды).* Разия, сен өзің соңғы кезде қалай өзгеріп барасың. Сөзіңтым оғаш. Жараспайды, айналайын, саған.

Разия. Мен жарастықты сөзден іздемейтін адаммын.

Мұрат. Иә, Разия, сөзіміз жараспай бара жатқан

сиякты. Өлтірсең де айтып өлтір деуші еді, екеуміз сабырмен отырып, бір... ақылдасайықшы.

Разия. Менің ақылдасатындай ештемем жоқ, ақылың болса, айта бер.

Мұрат. Жарайды, тамағыңды ішіп ал.

Разия. Айта бер, аузыммен тыңдамаймын ғой, құлағым сенде.

Мұрат *(тағы да бөлме ішінде ерсілі-қарсылы жүріп кеп тоқтайды)*. Разия сен ғой тәп-тәуір істеп жүрген жұмысыңды тастап кеттің. Не жұмыс жоқ, не оқу жоқ. Сенде не ой бар.

Разия *(Йығын қиқаң еткізіп)*. Не ой болушы еді. Мен бір мисыз адаммын.

Мұрат. Жоқ, Разия, қалжыңды қайтеміз, мен шын сұрап тұрмын.

Разия. *(Тамағын сырып тастап)*. Шын сұрасаң, менің бар ойым, өзім не тілеймін, нені қалаймын соны істеймін. Ешкімге қолымнан қақтырмаймын. Немене, мені үйде байлап ұстайын деп пе едің. Әлде қызғанамысың?

Мұрат. Әңгіме қызғануда емес қой. Ойлашы өзің, біз семьямыз ғой. Семьяның өз қызығы, өз машахаты болмай ма.

Разия. Семьяның қызығы осы ма, сен күн ұзын кітапханада, үйде қағазға тесілесің. Ал мен сегіз класты білімімменен не істеуім керек.

Мұрат. Не істеуім керек? Жұмыс көп істесең.

Разия. Көше сыпыруым керек шығар. Әлде министр болайын ба?

Мұрат. Не болам десең де жол ашық. Қазір... қала почтальонға да зәру...

Разия. Ха-ха-ха! Сен мені жар етуге алды десем, почтальондыққа алған екенсің ғой. Дұрыс, дұрыс. Бір үй болған соң бір почтальонсыз болмайды *(ашулы күлкі)*.

Мұрат. Енді. Әр жұмыстың өз стихиясы, қызығы бар.

Разия. Романтикасы бар дерсің. Соғыс кезінде қаршадай басыммен фабрикада салпақтап істедім, енді жетер мен үшін. Менің де қызық көруге қақым бар шығар.

Мұрат. Жұмысқа мойның жар бермесе, сен де оқы, кешкі мектеп бар, техникум бар.

Разия. Ар жағында институт, сосын аспирантура *(күледі)*.

Мұрат. Мақсат етсең, оны да орындауға болады.

Разия. Білімнің соңында салпақтап жүріп тісім түседі, кемпір болам, сол кезде ғылым кандидаты деген атақ аламын. Ақшам көбейеді. Дүниенің бар қызығын дер кезінде көрмей тапқан ондай атақ, ондай ақша к черту.

Мұрат. Сенінше, өмірдің қызығы не, би алаңы ма?

Разия. Менімше, жастық шаққа не лайық. Соның бәрін прозевать етпей көріп қалу. Ал сенінше не қызық. Бірақ сен жастығыңды өткізіп алған адамсың ғой.

Мұрат. Оның рас, Қылшылдаған жастық шақ соғыспен өтті. Әйтсе де қызық тек жастыққа байланысты дегенге өз басым қосылмаймын. Менімше, адам баласының жас-көрісіне қызық ортақ. Оның аты — мақсат. Мақсатсыз адамның қызық көрдім деуі жалған. Оның қызық деп жүргені — жеңіл дүрмек. Арзан махаббат, Рә-әш!

Разия. Сенің мақсатыңды жаңа ұқтым.

Мұрат. Разия, осы Шүйкетай дегенді қайдан тапқансың?

Разия. Оның несі бар?

Мұрат. Шүйкетай саған дос болар, ақыл қосар адам емес.

Разия. Енді мені достарымнан айырайын дедің бе?

Мұрат. Еш жерде тиянағы, тұрығы жоқ, берер үлгі, қосар өнегесі жоқ, қоғамдағы масыл әйел болғаны ма сенің теңің.

Разия. Жетер енді... мына қалпымызбен біз үйлеспейді екенбіз. Одан да тым тереңдемей тұрғанда айырылысайық.

Мұрат. *(Шошынып)*. Сен не деп тұрсың?! Мен бағанадан бері айырылысу үшін сөйлеп тұрмын ба, сен айырылысу емес, тату тұрудың қамын неге ойламайсың? Айырылысу, айырылысу! Соған аузың қалай барады. Мал екеш жылқы да үйірін тастап әсте кетпейді.

Разия. Шошыма. Адам баласына айырлысу қиын емес, Қосылғанда бір печать, айырылысқанда бір печать.

Мұрат. Печать, печать. Семья тағдыры мөрмен шешілмек пе?

Разия. Бәрі де мөрмен шешіледі.

Мұрат. Егер бір окопта жатқан жолдасым жауға қол көтеріп кетіп қалса, атып тастар едім.

Разия *(күліп)*. Е, ол Отанын сатқан опасыз ғой.

Мұрат. Семья да Отанның бір бөлшегі, оның тағдырына жеңіл қараған адам да опасыз.

Разия. Егер семьядан кетсем, қол көтерер жауым кім болмақ?!

Мұрат. Ол жеңіл дүрмек, арзан күлкі, қоғамдағы мещандық, дарақылық. Бүгінгі жастарға берілген бостандық — мақсатсыз, еңбексіз масыл боп, көрінген жерге ұя салып, кез келген жерде оны бұзып кете беру емес. Соның шырқы бұзылмауына, сақтауға күш салу. Біз кеше қан кешкенде сол бостандықты қорғадық.

Разия. Жарайды, таусылмайық. Мен бүгін түнде кетейін деп жатқан жоқпын. Ертең де күн бар. Ұйықтаймын *(есінейді)*. Ендігі мылжыңынан ұйқым тәтті.

(Кетеді).

(Шам сөнеді. Бөлме ішінде кезіп жүрген Мұраттың аяқ дыбысы... Шам қайта жанғанда Мұрат жоқ. Бөлмеде Шүйкетай телефонмен сөйлесіп тұр.)

Шүйкетай *(телефонмен)*. Иә, иә, бүгін кешке ме? Кімдер болады? Гумырка бола ма?! Неге... қайда кетеді?.. Қап... Разиямен таныстырайын деп ем, сәті түспейақ қойды-ау... Дегенмен Гумырканың орны бөлек қой... барамыз, кешке Разия екеуміз барамыз... Жарайды, жақсы *(телефонды іледі)*.

(Сөз соңына қарай жаңа модалы көйлек киген Разия, төргі бөлмеден ішке кірген. Айна алдына келіп, дөңгелеп, сыланады.)

Разия. *(Шүйкетайға)*. Қалай, ұнай ма?

Шүйкетай. Тоты құстайсың-ау, Разияш. Не кисең де саған жарасады. Шіркін-ай, табиғат бар сұлулықты өн бойыңа қалай құя салған. Егер жігіт болсам алаңаныма салып, күні-түні тоймай қарап отырар ем!

Разия. Туһ, адамды ұялтпашы өзің. Әлгі Мұрат мұндай сөздің бір жапырағын қимайды ғой маған. Такой невнимательный!

Шүйкетай. Е, еркек атаулының әдеті емес пе. Қолы жетіп алған соң, олар саған әйел деп қана қарайды. Мұрат екеш, мұраттың өзі сөйткен соң қайтерсің! Әй, өзін бір дұрыстап қарайыншы. *(Шүйкетай қабырғадағы Мұрат пен Разияның фотосуретіне тесіле қарап тұрады).*

Разия. Қалай екен? Офицерлік формамен отырғанда әжептәуір, ә?

Шүйкетай. Сен осы кезінде қолға түсіп қалғансың ғой, тегі.

Разия. *(Суреттің қасына келіп.)* Иә, ол кезде офицерлер таңсық.

Шүйкетай. Қазір ғой кең шалбардың ішінде Мұрат қапшықтың ішіндегі бөрененің кесіндісі сияқты.

Разия. Сен тым сүмірейтіп жібердің ғой. *(Айнаға қайта барады.)*

Шүйкетай. Ә, дегенде еркектердің біразы тәуір көрінетіні несі екен. Менің алғашқы күйеуім де, соңғы екеуі де солай көрінген. Кейін, құтылдым ғой, әйтеуір. Алғаш осы күйінде кездессең, құдай біледі бұған тимек түгілі пысқырмас та едің-ау. Өзі сенен үлкен емес пе. Бірақ күйеуіңнің өзіңнен мосқалдауы да, төмені де жақсы. Тарта бер, әйтеуір, жастық шағыңды өкінішпен өткізіп алма. Ғұмыр қысқа. Айтқандай, ғұмыр демекші Құмар деген жігітті айттым ғой. Біз оны Гумырка дейміз. Ай, көрсең керемет! Жігіттің төресі-ау: бой десең бой, иық десең иық, көз десең көз. Ақшаны да мөріне қарамай оңды-солды судай шашатын серіңнің өзі. Бір сөзбен қысқа өмірді қызықтай білетін жан.

(Сырттан шинельді Мұрат келеді).

Мұрат. Сәлематсыз ба!

Шүйкетай. Амансыз ба, бывшай бастық!

Мұрат. Разияш, ал, ертең жүретін болдық. Жолға қамданайық.

Шүйкетай. Қайда? Тойға барасыңдар ма?

Разия. Тойға болушы ма еді, қойға да.

Шүйкетай. Қайдағы қой?

Мұрат. Кәдімгі қой. Шопандарға барамыз.

Шүйкетай. Соғыста батыр бала алмаған соң қойшы боп еңбек ері атанғыңыз келеді-ау, сірә.

Мұрат. Ерлік іздеп жүр деймісіз, Шүйкетай. Жұмыс бабы солай.

Разия. *(Күліп.)* Мұрат қойшылар арасына барып дисертация жазбақ, естімеп пе ең. Жұрт қалада жүріп жазса, бұл далаға шығып жазады.

Шүйкетай. Е-е, қайбір диссертация дейсің, тегі, онда магниті тартып жүрген біреу бар шығар. Байқаңыз, Разиядан айырылып қалмаңыз.

Мұрат. *(Ызбарлы күліп.)* Әркім өз ойынан хабар береді. Сізде одан басқа ой бар ма?!

Шүйкетай. Әрине, біз сіз сияқты ғалым емеспіз.

Мұрат. Разия, шын айтамын, бес-алты айға кетеміз, қамдан.

Разия. Мен ешқайда да бармаймын. Ал саған жол ашық *(төргі бөлмеге кетеді)*.

Шүйкетай. Егер мен сіздің орнымызда болсам, алтын асықтай Разияштың қасынан бір елі кетпес ем.

Мұрат. Сіз не айтып тұрсыз өзі. Қайта бірге жүрудің қамын айта ма десе, жөнсіз тұздықтай беретініңіз не? Жұрт ойнап жүр деп ойлаймысыз.

(Умаждалған біраз кір киімдер алып, Разия кіреді.)

Разия. Мә киімдерің. Өзің жуып аларсың, солдатсың ғой.

Мұрат. Иә, иә, жуып алам? Қазір институтте тағы бір шаруам бар. Өзің де енді... Түсінсейші, Рәш... Бәрібір жұмыс істеп жатқан жоқсың, бірге барғанымыз жөн емес пе?!

Разия. Мен осы талай рет айтқан шығармын деймін. Баратын қойыңа өзің бар. Мен қой емеспін, қойшы да емеспін. Сенімен салпақтап жүретін прислуған да емеспін.

Мұрат. Жарайды, жарайды, Рәш, Мен кешке *(шығып бара жатады)*.

Разия. Кешке біз бір тойға бармақпыз. Тамағыңды өзің пісіріп ішерсің.

(Үнсіздік: Шүйкетайдың жүзінде кекесін күлкі, Разияның өңінде тәкаппарлық. Мұраттың өңінде дәрменсіздік. Жарық сөне береді.)

СОТ ЗАЛЫНДА

Мұрат. Ертеңінде мен алыстағы бір қой фермасына жүріп кеттім. Екі-үш үйлі қойшылар жайымды айтқан соң, адамы шағын Жәкуда ақсақалдың үйіне түсірді.

Разия. Иә, соңғы хатыңды алғамын; Тағы да шақырып жазған екенсің.

Мұрат. Жалғыздық қандай қиын... Оның үстіне сен ауыл өмірін, шаруа соңындағы ел тұрмысын көрсін дедім. Көп ұзамай сен де келдің. Сондағы қуанышымда шек жоқ еді.

Разия. Мен сені қуантайын деп барғам жоқ. Хатыңда ылғи Шарипа деген сол үйдегі қызды аузыңнан тастамайсың. Ол да: «келсін, танысайық» дейтін көрінеді. Шынымды айтайын, менің де көргім келді Шарипаны.

Мұрат. Сен келгенде олар менен бетер қуанып, өздері ауыз жаққа шығып, төргі бөлмесін екеумізге боса-

тып берді. Шіркін, сл адамдары қандай қонақжай, меймандос халық.

Разия. Қанша меймандос дегенмен айдаладағы екі-үш үй мені тез жалықтырды. Қалаға қайта кеткенше асықтым. Маған тек Шарипа екеуіннің арең жұмбақ еді. Шынында да ауылдың көрікті қызы аздап шамыма тигені де рас. Онымен бір күні ашық сөйлестік.

САХНАДА КӨРІНІС

Жұпыны шағын бөлме. Қырауы ери бастаған кішкентай терезе. Бұл — Жәкуда шопанның үйі. Іште екеу Разия мен Шарипа.

Шарипа. Мұрат ағай соғысқа қатысқан екен ғой. Бірақ соғыс туралы бір сөз айтқысы келмейді.

Разия. Не айтсын. Соғыста не көрді дейсің?

Шарипа. Дегенмен ішінде болған адам біраз нәрсе біледі ғой. Бірде «аға шенеліңіз қыста суық қой, неге тастамайсыз, майданда да осы шенелмен жүрдіңіз бе» десем, «шинелмен жүргенде өзімді ылғи солдат санаймын» деп күлгеннен басқа ештеме айтпады. Бұйығылау ма, қалай, ағай.

Разия. Ол арасын өзім де білмедім. Сіздер, ауыл адамдары, адамды тез сынағышсыздар ғой, не ғып сырын түсінбедіңіз.

(Екеуі де бір-біріне сынай қарасады.)

Шарипа. Ал, әдебиет туралы көп біледі екен.

Разия. Ондай өнерін де байқамадым...

(Үнсіздік.)

Шарипа. Разия, осы сіздерге неше жыл болды тұрмыс құрғандарыңызға?

Разия. Үш жыл.

Шарипа. Кішкентайларыңыз бар шығар?

Разия. Жо-ға, ол не керек?

Шарипа. Не керегі қалай?

Разия. Сол, керегі жоқ. Ендігі бала кімге ұшпақ әпереді. Масылдықтан басқа...

Шарипа. Ұрпақ қалай өспек.

Разия. Ұрпақ *(күледі)*. Ол әшейін қазақбайшылық. Басқалар тауып жатқан жоқ па? Сол да жетеді.

Шарипа. Егер олардың бәрі сіз сияқты ойласа, қалай болмақ?!

Разия. Шынын айтқанда, мен өзімше өмір сүргім келеді.

Ш а р и п а. Өзімше? Қызық екен. Ал жолдасыңыз бұған қалай қарайды?

Р а з и я. Қалай қарасын. Екі-үш рет қарсы болған. Бірақ қазіргі билік әйелде емес пе.

Ш а р и п а. Сіз тым өзімшіл екенсіз?

Р а з и я. Қалай? Сізге ұнамай ма? Сіз де менің байқауымша өзімшілсіз, өз қалауыңыздан басқаны мойындамайсыз?

Ш а р и п а. Оны қайдан байқадыңыз?

Р а з и я. Сіз қазір нешедесіз?

Ш а р и п а. Жиырма алтыдамын.

Р а з и я. Тура менен бес жас үлкен екенсіз. Әлі тұрмысқа шыққан жоқсыз ғой.

Ш а р и п а. Жоқ.

Р а з и я. Міне, жаңағы айтқан өзімшілдік деген осы емес пе. Ерге шыққыңыз келмейді? Біреудің кірін жуып, тамағын пісіріп отырғыңыз келмейді. Одан да өз еркіңіз өзіңізде салт басты жүргеніңіз жақсы.

Ш а р и п а. Жоқ, мүлдем олай емес, Разия. Мен қайта өз дегеніме жетуге шарасызбын.

Р а з и я. Қалайша, сіздің бағыңызды байлап жүрген біреу бар ма? Ол кім?

Ш а р и п а. Бар. Ол — қалай десем екем... ащы тағдыр... Өз әкем өлгелі он бес жыл, шешем өлгелі, міне, бесінші жыл. Екінші әкем жас балалармен жалғыз қалды. Бәрі де менен кіші. Қазір аудан орталығында оқуда. Мен содан бері әке көмекшісімін. Оны тастап қайда бармақпын.

Р а з и я. Бұл кісі неге біреуге үйленбейді. Әлі картайып тұрған жоқ.

Ш а р и п а. Ол да өзімшіл болмағандықтан шығар. Өзіне лайықты адам тапқанмен, балаларға лайықты ана таба алмай жүрген болар.

Р а з и я. Онда басқа жерге, үлкенірек бір қалаға неге көшіп кетпейсіндер?

Ш а р и п а. Менімше, қала да, дала да бәрібір. Көшкеннен бізге келіп-кетері шамалы.

Р а з и я. Несі бәрібір. Қалада өссеңіз тұрмыс туралы бұлай сөйлемеген болар едіңіз. Мына азынаған мидай далада, өмірден түк көрмей басыр боп өту не деген қорлық.

Ш а р и п а. Шаруашылық жайы осылай. Егер бұл арадан біз кетсек, бәрібір басқа адамдар отырар еді ғой мұнда.

Разия. Жыл бойы мал соңында салпақтап жүру дегенді өз басым қорлық, өмірден мақрұм қалу деп түсінемін.

Шарипа. Бәрі бір күнде емес, соғыс аяқталды, енді там-тұмдап бұл арада жөнделер.

Разия. Ай, қашан жөнделгенше...

Шарипа *(кекесіндеу)*. Біз кетер едік-ау. Сонда қаладағы сіздер етті қайдан жейсіздер?.. Сіз менің орнымда болсаңыз тығырыққа қамалған әкені, жетілмеген жетім бауырларыңызды тастап кетер ме едіңіз?

Разия. Мен бауырларымды алып өз жөніммен кетер едім де, ана адамның да қолын босатар ем. Және өгей әке көрінеді.

Шарипа *(күліп)*. Ол өгейлік етпегенде, мен қалай өгейлік етпекпін. Адам баласы жыл құсы емес қой үнемі өзіне ғана қолайлы жылы жақты іздейтін.

(Терезеге қарап.)

Мынау тағы келді...

Разия *(ол да терезеге қарап)*. Бұл кім?..

Шарипа. Менің «ғашығым». Қыр соңымнан қалмай-ақ қойды бұл да.

Разия. Жаңа ғана ешкімім жоқ деп едіңіз...

Шарипа *(күліп)*. Сөз айтқан адамның бәрін санай берсек... Бұл аудандағы зоотехник. Күн ашылған соң осылай қарай тартып кеткен ғой.

Разия. Өзі бір тәуір жігіт екен.

Шарипа. Иә, жылтыраған бетінде мін жоқ. Қой, стол жасайын.

(Ауызғы бөлмеге шыға береді. Үйге сырттан кісілер келеді. Масаңдау зоотехник Құмар мен Мұрат. Ішкі бөлмеден шыға берген ақ маралдай керілген Разияны көріп аңтарылып тұрып қалады.)

Құмар. Саламатсыз ба, бикеш *(көзін тарс жұмып)*. Осы өңім бе, түсім бе?! *(Қолын ұсынады.)* Қой шаруашылығының «пайғамбары» Құмар!

Разия *(көзі жыпылық атып)*. Құмар?!.. Бәсе, пайғамбар болсаңыз боларсыз. Сіз келген соң күн де, кейбіреулердің қабағы да жадырап кетті.

Құмар. Несін айтасыз *(енді Мұратқа қарап)*. Мына шинелді аспирант неғып қой маңында диссертация жазайын деп жеке жүр десем, қасында ай мен күндей сұлуы бар екен ғой. *(Шарипаға қарап)*. Жүрегім жаңа орнына түсті-ау.

Р а з и я. Бұл адам бұдан жарты ай бұрын жеке келген, сіз де «сақ» екенсіз.

Ш а р и п а. Боран кездерінде зоотехниктер үйлерінен шықса, адасып кетеді.

Қ ұ м а р. Ал, сіздің атыңыз, бикеш?

Р а з и я *(бөгеліп барып)*. Р-Разия.

Қ ұ м а р *(шошып кеткендей)*. Разия!.. Сіз Алматыдансыз ғой. Шүйкетайды білемісіз?!

(Сөз үзіліп қалады. Қолында жартылық Жәкуда келеді. Бәрі жер столды жағалай отырады.)

Қ ұ м а р. Ә, мынау дұрыс болды. Әуелі іш жылытып алайық.

(Бәрі соғыстырады).

Ж ә к у д а. Бір-екі күннен бері, қар күрт еріп жатыр. Қойлардың біразын күнгейге шығардық. Арасында желіндеп тұрғандары да бар. Қайтейік енді.

Қ ұ м а р. Шал, шөптерің жетті ме, біраз, іріккен шығарсыңдар.

Ж ә к у д а. Ірку қайдан келсін. Түнеугі боранда екінші баздың төбесін ашып, өлі шөбін берген жоқпыз ба.

Қ ұ м а р. Осы сендерге-ақ шөп жетпейді екен. Жылаудан басқаны білмейсіндер!

Ж ә к у д а. Мал болса төлдеп жатыр. Әйтеуір, оларға қазанға су қайнатып, сабан мен картоп араластырып беріп, амалдап отырмыз.

(Жағалай арақ құйылады).

Қ ұ м а р *(соғыстырып)*. Бикештің денсаулығы үшін!

М ұ р а т. Мен ішпеуші едім.

Қ ұ м а р. Ішіп қой, экономист жолдас. Сенен ешкім ақша сұрамайды бұл арада. Шалдың арағы жетеді.

(Жағалай ішіп қояды).

Қ ұ м а р. Ал, жолдас аспирант, сөйлей отыр. Мұнда неғып жүрсің, қойдың санағын ала жүрсің бе?

М ұ р а т. Жоқ. Әшейін... Диссертациялық тақырыппен жүрмін. Алты айға творчестволық командировка алып едім.

Қ ұ м а р. Творчество. Ым-м, кандидат болып, қолымды жылы суға малып отырам де. Біз өзіміз соғыстан бұрын техникум бітіріп ек, сол жетеді, сендер құсап ғылым қумай-ақ қойдық.

М ұ р а т. Ол еркіңіз. Соғыстан бұрын аспирантураға түсіп ем, аяқтай алмаған тақырып қой мақсұт еткен.

Қ ұ м а р. Тақырыбың не?

Мұрат. «Қазақстанның қой шаруашылығындағы еңбекақы тәртібі».

Құмар. Ха-ха. Еңбекақы тәртібі. Оған не тәртіп керек?! Қанша еңбекақы тиесі, соны алады. Оған да диссертация қорғау керек пе екен. Тапқан екенсің.

Разия. Тым құрмаса түсінетін адамдарға айтпасаң етті. Сорың қайнайды да отырады.

Құмар. Сол үшін де мал ішінде жүру керек болып па.

Разия. Жігітшілік құрғысы келеді ғой.

Құмар. Ха-ха-ха... Әй, жігітім, сен ертең менімен бірге жүр. Бухалтериядан бір-ақ күнде түгел есебін берейін. Бар да қорға, ха-ха-ха!..

Мұрат. Сіз асықпаңыз. Еңбекақы біздің елде уақытпен, сағатпен өлшенеді.

Құмар. Ха-ха. Сегіз сағаттық жұмыс күні дегің келеді ғой. Завоевания революция. Тапқан екенсің шопандарға сағат өлшеуді.

Мұрат. Сіздіңше, қалай?

Құмар. Менімше, шопан қой қалай күйсейді, қалай жусайды, қалай оттайды,— солай жұмыс істейді. Бұл завод, шахта емес. Қой мәселесі станок емес қаңтарып қоятын. Сізден бұрын, ешкімнің ойына келмеген ғой, сірә?

Мұрат. Міне, гәп осында... Соғыстан бұрын бұл мәселе қолға алынған, бірақ соғыс киіп кетті. Ақсақал, сіз қанша еңбекақы аласыз айына.

Жәкуда. Бұйырғанын аламыз ғой.

Мұрат. Бұйырғанын? Жоқ олай болмайды енді. Зоотехник сізден көп артық алады. Еңбек бейнетін тартқан адам зейнетін де өзі көрсе керек.

Құмар. Немене, сонда мен хат танымайтын қараңғы шалдан кем алуым керек пе, тапқан екенсің нан жеместі.

Мұрат. Қай еңбегіңізбен артық алмақшысыз?

Құмар. Әй, жігітім, мен оны сенен сұрамаймын.

Мұрат. Ал, жарайды, ендеше. Қазір әр шопанда қанша бас қой. Қаншасына жауап береді?!

Құмар. Қанша жүктелсе, соншасына жауап береді.

Мұрат. Ал, мына Шарипа қаншасына.

Құмар. Одан ешкім сұрамайды. Шал ғана жауап береді.

Мұрат. Міне, мәселе осында. Егер, Шарипа қазір көмектеспесе, шал бір ұйықтамас еді. Қазір қой күнде

төлдейді. Түні бойы шаммен екеуі кезектесіп отырады. Жас төлдеген малға күні-түні су қайнатады. Яғни күніне жиырма сағатқа жуық жұмыс істейді. Мына көрші шопандардың да күні осы. Ертең жайлауға шығады. Күзге дейін таулы жердің шопандары күнде қарлы тазға өрмелесе, күз түсе төмен жылжиды. Бір күн тыным жоқ, уақытпен өлшеуге қой шаруашылығы көнбейді. Ендеше, әр қойшының қарамағына берілер отар шаруашылық ерекшелігіне қарап шақталып, мерзімге лайықталып бөлінуі керек. Бұл әлі бер жағы.

Жәкуда. Мына сөзіннің жаны бар, егер ойланса. Ай, бірақ қиын жұмыс екен. Егер мұны тексерсең, қарағым-ай, біраз уақытың кетер.

Мұрат. Ата, қазір бұл жұмыспен арнайы шұғылданатын ғылыми институт деген ашылды. Онда жүздеген адам жұмыс істейді. Менікі солардың бір пұшпағы ғана.

Жәкуда. Ойбай-ау, әңгіме бұзау емізер демекші, әлгі бір қойды соя қояйыншы.

(Орынан тұрады).

Мұрат. Ақсақал ет бар емес пе?

Құмар. Әй, жігітім, сен енді жаман үйді қонағы билейді демей, тыншыңа отыр. Зоотехник қойдың басын жемегенде сенің басыңды жей ме. Одан да мына берген тегін арақты ішіп ал.

Мұрат. Мен енді ішпеймін.

Құмар. *(Разияға.)* Келіңіз. Сіз екеуміз *(соғысырады, кекетіп)*. Мына кісі жолдасыңыз ба?

Разия *(күрсініп)*. Солай десе де болады.

Құмар.

«Е, дүние жалған.
Біреудің ажалы оттан,
біреудікі судан,
Кейбіреулердің салымы қыздан».

(Сырттан асығып Жәкуда келеді).

Жәкуда. *(Қызына.)* Шәкіжан, тұр жаным, киін.

(Өзі киініп жүр).

Далада қар жауып кетіпті. Боран болғалы тұр. Қойлар ығып кетер. Қайырып әкелейік.

(Шарипа асығыс киінеді, Мұрат та атып тұрып киінеді)

Мұрат *(Құмарға)*. Сіз де киінбейсіз бе?

Құмар *(кекесін күліп)*. Немене, мен осында қой бағуға келді дейсің бе. Әлде маған да еңбекақы, бөлейін

деп пе ең? *(Шығып бара жатқан Мұратқа)*. Ә, түсіндім. Қорықпа. Қеліншегің қой емес, жемеймін. Сен де Шарипамен кетіп барасың ғой. Бар, бар. Ха-ха-ха!

(Музыка. Шам сөнеді. Түнек қараңғылық. Сыртта шайшайлаған адамдардың даусы. Маңыраған қой, қозы үндері. Суылдаған бүрқасын. Әлден уақытта музыка патефон үніне ұласады. Шам жанады. Стол үстінде ондық шам. Ескі патефонда соғыстан кейін шыққан бір би әуені. Стол маңында Құмар мен Разия билеп жүр. Мелодия аяқталады. Разия пластинканы аударады.)

Разия. Сіз өте жақсы билейді екенсіз.

Құмар. Баяғыда техникумда жүргенде приз алғанмын.

Разия. Бәсе, бар тұлғаңыз бишілікке жаратылған.

Құмар. Сіздің фигураңыз да аққудай екен.

Разия. Жас күнімде балет мектебінде оқығамын.

Шарипа *(қабақ шыта)*. Мұрат келген жоқ па?

Құмар *(би тактысымен жүріп)*. Немене, адасып қалдыңыздар ма?!

Шарипа. Қас қарайып кетті. Сыртта алай-түлей боран.

(Сырттан Шарипа кіреді).

Жәкуда *(Алақтап)*. Келмеді ме. Апырмай адасын кетер ме екен? Шәкіжан сен ана қозыларға жылы су бер, дірдектеп тұр байғұстар. Мен Мұратты іздейін. Көрінбейді.

(Екеуі де шығады. Сырттан дыбыс беріп айғайлаған Жәкуданың «Е-ейлаған» даусы. Іште ескі пластинка үні.)

Разия. *(Тағы да жаңа пластинка қойып жатып)*. Әлгі Мұрат шынында да адасып кетер әлі. Қой қайырған несін алған.

Құмар. Соғыс даласында адаспаған, қой қайырып жүріп адасса, арманы жоқ. *(Енді алыстан Разияға қолын созып тақпақтайды)*. Ақ боранда қой орнында, садақ мойын ақ Аққуым, салып жүрсе ән гаккуын, түсер едім, кетер едім жалғыз соның соңында. Сонда Аққу үлбіреген ақ төсімен аймалап, қанатымен желбіреген құшақтап, асылар ма ед темір төске, мойныма. Ақ боранда талмай, шіркін, шүберекке түйіп жанды, о дариға, аққуымның түсер едім соңына! Өліп кетсем, мүрдем кетсем, арманым жоқ ақ құсымның жолында!

(Екеуі де күледі).

Ал енді қой үшін өліп кету, ай не знаю *(тағы күлкі)*. *(Сырттан Жәкуда келеді. Қолында фонар. Шілтерін көтеріп жағып жатады.)*

Жәкуда *(Күйбіжіктей жүріп)*. Әлгі Мұратты іздеп Шарипа кетті.

Разия *(селк етіп)*. Шарипа-а!

Жәкуда. Апырмай жұқа шенелмен үсіп қалар ма екен.

Құмар. Әй, шал, соғыста үсімеген оны мына май боранда құдай алар деймісің. Несіне, абыржып жүрсің, бүгін көрген қоқайың ба?! Одан да әлгі соятын қойың қайда, бізді аштан-аш қаңтарып қояйын деп пе ең.

Жәкуда *(Шығып бара жатып)*. Шырағым, өзің білесің ғой, ана ауыз қорадағы қойлардың бірін алып соя бер. Қас қарайып барады, мен төбеге шығып панармен белгі беріп, айқайлап тұрмасам, әлгілер үйді таба алмас! Ренжіме енді, қарғам *(шығып кетеді)*.

Құмар. *(Қалтасынан бәкі алып жалақтатып, ойнатады.)* Бұл кешелер адам сыйлауды да білмейді. Мен сізге бүгін бір деликатес көрсетемін. Жүріңіз *(шамды алып шығып кетеді)*.

СОТ ЗАЛЫНДА

Мұрат. Мен ол кезде көтерілген ақ боранның ішінде едім. Ыққан қой соңында жүріп, бір түп шидің түбінде қоздаған қара саулықтың үстінен шықтым. Бауырына жабысқан екі қозыны қойныма тығып, кері бұрылғанда, жел өтіне қарсы елпеңдеп, саулық соңымнан ұшып отырды. Күртікке омбылап, жүре алмасам, тұмсығымен түртікілеп, қозыларымды жылы орынға тез жеткізе гөр дегендей жалынышпен болымсыз маңырайды.

Разия. Сенің соңынан іздеп Шарипа кетті дегенде, тұңғыш рет қызғаныш оты, бір түрлі, тұла бойымды күйдіріп өткендей болды. Неге ғана Шарипаның орнына өзім іздеп шықпадым деп өкіндім. Бірақ ол өкініш ұзаққа бармады. Мен ол арада сені емес, ақ боранда қорықпай, дала кезіп кеткен Шарипаның ерлігін қызғанған екенмін.

Мұрат. Сенің атқа міне алмайтыныңды білсем де, алдымнан салт атты көлденеңдей шыққанда тағы да «Разия, Разяш» деп қалай ұмтылғанымды да байқамадым. Ол Шарипа еді. Аттан домалай түскен Шарипа қойнымдағы қос қозыны күпісіне тығып, мені атқа мін-

гізді. Өн бойымнан саулаған тер енді алға жүрген сайын ызғырық жел өтінде мұз боп қата берді.

САХНАДА КӨРІНІС

(Музыка — патефонда «Огонек» әні: Үй ішінде Құмар мен Разия билеп жүр. Екеуі де шала мас. Аяқтарын тәлтіректеп басады. Ән аяқталады.)

Құмар. *(Пластинканы аударып жатып, ыығына сүйенген Разияға өзеурей қарап ықылық ата сөйлейді.)* «Көтеріп алақанға отырсам да, салмағың білінбейді бір мысқалдай, Разия! Не деген мүсін, не деген келбет, айналайын! Адам баласын осылай жаратқан құдайдан айналайын! Бірақ анадай ынжыққа теліген жасағанның жазуына су құяйын.

(Пластинка дөңгелей жөнеледі. Екеуі де биге шығады. Би аяқталмай үйге үсті-басы қар-қар Шарипа мен Жәкудаға сүйенген шалажансар Мұрат кіреді. Би тоқтайды. Би құшағында тұрған екеуіне қарамастан Мұратты төргі бөлмеге алып кетеді. Бұлар қайта билей жөнеледі. Би соңында қайта шыққан Шарипа патефон мойнын бұрап тастайды.)

Құмар *(көзі бақшаң етіп)*. Өй!

Шарипа *(Разияға)*. Жолдасыңыз үсіп өле жаздап келді, қасына барсаңызшы.

Разия. Оған жапалақша жарбаңдап, сіздің соңыңыздан бар деген мен емес.

Шарипа. Әке.

Ішкі бөлмеден, Жәкуда шығады).

Құмар *(ықылық атып мұрнын тыржитып)*. Әй, Шарипа, қызғанбай-ақ қой, бәрібір мен сені *(«алмаймын» дегенді қолымен мегзейді)*.

Шарипа. *(Стол үстіндегі жартылықтың бірін алып)*. Әке, мына арақпен Мұраттың арқасын сылаңызшы. Өкпесіне суық тиіп қалар ма екен. Мен ас қамдайын.

Құмар *(отырып жатып)*. Одан да сөйтші. Түн ортасы ауғалы қашан. Ана етіңді салып қойғанбыз. Ендігі жидіп кеткен шығар. *(Шарипа ауыз бөлмеге шығып кетеді.)* Мына бір аспирант болмаса ғой түк пәле жоқ. Ана қыз да, қайтсын, жасы кеп қалған, іші күйеді ғой. Вообще, жаман қыз емес. Бірақ, Разия, өздеріңдей біреу болмаса, ауыл қызын қайтем! Әшейін, ел арасында бос жүрмей, қырындау ғой біздікі.

(Есі шыққан адамдай боп Шарипа жүгіріп келеді, қолында екі қозының қаны сорғалаған басы).

Шарипа. Әке, әке.

(Жәкуда шығады).

Жәкуда. О, не қызым?!

Шарипа. *(Даусына булығып.)* Мына қозыларды сойған сіз бе?

Құмар. *(Шылым түтінін будақтатып.)* Мен, мен! Сойған мен!

Шарипа. Қалай ғана көзің қиып сойдың. Қыс ішінде туған алғашқы қошақандар. Аузына емізік пен сүт беріп асырап ем. Басқа қой жетпеді ме?

Құмар. Басқаларына шөп жеткізіп алсаңдар да жарар. Оларды біз жемегенде қай қонағыңа берейін деп ең. Деликатес ол, уылжыған деликатес.

Шарипа. Не деген аяусыз... аяусыз едің.

Құмар. Жарайды, жетті. Не болды соншама, атам қазақ қозы жеп көрмегендей. Таусылма. Орнын өзім жабамын.

Шарипа. Орны-ын?! Осы сөзді қалай ұялмай айтып тұрсың!

Жәкуда. Айналайын, басқаң басқа болсын, шығын орнын жабамын дегенің не сөз.

Құмар. Әй, шал, тым көкіме! Талай тексерістен өзім алып қалып жүрмін. Биыл шөбіңді үнемдемей, рәсуалағаныңның өзі жетеді, бір түртіп жіберсем, қылмысың тіріліп шыға келеді.

Жәкуда. Шырағым-ау, ол не қылмыс. Отыз жылғы адал еңбегім сақалым ағарғанда қарамға шықпақ па, не айтып тұрсың?!

Құмар. Ендеше, көп мүләйімсімей тамақтарыңды әкел, басқасын, кейін көре жатармыз... Қане!..

(Төр үйден қалшылдап Мұрат көйлекшең шыға келеді).

Мұрат. Не деген арсыз жігітсің!..

Құмар. Өй, өй, мынау тірілейін деді ғой!

Разия. Мұрат, Мұрат!

Мұрат. Сендейлерді де ел басқарып, шаруа бағып жүр дейді-ау! Қорқыту, үркіту! Қысы-жазы мал соңында салпақтаған азаматқа қамқор болып, қол ұшын беру орнына, мынадай қысылшаңда боранмен бірге келген сендей жігіт — жігіт емес, жұт. *(Ұмтыла түседі.)*

Құмар. Әй, шал, мына Келгінбайыңа осылай басындырып қоямысың! Мынауың, тіпті, осы үйдің иесіндей зіркілдейді-ай!

Жәкуда *(Мұратты бөгеп)*. Қарағым, шырағым, оранып жата тұршы, ел баласы еркелеп не айтпайды. Ол да қонақ қой!

Құмар. Тер ұстаған ғой. Адам тер қысқанда аузына келгенін сандырақтайды.

Мұрат. Солай ма, сандырақ деймісің!.. *(Ұмтылады.)*

Разия. *(Мұраттың қарсы алдына келіп)*. Жетті енді. Тілің шығайын деген екен. Өнеріңді жасырып, бұғып жүр екенсің ғой!..

Мұрат. Разия, сен араласпа. Бұл ел тірлігіндегі сен түсінбейтін мерездік. Қол астындағыға қамшы үйірер пасықтық. Мен көре тұрып мұндайларды басындыра алмаймын.

Құмар. Сен өзің бізді жөндеуге келдің бе, әлде тегін жерде күнелту үшін жүрмісің.

Разия. Масқара-ай, естіртпегенің осы еді.

Жәкуда *(Құмарға)*. Саған да жетеді енді...

Құмар. Әй, әй! Шал... Е-е-е! Мына шенелдіні неғып төрінде талтаңдатып қойды десем, күшік күйеу етейін деп жүр екенсің ғой.

Шарипа *(Булығып)*. Бо-сатыңыз үйді.

Мұрат. Кетіңіз бұл үйден!

Құмар *(атып тұрып киінеді)*. Жар-рай-ды, кетейін. Бәрің жабылайын деген екенсіндер. Әй шал, осы үйге өзің шақырып аяғыма бас ұрмасаң, менің атымды өзге қой.

Разия *(Ол да киіне бастайды)*. Мен де кетемін, ала кетіңіз. Қалаға жеткізіп саларсыз.

Құмар. Жүріңіз. Өздері жалғыз қалсын, тілегендері сол ғой.

Шарипа *(Разияны бас салып)*. Сіз қайда барасыз. Сізге не болды. Мұныңыз не? Жо-жоқ жібермеймін.

Разия. Мені ұстауға қақыңыз жоқ. Ананың да сізге қосылғасын тілі шығайын деген екен.

Шарипа. Ол кісінің тілі жоқ па, сөйлемесін бе?

Разия. Енді сіз сайратып отырарсыз!

Мұрат. Рәш!

Шарипа. Тым құрмаса ауру кезінде тастап кетпесеңізші.

Разия *(Шығып бара жатып)*. Емдейтін сіз барсыз ғой!

Мұрат *(Ұмтыла түсіп)*. Разия, Разияш!

(Разия мен Құмар шығып кетеді. Минорлы музыка.)

II бөлім

Алыста мұнартқан тау сілемдері. Маужыраған көктем. Құлпырған дала. Құстар үні. Бар тіршілік ән салып тұр. Қолында қойшы таяғы — Шарипа.

Шарипа. Биылғы көктем не деген ерекше көктем еді! Тау бөктерінде қауызы ашылмаған гүл, бүршік жармаған өсімдік қалмапты. Балауса алма ағаштарына дейін биыл үлбіреген ақ гүлге көміліпті. Әр шыбығына жүз-жүз ақ көбелек қонақтағандай. Мамырлай жүзген ақку бұлттар қандай сұлу. Бұлақтардың күміс сылдыры да жылдағыдан бөлек. Биыл құс та не деген қисапсыз көп. Тізіліп ұшқан қаз қаңқылы, үзік-үзік, көкек даусы, тіпті тауқұдірет үні деген әсем еді. О ғажап, ен далада ақтылы қой соңында жалғыз жүріп, мұндай көктемді бірінші көрдім.

Әлде әркімнің өз көктемі бар ма екен? Солай шығарау... Иә, солай. Солай екен-ау. Онда... биылғы көктем — менің көктемім, биылғы құс әні — менің әнім. Биылғы бұлақ күлкісі — менің күлкім.

Менің ғажайып көктемім, менің аспаным... менің күнім... Ән салып, билей жөнеледі. *(Бұл кезде арбаның сыңар доңғалағын дөңгелетіп Жәкуда өте береді.)*

Шарипа *(көңілді күліп)*. Көке, бір жаққа жүрейін деп жатырсың ба?

Жәкуда. Иә... қаңсып қалған ба, суға сала тұрмасам... Қойларды иірдің бе, Шарипа.

Шарипа. Өздері де бір арадан тапжылар емес. Жерге жабысып алыпты... Қайда бармақшысың, көке?

Жәкуда *(шығып бара жатып)*. Әлгі... Мұрат аяқ астынан жүрмекші болып...

Шарипа *(жалғыз, шошынғандай)*. Мұрат-ат. Мұрат жүрмекші?..

(Музыкалық пауза).

(Жәкуда өтіп бара жатады.)

Шарипа. Көке, Мұрат аға қайда жүрмекші?

Жәкуда. Қайда жүруші еді. Алматысына баратын шығар. Таңертең совхозға салт кетіп еді. Әлі келмей жатыр ғой өзі.

Шарипа. Ойда жоқта бұл қалай?

Жәкуда. Өзінің де ұшарға қанаты болмай жүр еді. Алматыдан орталыққа телеграмма келіпті. Жиналыс дей ме. Срошнай шақырып жатыр.

Ш а р и п а. Мүлдем кете ме.

Ж ә к у д а. Ол арасын қайдан білейін. Енді үйі бар, күйі бар адам қайтушы еді.

(Жәкуда кетеді.)

Ш а р и п а *(жалғыз)*. Мұрат... Мұрат кетпекші... Мүлдем... Не деген... ауыр жаза еді. Тағы да жалғыз... жалғызбын. Қора-қора қой, соңында құлазыған жалғыз қойшы. Күн ұзын жапан түзде қой жайып оралғанда сенің үйде екеніндi ойлап, бар ауыр жүк иығымнан сыпырылып түскендей болушы еді-ау. Тағы да, жалғыздық салмағы — қасірет салмағындай қонақтағаны ма!

(Жәкуда енді бір доңғалақты дөңгелетіп қайтадан өте береді.)

Ш а р и п а. Көке, Мұрат ағайды мен шығарып салайыншы...

Ж ә к у д а. Шығарғанда, мен көлікті разъезде қалдырып, Алматыға дейін бармақпын. Шаруам бар. Әлгі Құмарлар да бір айдан асты келмей жатқан жоқ па.

Ш а р и п а. Сол Алматыңызға да мен барайын.

Ж ә к у д а. Онда сен не бітірмексің. Одан да мен келгенше малға бас-көз бол... *(Жәкуда кетеді.)*

Ш а р и п а *(қабақ шытып)*. Иә-иә, мал бар екен ғой. Мал... мал тұрғанда қайда бармақпын. Енді бар мұңымды тағы да қойларға айтармын. Олар түсінсе бір сәрі... Ай, көке, сен де түсінбейсің. Сені тастап кетейін деп жүр деймісің. Сен де тастамағансың бір кезде. Амалым қанша. Бірақ ойласайшы, мен түгілі қатқан қара ағаш та көктемде бүршік жарып, жапырақ жайды... Мұрат ағаның әр сөзі жадымнан, әрі әні құлағымнан кетпесе не шара! Не істейтін, қалайша көкірегімнен қуып шығайын. Әмірім жүрмей қойды ғой. Сен де кешіре гөр, Мұрат аға!

(Сырттан дабырласқан дауыстар естіледі).

Жәкуда мен Мұрат кіреді.

Ж ә к у д а. Шәкіжан, әлгі туыстарға апаратындарды шамаданға... ана... Разияға деген сәлем-сауқыттарынды жеке салғайсың.

(Шәрипа шығып кетеді.)

Ж ә к у д а. Шырағым, Мұрат. Сәл тізе бүкші... Саған салар бір қолқам бар еді.

М ұ р а т. Айтыңыз.

Ж ә к у д а. Мына Шарипа қарындасыңдай боп кетті ғой. Соған бір ағалық қамқор жасасаң.

М ұ р а т. Иә, Жәке?

Жәкуда. Шарипаны қалаға бірге ала барсаң қайтеді.

Мұрат. Бірге деймісіз?.. Е, барса барсын. Осы ма қолқаңыз?!

Жәкуда. Жоқ, әлі тыңда. Жай-жапсарымызға өзің де қанық болып жатырсың. Бір сыр айтайын... Жер ортасы жасқа келгенде жұбайым қайтыс болды. Сый-сырына, мінез-тұрғысына бұрыннан қанық осы Шарипаның анасымен қосылдық. Жар жаңартып, төсек жаңғыртып жасарайын деп қосылғам жоқ, тұзымыз жарасқан соң төрт кішкентайымен бірге алып, тату-тәтті өмір сүрдік. Ол да қайтыс болды. Енді жар іздеп желіккеннен гөрі жетімдерді жеткізгенді абзал көрдім. Өстіп жүріп, өз жастығымның базары тартқағанын, Шарипаштың көктемінің келгенін байқамай қаппын. Әттең, не керек, Шарипа жұрт көзіне түспей дара өскен жабайы алма ағашы сияқты... Әлгі Құмарлар жемісін жегісі келеді...

Мұрат. Құмар... енді ол... бұла боп өскен еркіндеу жігіт қой. Жас тоқтата келе түзеліп кетер.

Жәкуда. Өзім де солай ойлаушы ем. Және де ел жігіті. Шарипа да көз алдымда жүрер еді. Бірақ Құмар — үйірінде ойнақтап өскен асау тай емес, түзде еркін өскен азулы аю екен. Ондай аюлар жеміс қасиетін біліп, үзіп жемейді, бұтағын сындырып, бүлдіріп жейді. Зоотехник қойшының қызын да қой дейтін болу керек. Қойқаңдап келіп қолтығына қыса кеткісі келеді. Көзімнің тірісінде өзім қой болсам да, қызымды қой ете алмаспын...

Мұрат. Апырай, ақсақал, өзіңіз үндемей жүріп, көп нәрсені біліп жүреді екенсіз-ау.

Жәкуда. Біліп жүргенім ғана емес, түйіп жүргенім де көп. Ол жағын қазбаламайық. Шарипа жас. Жас адам — аңғал. Оның үстіне дала қызы. Қыс ішінде дала бораны — елеуіштің астынан түскен ұн сияқты — ештеме көрінбейді. Сол боранда жалғыз жортқан бір қасқырдың аузына қапылыста түсіп кете ме деп қорқам. Сол үшін де, сенімен көптің ортасына барып ел танып, жұрт білсе екен деймін. Екі қолға бір жұмыс — ол жерден де бір қызмет табылар. Өзің қамқор болсаң, өз жолын тауып кетер, адаспас деймін. Осы еді айтпағым.

Мұрат. Апырай... сөзіңіз орынды... Бірақ өзіңізге... Жападан-жалғыз... қиын болмай ма?

Жәкуда. Қиын болып, мені қасқыр да, аю да жемес. Ақан сері айтыпты ғой.

«Ер жетім — ақылсыздан әйел алса,
Отырып от басында тақымдаса,
Таусылған кірер үй жоқ, кәрі жетім,
Ойнайтын тең-құрбысы табылмаса.
Тағы да бұл дүниеде әйел жетім,
Кезінде теңін тауып қосылмаса».

Менің жетімдігім ештеңе етпес. Шарипаны балалық жетімдіктен шығардым, ендігі жерде қарағымның көктемін жетімсіреткім келмейді.

(Шарипа келеді.)

Шарипа. Көке, бәрі дайын. Сәлемдемелерді салып қойдым. Ас та дайын.

Жәкуда. Қызым, өзің де қамдан.

Шәрипа. *(Таңырқап.)* Қамданғаны қалай?

Жәкуда. Қалаға сен барасың. Мен малға не боламын. Жалғыз сағаи қиындау соғар.

Шәрипа. Жоқ, көке мен ешқайда да бармаймын.

СОТ ЗАЛЫНДА

Мұрат. Сен кеткеннен бергі үш ай үш жылдай болып, сені қатты сағындым. Неге екенін білмеймін, тіпті сенің кіді сөздерің еркелік сияқты, қойшылар аулында тастап кеткенің өкпелеген бала қылығы сияқты көрінді. Қалаға, саған жеткенше жүрегім алып ұшты.

Разия. Сенің күнара жазған сағыныш хаттарыңды, ақыл айтқан, шаруа жайын баяндаған хаттарыңды жиі алып, кейінгі кезде оқуды да қойғанмын. Сен кешірімді болып кішірейген сайын, өзімнің неге кекірейе бергенімді сарапқа салмап ем. Рас, алғашқыда үйге сыймай, сенің орныңды жоқтағандай қоңылтақсып жүрдім. Кейін Шүйкетайға қосылған соң, оның бәрі ұмыт болды. Сенің стипендиянды алуға барғанда ғана, су астында көрінген малта тастай бұлдырап, бір сәт есіме түсетінсің.

Мұрат. Ал, мен екі күн жүріп, самаладай жанған қала оттарын көргенде, өз үйімнің отын көргенше асықтым. Әркімнің өз ошағының оты қандай ыстық. Түн жарымында жеткенде, терезеден шам жарығы көрінді. Сенің жүзің елестеді. Бірақ сен бұрынғыдай қатал, суық көріндің. Тап сол арада сені көрем деген қуаныш пен кеудеден итерердей салқын үнің қатар жарысып, тұла бойым бір ысып, бір мұздады.

Разия. Мен болсам, сенің келетініңнен бейхабар едім. Тіпті мезгілсіз келетініңді білсем де селт етпейтін бейғам, салғырт адамдай, сені есімнен шығарған едім. Сол күні Шүйкетайдың айтуымен сылтау етіп, менің жалған туған күнімді тойлап жатқанбыз.

САХНАДА КӨРІНІС

Мұраттың үйі. *Мол дастарқан. Музыка. Үйде Разия, Құмар, Шүйкетай, ұяң жігіт.*

Шүйкетай. Уһ, желпінейікші бір. Әлгілердің ортасында тынысым тарылып, денем құрыстап, зорға отырдым. Қайдан ғана шақырғансың оларды, Рәштай. Өңкей бір өтірік қылымсып қалған бірдемелер. Өмірі сауық құрып көрмеген үйкүшіктер өңшең.

Құмар. Ештеңе етпейді. Өмірде ондай өгіздер де болады. Жүк салсаң, пыс-пыс етіп тарта береді. Отқа қойсаң оттайды. Қарны тойса ұйықтайды. Ертеңіне тағы да пыс-пыс мойынағашын іліп алып жүк тартады. Одан басқаны білмейді, қызықпен сайраңдап жүрмейді, ондайды көзге де ілмейді. Өйткені ол адам ба, аты оның — надан да!

Шүйкетай *(қолын шапалақтап)*. Па-паһ-па! Құйып жіберейін сол үшін. Гумырканың поэзиясы үшін. Шіркін-ай, шүмектетіп құйып-құйып жібересің-ау, ақыным. *(Бәрі ішеді.)*

Разия. Шынында осы сіз ақынсыз ба?

Ұяң жігіт. Әлде ақынға жақынсыз ба?

Құмар. Өһ, қосшы бала, өзі сенде де бір тықыр бар ғой.

Ұяң жігіт. Е, екі ауыз өлең шығармайтын қазақ бар ма?

Құмар. Рас оның, рас. Әй, бірақ осы күнгі ақындарың да жүнжіп кетіпті. Кешегі соғыс жылдары бір ақын «Мұнай бер, мұнай бер, соны сенен сұрайды ел» деп, қайдағы иіс-қоңыстың маңынан өлең іздесе, енді қазір комбайн, трактор деген тырылдақ өлеңдер көбейіп барады.

Ұяң жігіт. Ал өзіңіз не жазып жүрсіз?

Құмар. Мен бе? Мен, бауырым, поэзияны жерден, аспаннан, көмірден, темірден іздемей, тура адамның өз

бойынан іздеймін: қыздың қолаң шашы, мөлдір көзі, пісте мұрны, қиылған белі.

Шүйкетай. Шиедей ерні, ха-ха-ха!

Құмар. Аяғы, балтыры, аха-ха!

Шүйкетай. Оһ, айтқандай, қанеки құйып жіберейік. Сен «Балтыр» деген өлеңінді оқып жіберші. Сол үшін ішеміз.

Құмар. Ыһм... Ал тыңдаңыздар:

«Ақ балтыр, қара балтыр
сары балтыр,
Жас балтыр, мосқал балтыр
кәрі балтыр.
Тоқ балтыр дөңгеленген
уыз балтыр,
Әжімді, ыңғыл-жыңғыл қуыс балтыр.
Сіңірі тарамыстай қатқан балтыр,
Көгеріп түйме көздер батқан балтыр...

Ұяң жігіт. Мұныңыз тромбофлебитпен ауырған балтыр болды ғой.

Құмар. Ха-ха-ха. Өзің бір, қосшы бала, төбеңде көзің бар түйсікті жігіт екенсің. Болашақ дәрігерсің ғой, тауып айттың. Иә, һым:

Жүріске қажымайтын жуан балтыр,
Кездессе, ол — бағың да, қуан батыр.
Белтірлік толық болса, оймақ өкше,
Шіркін-ай, он жыл бірге ойнап өтсе!
Тік аяқ, маймаң аяқ, шодыр тізе,
Шаршадым көп аяқты тізе-тізе.
Болғанда сіңірлі аяқ, ол — төзімді.
Шығанға жеткізеді ол өзіңді,
Жар құшсаң басты ойлама, аяқты ойла,
Бозбала, ғибрат ет бұл сөзімді.

Ұяң жігіт. Мұныңыз қыз сипаты емес, аттың сыны ғой.

Құмар. Ха-ха! Әй, бауырым, өзің жан дәрігері болайын деп жүрмісің, мал дәрігері болайын деп жүрмісің?

Ұяң жігіт. Біреуі болармыз, әйтеуір. *(Бәрі ішіп қояды)*. Ал, сіздер ренжімесеңіздер мен кетейін.

Разия. Ой, оныңыз не, асықпаңыз. *(Құмар бара берсін дегендей ымдап, көзін қысады)*.

Ұяң жігіт. Басым ауырды.

Шүйкетай. Жаным-ау, онша көп ішкен жоқсың ғой басың ауыратындай.

Ұяң жігіт. Жоқ, апай... Әһ, тәтей, түһ Шөке, араққа да, поэзияға да тойдым.

Құмар. Жарайды, рақмет, бауырым. Әлі, тірі болсаң, мына ағаңның неше түрлі өнерін көресің. Тек аяғыңды ағаңмен тең басып жүре біл.

Ұяң жігіт. Рақмет, ал мен кетейін.

Құмар. Ал, ендеше, тағы бір алып жіберейік. Сосын сен студентсің ғой. Мә! *(Қалтасынан будыратып ақша шығарады.)*

Ұяң жігіт. Ой, ағасы, қойыңыз. Мұныңыз не, алмаймын. Ұяттағы.

Шүйкетай. Ұятты қайтейін деп ең, әй, жаным-ай. «Қожаң берсе, қойыңа сал» деген. Салып ал *(ақшаны ұяң жігіттің қалтасына бүктеп салады)*. Бұл — ағаңның тәбәрігі.

Ұяң жігіт. Ал, аға, Рақмет! Енді кетейін, әйтпесе жатақханаға кіргізбей қояды.

Шүйкетай. Үйбай, бүлдіршінім-ай. Жатақханаға әбде-ен бауыр басып қалған екенсің. Ол апаң үйі деп отырмысың. Үй табылады... Жарайды, жүр, кішкене таза ауада сергіп қайтайық. *(Ұяң жігітпен шыға бере, қайта кіреді)*. Әлі аузынан сүті арылмаған бала емес пе, қанша ішіне де сендерден ұялуын қоймайды. Жаңа сойған шикі терідей жылбысқы бауырымның, кішкене уқалап-суқалап, иін қандырып келейін... Біраздан соң қайтып келеміз. Есік ашарсыңдар. *(Шүйкетай мен ұяң жігіт тыста)*.

Ұяң жігіт. Ал, апай, мен кетемін мына ақшасын өзіне алып барыңызшы. Айдаладағы біреуден жөн жоқ, жосық жоқ ақша алып күн көрмей-ақ қояйын.

Шүйкетай. Айналайын-ау, ала бер. Одан Құмардың ризығы кеміп қалар деймісің. Сері жігіттің әдеті емес пе.

Ұяң жігіт. Әшейін мастықпен сіздердің алдарыңызда жасаған қыры шығар!

Шүйкетай. Түк те мастық емес. Сау кезінде де істейтіні сол. Сен мына алтын жүзіктерді көремісің?!

Ұяң жігіт. Онша да мұнша жүріп бар саусағына саусылдатып жүзік таққанды көргенім осы. Жезтырнақпысыз немене?! Ана Разияға да сізден жұққан ғой деймін.

Шүйкетай. Оның бәрін туған күніне әкеп берген тағы да Құмар. Ана құлағындағы сырғаны көрдің бе, бір қаралық.

Ұяң жігіт. Мына жүзіктерді де сіздің туған күніңізге сыйлаған ба?

Шүйкетай *(күліп)*. Е-е, мұның сыры көп. Мына бір шарбақ жүзік, ұмытпасам, Сания деген қызбен, мына құс тұмсықты, әлгі Әминәмен, мына құйма жүзікті Марзиямен, мына ақық тасты — Күлзиямен таныстырған еңбегіме алғамын. Ал мына алтын сағат Разия үшін. Дүниеде құны түспейтін зат болмайды. Ал алтынның бағасы ғұмыры кемімейді.

Ұяң жігіт. Қызбен таныстыру не деген қымбат еді?!

Шүйкетай. Е-е, қарағым-ай, жай таныстыру бар да, алдын ала күшаламен улағандай мас қып, жыландай арбап, перідей сиқырлап тастау бар.

Ұяң жігіт. Мынауыңыз ғажап өнер екен. Ал мені неге сиқырлап жүрсіз? Әуелі туысым деп іздеп келіп едіңіз, сөйтсек үш қайнасақ сорпамыз қосылмайтын болып шықты.

Шүйкетай *(күліп)*. Сорпамыз қосылмаса, тілегіміз қосылар, мен де қартайып тұрғам жоқ.

Ұяң жігіт. Ойбай, қойыңыз апай, өзіңіз тіпті.

Шүйкетай. Ой, шошыма, қосшы бала! Мен саған жабысып қалар деймісің... Ал шынын айтсам, сені тауып алғаным, өзің жуас немесің, саған бір ақыл айтайын, деп едім. Өзің үстіне қарашы. Үстінде басы бүтін бір киім жоқ: Өңшең ескі-құсқы. Аяғындағы бәтеңкең де келапандай, тегі, ағаңдыкі болар. Оқуыңды бітіргенше тәуір киініп, жақсы тамақ ішіп, тегін ойын-сауық құрып жүрмейсің бе.

Ұяң жігіт. Оңдай тегін дүние аспаннан жауа ма?

Шүйкетай. Аспаннан емес, жерден, елден жауады. Қосшы бала, осы сен анда-санда базарда қасапшы болып, ет сатуға қыбың келе ме?!

Ұяң жігіт. Қойыңыз қайдағыны... атам қазақ сауда істеп күн көрген жоқ...

Шүйкетай. Сауда істемесе, содан есесін де жіберген.

Ұяң жігіт. Ал, ол етті қайдан алам?

Шүйкетай. Онда не шаруаң бар. Мына бөксесіне *(бөксесін ұрады)*, санына алақандай-алақандай мөр басылған ет болса болмай ма?! Келістік пе осыған?

Ұяң жігіт. Дегенмен енді, білгенім жақсы ғой. Айтпасаңыз мейлі. Олай соқыр теке ойнарым жоқ *(кете бастайды)*.

Шүйкетай. Тұра тұр. Әй, қосшы бала-ай, аңғалдаусың-ау. Заманына қарай амалы дейді. Тіршілікте ашық ауыз болсаң, арам өлесің. Кешегі таршылық заманда, білемісің, анада айттым ғой, военный складтың кілтшісіне тидім дедім ғой. Соғыс біткен соң пшту деп жонымды бір-ақ көрсеттім. Енді бір мықтыға тигім келеді. Әттең біреуінің әйелі осындайда өле де қалмайды.

Ұяң жігіт. Ниетіңіз қалай жаман еді.

Шүйкетай. Е, біреу өлмей, біреу күн көрмейді. Ал, мына Құмарға неге жабысып жүрмін? Осыншама байлық Құмарға қайдан жауып жатыр, білемісің?

Ұяң жігіт. Қайдан білейін. Мені сәуегей деймісіз!

Шүйкетай. Сәуегей болмасаң, тыңда. Бірақ тісіңнен шығарушы болма: Құмар күз бойы ет комбинатына мың-мыңдаған қой өткізеді. Әр әкелген жолы он бес — жиырмасы өзінікі. Одан үкімет кедейленіп жатқан жоқ.

Ұяң жігіт. Халықтың еңбегі ше?

Шүйкетай. Е, ей, ботақаным-ай, әлі мұғалімдер айтатын кітап сөзінен шыға алмай жүрсің-ау, сәбиім-ай!

Ұяң жігіт *(ызбарлы)*. Сендердің сұмдықтарыңа жаңа көзім жетті. Мына ақша арам ақша екен ғой. Мені де арандатпақшы екенсіңдер ғой. Қазір мен Құмарыңды... *(ұмтыла береді)*.

Шүйкетай *(жеңінен тартып)*. Әй, айналайын, сабыр, сабыр. Құмарда не жазық. Ол байиын деп жүр деймісің. Бәрін қызық үшін жұмсайды. Біздің қызық үшін жұмсайды. Осы... үшеуміздің... төртеуміздің қызығымыз...

(Сыртта машина кеп тоқтайды. Екеуі аңтарылып тұрып қалады. Сырттан дабырласып Мұрат пен Жәкуда келеді. Бұларды көрмейді.)

Мұрат. Міне — біздің үй. *(Жолаушының қолына қарап.)* Оу, чемоданыңыз қайда?

Жәкуда. Таксиде.

Мұрат. Оны неғып алмадыңыз? Ойбай-ау, кетіп қалып жүрмесін.

Жәкуда. Жоқ, мен қазір келем деп кеттім.

Мұрат. Қазір келеміңіз не, үйге кірмейміз бе?

Жәкуда. Рақмет, Мұрат. Өзің жолдан қажып келдің. Үйіңде еркін тынық. Мен әлгі бір туысымның үйіне

барайын. Және келін де жатып қалса керек, түн жарымында мазасын алып қайтеміз.

Мұрат. Оу, отағасы мазасын алғаны қалай? Алыстан сағынып келгенде қабақ шытар деймісіз. Атамаңыз, болмайды.

Жәкуда. Айналайын. Қала жағдайын білеміз ғой. Сынамаймын. Жата-жастана келерміз. Үйінді көрдім, рақмет!

Мұрат. Отағасы, лұқсат жоқ. Сіз маған меймансыз. Қала деп қорықпаңыз. Ниет дұрыста қаласы не, даласы не, қане мен чемоданыңызды алып келейін.

Жәкуда. Түһ, тым қыстап кетті-ау. Енді қалада... қалада қалай өзі. Жарайды есік аштыра бер, мен өзім әкелейін.

(Мұрат есік қағып тұр).

Шүйкетай. Ойбай, кеттік. Анау Мұрат қой.

Ұяң жігіт. Мұрат деймісің? Онда үйге барайық біз де. Ұят болар, не деп ойлайды?

Шүйкетай. Не деп ойласа, о деп ойласын, жұмысың қанша?

Ұяң жігіт. Сіз не деп тұрсыз?

Шүйкетай. Оларға неменеге қиман қышиды. Бірі өліп, бірі қалсын.

Ұяң жігіт. Барып тұрған, қалай еді... әзәзіл екенсіз. *(Жүре береді.)*

Шүйкетай. Үйбай, мынау қайтеді-ей, үйбай, шірік неме!

САХНАДА КӨРІНІС

Мұрат үйінің іші. Сыртта қайта-қайта қағылған есік. Есік алдына тәлтіректей басып Құмар келеді. Қолында бір бөтелке арақ. Разия төргі бөлмеде, көрінбейді.

Құмар. Жетті, жетті, немене, ашығып қалдындар ма. Үйге кіруге рұқсат жоқ. Мә, мынаны алып тайып тұрындар. *(Есік ашады.)* Марш! *(Мұрнына тақаған бөтелкені жасқап, ішке Мұрат, соңын ала Жәкуда кіреді.)*

Құмар *(сасып қалып)*. Өй, бейуақытта бұл не жүріс!

Мұрат. Бұл тергеуіңе жол болсын. Сасқаның ба, сасығаның ба? Өз үйіме қай уақытта келсем де хақым бар шығар. Сіз мезгілсіз неғып жүрсіз?

Құмар. Мен жүрсем, жасырынбай, ашық жүрмін.

Сенің жүрісің, қазақтың жалпақ тілімен айтқанда, ұры иттің жүрісі сияқты екен *(сырттан ұяң жігіт кіреді)*.

Мұрат. Қазақ тілін олай бұрмаламаңыз. Ұры ит біреудің еттігіне түседі. Сіз қайда қаймақ, қайда сүт тұрғанын аңдып жүретін ұры мысық екенсіз.

Құмар. Әй-әй, байқап сөйле!

Мұрат *(бастырмалата сөйлеп)*. Оның ұры иттен жамандығы сонда, ол ит құсап біржола алып кетпейді, біреудің адал дәмін малшылап, арамдап кетеді *(алға өте береді)*.

Жәкуда. Қалада айлап жатқанда сені мал өткізіп жүр десек...

Құмар. Әй, шал, сен-ақ қайда барсам тақымдап қалмадың ғой, саған не жоқ қыстырылып!

Ұяң жігіт. Онда мен қыстырылайын. Мә! *(Ақшасын бетіне шашып жібереді.)* Ақсақал, міне өткізген малдары *(Іштен Разия жүгіріп шығады)*.

Разия. Бұл не айғай!

Мұрат. Разияш *(ұмтылады)*. Амансың ба, жаным!

Разия. Емешегің үзілмей-ақ қойсын. Сағынған шығарсың жаман қатты.

Жәкуда. Есенсің бе, қарағым!

Разия. Амансыз ба, *(Мұратқа)*. Немене тағы да қойшылар аулындағы өнеріңді бастайын дедің бе? Құлағым тыныш еді.

Мұрат. Енді, мен...

Разия. Иә, сен, сен, жолдастарыммен түзде қыдырсам оны, үйде қыдырсам оны көре алмайсың. Бұл үй емес, түрме болды ғой, түрме.

(Ұяң жігіт, соңын ала ақшасын жинап Құмар шығып кетеді. Сыртта Шүйкетайдың сылқ-сылқ күлкісі).

Мұрат. Отағасы, төрлетіңіз. Біз жай әшейін.

Жәкуда. Ойпырым-ай, ретсіздеу болды-ау, жаңа айтып едім.

Разия *(төргі бөлмеге кетіп бара жатып)*. Аядай үйге қонақ әкеліп. Бұл гостиница ма?! Шарипаны да ала келмедің бе?

СОТ ЗАЛЫНДА

Мұрат. Сол түн екеуіміздің үш жылғы тәтті де ащы өміріміздің соңғы түні еді.

Разия. Мен диванға киімшең құлаған күйімде өзөзімнен күйініп, таң атқанша кірпік қақпай шықтым.

Мұрат. Мен де тас төбеге қадалып, ұзақ таңды көзіммен атырдым. Сен күйініп жатсаң, мен елегізіп жаттым. Қасыңа екі рет келіп едім...

Разия. «Әрі тұр қасымнан, жолама маңыма!» деп, жылан көргендей ытырынғаным әлі есімде.

Мұрат. Мен саған басу айтып, неге ашуландың, достарыңды шақырғаныңа қарсылық еттім бе, басылшы, сабаңа түсші, деп қиылуға келіп ем қасыңа.

Разия. Олай айтарыңды білсем де, сенің әр сөзің маған кекесінді удай көрінетін еді. Түрпідей сөзіннен кірпідей жиырылушы едім ғой.

Мұрат. Сенің тыңдамасыңды білген соң, сөзді ушықтырмайын, ертең ашуы тарқар деп, сабырға көндірдім. Тап ертең дүние асты-үстіне келер деп сонда да ойламап едім.

Разия. Иә ертеңінде сен ұйықтап жатыр екенсің, стол үстіне қағаз жазып қалдырып, үйден шығып кеттім.

Мұрат. Оқыдым қағазыңды: соғысқа алғаш кіргенде дәл қасымнан снаряд кеп жарылғанда денем мұндай мұздамаған болар. Хатыңды оқығанда безгек ұстағандай тұла бойым қалтырап, басым зеңіп, отырып қалдым. Сенің үнің құлағымның түбінде дүңгірлеп әр сөзің дәл жүрегімнің тұсынан зеңбірекше атқылап жатқандай болды.

Разия. Иә, мен сенен құтылу үшін ең ауыр сөздерді аямай жазған ем. Әлі есімде: «Мұрат, неге сен соңымнан салпақтап қалмайсың. Менен не алмағың бар. Әлде мына алақандай екі бөлмелі үйді, қаңқайған ағаштарды қимай жүрмісің. Олай болса тастадым саған, дүние-қоңыз! Кешке өз бұйымдарымды машинамен кеп алып кетемін. Ол кезде соңғы рет көзіме құбыжықтай көрініп үйде отырмасаң екен. Соңғы тілеуім. Енді мазамды алма!» деп жазған ем.

Мұрат. Мен де саған «кешір мені, мазаңды енді алмаймын» деп хат қалдырып өз қолымызбен алғаш құрған семья табалдырығын зорға аттадым. Бала күнімде анам қайтпас сапарға аттанғанда жалғыздықтан тұңғыш рет тұншыға жылап ем. Сол жетім көңіл қайта тіріліп, жүрегінен айрылған қуыс денедей жансыз шұбатылып шықтым үйден. Сені бірге туған-туысқанымдай көретін ем ғой. Сенен мәңгі айрылғанымма түк сенбеймін, мәңгіріп шықтым. Қолымда екеуміз түскен жыртылған суреттің бір жағы ғана. Иығыңды сүйеп отырған

сен қақ айрылған сурсттей менсн мәңгі айрылған екенсің... Содан бірер күннен соң тағы да қойшылар аулына кеттім. Сенен бір хабар болар деп елеңдеген көңіл күн өткен сайын суи берді.

Разия. Мен болсам сені тез ұмыттым. Арқам кеңіп, тордан шыққан азат құстай еркін ұшып, сауық құрдым... Бірақ тез арада соның бәрі су сепкендей басыларын ойламап едім. Көп ұзамай шын бақытсыздыққа кезіктім. Құмар екеуміз таныстармен тауда серуендеп, артынан жеке қыдырып, қалаға кеш оралдық.

САХНАДА КӨРІНІС

Алатаудың кешкі көрінісі. Ұясына жақындаған күннің алқызыл шыңдардың басына түскен. Етек жағына іңір қараңғылығы баяу жайылып келеді. Разия мен Құмар тауды бөктерлеген асфальт жолдың бойында тұр.

Құмар. Әй, әй! *(Құмар ысқырып жібереді. Машина даусы. Тоқтамай өте шығады.)* Қап, тоқтамауын қарашы. Жарты литрдің ақшасын алса іші кеуіп кете ме екен.

(Тағы машина даусы).

Разия. Құмар. Е-ей, әй, ала кет, ала. *(Ысқырық.)*

Құмар. Өй... ішің... ішінде... беті шар табақтай біреу-ақ отыр. Тоқтамауын қарашы, арқалап әкететіннен жаман. Дачадан қайтқан мықтылардың бірі-ау, сірә.

Разия. Күн кешкіріп барады. Автобус та бұл арамен жүрмейді. Жаяулап қалмасақ жарар еді.

Құмар. Жаным, уайымдамашы. Мына тұрған қала түгілі дүниенің төрт бұрышына сені мойныма мінгізіп жүруге бармын, Разияжан.

Разия *(назданып)*. Жоқ, әшейін, түнге қалып қоямыз ба дегенім ғой. Тау түні де суық.

Құмар. Түнге қалсақ, көк майса шөпті жастанып, байшешекті бүркеніп жата кетерміз, о-оh, рақат!.. Оh, тағы бірі көрінді. Осы жолы сен үшін астына түссем де тоқтатармын-ау:

Разия. Қойшы қайдағыны айтпай.

(Екеуі де қол көтеріседі.)

Құмар. Мынау жүк машинасы ма, жоқ, тіпті бензовоз.

Разия. Мейлі, алса отырып кетейікші.

(Құмар тап жолдың үстіне қолын ербеңдетіп шыға келе-

ді де, қисайып жата кетеді. Машина доңғалағы сыр-р-р етіп күрт тоқтай қалады. Есіктен қарғып шыққан солдат ұрса жөнеледі.)

Солдат. Әй, өзіңнің есің дұрыс па, басып кетсем кім жауап береді. Не деген есірік адамсың!

Құмар. Айналайын, ғапу, ғапу! Бассаң, ешкім жауап бермейді. Көп болса, қазақ зоотехникасы мен поэзиясы қайғылы қазаға ұшырайды.

Разия. Қойшы қалжыңды. Інішек, бізді қалаға ала кетпейсің бе.

Солдат. Қайдан білейін, тіпті, мастардың бәрі машинаның астына түсе берсе... Әй, білмеймін... Кішкене әскери тәртіпке салып, үйретіп алса...

Құмар. Әй, қарағым, әскеріңмен қорқытпа. Алатаудың бөктерінде жүріп бензин тасығаныңа мастанамысың, біз Берлинге дейін барғанбыз. Қошқарбаев Рейхстагқа ту тіккенде, өзіміз пулеметтің оғымен жолын аршып тұрғанбыз.

Солдат. Өзіңіз бір зар жақ екенсіз. Бізге жолаушы алуға болмайды. Әйтсе де, далаға қалай тастап кетемін, отырыңыздар.

Құмар. Әй, бізді тап үйдің табалдырығына дейін жеткізіп саласың.

Солдат. Құп болады...

Құмар. Аға лейтенант.

Солдат. Аға лейтенант! *(Честь береді.)* Үйіңіз түгіл вытрезвиловкаға дейін жеткізіп салуыма болады.

Құмар *(отырып жатып)*. Өзің қылжақбас неме екенсің.

Солдат. Темекініңізді тастаңыз. Мынау бензовоз екенін көріп тұрсыз ғой.

(Машина от алып кетеді. Құмар ән салады.)

Құмар:

Қақаған қыстың сәні ызғарменен,
Кекиген бастық сәні ызбарменен.
Кемпір-шал бір-біріне қою шайдай,
Бозбала, жастың сәні қыздарменен-ау!..

Әй, қарағым, бұрылыстарда абайлап жүр, тастай алмай жүрген басымыз жоқ. *(Солдат әлденеден ыңғайсызданыып, қол тормозға бір, баранкеге бір жабысып, абыржи бастайды. Айтып келе жатқан өлеңін доғарып!)* Әй, сен үдетіп келесің ғой. Баяулат машинаңды.

Солдат *(абыржып)*. Тормоз... тормоз ұстамай қалды.

Құмар. Не дейт. Тоқтат, ойбай.

Солдат. Жоқ, енді болмайды. Баспалдаққа шығыңыз, баспалдаққа Қол былғаңыз жолдағыларға *(үздіксіз сигнал)*.

Құмар *(көзі алақтап кеткен. Баспалдаққа атып шығады)*. Разия, Разия, *(бар даусымен)*. Ал мен секіремін, сен де секір, өлеміз, құримыз әйтпесе, тез, кеттім... *(секіреді.)*

(Көшенің бұрылыстарынан шыға келіп тормоз берген машиналардың даусы, адамдардың үрейлі үні, шу. Разия машинадан шығып, кузовтың жақтауынан амалдап ұстайды да, есікті жауып, баспалдақта тұрып сырт күртесін бұлғап айғайлап келеді.)

Разия. Жолдан кетіңдер. Жолдан. Кетіңдер-ер! Жо-о...

Солдат *(әлден уақытта есі шыға айғайлайды)*. Алдымызда парк. Енді секіріңіз. Ал бұрдым. Секіріңіз тез. Тез! *(Көзі алайып кетеді.)* Балалар, балалар. Қолонна. Секір, секір. *(Разия секіріп кетеді. Салдыр-гүлдір еткен машина, сықырлап сынған терек даусы. Лап еткен от көрінеді.)*

Қайғылы музыка.

САХНАДА КӨРІНІС

Аурухана. Палата. Ақ кереуетте Разия жатыр. Әлгі музыка аяқтала бергенде ол шошып оянады. Сандырақтап сөйлейді: «От, от! Балалар. Сәбилер!» Әлден уақытта есін жияды.

Разия *(ыңырсып, сөйлейді)*. Кім бар мұнда, сусын берер жан бар ма?

(Ақ халатты мед. сестра келіп, сусын береді).

Разия *(сусынды ішіп)*. Апатай-ай, айтыңызшы, не болдым.

Сестра. Ештеме етпейді, жазыласыз.

Разия. Әрине сіздер үшін таңсық емес, біз секілді ғарып жандарды күнде көресіздер.

Сестра. Олай демеңіз. Біздің міндетіміз қайғыру емес, емдеп қатарға қосу. Сіз үш күндей есіңізді жинай алмай жаттыңыз. Енді бәрі ұмыт болады. Операция ойдағыдай жасалды.

Разия. Апатай-ай, мәңгі мүгедек боп қалғаным ба.

Сестра. Неге, олай деме. Аяғыңның сынығы бітеді, ертең-ақ бұрынғыдай шапқылап кетесің. Тауға да шығасың...

Разия. Тауға деймісіз. Шын ба. Солдат қайда, не болды. Машинасы аман ба. Өзі аман қалды ма. Әлдеқеге соғылғандай болды ғой. От, жалын не? Айтыңызшы, білесіз бе?

Сестра. Ол кімің еді?

Разия. Ешкімім де емес.

Сестра. Онда сұрамай-ақ қойыңыз. Әуелі өзіңіз жазылыңызшы. Қазір сізге ешқандай көлденең бір ой ойлауға, қамығуға болмайды.

Разия. Сіз осы сөзіңізбен-ақ мені ойға қалдырдыңыз. Айтыңыз, оның несі жұмбақ. Солдат... не болды?

Сестра. Ол биыл ғана әскерлік міндетін атқаруға келген бүлдіршіндей жап-жас жігіт екен.

Разия. Оны көрдіңіз бе?

Сестра. Жоқ, газетке суреті шықты.

Разия. Газетке? Не деп жазыпты?

(Минорлы музыка).

Сестра. Машинасының аяқ тормозы да, қол тормозы да ұстамай қалған. Тау жолымен төмен зымыраған машина жылдамдығы уақыт өткен сайын артып, құйындай ұшып қаланың тап ортасымен келе жатады. Содан паркке жете бергенде тап алдынан, көлденең көше бойымен сапқа тұрған жүз шақты балалар өтіп бара жатады. Бәрі де аяқтарын апыл-тапыл басқан сәбилер. Солдат не істерін білмей, машинасын жалт бұрып, көлденең терекке соғады. Елу жылғы кәрі ағаш түбірімен жұлынып құлайды. Машина екінші терекке соғылғанда, аударылып барып лап етеді. Әп-сәтте күлі ғана қалыпты.

Разия. Солдат аман ба?

Сестра. Қайдан аман болсын. Бір жапырақ киімін де таба алмапты. Қазір ол орынға гүл қойып, ағылып жатқан халық...

(Музыка).

СОТ ЗАЛЫНДА

Разия. Қайран қыршын жас солай қаза тапқан екен. Егер машинасын бұрмаса, не өз басын сауғалап секіріп түсіп қалса, жолды кесіп өтіп бара жатқан қазқатар бүлдіршін балалардың талайы опат болар еді. *(Күрсініп.)* Мен алғаш рет сәби қасиетін, біреу үшін

екінші адамның жанын пида ететінін тұңғыш рет көзіммен көрдім. Адам деген үлкен аттың, сен айта беретін мақсат-мұраттың ұлылығын алғаш түсіндім... Бұрын бәрі әшейін бір бос сөздей көрінуші еді... Сөйтіп аурухана-да гипсте ұзақ жаттым. Машина езіп кеткен екі аяғымды тізеден төмен кесіпті.

(Күрсінеді).

Мұрат *(баяу ғана)*. Мен ол кезде қой соңында далада жүріп, сен тартқан михнаттан бейхабар едім.

Разия. Жығылғанға жұдырық,— төрт ай өткен соң тағы да сорладым. Гипсін алған аяқ жарасы жазылып келе жатқанда гангренаға ұшырап, оған қоса тән азабымен бірге жан азабына да түстім...

САХНАДА КӨРІНІС

(Палатаға қолыңда түйіншегі бар, халат жамылған Шүйкетай кіреді).

Шүйкетай. Разия! *(Есік алдында әлденеден жасқанғандай тұрып қалады).*

Разия *(коляскада теріс қараған күйі баяу ғана)*. Шүйкетаймысың?!

Шүйкетай. Амансысың ба, Разия.

Разия. Амандығымды көріп тұрсың ғой. Әйтеуір, адаспай тауып келген екенсің. Неше ай іздедің?

Шүйкетай *(жүгіріп келіп қолынан ұстап, содан соң орындықты алып қатарласа отырады)*. Разияш, кешір, талай рет келдім. Ішке енгізбеді.

Разия. Бір жапырақ қағаз жазып жіберуге болатын еді ғой.

Шүйкетай. Мен... мен енді...

Разия *(аузын қағып)*. Жарайды, сенің ендігі ақталғаныңнан не пайда!

Шүйкетай *(күрсініп)*. Разия... Шынымен екі аяғынды да кесті ме?!

Разия. Тобығымнан кесіп еді, ол аз дегендей енді тізеден жоғары кеспек.

Шүйкетай. Неге?!

Разия. Гангрена дей ме... Мейлі, енді әйтеуір біткен адаммын ғой. Табаныңмен жер басып жүрмеген соң, түгел кесіп тастаса бәрібір.

Шүйкетай *(орнынан тұрып, теріс қарап кетеді). (Аз бөгеліп)*. Разия, бойыңда нәресте бар дейді ғой?!

Разия. Иә, болса-шы?

Шүйкетай. Оны енді... былай... дәрігерлерге айтып...

Разия. Неге?..

(Шүйкетай үнсіз).

Разия. Ә, білем, білем. Операция кезінде қиын боларын дәрігер айтқан. Тегі, сені араға салған ғой.

Шүйкетай. Жоқ, Разия. Операция кезін білмеймін, одан кейінгі қиындығын айтам.

Разия. Не қиындығы?..

Шүйкетай. Разия, біз екеуміз аз да болса жолдас боп, үйреніскен жандармыз. Саған жаным ашыған соң турасып айтамын: «Дос жылатып айтады» дейді: Ертең ол баланы асырап, жеткізу азап емес пе.

Разия. Оны білем... Мен де саған турасын айтайын: Сенімен бірге біраз жыл қыдырып көрген қызығым қызық емес, тұнық суды лайлап жүрген бұзық жандардың есірік, масыл тіршілігі екен. Оның бәрін тормозы ұстамаған машинада болғанда бір-ақ білдім. Өткен істің өкінішін қайтаруға енді дәрмен жоқ. Сол үшін де дүниеге келер сәби азабын тартып, адам етсем, бар қылмыстан арылып, адамдық парызды өтегенім болар еді. Ендігі тілек сол... Мен екі аяғымнан айрылғанда «енді кімге керекпін» деп сүлгіге буынып, өлгім келді. Енді дүниедегі ең жеңіл өлімді берсе де, одан қашар ем. Өйткені менің де әлі керегім бар екен: Сендерге шіріген жұмыртқа болсам да, дүниеге көзін ашар сәбиге анамын. Менің ендігі досым да, егіз туысым да сол.

Шүйкетай. Жетім-жесір боп, жоқшылықпен өскен балада не қадір. Ащы да болса айтайын: саған енді Мұрат та, Құмарың да қайрылмайды.

Разия. Сен де қайрылмассың!

Шүйкетай. Мен енді... келіп тұрармын.

Разия. Шүйкетай, бұдан былай саған жолдастыққа жарай алмаймын, бұдан былай сен де мазамды алмасаң екен. Келгеніне рақмет! Басым сынып барады...

Шүйкетай *(кетіп бара жатып).* «Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ». Балажан бола қалған екенсің, әлі өкінерсің, өкінерсің, тұра тұр!

СОТ ЗАЛЫНДА

Разия. Сөйтіп соңғы әзәзілдігіне көнбеген мені Шүйкетай солай табалап кетті. Бірақ одан кейін ешкімнен ауыр сөз естіп көргем жоқ... Ауруханада күн сәуле-

сімен бірге дүниеге келген нәресте атын Сәуле қойдым. Ендігі тіршілігімнің сәулесі де сол еді.

Мұрат. Мен де ауыр соққыдан мәңгіріп, таныстардың бетін көруге шыдамай, ауыл ішіне кеттім. Жар жарасына емші болған — Шарипа.

Разия. Мен сендерді еш жазғыра алмаймын, жазықты өзім. Ойнақтап жүріп от бастым. Міне, мен сот алдында, бар жұртшылық алдында сен кінәлі атанбасын деп бәрін ақтардым. Кеш мені. Шарипа екеуіне тілерім бақыт қана.

Мұрат. Мен де сот алдында, мына жұрт алдында ақталу үшін ақтарылып отырған жоқпын. Өкінішті өмірдің өткінші жауынына төтеп бере алмаған өз кінәмді де түгел айтқым келді. Сен албырт едің, жас едің, өмірдің көп бұралаңынан өткен мен, сенің аз күнгі ақылшың болсам да, тәрбиешің бола алмадым. Сен де кеш, Разия!

САХНАДА КӨРІНІС

Палата. Разия мен Сәуле.

Сәуле. Мама, мама, неге үндемей қалдың. Бар болғаны осы ма?

Разия. Иә, жаным, өзің де енді түсінген шығарсың. Алаңанға салып аялағаннан басқа Мұраттың түк кінәсі жоқ еді. Жесірлік ноқтасын өз қолыммен осылай кигем.

Сәуле. Жоқ, содан әрі не болды? Сотпен айырылысып, мүгедек сені тастап кеткені ме?

Разия. Айырылыспауға оның да шарасы жоқ еді. Арада жылдар өтіп кетпеді ме. Сен ол кезде бір жасқа толған ең. Мұрат менен күдер үзіп кеткен соң, Шарипаға үйленіпті. Ол да бұл кезде нәресте күтіп жүр екен. Оның жазығы не? Оны қалай тастасын. Бәрі кеш. Оған жазғырма, күнім. Бәріне мен өзім кінәлімін. Мен өзім, жалғыз өзім.

Сәуле. Жоқ, мама бар кінәні өзің жалғыз арқалап, оны жазғырма дейсің. Мен қалай жазғырмаймын. Жастық әуенімен жаза басқан ана кінәлі болса да, дүниеге жаңа көзін ашқан сәбидің не кінәсі бар еді?

Разия. Бәріне кінәлі өзім. Жасымда ешкімді теңгермедім. Ол кезде айнаға шашымды тарап, киімімді түзеу үшін қарамайтынмын. Өзімнің сұлулығымды, басқалардан артықтығымды көру үшін қарайтынмын.

Бар дүние, тіршілікке де солай қарадым. Мен ол кезде кейбір дүниеқоңыз, мақтан сүйер жандардың көрмеге

ғана қойған сервантындағы жылтырақ ыдыс сияқты едім. Енді, міне, сабынның алқындысындай тозған адаммын. Бойымдағы кір саған дарымасын деп 18 жыл бойы сені сол сабындай жуып келемін. Енді соңғы сөзімді тында!.. Қызым, саған айтам!

Сәуле. Мама, соншама неге таусылып сөйлейсің. Операциядан кейін-ақ айтпайсың ба?

Разия. Жаным, сен ажалға жалынба. Дүниедегі ең қайырымсыз да, адал да ажал. Ол керек еткен күні ешкімнің шағымына қарамайды... «Мұратты батыр емес, қорқақ, батыл емес ынжық деп ем. Кеш білдім, нағыз еңіреген ер, асыл азамат екен. Шын батыр алаңғасар есіріктен емес, салмақты сабырлыдан шығады екен. Мұраттың білегі күшті емес, жүрегі күшті, жүзі сұлу емес, жаны сұлу еді. Қайтейін ерте арындап, кеш білдім. Ендігі бар тілеуім сен арандамасаң болғаны. Адам қасиетін қастерлей біл. Өмірлік жар дүкеннен сатып алған қуыршақ емес: Оны шашынан сүйреп ойнай алмайсың. Мазағына көнбейді. Жазықсыз жанын жаралап алсаң, қайтып жамауыңа келмейді. Осыны ұқ. Осы тілегімді орындасаң, бүкіл адамзат алдындағы күнәмнан арылғаным. Ендігі арым да, барым да сенсің, құлыным!.. Мұратты келтірмеген де өзім едім. Оны айтуға аузым бармайды. Ол құпияны *(жастығының астынан қағаз алады)*. Өзің оқырсың, түсінерсің.

(Медсестра келеді).

Сестра. Операцияға!

(Колясканы демеп Разияны алып кетеді).

Сәуле. Ма-ма!

Разия. Берік бол, құлыным!

(Тук-тук, тук — жүрек соғысы. Қараңғы түнек. Тек алыста операция жасап жатқан дәрігерлердің көмескі көлеңкесі көрінеді. Тук, тук, тук — жүрек дыбысы. Мазасыз қараған Сәуле. Қолында анасы тастап кеткен қағаз. Әлден уақытта жүрек дыбысы күрт үзіледі де, дәрігерлер көлеңкесі жоғалады. «Мама!»— Шыңғырған Сәуле даусы қайғылы әнге ұласады.)

ҚАЙҒЫЛЫ ӘН

«Анашым, анашым,
Шынымен қиғаның ба дала таңын,
Артында жалғыз қалды балапаның,
Анашым, анашым.

Шынымен бір күн болмай суыды ма,
Сипайтын мандайымнан алақаның.
Желге, күнге тигізбеген
Аялаған баласың
Қабақ шытып білдірмеген
Тағдыр салған жарасын.
Шынымен жалғыз тастап,
Кеткенің бе, суық жерге, анашым, анашым!»

САХНАДА КӨРІНІС

(Драма эпилогы.)

(Күркіреген күн, жарқылдаған найзағай. Дүркіреп келіп жауын құйып кетті. Ұзын темір шарбақ. Шарбақ ішінде молалар. Үстінде кең халат, ала көйлек, ала дамбал киген, шәркесін сүйреткен тақыр бас, сақал-мұртын қырынбаған, қызыл мұрын мосқал адам далбаң етіп шарбақ ішінен шыға келеді. Бұл — Құмар. Алақанында бір уыс күміс. Санап тұр.)

Құмар. Жиырма, отыз, бір сом... бір сом жиырма бес тиын. Оһ, жарымаған жарыместер, қалтасынан бір тиын шықса, өліп кете жаздайды. Өңкей қалтырауықтар. Бәрібір ертең өлесіңдер. Сендердің орындарың осы ара. Мен ертең байимын. Бәріңе шашамын. Шашамын дүниеге... Ә, ә кемпірлер келе жатыр. Табамын, қазір-қазір. *(Жүгіріп кетеді. Қол шатыр ұстаған екеу терек түбіндегі тасқа кеп отырады. Бұлар Мұрат пен Шарипа. Шарипаның қолында букет.)*

Шарипа. Мына жауын ұзақ жаумаса игі еді.

Мұрат. Өткінші жауын ғой, қазір ашылар.

Шарипа *(екінші жаққа қарап)*. Ана бір жүрген қайыршы-ау, киім киісі бір тосын екен, қарашы ұсқынын.

Мұрат. Қайбір қайыршы дейсің, жалған тіленшілер ғой. Бұл араға тек қағылған-соғылған маскүнемдер келеді. Өлік шығарған адамдардан садақа алып, арақ-қа салады.

Шарипа. Не деген сұмдық. *(Мұраттың білегінен шап береді.)* Мұрат, Мұрат, мынау таныс. Қ-Құмар емес пе?

Мұрат. Не дейді?.. Иә, иә Құмар!

Ш а р и п а. Бұл байғұсқа не болған?

М ұ р а т. Әбден тозып, біткен екен!.. Шарипа, мен саған айтпап едім. Жақында Құмарға іздеу салған ем. Қазір Құмар ішімдіктен ұстамалы ауруға шалдығып, жындыханаға түсіпті.

Ш а р и п а. Жындыханаға?!

М ұ р а т. Иә, арақтың зардабы. Үстіндегі киімдері сол жындыхананікі ғой. Тегі, қашып шыққан болар.

Ш а р и п а. Бұған дейін қайда жүрді екен, байғұс, білдің бе?

М ұ р а т. Совхоз байлығын судай шашып, жігітшілік құрып жүріп, кейін үш жыл отырып шықса керек. Көп жорытқан жылан да аяғын көрсетпей ме?!

Ш а р и п а. Мұрат, анау осылай қарай келе жатыр, кетейікші.

М ұ р а т. Сездірме. Отыра бер. Ауруы ұстаған кезде болмаса, тимейді, ондайлар. *(Тақыр басынан су сорғалаған Құмар анадайдан шляпасын шешкендей реверанс жасап, басын иіп, шұбырта жөнеледі.)*

Қ ұ м а р. О благородное создание всемогущего... *(басын көтеріп алып)*. Ой, мұсылман екенсіндер ғой. О-о! жарық дүниені жалпағынан басып, масайрап жүрген құдай пендесі. Қазір екі дүниенің деңгейінде отырсың. Оң жағында *(көше жақты нұсқап)*. Қыбырлаған адам, жыпырлаған машина, сендей соғылып, сапырылысып жатқан тіршілік, сол жағында *(моланы көрсетіп)* үнсіз мүлгіген, бұл жалғаннан бейхабар, сөзден де көзден де мақұрым, төбе-төбе бықырлаған мола, мола-аһ! Е-е, тірі пенде, ертең сенің баратын орның да сол ара, сен де жер томпайтасың. Саған да ертең тірілер тауфиқ тілеп, артында қалған дос-жора жұма сайын еске алып, қайырсадақасын береді. Сен де көзің ашық, көңілің ояу тірлігінде, кең аспанның астында азат құстай еркін қалқып жүргенде, сұм ақшаға тарлық етпе, ертең шиқ етіп жаның шыққанда, асыл жар да, маңыраған мал да, бала да, қала да, дала да, жайқалған бақшаң да, сумаңдаған ақшаң да артында қалады. Тарылма, тірі пенде, өлгендерді құдай рақмат айласын, сендердің сауаптарың жайласын, өздерің жер басып жүре тұрыңдар, аллаһ акбар, аумин!

М ұ р а т *(зілді)*. Барыңыз, ақша жоқ!

Қ ұ м а р. Қағаз ақша болмаса, күміс те жетеді.

Ш а р и п а. Бірдеме берсеңші. *(Редикулін аша бастайды)*.

Мұрат. Бұларға арақ үшін бересің бе? Жоқ, жаман үйретпе.

Құмар. Әй, жолдас, мен арақ ішем бе, шарап ішем бе, онда шаруаң болмасын, садақаны сұрап бермейді, оң қолыңмен бер, сол қолыңмен бер — бәрібір.

Мұрат. Жоқ дедім ғой, жоқ!

Құмар. Әй, өзің бір өлмейтін сайтан сияқты сарақ неме екенсің *(қойнынан түбінде арағы бар четушка алады да, аузын үрлеп, қолымен қайта-қайта шертеді)*. Кшкш, кетіңдер деймін, қарашы жорғалауын, бәрібір сендерді ме, бірге құртармын-ау!

Шарипа *(үрейленіп)*. Мынау не айтып отыр?!

Құмар. Әлгі ақ бас профессор біздің бөтелкелердің аузына мына ақ тышқандарды ылғи қаптатып қояды. Бәрібір одан қорқайын деп жатқан Құмар жоқ *(қылқылдатып ішеді)*. Әй, *(Мұратқа қарап)*. Арақ деген не, білемісің, білемісің деймін!

Мұрат. Е, арақ ішімдік, адамды мас қып есінен таңдыратын тентек су, жынды су.

Құмар. Жын-ды! Сен олай арақты оскарблят етпе, ұят болады?

Мұрат. Кімнен, арақтан ба?

Құмар. Арақтан да, оны ішетін тамақтан да.

Мұрат. Сіз күнде осылай ішкенде ауырып қалмайсыз ба?

Құмар. Тyh, сен де бір сөз емес сөзді айтасың-ау. Арақ жүрген жерде ауру жүрмейді. Сен ғой мына жауыннан паналап, тұмау тиеді деп отырсың. Әрине арақ ішпегенде тымау тиеді. Ал ішкен адамға жауын тамаша закуска. Қалада ылғи мұрны шуылдап, суланып жүретін тұмаукештер бар. Оның бәрі дым сызбайтын, найсаптар. Ал ішкен адамның мұрны үнемі құп-құрғақ, жалын атып, памидордай қып-қызыл боп жүреді *(Мұрнын көрсетеді)*.

Мұрат. Әй, қайдам, әйтеуір ішімдіктен депотит, гастрит дейтін өңкей ит аурулар жабысады дейтін еді. Сіздің мұрныңыз да сондай ит аурулардың бірі шығар?

Құмар. Жолдас, сен олай менің мұрнымды оскорблять «Қардың басын қар алады» демекші, әлгі ит ауруларыңызды басын алатын да арақ итіңіз. Ол төбетіңіз ішке кіріп алып бір үріп береді дейсің, бар қаншық құйрығын қысып, тым-тырақай қашады?

Мұрат. Сіз қажымайды екенсіз?

Құмар. Несіне қажимын, балалар аман:

«Жасымда талай қызбен түсіп отқа,
Күйсем де, барғаным жоқ ешбір сотқа.
Шашылған бес баламды асырайды,
Детсад пен доммолютка, круглый сутка!»

А, өлең емес пе, ә?! Ұйқас-ұйқас, ішкі мазмұнмен қиюласып жатқан жоқ па? Сол үшін *(ішеді)*.

Шарипа. Жетеді енді.

Мұрат. Жоқ, көп сөйлесе бұлардың есі кіреді... Сені осы жұрт ауру дейді ғой, рас па?

Құмар. Ауру. Е-е ол ана шампан секілді ақбас профессордың былшылы ғой. Мен жынды емеспін, мас та емеспін. Олар білмейді. Менің бойымдағы сырқаттың бәрі де маниялық ауру. Алғашқыда өлең жазып, ақын болам дедім. Онда мания-величия деген ауруға ұшырадым. Одан соң қыз атаулы маған ғашық болып эротомания дегенге кезіктім. Эротты білесің ғой: Гректің махаббат пайғамбары. Сөйтіп махаббатқа белшемнен батып жүргенде, арақ дариясына да сүңгіп, дипсомания дертіне түстім. Арақ ішкен сайын бұрынғы ақындық шабыт түрткілеп, қоймайды, өлеңді де арақша сапырып, шампанша бұрқыратып жазып тастаймын да, редакцияларды да поэзия теңізіне қарқ қыламын. Бірақ өлең танитын кім бар, өздері көк инені көзінен түрте алмай жүріп, білгіштеріне не берерсің, сен графоманияға шалдыққан аурусың дейді. Мейлі, не десеңдер о деңдер. Бір сомдарың бар ма одан да, деп, қатындары тамаққа берген қалтасындағы күмістерін қағып кетем. Ал соңғы кезде жасыратыны жоқ, мания преследования деген пәле жабысты. Әлгі айтқан жетімектер қазір ер жете бастаған сияқты, күнде біреуі папалап соңыма түсіп, жағамнан алатын секілді. Қеш түссе-ақ болды, жындыхананың терезелерінде, бұрыш-бұрышынан жетімектерім елестейді көзіме. *(Бетін басып отырып қалады.)*

Шарипа. Жаңбыр басылайын деді жүрейік.

Мұрат. Қап, мынаумен сөйлесудің сәті түсті ме деп ем.

Құмар *(басын көтеріп)*. Мен, мен... не айтып кеттім. Тағы да шатасқан екенмін ғой. Не, не айттым?

Мұрат. Мынаған ес кіре бастады.

Құмар *(саусақтарының арасынан Мұраттарға қарап үрейленгендей)*. Жоқ, жоқ сен, сен Мұрат емессің бе?

Шарипа. Таныды, таныды.

Құмар. Сен Ша-ша, Шарипасың *(ерні дірілдеп)*. Мен ауруға шалдықтым ғой. Кешіріңдер! Не айттым, өзім де білмеймін, не айттым сендерге?!

(Мұрат пен Шарипа молаға қарай жүреді.)

Құмар. Тоқтай тұрыңдаршы. Тым құрымаса сау кезімде бір ауыз сөйлесейікші. Тастамаңдаршы, тастамаңдаршы!

(Соңдарынан ілеседі. Қайғылы ән «Анашым».)

САХНАДА КӨРІНІС

Зират іші. Жас қабір. Құлпытаста Разияның суреті. Шарипа қабірге гүл қояды. Бас киімдерін алып Мұрат пен Шарипа үнсіз тұр. Ән аяқталады.

Мұрат. Бұ дүниеден бақытсыз кеткен қыршын жас, күнәміз болса кешу сұрай келдік, топырағың торқа болсын!

(Соңдарынан жеткен Құмар суретке үңіліп, шошып кетеді).

Құмар. Мынау Разия ғой. Бұл қашан өлген? Сорлы басым, тым құрмаса бір уыс топырақ та сала алмадым-ау!

Мұрат *(қабірден алыстап)*. Бүгін қайтыс болғанына жетінші күн.

Құмар. Сәуле, Сәуле. Қызым қайда?

Мұрат. Оны да ұмытпаған екенсің ғой?!

Құмар. Кешіріңдер мені! *(Екі иіні салбырап, тізерлеп отырып қалады)*. Разия ауруханаға түскенде, одан да баладан да безіп, Шүйкетайды жұмсағаным рас еді. Ол — «құтылдық, бала болмайды» деп, келіп еді. Кейін тірі екенін білдім. Кейін, сенің алимент төлеп, өкіл әке болғаныңды естідім. Қор болмас дедім.

Мұрат. Жазықсыз сәбиді мен де қор болмасын деп панама алғаным рас. Әкелік арды аттап, өз баланнан сен безгенмен, сот алдында аттан салып, атойлап, әкесі емеспін деп безуге менің арым бармады. «Бірақ мен өлі әке болайын, Сәулеге көрінбейін» деп Разияға ант беріп ем.

Құмар. Қамқоршы болуға ақылың жеткенде, бір көрінуге дәтің жетпегені қалай?

Мұрат. Күндердің күнінде, бүгінгідей қызым қайда деп ұялмай сұрарыңды біліп ем. Сол кезде күнде көріп бауыр басқан қызым шын әкесін тапса, екінші рет

соққы жеуден артық жаза болмас еді. Екі рет, бір-ақ рет өлген әке боп, Сәуле алдында қылмыс арқаладым.

Шарипа *(алысқа қарап)*. Мұрат, Сәуле келе жатыр!

Мұрат *(абыржып)*. Сәуле! Бүгін мен неде болса бар шындықты айтып, ағынан жарылармын деп бел байлап ем. Осы арада кездесерімді білгемін. Бірақ сен тап болар деп ойламап ем. Ал енді өзің сөйлес Сәулемен, өзің жарыл ағыңнан! Әкелік атыңды өзің арашала! *(Қайғылы ән «Анашым». Мұрат пен Шарипа ұзаңқырап тұрады. Қара жамылған Сәуле анасының қабіріне гүл қойып, ән аяқталғанша үнсіз тұрады.)*

Құмар *(тізерлеп отырған қалпы)*. Сәуле, жарығым, қызым!

Сәуле *(жасты көзін бұрып, баяу ғана)*. Сіз кімсіз?

Құмар. Мен... мен Құмармын... Әкеңмін, қызым!

Сәуле *(баяу ғана)*. Мен сізді танымаймын...

Құмар *(тізерлеп, ерні кемсеңдеп, дірілдеген қолын созып, жақындайды)*. Қызым, мен шын әкеңмін. Қешір мені. Әкеңмін!

Сәуле *(баяу ғана)*. Жо-жоқ, сіздің әке болуға хақыңыз жоқ, сіз, сіз, тіршілікке жетімдік егіп жүрген қатыгез жансыз. *(Шарипа, Мұрат, Сәуле бір-біріне қарсы жүріп тұрып қалады.)*

Шарипа. Қарғам, мамаңның топырағы торқа болсын!

Мұрат. Қайырын берсін! Жан күйзелетін қаза болды. Амал не!

Сәуле *(жасты көзін көтеріп)*. Мені тастап кетті... Жалғыз... Жалғыз қалдым ғой!

Мұрат *(басын көтеріп)*. Неге олай дейсің, жаным. Біз бар емеспіз бе, қызым!.. Қызым!

Сәуле. Па-па!

(Құшақ жайып ұмтылысып, бірін-бірі құшағына алады).

Құмар *(көзі аларып, шошып)*. Бармаймын! Мен жынды емеспін! А-а-а-а?

(Айғайлаған бойы молаға жүгіріп көрінбей кетеді. Күн күркіреп жарқылдайды. Жауын жауып кетеді. Мола ішінен күркіреген күндей Разияның үні: «Қызым саған айтам, ендігі арым да, барым да сенсің! Қызым саған айтам!» Дауыс тұншыға бітеді. Музыкалық тәмәм.)

Соңы

ТҰТҚЫНДАР

(Екі бөлімді драмалық новелла)

Новелла кейіпкерлері:

1. Композитор
2. Надзиратель
3. Белгісіз тұтқын
4. Капеллан
5. Миссис адвокат
6. Түрме бастығы (әрі полиция жандармы)
7. Бастықтың көмекшісі
8. Газет таратушы балалар

Оқиға қара полковниктер жайлаған Греция, Стресенердің фашистік қылмыс әрекеттері қаулаған Парагвай, тонтон-макуталардың жауыздығына ұшыраған Гати, сол сияқты бостандыққа ұмтылған патриоттарды еркінен айырған. Оңүстік Африка, Уругвай елдерінің бірінде болады.

I бөлім

ПРОЛОГ

Қайғылы музыка — Моцарттың реквиемі. Реквием бастала бере күрт өзгеріп, неше түрлі битлз пластинкалары ойнайды. Көше жарнамаларының мың құбылған жарықтары. Ағылған машиналардың дабылы гүрілі, ыңшың. Солардың ішінен күн күркірегендей дыбыс естіледі — аспанға, ұшқан космос кораблінің үні.

Газет таратушы балалар жүгіріп шығады, жақтарында тыным жоқ.

Бірінші газет таратушы бала. Сенсация, сенсация, адам айға қонды. Бүкіл дүние жүзі газеттерінің бетінде материалдар басылған, алыңыздар.

Екінші бала. Жаңа газеттер сатып алыңыздар. Американың «Нью-Йорк таймс», ағылшынның «Гардиан», Жапонияның «Асахи», «Нихон Кэйдзей».

Үшінші бала. Францияның «Монд», Германияның «Нойес Дойчланд» Италияның «Паеза Сера» газеттері.

Бірінші бала. «Адам баласының гажайып қабілетін, кереметтерді игергенін есту қашан да қуаныш. Оның айға, тіпті одан да әрі шыға алатыны айдан анық».

Джанни Родари.

Екінші бала. «Осы заманда айды игеру адам баласына не жақсылық әпереді? Жер бетінде әлі қайыршылықтан арылмай жатып, бұл — жүз миллиондаған доллар ақшаны желге шешумен бірдей емес пе?».

Үшінші бала. «Техника қаулап өсіп, ғажайыптар ашылып жатқан заманда, космосты игерген кезде, жер бетінде әлі де әділетсіздік, қайыршылық, аштықтың бел алуы не деген масқара!»

Оскар Нимейер.

Бірінші бала. «Адам баласы космосты игеріп жатқанда Грециядa полициялық террор белең алған, кез келген уақытта үйлерді тінту, адамдарды түрмеге заңсыз қамау, себепсіз ұстау, тыңшылық жүргізу — гестапошылардың айуандығынан түк айырмасы жоқ».

Брюкберже.

Екінші бала. Уругвай, Парагвай, Оңтүстік Африка патриоттары қамауға алынған, оқыңыздар, алыңыздар. «Юманите» газеті Москвада өтіп жатқан коммунистік және жұмысшы партияларының халықаралық мәжілісі жөнінде хабар басқан.

Көгілдір сәуле астында тұтқын композитор мен надзиратель транзистер тыңдап тұр.

Транзистордан дауыс. Сөйлеп тұрған Москва, сөйлеп тұрған Москва. Москвада өтіп жатқан коммунистік және жұмысшы партияларының халықаралық мәжілісінде сөйлеген делегаттардың сөзін береміз.

Бірінші делегат. «Біз коммунистердің ұлы армиясының, ең ұлы еркіндік армиясының өкіліміз. Осында жиналған партиялардың қай-қайсының да жұмысшы табының ісі жолында жанын пида еткен өз ерлері бар...

Екінші делегат. Американ империализмінің қолдауымен үкімет басына келген заңсыз өкімет жүргізіп отырған үрейлендіру, аштыққа душар ету саясатына қарсы көтерілген еңбекші халық наразылығын фашистер оқпен де, қылышпен де тұншықтырғысы келеді...
(Сахна айнала береді. Пистолет жарығында өңдері қашқан, сақал-мұрттары өскен, жүдеу тұтқындар бірінен соң бірі өтіп жатады. Репродуктордан дауыс естіледі).

Репродуктордан. Бұл еңбек қара полковниктердің түрмесінде қаза тапқан гректің белгілі қайраткерлері Попендреуге, Ламбракиске сол сияқты еркіндік жаршысы Анджела Девиске, қапаста қамалып, еркіндік аңсаған Уругвай, Парагвай, Оңтүстік Африка елдерінің патриоттарына арналады.

1-КӨРІНІС

Түрме камерасы. Композитордың түсі.
Камера буалдыр көгілдір түске бөленген. Тақтай нарда сақал-шашы өскен тұтқын композитор ұйықтап жатыр. Шұбатылған ұзын, қара мантия киген Капеллан жанына келеді.

Капеллан. Тұр орныңнан, балам, қане тұр, тұр!

Композитор *(орнынан тұра бере шошынып)*. Сен тағы келдің бе?

Капеллан *(крест ұсынады)*. Сен өлім жазасына кесілгенсің, құдайдың құлы...

Композитор. Құдайың да, кресің де өзіңе.

Капеллан. Ә, пенде, олай қателеспе, басқа пәле тілден. Бұл тіршіліктегі иелеріне де тіл тигіздің, жазаңды содан тарттың.

Композитор. Сенің ақылың еді маған жетпегені.

Капеллан. Тіршілікте ешкімнен сескенбесең де, дәмің таусылған сәтте құдайыңнан қорық. Ертең мәңгілік өмірге барғанда өкініп жүрмегейсің.

Композитор. О дүниеден рақат тілер жайым жоқ, рақымы күшті болса, құдайың бұл дүниедегі бүкіл адамзатқа сол рақатын неге бөліп бермеген. Біреуге сараң, біреуге жомарт, не деген ала қол еді!

Капеллан. О, тойымсыз пенде, тойымсыз нәпсі. Құдай тағала саған екі қол, он саусақ берді. Әр саусағыңның басына сайраған бұлбұл қондырды. Өзің емес пе сол құстардан айырылып қалған.

Композитор. Саусақ түгілі басыңды еркіңнен айырса, сайраған әр бұлбұлың қанатын еркін жаза алмай, тынысы тарылып, бұлқынып, өз жүрегінді тырнайды.

Капеллан. О, құдайдың құлы, басыңды еркіңнен айырған ең алдымен өзің емес пе, ән-күйге жаралған басты саясаттың добына айналдырдың.

Композитор. Жоқ, қателестің, қасиетті патер, мен жұртым үшін басымды оққа байлағам, допқа айналдырған сендер.

Капеллан. Сен де қателестің, жарқыным, менің саған әмірім жүрмейді, бар тақсіретті жазмыштан, осы дүниеге жіберген замандасыңнан тарттың. Сен шырылдап жөргекке түскенде, жаза бассаң, жағаңнан алатын, қия бассаң шеңгелін салатын екінші сәби де бірге келген дүниеге. Адам баласы біріне-бірі қарауыл екенін білмейтін бе едің. Тудың — еркіңнен айырылдың. Өз дегеніммен болам деу — жасағанның билігіне таласу.

Композитор. Құдай адам мен сайтанды бір күнде жаратыпты дегенді естуші едім. Ал сені қай күні жаратты екен? Адам да емес, сайтан да емес.

Капеллан. Мен жаратылысымда құдай мен адам арасындағы дәнекермін, тәубесінен жаңылған адамның тілін калимаға келтірер түрме капелланымын. Мені о дүниеге аттанар сапарында ғана екі дүниенің деңгейінде көресің.

Композитор. Сонда сені құдайдың өзі аспаннан осы күйінде түсірді ме? *(Күледі).*

Капеллан. Күлме, жарқыным, құдай тағала әрқайсымызды о баста әрқалай жаратқан. Біреуді басшы, біреуді бағынышты, біреуді дәулетті, енді кейбіреулерді жетім-жесір етіп, таршылыққа, жоқшылыққа кіріптар еткен. «Жазмыштан озмыш жоқ». О баста басыңа не жазды,— соны істе, басқаға ұмтылма. Бұл фани жалғанда не боп жатыр,— оған менің қатысым жоқ. Құдай жолынан басқаны көрмеймін.

Композитор. Сенің қара кебін сүйретіп бықсық-қоқсықтың арасынан түнде шығатын тарақандай жарық көрмей, көр соқыр болғаның сол екен ғой.

Капеллан. Олай қателеспе, пенде, сен тіл тигізді деп менің күнәға батар жайым жоқ. Сен секілді айға шауып, мерт болар да жайым жоқ.

Композитор. Сен тарақансың деймін, тарақансың. Ай түгілі, жарыққа тура қарауға дәтің шыдамайды.

Сенің тіршілігің қараңғылықта өтпек. Ал мен жарыққа ұмтыламын.

Капеллан. Бәрібір одан ештеңе өзгермейді. Жер бетінде күн мен түн қандай өзгермесе, өмірде тапжылмайтын егіз дүниелер бар. Ол — махаббат пен зұлымдық, қайырымдылық пен қиянат, тоқтық пен аштық, еркіндік пен тәуелсіздік. Дүниеде болып жатқан соғыс, айқас, дүрбелең — бәрі тіршілік заңы. Оған араша тұру — замана доңғалағының шабағына түсу.

Композитор. Жоқ. Оларды істеп отырған — адам, оларды ауыздықтайтын да — адам.

Капеллан. Сендерді желіктіретін құдайсыздар елі бар. О, жасаған, кешіре гөр! Онда кісі күлерлік нәрселер ойлайды: олардың құдайы — адам! *(ақырын күледі)*. Бәрі соның қолында. Сонда қалай болғаны? О, есуас жаратылыс, сен де құдай, мен де құдай. Ал адам қайда?

Композитор. Иә, дұрыс айттың. Адам қайда, нағыз адам қайда? Оны сен де көре алмайсың, көр соқыр. Сенің үрме бастығың — абжылан, сен — ібіліс, ал қазіргі өкімет басшылары — пайғамбарлар, ең басшысы — құдай. Бәріңнің жалпы атың — фашизм. Ал, солардың бәрін билейтін, жанын жаһаннамға жіберетін тағы біреу бар. Ол — адам! Ол — мен! Ол — мына көрші камерада, одан әрі, алыста — жер бетінде көп! Ха-ха-ха! Ха-ха-ха!..

(Музыка.)

(Капеллан үрейленіп шегіншектей береді. Қараңғылық.)

2-КӨРІНІС

Камера. Күдікті тұтқындар.

Жарық қайта жанғанда композитор саңқылдаған өз күлкісінен өзі оянып, нар үстінде мәңгіріп отыр. Жеңімен маңдайының терін сүртті. Түсінде көрген Капеллан жоқ. 50—55-тер шамасындағы тағы бір тұтқын (белгісіз тұтқын) камера ішінде ерсілі-қарсылы тынымсыз кезіп жүр. Композитор шытынап, оны жаратпай отыр. Кейде екеуі бір-біріне ұрлана қарап қояды, көздерінде сенімсіздік. Бір кезде құлып салдарлап, темір есік ашылады. Шашы аппақ құдай бүкшиген надзиратель сылбыр басып кіреді де, екі нардың қасына екі тостаған ас қойып, ұйқылы-ояу қалпында үнсіз шығып кетеді.

Құлып салдыры. Белгісіз тұтқын поезд күткен жолаушы-

дай ерсілі-қарсылы әлі кезіп жүр. Ақыры, композитордың шыдамы таусылады.

Композитор. Құдай үшін аяғыңызға тыным беріңізші, сіз ұшатын самолет кешігіп жатқан болу керек, егер билетіңіз қалтаңызда болса, шыдамсызданбай, отырып-ақ күтсеңізші.

Белгісіз тұтқын. Рақмет! Өте тауып айттыңыз, шынында да көп ұзамай жұмақтың төріне пейіштің құсындай ұшпақпын.

Композитор. О дүниеге барған соң пейіштің бағында бұлбұл боп сайрадың не, қыл көпірден құлап, тамұқтың отында лауладың не?!

Белгісіз тұтқын. Олай болса, сіз айтқандай қалқыған самолетпен емес, мені өңі түгілі түсінде де көрмеген әлдебір бейтаныс жендеттің қолынан о дүниеге аттанар алдымда, біраз жер басып қалуыма мұрсат беріңіз. *(Пауза.)*

Композитор. Иә, жер, қасиетті ана, оның төбесіне шығып ойнақтасаң да, баласындай санап еш ауырсынбайды, эттең адамдардың өзі ғой, бірін-бірі алқымнан алып, жердің астына түсіргенше электенетін. Эттең тіршілік қасиетін бар адамзат бірдей түсініп, бірдей өмір сүрсе ғой...

Белгісіз тұтқын. Қазір жер шарының жартысы, бүкіл көзі ашық адамзат ондай түсінікке жетті. Бізге арман болған заманда келешек ұрпақ өмір сүрмек.

Композитор. Тым құрмаса соңғы рет саясатпен шұғылданбай-ақ қояйықшы. Жаңа ғана о дүниеге аттанбақшы болып, буынып-түйініп, өлімге мойын ұсынған сияқты едіңіз. Енді болашақ жөнінде философияның қажеті не?

Белгісіз тұтқын. Одан сіз неге безесіз. Тегі, сізді де осында әкелген тіршілікке қажетті, кейбіреулерге қажетсіз философияңыз болар. Атам заманнен бері — Прометейден Галилейге дейін Леонардо да Винчиден біздің замандастарымыз Лумумба, Назым Хикметке дейін адам баласы бар тақсіретті кезінде өзінің асқақ оймен ұлы істерінен тартқан, ондай адамдар әлі де сол қасіреттен құтыла алмай келеді.

Композитор. Тіліңіз не деген майда еді. Тегі, бұл арадан өз міндетіңізді ойдағыдай атқара алмай кететін мерзіміңіз тақаған болар, Мұндай парасатты ойларыңызбен әлі де талайды сөзге тартарсыз. Мен сізге серіктікке жарамаспын. Ғафу етіңіз ,енді қысқа өмірімді

жіпке тізіп, не болды, не қойды тыныш отырып есіме түсіріп, соңғы минуттарымды мазасыз өткізуіме мұрсат беріңіз.

Белгісіз тұтқын. Мен сіздің тыныштығыңызды күндемеймін. Тым құрыса өлер алдында адам бірін-бірі күндемей көз жұмуына болатын шығар. Осы арада кім қалып, дар ағашының астында, не үңірейген мылтық ауызында кім бұрынырақ тұрады, оны күндеудің не керегі бар?!

Композитор. Әрине, ол айтқан орыныңызда менің бұрынырақ тұратыныма көзіңіз жеткен соң, сізге тіпті қынжылудың реті жоқ.

Белгісіз тұтқын. Оған асықпаңыз. Мен бәрібір сіздің алдыңызды орап кетемін. Маған кесілген өлім жазасы бүгін орындалмақ.

Композитор. Өлім жазасы?!

Белгісіз тұтқын. Иә, өлім жазасы?

Композитор. Тегі, өлім жазасын жоғарғы өкімет бекіткен ғой!

Белгісіз тұтқын. Фашистер үшін конфирмация деген не, тәйірі?!

Композитор. Осындай суық сөздерді айтуға түк жүрексінбейді екенсіз? Өлім Сіз үшін ойыншық болғаны-ау?!

Белгісіз тұтқын. Жүрексінгенде не істеуім керек?!

Композитор. Жоқ, әншейін... өлімді тәлкек ететініңізді айтам. Өлетінін күні бұрын білген адам нендей күйде болады екен деп ойлаушы едім. Сіздің қалжың сөздеріңізге, ұстамдылығыңызға қарағанда, өлімнің пәлендей қиындығы жоқ-ау, сірә.

Белгісіз тұтқын. Сіз өлімнен қатты үрейленеді екенсіз.

Козпозитор. Мезгілсіз жеткен қазадан кім қорықпайды дейсіз.

Белгісіз тұтқын. Иә-иә ә!.. *(аз ойланып, өзіне-өзі)*. Мен де қорқамын... Қаншама орындалмаған істер, орны толмаған арман. Егер адам төтенше келген апатқа ұшырап, не аяқ астынан бақытсыздыққа кезігіп, мерт болмаса, төрелеген ажалға қынжылмайды. Әрине, жасы жетіп қаусап отырса да, кімнің өлгісі келеді дейсің. Әйтсе де, жас қартая келе, өзінің ғұмырлық емес екенін сезетін пәнде өлімге де мойын ұсынбақ. Ал жаңа ғана өмірге көзінді ашып, бойында күшің тасып, тіршілікке

үлес қосамын деп жанталасып, қараңғыдан жарыққа ұмтылған шағында, жаңа ғана өзіңе де, жұртқа да пайдаң тие бастаған кезде, орта жолда тырп еткізбей ұстап алып, қия бастырмай қара күшпен тамағыннан алып, сенің жан сырыңа құлақ аспай, тіршілік жолынан неге әкететінін сұрауға да мұрсат бермей қылғындырғанда, дәрменсіз мүсәпір халге жеткеніңе ғана қиналасың. Әсіресе, тұтқиылдан бас салған жыртқыштың тырнағында, өзіңнің анандай өмір мен өлім арасында толғатып жатып табар анадан туған періштенің тырнағында, бір кезде шыр етіп дүниеге өзіңмен қатар келіп, ана жөргенінде жұп-жұмсақ балапан қолдарын тырбаңдатып жатқан сәби шеңгелінде тұншығып бара жатқаныңды білгеннен ауыр азап жоқ... *(Пауза).*

Композитор. Жасы жеткен ондай сәбилердің аты адам емес, жендет қой! Неге шатастырасыз?

Белгісіз тұтқын. Иә-иә, ә, адам деген атаудың баламасы осылайша көбейе береді. Сөйтіп сөздік құрам осындай сұрқия синонимдермен байып, бара-бара олар мүлдем қалыптасып, сөздік қорға енеді.

Композитор. «Арамза» да «кісі», «пенде» сияқты мәндес сөздер емес пе?

Белгісіз тұтқын. Тыңшы...

Композитор. Провакатор?..

Белгісіз тұтқын. Сатқын? *(Кідіріс).*

Композитор. Тегі, сен тіл маманы боларсың?! Әлде өзің жайлы бірдеңе бықсытқың келе ме?

Белгісіз тұтқын. Ә, бәлкім сен туралы болса ше?

Композитор. Мен туралы ма, ехэ!

(Ұзақ кідіріс).

Белгісіз тұтқын. Егер жаңылмасам, жарқыным, сені полиция үйінде көрген сияқтымын.

Композитор. Полицияда? Түк те жаңылған жоқсың? Сен мені тек сонда ғана көруге тиістісің.

Белгісіз тұтқын *(ызалы).* Тым тез мойындайды екенсің. О жолы сақал-шашың мұндай емес, жыпжылтыр мұнтаздай едің.

Композитор *(бұл да ызалы).* Мені сағат сайын тепкінің астына алып дүрелеп, сілікпемді шығарғанда, кез келген өлексе өз күнін менен артық санап, жиіркене қарамақ түгілі, бетіме түкіруі ықтимал. Бірақ мен есім ауып, көзім қанға толып жатқанда, сені анықтап көре

алмадым. Тегі, сен талай рет қасымда тұрғансың ғой. Рақмет, жасырмағаныңа!

Белгісіз тұтқын. Жоқ, сіз мені түсініңкіремей қалдыңыз. Анығырақ айтуға рұқсат етіңіз. Мен сізді полиция жандармының мундирін киіп, үстіңізден әтір иісі аңқып, қазіргідей аузын түк басқан маймыл сияқты емес, аршылған жұмыртқадай болып тұрған күйіңізде көріп ем.

Композитор. Ах-ха-ха! *(Ызалы)*. Мундир киіп, аршылған жұмыртқадай боп тұрғамын! Иә-иә, дұрыс айттың жұмыртқадай... Бірақ сәл қателестің, аршылған жұмыртқадай емес, асылған жұмыртқадай тұрған өзің шығарсың, ал мен жатқамын, бар қабығымнан сау-тамтық жоқ, мылжа-мылжам шығып, тас еденде домалап жатқанмын.

Белгісіз тұтқын *(бұл да ызалы күлкімен)*. Тегінде, сен полция мектебінде ғана оқып қоймай, актерлік гимназияны да жақсы бітірген боларсың.

Композитор *(жүзінен күлкі табы жоғалып, өңі сұрланып, ашуға булығып әр сөзін зорға құрайды)*. Жетер енді. Нені жеткізгің келеді, сұра, сұра, жауап берейін. Күнде айтып жүрген жауабымды берейін, онан басқаны менен ала алмайсың. Саған күн көру керек, сор мандай балаларыңды асырағың келеді сорлы әке, сұра, сұра!

Белгісіз тұтқын. Жетсе жетеді енді жасырынбақ ойнауымыз! О дүниеге аттанар сапарымда, соңғы рет кіммен, қандай арамзамен, тыңшымен, сатқынмен отырмын, білгім келеді. Иә-иә, білгім келеді! Тым құрымаса ақтық рет, ақ өліммен...

Композитор. *(Соңғы сөйлемін тыңдауға шыдамы жетпей, бар даусымен айғай салады.)* Иә-иә, мен композитормын, композитормын. Сенің балаң үшін елімнің ұл-қыздары үшін, ата-аналарға, халқыма арнап ән шығардым. Қайда жүрсе де еңбек етіп, қуанышын тойласын, дем алсын, бәрін шаттықпен өткізсін, еркін білеп, еркін ән салсын дедім... Иә, иә коммуниспін. Иә, өз мақсатым, өз бағытым болғанына, қоғамда жер шарында өз орным барына мақтанамын... Жасым... жасым отыз екіде... Бар, бар, әйелім де, балаларым да бар. Екеу — бір қыз, бір ұл. О, бақытсыз қарлығаштарым... Неше рет сұрайсыңдар, иә, мен өкіметке, оның жауыздығына, әділетсіздігіне қарсы шықтым. Талай рет, иә, иә!

3-КӨРІНІС

Елес, тағы да жауап.

(Композитор сөйлей бастағанда камера ішін қараңғылық басады да, әлсіз жарық қайта жанып, қызара береді. Камера іші оттай лаулаған қып-қызыл түске бөленгенде, композитор шоқтың үстінде отырғандай көрінеді. Белгісіз тұтқын жоқ. Композитордың қарсы алдында талтайып полиция жандармы — түрме начальнигі тұр. Композитордың алғашқы сөздері ауру адамның сандырағы сияқты: ол белгісіз тұтқынға ыза болған кезде, полициядағы тартқан азабы, көрген қорлығы көз алдына елестеп, нәзік жанды адам тағы да өзін жандармның алдында отырғандай сезінеді. Енді оның алдына полиция жандармы келіп сонымен сөйлескендей болады. Келесі эпизод соның көзімен (галюцинация) беріледі.

Полиция жандармы. Ақырын, ақырын, асықпа, саспа. Рет-ретімен, жүйе-жүйесімен. *(Композитор қарқынынан басылып, сұлық түскен).* Қашаннан бері өкіметке наразылық білдірдің? Ол «өнерді» өзің бе бастаған, әлдебіреулер үйретті ме?

Композитор. *(Баяу ғана.)* Мен бар болғаны шындықты, еркіндікті жақтадым, ешкім үйреткен жоқ, неше рет қайталау керек!

Полиция жандармы. Ештеме етпейді. Тағы да қайтала, одан ештеңең кетпейді. Ойлан, рұқсат, мүмкін, бұрын айта алмағандарың есіңе түсер, асықпа, асықпа. Наразылықты алғаш неден бастадың?

Композитор *(сәл ойланып).* Наразылық ең алғаш өкімет тарапынан болды.

Полиция жандармы. Ол қандай наразылық, неге?

Композитор. Ең алғаш жаңа өкіметтің бұйрығын орындамаған күннен басталды. Сол күннен былай артымнан салақтаған тыңшы ерді.

Полиция жандармы. Нендей бұйрық?

Композитор. Жаңа республикаға арнап жаңа гимн жазу.

Полиция жандармы. Сен жазған жоқсың ба?

Композитор. Иә.

Полиция жандармы. Неге?

Композитор. Музыка бұйрықпен, заказбен жазылмайды. Сонан соң маған сөзі ұнамады. Тіпті, шынымды айтсам, жүрегім айныды.

Полиция жандармы. Былайша айтқанда, гимнге жазылған өлең ұнамады де, неге?

Композитор. Шып-шылғи өтірік. Жалған!

Полиция жандармы. Несі өтірік?

Композитор *(даусы қаттырақ шығады)*. Біздің елде қандай теңдік, еркіндік бар? Еркін сөйлеуге, бар азамат тең тұруға жол жоқ. Адал жандарды, халықтың нағыз бетке ұстар ұл-қыздарын — коммунистерді, ғалымдарды күнде ұстау, түрмеге қамау... Еңбекші жұрт аш-жалаңаш, алым-салықтан көз ашпайды. Айнала қайыршылық — пауперизация. Осындай тапшылыққа, қорлыққа қарсы асқақ, өтірік гимн жазбағаным үшін аңдуға түстім, ақыры үкіметтің жауы боп, қамауға алындым. Осы ма сендердің бостандықтарың?

Полиция жандармы. Сен композитор ғана емес, бөтен адамдардың сөзін ұрлайтын ұры да екенсің. Композитор үшін ән шекарасынан шығудың зияннан басқа, түк пайдасы жоқ.

Композитор. Композитор — алдымен өз елінің азаматы, оның да тілі, ойы бар. Оның тілі — ән. Музыкадан хабарыңыз тым көп екен.

Полиция жандармы *(мысқылмен)*. Бұл әншейін мылжың, құрғақ саясат, қызыл большевиктердің ілімі... Сонымен сен еш уақытта да гимнге ән шығарған жоқсың ба?

Композитор. Шығардым. Бұрынғы республикаға арнап шығарғанмын. Бірақ артынан авторлықтан бас тарттым. Осы күнге дейін аңғалдығыма өкінемін.

Полиция жандармы. Себеп?

Композитор. Ол республиканың бүгінгіден түк айырмашылығы жоқ, қазір тек өкіметтің түрі ғана өзгерген. Халыққа қажетсіз метаморфоза.

Полиция жандармы. Онда несіне жаздың?

Композитор. Ол кезде тым жас едім, көп нәрсенің парқына түсіне бермейді екем! Сонан соң семьямды асырау үшін қаламақыға қызығыңқырап кетсем керек.

Полиция жандармы. Қазір байыған шығарсың?

Композитор. Иә, байыдым, тек әйелім мен балаларымның күн көрісі қиындау.

Полиция жандармы. Бірақ өзіңнің тамағың тоқ болған ғой. Сенің соңғы жазған шығармаларыңды — жұмысшылар гимнін, жаңа өкімет туралы сықақ әндерінді, қаза болған коммунистер жөніндегі қайғылы

реквиеміңді жастар жақсы білетін көрінеді, тегі, оларға көп ақы төлеген шығар?!

Композитор. Соқыр тиын алғаным жоқ. Бірақ олар өзім үшін де, көпшілік үшін де өте бағалы, құнды. Оны жүрегімнің қанымен, сен сияқты жендеттердің қолынан қаза тапқан жазықсыз коммунистердің қанымен жаздым!

Полиция жандармы *(ақырып)*. Жетті. Тоқтат. Бірақ қалжыңдастық. Болар енді, сұмырай. Пигмей! *(Пауза...)* Ұйымдарыңда қанша мүше бар, кімдер?!

Композитор. Өте көп, сан жетпейді.

Полиция жандармы *(алақанын соғады)*. Қане, айт олардың есімдерін. Қай жерде жиын өткіздіңдер, нендей тақырыпта, мақсаттарың не? Айтқызбай қоймаймын *(тағы да алақанын соғады)*.

Композитор *(жаны ышқынып)*. Әкет, әрі әкет, білмеймін, білмеймін, ештеңе де білмеймін, әкет. Әкетіңдер, сұр жыландар. Білмеймін ештеңе, білмеймін, бәрің де жыланысыңдар, бәрің де.

(Бұл уақытта сырттан барабан үні, артынша шіркеу қоңырауының үні шығады. Камера қараңғыланады.) Қайтадан әлсіз сәуле түскенде, жандарм жоқ, әбден шаршаған, қажыған, композитор мен оның есінің кіруін күтіп, белгісіз тұтқын тұр. Екеуі де сырттағы суық үн аяқталғанша қыбыр етпей, үнсіз отыр.

4-КӨРІНІС

Өлім кезегі.

Белгісіз тұтқын. Тағы да біреуді қайтпас сапарға аттандырды. Енді менің кезегім келген шығар.

Композитор *(оның сөзін тыңдамай, әлдекіммен сөйлескендей)*. Мені мұнда қашан әкелді, қашан? Ох, әбден қинады-ау, жыландар. О-ох, не деген қорлық, айуандар, инквизиторлар.

Белгісіз тұтқын. *(Өзіне-өзі.)* Сорлы елдің сор маңдай композиторы. Сенің де қолыңды матап тастады! Мен саған сенбедім, сен маған, не деген сұмдық! *(Темір құлып сылдыр етеді Сырттан надзиратель кіреді де, тостағандарды алып, есікке беттейді)*.

Композитор *(баяу ғана)*. О, меңіреу, мылқау. Аузын буған өгіздей пыс-пыс етіп қыбырлап жүріп, үнсіз күзеткені үшін бұл да ақы алады. Ит тірлік. Біреуді бі-

реуге бақтырып қойған заман. Және кімге кімді бақтырады? Малға адамды. Оh есек! *(Есірік күлкі.)* Жо-жоқ, есек емессің. Есек сенен артық. Ол күн шыға жұртқа: «Қайырлы таң» деп жар салса, күн батқанда: «Қайырлы түн! Жақсы жатып, жай тұрындар» деп, жақсылық тілейді. Сенде ол да жоқ. Сен нағыз галера құлысың, басыбайлы құлсың, меңіреу!

(Надзиратель бәрін желкесімен тыңдағандай сәл бөгеліп барып, қайрылмаған күйі аяғын кібіртіктей басып шығады. Құлып салдыры).

Белгісіз тұтқын *(өзімен-өзі)*. Бұдан он жыл бұрын осы камерада отырып ем. Бұл бейбақ сонда надзиратель еді. Аузының жігін ашып көрген емес. Мылқау боп қалған сорлы ғой. Қалай қартайған, мүлдем қаусаған екен.

Композитор. *(Белгісіз тұтқынға.)* Әй, сен әлі жүрмісің мұнда? Екінші күн дегенде зорға тілге келдің. Қажыған жоқсың ба, космос ғасырында полиция информация алудың жаңа әдісін таба алмаған екен.

Белгісіз тұтқын *(зілсіз күледі)*. Бір нәрсе сұрайын, айтасың ба, достым?

Композитор. Досты-ы-м?!

Белгісіз тұтқын. Осы сен партияға қашан кірдің?

Композитор *(ашуланып)*. Онда шаруаң қанша? Жауап алғың келді ме?

Белгісіз тұтқын. Жарайды, жарайды айтпайақ қой.

Композитор. Өзім де құштар едім айтуға.

Белгісіз тұтқын. Тегі, таяуда кірген боларсың. Тым сезімталсын, қызбасың, қаның ыстық. Рас, еркіндік жолында аянарың жоқ. Бірақ түрмеде отырып та нағыз коммунистерше күресе білмейсің, eh, композитор...

Композитор. Оған қиналмай-ақ қой.

Белгісіз тұтқын. Сенің жасыңда менен де жауап алып қинағанда қорқыңқыраушы едім. Атуға бұйырып, ертең өлесің дегенді естігенде, бір түннің ішінде шашым ағарып кеткен. Бірақ о жолы мені өлтірген жоқ.

Композитор. Иә, әлі жер басып жүрген көрінесің.

Белгісіз тұтқын. Содан үш күн ұдайымен әуреленіп, қабырғаға еңсе көтерерлік сөздер жазып, үнемі соған қарайтын болдым. Әне көрдің бе? *(қабырғаны нұс-*

қайды). «Не еркіндік, не өлім, басқа жол жоқ!» содан бері қаншама түрме, қанша камера ауыспады!

Композитор. Үйден тас тесетін қарандаш алып шыққаның жақсы болған екен. Әлде полицияда альфомиттер дайындап берді ме?

Белгісіз тұтқын *(етігін шешіп алып, табанын сөгіп жібереді де, ырсиған шегелерді көрсетеді).* Міне табанымның астында қаншама түрме қарындаштары жатыр. Иә, үңірейген мылтық аузында тұрып та күресе білу керек.

Композитор. Шырқа, шырқа, бұлбұлым! Мүмкін, келесі жолы жұмсарармын. Сенен қалай күресу жолын үйренермін. Ал әзірше жеке қалып дем алайын, үйіңе бар, балаларың сарғайып күтіп отырған шығар, жылы төсек те салулы болар. *(Құлып сылдырлайды).* Ішке надзиратель мен Капеллан кіреді. *(Белгісіз тұтқынға келіп, крест ұсынады.)*

Капеллан. Балам, жайлы дүниеге аттанар алдында құдайыңа құлшылық ет, шоқын.

Белгісіз тұтқын. Патер, Капеллан, мен католик емеспін.

Капеллан. Протестантпысың, саған пастора керек пе?

Белгісіз тұтқын. Жоқ жоқ. Протестант емеспін.

Капеллан. Мұсылманбысың онда? Бәрібір, балам, құдайға құлшылық ет. Адам баласының бәріне тәңірі ортақ. Бәрі де соның алдында жан тапсырады.

Белгісіз тұтқын. Жоқ, мен коммуниспін. Мен дінге, құдайға емес, адамға сенемін. Ал адамға ғұмыр бойы табынып келемін, енді сенің көмегіңсіз-ақ мәңгібақи көз жұма аламын.

(Надзиратель тұтқынның қолына бұғау салады да иегімен «жүр» деген белгі береді. Белгісіз тұтқын бұғауын салдырлата композиторға жүгіріп келеді).

Белгісіз тұтқын. Бауырым, інім, берік бол! Бар адал жан қапаста өле беруге тиіс емес. Сенің үнің түрме ішінен сыртқа шықсын, алысқа жетсін, сол үшін күресе біл. Кел, сен арқылы соңғы рет, соңғы рет, балаларымды, күрес жолындағы достарымды сүйейін. *(Сүйеді.)* Қош бол, бауырым, қош бол, достарым.

(Белгісіз тұтқынды Капеллан, надзиратель алып шығып кетеді).

Композитор *(соңынан айғайлап)*. Ертең сенің ерлік өлімің жайлы реквием жазармын. Өзіңше мені сенді деп ойлайсың ғой. Білем сендердің әдістеріңді. Бәрібір сенбеймін сендерге, бәріңе. *(Қолын жаяды.)* Өз қолыма, саусағыма да сенбеймін. Бұлар да бүрісіп қатып қалды. *(Кідіріс. Аздан соң.)* Әлгі осы не туралы айтты. Мундир киген жандарм кім? Онымен не айтпақшы болды. Иә, иә, анада мені полиция киімін киіндіріп суретке түсірді. Неге? Мұнда арандатудың жаңа бір түрі бар. Жаңа амал... Жо-жоқ, түсінбеймін.

(Барабан үні естіледі).

Композитор *(орнынан атып тұрады)*. Шынымен оны өлім жазасына бұйырғаны ма. Шынымен?! Түсінбеймін.

(Барабан үні өшеді).

Енді менің кезегім *(басын қос қолдап ұстап)* Реквием! Менің соңғы реквиемім!

(Музыка. Задникте үнсіз мелшиген, меңіреу тас түрменің контуры.)

II бөлім

Қайғылы музыка — Моцарттың реквиемі. Бір кезде реквием күрт өзгеріп, неше түрлі битлз пластинкалары ойнайды. Ағылған машиналардың сигналдары, ыңқ-шыңқ. Газет сатушы балалар жүгіріп шығады...

1-бала. Сенсация, сенсация. Газет алыңыздар. Американың «Юнайтед стейц пьюс энд уорлд рипорт», Францияның «Фигаро», Англияның «Таймс», Германияның «Штерн», Жапонияның «Никон Кэйдзэй» газеттері.

2-бала. Буэнос Айрестен жаңа хабар: Аргентинаның әскери үкіметі демократиялық еркіндік үшін демонстрацияға қатысып, наразылық білдіргендерді шетінен ұстап, жаппай қамауға алып жатыр.

3-бала. Қамауға алынғандарды түрме адамдары қатаң тәртіппен ұстайды. Өкіметтің заңсыз әрекеттеріне қарсылық ретінде тұтқындар аштық жариялауда. Олардың денсаулығына қатер төнді.

1-бала. Грецияда халықтың өз ойын айтуға, дауыс беруге, өлең айтуға еркіндігі жоқ.

2-бала. Жазушыға, композиторға, суретшіге, артистке террор қолданғанда, заң сот, тергеу дегеніңіз далада қалады. Егер оны түрмеге қамаса, ұзақ жылдар бойы ол ешқандай адвокатты да, достарын да, жолдастарын да көре алмайды. Бұдан құтылудың бір-ақ амалы бар, ол — өз елінен қашу.

Кармен Солар

1-2-3-бала *(қосарлана)*. Сенсация, сенсация. Жаңа газеттер алыңыздар, сатып алыңыздар...

1-көрініс

(Музыка: «Эпитафия».)

«Кетіп ең гүл көктемде ұлым менің,
Артында қалды анаң, дүйім еліңе.
Үніңнен естілуші ед армандаған,
Келер күн, болашаққа ұлы сенім...»

Жоқтау аяғы барабан үніне *(дробь)* ұласады. Камера. Камерада тұтқын композитор. Барабан үнімен бірге ілескендей, тас қабырғаға шегемен белгі салып жатыр. Екі жақ қабырға белгілерге толған. *(Барабан үні тоқтайды.)*

Композитор. Тағы да өлім. Тағы да бір адамды құрбандыққа шалды. Бес жүзінші адам...
Қабырғадағы белгілерге қарап тұрып санайды да, екі қолын жайып қабырғаға сүйенгенде, рояль клавишасын басқандай болады. (музыка). Қабырғадағы оттай қызыл сәуле түскенде белгілерді анық көреміз, музыка нотасы жазылған. Композитор осы қабырғаны алма-кезек ұрғылайды. Тас қабырға «Еркіндік, не өлім» әнін шырқайды. Әлден уақытта барып, бесінші тәулік бойы аштық жариялаған әлсіз композитор талықсып барып құлайды. Терезеден сыртта жауған көктем жаңбырының тырсылы ғана естіледі.

Композитор *(әлсіз)*. Жаңбыр. Көктем жауыны. Бұл — төртінші көктем. Төртінші көктемді достарымсыз, үйімнен, балаларымнан жеке камерада жалғыз қарсы аламын. Үш жыл бойы мың сексен күн, мың сексен түн суық өлім лебін күтудемін. Ол келмей тұр, ал тіршіліктен са-

цылау да көрінбейді. Осы күнге дейін, үш жыл бойы қаншама ажал үнін естідім, қаншама адам о дүниеге аттанды. Мен әлі тірімін. Өмір мен өлімнің арасы қандай жақын, іргелес еді!

(Құлып сылдырлайды).

Надзиратель кіреді. Қолында тостаған. Нардың қасына апарып қояды да, бұрыла береді. Композитор ыығына жармасады.

Композитор. Әй, саңырау, бері қара. Сен тамақ әкелме *(ымдап)* түсінемісің, әкелме. Мен аштық жарияладым. Оны білесің бе, басқа камерадағылар біледі. Бәрі біледі. Ал сен ше, о, мифұла, тіл болмаса да, естір құлақ болсашы. Бар, бар.

(Надзиратель кете береді).

Бұл екеуіміздің бір-бірімізге үйреніскенімізге үш жыл болды. Бір тіл қатпай өмір сүру адам үшін не деген азап. Тым құрмаса қатал да болса, тағдырымды тілі бар адамның да қолына бермеді... Басым айнала бастады. Бесінші түн нәр татпағалы. Шыдай алам ба. Көзім қарауытып барады... *(Қабырғаға қарайды).* Жо-жоқ, шыдауым керек. Ана қабырға мен өлсем де, ән салып тұратын болады: «Еркіндік, не өлім»! Қалай еді? Хикмет Назымның өлеңі... Иә, иә... *(Композитор Назым Хикметтің «Аштықтың бесінші күні» атты өлеңін айтады).*

«Бауырларым,
Бәрін айтып кетер ем,
Әттең сөзімді зорға құраймын
Белгілі ғой себебі.
Көз қарауытып, бас айналып барады,
Бесінші күн
Ауыр екен аштың зардабы...
Бауырларым...
Тас қамауда жендеттер күнде дүрелеп,
Азапқа қанша салса да,
Бәрібір мен өлмеймін.
Біргемін сендермен,
Жұртпен бірге
Көппен бірге өмір сүремін.
Менің — қуатым сонда,
Менің қуанышым сонда.
Менің — бақытым сонда, достарым!..»

(Музыка)

2-көрініс

Құпия әрекет

Түрме бастығының кабинеті. Терезе айқара ашылған. Даладан жауын сыбдыры естіледі. Начальник үлкен столда қабағын шытып, тістеніп, бір газеттен соң бір газетті алып оқиды. Біресе орнынан тұрып, бөлме ішінде торға қамалған аңдай ерсілі-қарсылы жүреді. Бір кезде полиция жандармының киімін киген көмекшісі келеді: көмекші композитордан айнымайды.

Көмекші. Сіз шақырдыңыз ба, мені?

Начальник *(бұрылмастан)*. Иә! Отыр. Бүгін аштық жариялағанына бесінші тәулік, дым сызған жоқ. *(Бөлмені үнсіз кезіп жүр. Өте ашулы).*

Көмекші. Иә, тақсыр, начальник!

Начальник. Және бесінші күн бүгін газеттерде тым жоқ. Оның босатылуын талап еткен шетелдік еңбекшілердің, жұмысшылардың демонстрациясын, митингіде сөйлеген сөздерін басумен әлек. Әсіресе, жанталасып жатқан әлгі... Орыстар!

Көмекші. Иә, бәрін оқыдым. Тақсыр...

Начальник Оқыдым, оқыдым. Сенің оқығаныңнан не пайда! *(Көмекші үнсіз. Әрі қарай не айтатынын сабырмен күтіп отыр. Начальник бөлменің ортасына келіп кілт тоқтайды!)*

Начальник. Сені шақырған себебім...

Көмекші. Құлағым сізде, тақсыр начальник.

Начальник. Композитордың халі өте нашар. Бірақ ол аштықтан емес, аурудан (нығарлап) түсіндің бе, сырқат!

Көмекші. Түсінікті.

Начальник. Сондықтан да оны тез арада ауруханаға жеткізу керек.

Көмекші. *(Шошынып)*. Ауруханаға?

Начальник. *(Оның шошығанын аңғарып)*. Немене, оны курортқа жіберу керек пе?!

Көмекші *(ыңғайсыздана күліп)*. Оның реті келмес.

Начальник. Солай де. Ендеше, оны біз бүгін апариға тиіспіз. Бұл — полковниктің бұйрығы.

Көмекші. Полковниктің?!

Начальник *(көмекшісіне сезіктене қарайды да, бірақ оның таңырқағанына мән бермегенсиді)*. Сонан

соң, оның бүгін түнде ауруханаға түскенін, халінің қандай екенін ешкім білмеуі керек.

Көмекші. Оның халінің қандай екенінің кімге қажеті бар?

Начальник. Ол құпия.

Көмекші. Диагнозы қандай?

Начальник. Жүректен болған талма!

Көмекші. Рецепт?

Начальник. Кенеттен келген ажал.

Көмекші *(үрейленіп)*. Тым қатал емес пе?

Начальник. Жаныңыз аши ма?

Көмекші. Жо-жоқ... Әйткенмен, осы бір амалды қайта-қайта қолдана беруіміз қалай болар екен.

Начальник. Бұл — нағыз дұрыс жол. Сіз нені ұсынасыз?

Көмекші *(ыығын қозғап)*. Ештеңе де... Егер адамды өлтіру керек болса, оған бір амал қолданды не, жүз амал қолданды не?

Начальник. Онда бұл амалды саған тапсырамын.

Көмекші. Маған ба?

Начальник. Тек қана саған! Бұл полиция комиссарының тапсырмасы.

Көмекші *(ыңғайсызданып)*. Тақсыр, начальник, осы жолы менің орнымды ауыстырсаңыз, өтінемін!

Начальник. Себеп?!.

Көмекші. Бүгін баламның туған күні, кешке соны тойлайтын едік.

Начальник. Оған да үлгересің.

Көмекші. Қолымды қандап келіп, қалай өткізбекпін.

Начальник *(күліп)*. Қашан ол таза болып еді?

Көмекші. Кімнің қолының тазарақ екенін салыстырғым келмейді.

Начальник. Жетті енді! Соңғы кездерде сенің кейбір сөздерің ұнамай барады. Қазір тек қана сенің жүзің ұнап отыр.

Көмекші. Ғафу етіңіз, түсінбедім.

Начальник. Оның саған өте ұқсас екенін байқамадың ба?

Көмекші. Маған ба! *(Күледі)*. Сіз де кіммен салыстыруды табады-ақ екенсіз, ғафу етіңіз, тақсыр, начальник.

Начальник *(стол тартпасынан тұтқын композиі-*

тор суретін шығарады). Қарашы мынаған, екеуің тұптура егіз сияқты емессіңдер ме?!

Көмекші *(селт етіп)* ...Мен еш ұқсастық таба алмай отырмын... Аздап... Көзінің қиығы ма, қалай? Маңдайы...

Начальник. Тағы да үңіле түс.

Көмекші *(суретті ысырып тастайды).* Жоқ, тақсыр начальник, Қайдағы бір...

Начальник. Мүмкін ол, мына тұтқын киімінде ұсқыны келмей тұрған шығар! *(Жандарм мундирін киген екінші суретті көрсетеді).* Міне, сіздің суретіңіз қараңызшы, салыстырыңыз.

Көмекші. Менің суретім қайдан жүр? Жо-жоқ, түсінбеймін, мұнымен не айтқыңыз келеді, тақсыр начальник?

Начальник *(қарқылдап күледі).* Бұл мүлдем сіздің суретіңіз емес. Екеуі де тұтқын композитордікі.

Көмекші. *(Қабағын шытып).* Осындай орынсыз қалжың не керек, тақсыр...

Начальник *(қабағын түйіп).* Бұл қалжың емес, балақай, бұл жай ұқсастық емес, қан ұқсастығы.

Көмекші. Сіз не, сонда. Маған қайдағы бір опасызды туысқан еткіңіз келе ме?!

Начальник. Жоқ, әзірше білгім келеді. Ол шынында да сіздің туысқаныңыз ба?

Көмекші. Бұл не? Тағы да емтихан ба?

Начальник. Жоқ, жауап алу!

Көмекші. Онымен ешқандай қатысым жоқ, түк те білмеймін.

Начальник. Ойланыңыз. *(Көмекші басын шайқайды).* Онда кел екеуіміз бірге, сенің өмір тарихыңды еске алып көрейік.

Көмекші. Еске алатын несі бар. Мен ірі жер иесінің баласы екенім белгілі. Әйелім де ақ сүйек семьядан шыққан.

Начальник. Иә, қымбаттым, сенің әкеңді бәрі де құрметтейді, мен де құрметтеймін. Сондықтан да ол полиция мектебін бітіргенен кейін сені менің қолыма сеніп берген. Тағдырың да менің қолымда.

Көмекші. Олай болса, әлгі сөздердің қажеті қандай? Өмір тарихымды өзіңіз де жақсы білесіз.

Начальник. Жоқ, балақай, маған екі сәбидің бұрынғы өмірі де белгілі: бұдан отыз екі жыл бұрын әйелдер босанатын приютте бір жесір әйел екі бала тапқан

болатын. Бірақ ол екі күннен соң қайтыс болды. Содан балалардың біреуін ірі фермер бала қылып алған. Ол — сенің бүгінгі өгей әкең, сенің қамқоршың — патроның...

Көмекші. Сіз не айтып отырсыз. Менің тұқымымды қаралғаныңыз үшін мен наразылық білдіремін.

Начальник *(мысқылдай күліп)*. Асықпа, балақай, жоғары жерге шағым беруге уақыт бар әлі, алдымен тыңдап ал, мүмкін шағым етуден бас тартарсың. Содан егіздің екіншісін баласы көп бір шаруа алған болатын. Ол асыранды бала — бүгінгі үкіметтің жауы — «жау жүрек» композитор, сенің туысқаның...

Көмекші *(баж етеді)*. Қалай аузыңыз барады!

Начальник *(ащы мысқылмен)*. Иә, иә, сенің туған бауырың...

Көмекші. *(Жан даусымен)*. Жоқ, жоқ. *Қабураға қол салады)*.

Начальник *(пистолетін бұрынырақ кезеніп)*. Отыр, шошаңдамай!

Көмекші *(басы салбырап отырады)*. Мүмкін емес, мүмкін емес...

Начальник. Қалайша сен осы күнге дейін бұл жөнінде естімегенсің.

Көмекші. Естігім де, білгім де келмейді.

Начальник *(суырмадан хат алады)*. Тағы да өтірік айтып отырсың. Міне, сенің әкеңе жазған хатың.

Көмекші. Ол қайдан түскен сізге?

Начальник. Сен бұл хатта әкеңнен өзіңнің асыранды бала екендігіңді рас па деп сұрапсың. «Бірақ, бәрібір, мен тек қана сіздің балаңызбын» деп бітірген екенсің.

Көмекші *(өзіне-өзі)*. Бәрін кейін білгеннен соң менің одан басқа амалым қанша.

Начальник. Сонымен сіз мойындайсыз ғой?!

Көмекші. Менің мойындауымның тап қазір, сізге де, маған да еш пайдасы жоқ. Өйкені менің міндетім бағыда белгіленген.

Начальник. Ол қандай міндет.

Көмекші. Қолға түскен адамдарды дүрелеу, ату, асу міндеті. Оған менің қолым да үйренген, дірілдемейді.

Начальник. Егер қолыңыз түгілі жүрегіңіз сол дірілдесе, Сіздің өзіңіз әлгі туысқаныңызбен қатар отырған болар едіңіз. Сіздің өмір тарихыңыздың өзі соған дәл келіп тұр.

Көмекші. Иә, оны жақсы білемін. Сондықтан да, тақсыр начальник, бір-бірімізді үркітудің зиянан басқа пайдасы жоқ: біздің ішкі тәртібімізбен — улау арқылы, дәрігерлік укол, дүре соғу жолымен қаншама мезгілсіз өлімдер болып жатыр. Бір кезде осыларға жауап беретін кез келсе...

Начальник *(көмекшісіне төніп)*. Оның бәрі сіздің қолыңызбен істелген, көмекшім.

Көмекші *(ол да начальникке төніп)*. Оның бәрі сіздің бұйрығыңызбен істелген, тақсыр начальник.

Начальник. *(Аз ойланып күлімсірейді)*. Балақай, мен сені қорқытудан аулақпын.

Көмекші. Бір шынжырмен қосақталған адамдар, бірін-бірі қалай қорқытпақ. *(Екеуі де біраз уақытқа дейін үнсіз отырды да, бір кезде қарқылдап күледі)*.

Начальник *(қалтасынан орамалын алып, көзін сүртеді)*. Ал енді балақай, былай...

Көмекші. Құлағым сізде, тақсыр начальник!

Начальник *(сағатына қарап)*. Қазір осында әлгі шал,— надзиратель келеді... *(Осы кезде надзиратель кіреді)*. Ә, міне өзі де келді.

Надзиратель *(үні баяу шығып)*. Құзырыңызға құлдық, тақсыр начальник!

Начальник. А-а, қымбатты қартымыз, енді сен құрметті адамсың. Төрлет. Төрлет: ертеңнен бастап пенсияға шығасың, еңбегің сіңді, еңбегің *(Сейфке келеді де, ішінен бір шөлмек виски, үш рюмка алады)*. Шал, ертең сенің туған күнің ғой?

Надзиратель. Иә, тақсыр начальник.

Начальник. Мен сенің үйіңе барып кемпіріңді құттықтар едім, әттең қол бір босамайды.

Надзиратель. Ғафу етіңіз, тақсыр начальник, менің кемпірім өлгелі не заман.

Начальник. Иә, оны білем. Мен қазір әйелің туралы айтып тұрмын.

Надзиратель. Мен әйелім өлгеннен кейін, екінші рет үйленген жоқпын, тақсыр.

Начальник. Жетті, көп мылжыңдама. Егер сенің әйелің болмаса, пенсияға жаңа әйелмен шығарып салуға біз міндетті емеспіз.

Надзиратель. Тура айтасыз, тақсыр начальник.

Начальник. Біздің ұлы ордамызда жиырма жыл қатарымен мүлтіксіз қызмет атқарғаныңыз үшін үкімет-

тен саған награда бар, награда... Енді бері қарай жақында, кел мынаны алып қой.

Надзиратель. Ішпейтін едім, тақсыр начальник.

Начальник. Ештеме етпейді, енді сен қашан көзің жұмылғанша ішіп-жегеннен басқа не бітіресің. Кел, сенің денсаулығың үшін. *(Үшеуі де ішеді).*

Надзиратель *(шытынып).* Не деген ащы еді, өмірі татып көрмеген нәрсем.

Начальник. Әрине, әрине. Бұл — американ вискиімен араластырған кока-кола. *(Таңдайын қағады).* Ал енді саған осындағы соңғы жұмыс күнінде соңғы бір тапсырыс береміз.

Надзиратель. Құп болады, тақсыр начальник.

Начальник *(әдемі портсигардан темекі алып ұсынады).* Ағылшынның ең тәуір сигареті.

Надзиратель. Рақмет, мен шекпеуші едім.

Начальник *(темекісін тұтатып).* Бүгін біз әлгі композиторды ауруханаға апаруымыз керек. Ол сорлыны шприцпен тамақтандыруға тура келіп тұр. Міне, саған қағаз, түнгі дәл онда, бесінші есіктен шығасың, әрине, қолына бұғау салуды білесің ғой.

Надзиратель. Оның шыбын өлтіретіндей қауқары жоқ, тақсыр.

Начальник. Әйткенмен тәртіп.

Надзиратель. Құп болады, тақсыр начальник!

Начальник. Сыртта дәрігерлік машина тұрады.

Надзиратель. Құп болады, тақсыр начальник!

(Осы кезде алыстан бір ән естіледі. Оны іштегілер тыңдап қалады. Әсіресе, начальник саусағымен столды ұрып, әннің ырғағына қосылғандай болады. Ән қайғылы аяқталады).

Начальник. Ох, ох... қандай жүрек тебірентетін ән еді. Өзі жаңа ғой деймін, пластинкада ойнады ма, қалай?

Көмекші. Иә, мен де бір рет көшеде естіп едім, жақсы ән.

Начальник. Міне, осындай әндерді көбірек шығарса ғой, әйтпесе қайдағы бір «саяси композиторлар» деген пайда болыпты.

Надзиратель. Ғафу етіңіз, тақсыр начальник, егер қателеспесем, бұл — соның әні.

Начальник. Соның? Кімнің?

Надзиратель *(күмілжіп).* Әлгі... тұтқын композитордың.

Начальник. Сен боссың, кете бер!

Надзиратель. Құп болады, тақсыр...

(Надзиратель кетеді. Пластинка тағы да ойнайды. Начальник жүгіріп барып, әлгі ән бөлменің ішіне кіріп кететіндей үрейленіп, терезені тарс жауып алады).

Начальник. Пластинка ойнатқан адамдарды тауып алып отырғызу керек.

Көмекші. Құп болады, тақсыр начальник!

Начальник *(терісіне сыймай)*. Құп болады, құп болады! *(Бөлменің ішін кезіп жүріп кетеді де, ақыры көмекшісінің алдына келіп тоқтайды)*. Әлгі шал ертең пенсияға шығамын деп қуанып кеткен шығар, ертең оны мәңгілік пенсияға аттандыру керек. Қайтар жолда ол шал коммунистер тұратын көшелердің бірінде о дүниеге аттандырылсын!

Көмекші. Егер шал бөгет болса, осында қалдыруға да болмай ма?

Начальник. Кейін ол куәгер болсын дейсің ғой.

Көмекші. Басқаны қайдам, тап осы шал...

Начальник. Ақымақтың сөзін айтпа, ертең-ақ ол еркіндікке шыққан соң, әдейі айтсын, байқамай айтсын, мейлі әйтеуір біздің мұндағы ішкі тәртібіміз жайында, кез келген жерде әңгіме қылуы мүмкін. Бізге енді қартайған, мұндай малдың керегі жоқ. Қашан да жайбарақат жүру үшін, өлікті де жолдан алып тастау керек. Мұны да саған тапсырамын!

Көмекші. Тағы да маған ба?

Начальник. Иә, саған! Баланың еңбегіндей ана уылжыған төбесінен қатты бір соққы болса, біздің жанымыз да, оның жаны да жай табады.

Көмекші. Шофер ше, тақсыр начальник?

Начальник. Шофер жөнінен қам жемей-ақ қой, ол — сенімді адам.

Көмекші. Сенімді дейсіз бе?

Начальник. Сен менің машинаны жақсы жүргізетінімді білмеуші ме едің?

Көмекші. Сіздің өзіңіз бе?

Начальник. Ай, балақай, сен әр нәрсені қазбалап білуге тым құштарсың, сонымен бірге тым аңғалсың. Иә, саған жоғарылайтын уақыт жетті. Қазір нағыз бір жақсы кезең. Композитордың осы бір шаруасымен біздің шеф қана емес, үкімет басшысының өзі, потентаттың өзі айналысып отыр! Түсіндің бе. Біздің алдымызда награда тұр. Не түрме!

Көмекші. Солай деңіз. Мен өзім де ойлап едім. Ал енді сізден бір нәрсені сұрауға бола ма?

Начальник. Сұрауға ма, анықтауға ма?

Көмекші. Қалай түсінсеңіз де... Өз еркіңіз білсін.

Начальник. Біраз нәрсенің сырын аштық-ау деймін. Енді қаймықпа, сұрай бер.

Көмекші. Композиторды ауруханаға апару үшін егіз балалардың өмір тарихын анықтаудың қандай қажеті болды?

Начальник. Шыныңды айтшы, жаның аши ма?

Көмекші. Жоқ, әшейін «бауыр» деген сөз аздап қинайды. Ал әйтпесе, оған менің қандай қатысым бар. Туғаннан бері көрмеген бөтен біреу емес пе мен үшін.

Начальник. Онда мен шынын айтайын, бүгін түнде болатын жоспар — біздің шефтің ойлап тапқан жоспары. Кім біледі, уақыт та, өкімет те ауысып жатады. Бұл композитор анау-мынау адам емес, бүкіл дүние жүзінің ол үшін шу шығарып жатқаны да тегін емес. Егер күндердің күнінде осы істің ізіне түсер біреу болса, ауруханаға туған бауырының жеткізуі оны біраз жұмбаққа қалдырады, сол арқылы біздің конспирация да конспирация қалпында қалады.

Көмекші. Өзім де осылай ойлап едім. Егер уақыт өзгере қалса, әлгі егіз балаларға деген көзқарас та өзгермек қой...

Начальник. Жо-жоқ, уақыт қаншама өзгеріп жатыр, жалау, үкімет өзгереді. Бірақ осы біз тұрған тас үй еш уақытта өзгермейді. Біз де сол сияқымыз. Кімге түрме керек болса, соған біз де керекпіз.

Көмекші. Иә, дұрыс айтасыз, тақсыр начальник.

Начальник. Тіпті, адамдар Айға, Марсқа шығып тіршілік етсе де, олардың арасында біздің достарымыздың бірі болсын де, онда түрме де болмақ. Сонда біз де сол араға жетеміз. *(Екеуі де біраз уақыт ойланып отырады да, бір кезде начальник қарқылдап күледі).* Тегінде сен, балақай, онша ақылсыз емессің. Әлгінде осы не дедің? *(Есіне түсіріп).* Иә, иә, екеуіміз де бір шынжырмен қосақталған жандармыз.

Көмекші. Және де бұғаусыз тұтқындармыз!

(Екеуі де селқос күледі).

3-көрініс

Надзиратель мен Миссис адвокат.

Шағын жүдеу бөлме. Тап ортада үстіне неше түрлі тағам, ішімдік қойылған ескі стол. Бөлмеде жалғыз әйел: Миссис адвокат — надзирательдің қызы. Сырттан надзиратель кіреді. Қызы құшақтап мойнына асылады.

Миссис. Папа, әке!

Надзиратель. Қызым, жалғызым менің!

Миссис. Туған күніңмен құттықтаймын папа, міне, туған күніңе тартуым.

Надзиратель. Рақмет, қызым, рақмет! Мұндай сыйлықты ғұмырымда бірінші рет алуым.

Миссис. Есіңде ме, папа, сен менің туған күнімде, ылғи қатырма қағаздан не ағаштан қуыршақ жасап беруші едің ғой.

Мен солардың бәрін бертінге дейін сақтадым. Жақында ғана жағып жібердім.

Надзиратель. Неге?

Миссис *(қабағын шытып)*. Қайыршылық пен өткен балалық шағымды, бір түрлі, еске салатын сияқты.

Надзиратель. Иә, ол рас... Ал енді қызметің қалай?

Миссис. Қызмет қалай десем екен енді!... Онша жеңіл емес. Әйткенмен, үш ай боп қалды ғой, төселе бастадым. Айтқандай, қазір Виллада тұрамын.

Надзиратель. Виллада?! Қайдағы Вилла?

Миссис. Пап, сен ұрыспайсың ба? Мен сенің ұлықсатыңсыз күйеуге тидім.

Надзиратель. Не дейсің?!

Миссис. Құттықтауыңа болады, мен қазір миссис адвокатпын.

Надзиратель. Миссис? Күйеу бала қандай адам, кім?

Миссис. Бір курста оқыған студент. Қазір ол да адвокат. Әкесі бүкіл аймаққа белгілі адам. Бұрын-соңды болмаған керемет той жасады.

Надзиратель. Оған ұл әкесі қатысқанда, қыз әкесі неге қатыспайды.

Миссис. Папа, ренжіме, кейін өзің ұға жатарсың, сәл ғана жасырынбақ ойнау керек болды. Біздің тілімізде «конспирация» дейді. Сосын, тойға қатысқан күнде саған өте қызықсыз болар еді. Және сен өзіңді ол жерде қолайсыз сезінер едің. Өйткені тойға жиналғандар кілең ақ сүйек адамдар мен әскери қызметкерлер.

Надзиратель. Ақ сүйек деймісің... Әрине, әрине, түсінем...

Миссис. Жақында пенсияға шығасың, сосын менің қолыма келесің. Ол кезде жұрт сенің надзиратель екеніңді білмейді. Пенсионер дейді.

Надзиратель. Надзиратель екенімді білсе, онда тұрған не бар?

Миссис. Жо-жоқ, папа! Қызыңның репутациясы үшін онда үлкен мән бар. Сосын...

Надзиратель. Әрі қарай айтпай-ақ қой, қызым, түсіндім. Сенің болашағың үшін мен капиталист, фабрикант, тым құрығанда, фермер, латифундист болуым керек. Ал пенсионерден не пайда?!

Миссис. Болмаған соң, оған өкінбе, әке. Ал қызыңның келешегі үшін ата текті білдірудің зияннан басқа, түк пайдасы жоқ.

Надзиратель. Солай еді де... Мен арымды төгіп, барымды беріп жүріп нақақтан жаза тартқандар болса, қанатымен су сепкен қарлығаштай болса да, ара түсер әділ адам болар деп адвокаттықты оқытсам, ол әділдіктен қалай жалтарудың оқуын оқыған екен ғой

Миссис. Әке, адам көп оқып, білімді болған сайын өмірдің қат-қабат жолына соғұрлым көбірек түседі, одан адаспай шығу үшін бар амалды үйрене де біледі. Әр заманның, әр ортаның белгілі бір өз әділдігі бар.

Надзиратель. Сен сотталғандарды да осылай ақтаймысың.

Миссис. Қылмысына қарай!

Надзиратель. Ендеше, мен саған екелік бір қолқа салайын.

Орындаймысың, миссис адвокат?!

Миссис. Айтыңыз, көрейін.

Надзиратель. Маған қарасты камерада бір композитор бар. Сен сияқты жас күнінде түсіп еді. Үш жыл болды отырғанына. Сырттан да іштен де ешкім қатынамайды. Соның ісін алсаң!

Миссис. Кісі өлтірген бе?

Надзиратель. Жо-жоқ!

Миссис. Банкіні тонаған ба?

Надзиратель. Жо-жоқ, қылмысы мүлдем аз. Бар болғаны өз жүрегі қалаған сөзді айтқан. Көңілі сүйген әнді шығарған. Соғысты жек көреді. Кей жерлерде әділеткіздік туралы сөздер сөйлеген, нағыз адал жан.

Миссис. Саяси тұтқан болды ғой онда.

Надзиратель. Иә, солай. Коммунист.

Миссис. Коммунист?!

Надзиратель. Егер соны ақтап шығарсаң...

Миссис. Оны неге мүсіркейсің!

Надзиратель. Оның ісін, оның ойын жасымда мен де мақсат етіп ем. Қолыман келмеді.

Миссис. Әке, оны ақтау менің де қолымнан келмейді.

Надзиратель. Неге?

Миссис. Олар үшін үкіметтің заңы біреу-ақ. Оны ақтарлық екінші заң жазылмаған.

Надзиратель. Адамгершілік заңы қайда?

Миссис. Әке, сен өзі саясатшыл болып алыпсың ғой. Бұл сөздеріңді мен ғана естиін, осы жерде қалсын.

Надзиратель. Мен сақаумын, кереңмін, бірақ милау емеспін, қызым!

Миссис. Мен де милау емеспін, кереңмін, сақаумын, әке!

Надзиратель. Ендеше, сенің ақтайтындарың кім?

Миссис. Ұрылар, саудагерлер, жалақорлар, парақорлар...

Надзиратель. Түсіндім, қызым, түсіндім. Енді көмусіз қалсам да өкінбеймін.

Миссис. Тілесең, ол да болады?!

Надзиратель. Не дейсің?

Миссис *(ашынып)*. Ғұмыр бойы тартқаның азап, көргенің қорлық, сенің әділдігің, адамгершілігің кімге дәрі, кімге қажет. Жаланаш жалпы қалай тусаң, солай өлесің. Кімнің оған қабырғасы қайысады. Ал мен өйтпеймін. Жетеді туа жоқшылықта өскенім. Мен дүниені өзгерте алмаймын, тек оның шетінен жұлып, қысқа өмірімде өз үлесімді ешкімге жібермеймін. Оны істеймін де. Ол үшін жолыма кесе-көлденең тұрған пенде болса, алдаймын, арбаймын, жалынамын, қорқытамын, бірігемін. Сен сияқты түрмеде отырарым жоқ. Маған ауа, күн керек. Сені де соған алып шығамын. Түсінсең етті. Сен қараңғы болғаныңмен, менің көзімді аштың ғой. Неге енді менің қолымнан ұстамайсың, жетегіме ермейсің. Ертең өлсең де, неге таза киімге оранбайсың. Үстінде бір киер ештемең жоқ. Жұрдайсың. Тым құрығанда, табытқа түскенде киер бір таза костюмің болсайшы. Не өмір бұл!

Надзиратель. Оның рас, қызым, жиырма жыл бойы сендерді жеткізем деп, киім де ала алмаппын, жетпеді. Қайтейін.

Миссис. Жетпесе енді жетеді. *(Пауза)*. Әке, кешір, қаттырақ кеттім білем. Бәрі де — қайыршылықпен ашынып өскеннің салдары.

Надзиратель. Иә қызым. Ашынғандардың көбі арандап түмеде жатыр. Сен де «арандап» қалған екенсің.

Миссис *(түсінбегенсіп)*. Енді түрме дегенді ұмытасың. Өле-өлгенше қайда курорт, қайда қызық, сайранды көр. Оны істеуге шамам келеді. Қарашы, әке, мынау нау — сенің ендігі алғашқы серігің. *(Қара шөлмек ұсынады)*.

Надзиратель. Менің ендігі болмағаным маскүнемдік пе, қызым.

Миссис *(сықылықтап күледі)*. Сен мұны шарап деп тұр екенсің ғой. Жо-жоқ. Микрорадиоқабылдағыш, Жапония шығарған. Қарашы, *(Миссис кішкене қара шөлмектің тығынан бұрайды)* әуелі бір ән орындалады. Тағы бұрайды, ду қол шапалақтау. Ту-h, әлі беріп жатыр ғой. *(Бұрап тастайды)*.

Надзиратель. Бұрашы, бұрашы, не беріп жатыр?

Миссис. Москва ғой... Қанша саясатшыл болғаныңмен, әке, халықаралық жағдайды білмейді екенсің. Онда қазір жұмысшылар мен коммунистер партиясының халықаралық кеңесі өтіп жатыр. Тыңдамай-ақ қой *(алып қояды)*. Әлі-ақ жалығарсың тыңдаудан. Пенсияға шығысымен бір минут қоймаймын, жарық дүниеге алып кетемін.

Надзиратель. Е-е, қызым, енді мені жарық дүниеге шығарып қайтейін деп едің.

Миссис. Неге әке, әлі өмірің алда емес пе?

Надзиратель *(қабырғада ілулі ескі гитараны алып, сәл ойланады)*. Ертеде, шахтада істеп жүрген кезімде жер астында тас таситын бір ат болды. Кейін сол ат әбден қартайып алжыған кезде екі көзін байлап, сыртқа шығардық. Көзін таңған шүберекті біртіндеп, күн сайын жұқартып, ақыры мүлдем ашып, бос қоя бердік. Көзіне зақым келмеді. Бірақ әлгі байғұстың басы айналған ба, әлде бауыр басып үйреніп қалған ба, кең далаға еркін жайылу орнына айналшықтап, бір қылтанақ көгі жоқ тап-тақыр шахтаның төңірегінен ұзамайды. Ақырында, бір жауынды түні ашық забойға құлап өлді.

Миссис. Аянышты екен.

Надзиратель. Ешкімге қажетсіз алжыған аттың

аяныштан басқа бұл тіршіліктен не үлесі бар дейсің. *(Гитарын тартып).*

«Көк теңіз, түбі жоқ, шегі жоқ,
Сапырып толқынын шулайды.
Тұтқынның баратын жері жоқ,
Тек қана жүректер кеудеде тулайды.

Еркін ек кеше біз,
Құл болдық бүгінде.
Ескекті есеміз
Галера түбінде».

Шақырып жауынды, дауылды
Тілейміз,
Толқынмен алысып көретін.
Не жетсін сол күнге,
Жаныштап жауынды,
Теңіздің түбінде армансыз өлетін.

Миссис. Жаңа ән ғой?

Надзиратель. Тұтқын композитордың әні ғой. Ал, мен кетейін.

Миссис. Кешке күйеу балаң келеді. Туған күніңді тойлаймыз. Өзің қашан келесің, тамақ та ішпедің, мынау тамақтардан ауыз тисеңетті.

Надзиратель. Жоқ, қызым, аш емеспін. Кешке жұмыста бөгеліп қалсам, маған қарамай, бастай беріңдер. Анаң үшін тост көтеруді ұмытпағайысңдар. Ол байғұс менің туған күнімде жаңа бір үйренген әнін сыйлаушы еді. Қолы қысқа адам ғой, қайтсін... Мен үшін де ән айтуды ұмытпағайсыңдар.

(Мисс жалғыз. Бір рюмканы қағып салып, өз-өзінен есірік адамша билейді. Соған лайық музыка).

4-көрініс

ҮМІТ ҚЕШІ

Камера. Композитор тор көз терезеден көрінген ұлтарақтай аспанға қарап, ауа жұтып тұр. Салдыр-күлдір құлып ашылып, надзиратель кіреді. Композитор бұрылмайды. Надзиратель жөтеледі. Композитор селк еттіп бұрылады.

Композитор. Ой, керең адам да жөтеледі екен. *(Надзиратель жымиып күледі).*

Мынау өзі күледі. Мылқау да күледі екен-ау. Әлде бұл байғұста алжаса бастаған ба? Жоқ, маған күледі... Мендей дәрменсізді мазақ етпеген сен ғана едің. Жылтыраған көрер көз болған соң, сен миғұла да өзіңнен әлсіз, камаудағы бұратылған аш жанды басынасың. Күл, күле түс, тағы күл. Мен де, үш жыл болды, сен сияқты тас кереңмін, бейхабармын тіршіліктің лебінен, адам деген атаулыдан бар көрерім — сенің жүзің меніреу, ал екеуіміз күлейік, сен маған күл, мен күлейін саған қарап, мылқауым! *(Күледі. Ах-ха-хаха!..)*

Надзиратель. Жетер енді. Жарқыным! Тамағыңды іш.

Композитор *(шошынып)*. Әй, мынаның тілі бар ма, әлде қағыс естідім бе бірдеңе.

Надзиратель. Тілім де, бар миым да бар, айтар саған сөзім бар, біраз ғана әлденіп, ал, үндеме.

Композитор. Үш жыл бойы шын зарығып, бір-ақ ауыз сөзіне отырушы ем іш құса боп, зығыр қайнап, тым құрымаса ит байлап та қоймады деп тырп етсем үретін. Енді саған тіл біткенде бұрынғыңнан қандай сұмдық үрейлі ең.

Надзиратель. Үрейленбе, мен де өзіңдей адаммын.

Композитор. Садаға кет адам деген атаудан, сөзін қарашы есіктегі кілт ұстаған наданның *(пауза)*. Сен бұрын да естіп жүруші ме едің, әлде бүгін ашылды ма, құлағың?

Надзиратель. Менің құлағым да, көкірегім де әу бастан сау. Бірақ екеуі де бітілгелі қай заман — табандатқан 20 жыл.

Композитор. О. сұмдық-ай! Тап желкеңнен дүниедегі бар балағат сөзді айтып, етіңнен ет кескендей

болсам да тым құрымаса бір рет ауырысынып қыңқ етпедің. Не деген безбүйрек, берік ең?!

Надзиратель. Менің етім түгілі, өзім өлгелі қашан.

Композитор. Егер өлсең, сүйегінді сүйретіп, түрме есігін несіне күзетіп жүрсің, тірі аруақ! Өзің өлік болған соң, тірілерді бұл дүниеге қалдырғың келмей жүр ме?!

Надзиратель. Не десең де мен сөзіне үйренгенмін.

Композитор. Әлде адам бағып, есік аңдып тапқан табысыңды, қамаудағы тұтқыннан алған сыбағаны қимай жүрмісің. Ұялмастан сен де жұма сайын мойныңа қарғы бау тақпай бос отырып адам күзеткенің үшін ақы аласың, ә? Арланбайсың! Осы түрмеде үш жыл отырмыз екеуіміз де. Сен сыртта, мен іште. Сол үшін жылда тым құрымаса үш ауыз сөз айтпай, жарық дүниені бір көруге зар болып, сарғайып отырған адамға бір тіл қатпауға қалай дәтің шыдады?

Надзиратель. Егер бір ауыз қатты сөз айтсам, кейін бір ауыз жылы сөз айтып қалуым да ықтимал. Сол себепті жұмған аузымды ашпауға өзіме-өзім серт бергем.

Композитор. О, маубас, бар тапқан жұмысың қамаудағы жанды кірпік қақпай бағу болса, содан айырылып қалам деп өмір бойы қалтырап өткізсең тіршілігінді, сенімен сөйлесіп, санаулы минуттарымда қияли болғанша, екеуіміздің меңіреу күйіміз артық. Бар онда, таза өліммен өлейін, мазамды алма!

Надзиратель. Тыңда, балам, мен бар шындығымды айта келдім, ағымнан жарыла келдім!

Композитор. Балам деймісің?!

Надзиратель. Мен де өзіңдей жас күнімде теңдік үшін, елді азапқа салған фашистерге тұрған адаммын. Бірақ қолымнан ештеңе келмеді. Қараңғы екенмін. Қайда барсам да, жарық жолды таба алмай адасып, басымды тасқа ұра бердім, жараландым, қажыдым. Талай рет қамауға да алындым. Талай рет босатып та жіберді. Сен ұқсап камерада отыруға да татымадым.

Композитор. Сондағы бар тапқан бостандығың тұтқын күзету ме?

Надзиратель. Амалым болмаған соң, қайтейін. Өстіп жүргенде, көкірек ауруынан әйелім қайтты. Жалғыз қызым және көшеде болған бір атыста қаза тапқан

інімнің үйелмелі-сүйелмелі жас балалары аштықтан ісіп-кеуіп, жетім қалды. Сол күннен бастап күресті тастап, тек әке деген атты ақтау жолына түстім.

Композитор. Сондағы тапқан әкелік жолың не?

Надзиратель. Балаларды асырау, аштықтан сақтау. Басқа барар жер болмаған соң, түрмені қалаушы боп жұмысқа тұрдым.

Композитор. Бұл қапастың ірге тасын өзім қалап едім де.

Надзиратель. Иә, әр тасын қалаған сайын, кейін осыған қамалар жазықсыз жандардан кешірім сұраумен болдым. Ақыры түрме де қаланып бітті. Тағы да жұмыссыз қалдым. Содан надзиратель болдым.

Композитор. Қайда барсаң да, түрменің асырағаны жақсы болған екен.

Надзиратель. Күрес жолындағы жолдастарымнан айрылған соң, маған лайықтысы да түрме ғана еді.

Композитор. Оның рас, камерада отырмадым демесең, сенің менен не айырмаң бар.

Надзиратель. Менің күнін сенен де төмен. Достан да, жақыннан да айырылдым. Көршілеріме дейін жиіркеніп, теріс айналып кетті. Басқан ізім, жүрген жерім — бәрі харам. Бәрінен де тек түрме иісі аңқиды. Мен сенен де мүсәпір тұтқынмын. Сен қамауда отырсаң да, өз ойыңды айта аласың. Не мұнда, не түзде, не үйде бір ауыз тіл қату мен үшін өз еркімнен айрылу ғана емес, балаларымды да тіршілігінен айырумен барабар. Мен содан бері екі құлағымды бітеп, тілімді тістеп, мылқау болдым. Тіршілікте не болып жатыр — бәрінен қағыс қалдым. Мәңгірген меніреу қалыпқа түстім. Тек ойлайтыным жұма сайын беретін ақы, қашан балаларыма тамақ алып жеткізгенше асығам. Бүгін, жиырма жыл өмірімде, түрме бастығына тіс жарып бір ғана шындықты деп, сол үшін жаза тарта жаздадым.

Композитор. Ол не шындық?

Надзиратель. Осы камерада отырып шығарған «Галера түбінде» атты әнді сенікі екенін айтып ем, шыдай алмадым. Ол әнің қазір ел аузына тарап кеткен.

Композитор. Қалайша? Сен оны менің қолымнан тартып әкеткенің қайда. Содан кейін тергеу үстінде менің бар саусағымды сындырып, жансыз қалдырғаны қайда?!

Надзиратель. Жоқ, ол әніңді апарған жоқпын, жұртқа жасырын таратқан мен едім.

Композитор. Оныңды маған бұрын неге айтпадың.

Надзиратель. Сенбедім. Қинаған кезде аузыңнан шығып кетер деп сенбедім.

Композитор. Сенбедім!.. Сен... маған сенбедің бе?!

(Ызалы күлкі).

Надзиратель. Иә, саған сенбедім. Күлме, балам, есінде ме, бұдан үш жыл бұрын өзіңмен бір камерада отырған адамға сен де сенбегенсің.

Композитор. Иә, ол да сенбеп еді ғой. Жыланның ордасында отырып қалай сенерсің. Осы күнге дейін өкінемін. Әттең кім екенін де біле алмай қалдым.

Надзиратель. Оны сол күні өлтірген.

Композитор. Бұл дүние не болып барады. XX ғасыр ғажайып жаңалықтар ғасыры. Қосмос ғасыры дейміз. Жо-жоқ. Сенімсіздік ғасыры. Бір камераның ішінде бір тағдырмен өлім аузында отырып, бір-бірімізге сенбедік. Бүйте берсе, келешек ұрпақ өзіне де сенбейтін жаппай дүдәмалдық дертіне шалдықпасына кім кепіл.

Надзиратель. Мен қазір өз балама да сенуден қалдым.

Композитор. Ендеше, сен айдаладағы біреу, маған неге ағыңнан жарылып тұрсың.

Надзиратель. *(Есікке барып, тың тыңдап қайта келеді).* Менің бүгін туған күнім.

Композитор *(еріксіз күліп).* Немене, мені тойыңа шақыра келдің бе?

Надзиратель. Бүгін сенің өлетін күнің.

Композитор. Не дейсің? Жарық дүниеден жаңа бір хабар айтып, қуанта келді десем, табалай келген екенсің ғой.

Надзиратель. Балам... Сені түнде ауруханаға апарып, шприцпен тамақтандырмақ.

Композитор. Шприцтен!

Надзиратель. Иә, бұл — олардың саяси тұтқынмен соңғы рет қоштасу жолы. Талайлар осы жолмен құрбан болған. Сенің тағдырың да қыл үстінде.

Композитор. Онсыз да өлтіру қолдарынан келмей ме.

Надзиратель. Есінде ме, қарт коммунистің «Түрмеде отырып та күресе білу керек» дегені. Сенің күрес жолындағы әндерің тегін кеткен жоқ. Аштық жария-

лағаның әлемге аян. Жер шарының адал жандары сенің босағылуыңды талап етіп, жар салып жатыр.

Сондықтан да сенің көзіңді жасырын құртпақ.

Композитор. Қашан?

Надзиратель. Бүгін түнде. Міне, сені алып шығатын қағаз.

Композитор *(үнжұрғасы түсіп)*. Оны несіне көрсетесің?

Надзиратель. *(Тағы да есіктен тың тыңдап келіп)*. Бұдан құтылудың бір-ақ жолы бар. Мен сені белгілеген уақыттан бұрын алып шығамын.

Композитор. Иә, сонан соң?

Надзиратель. Портқа өзім жеткізіп саламын. Онда ескі досым бар. Ол кемеде істейді. Біз жеткен кезде шетелге қарай ол да жылжиды. Кетесің.

Композитор. *(Сенімсіз)*. Сіз не айтып тұрсыз? Бүгін шала ұйқы емессіз бе?

Надзиратель. Жоқ, ұйқым қанған. Енді сөз таластыратын уақыт аз. Мезгіл таянып келеді.

Композитор. *(Әлі де сенімсіз)*. Сонда өзіңіз де бірге аттанасыз ба қиыр шетке.

Надзиратель. Менің халімді ойламай-ақ қой. Мен ешқайда бармаймын, түрмеге қайтып келемін.

Композитор. Не дейсіз?

Надзиратель. Енді, осында келмегенде мен қайда барып, не бітірем, кімге қажетпін. Түрмеде тудым, түрмеде өлемін.

Композитор. Ал, әлгі айтқан балаларыңыздың күні не болмақ.

Надзиратель. Балаларымның алды жетілді, бізді ақтамаса да, өзін ақтап аларлық шамаға жетіпті. Ал, уақыт таянып қалды. Тез енді. Менің алдымнан жүріп отыр.

Композитор. Жоқ, ешқайда бара алмаймын.

Надзиратель. Не деп тұрсың?!

Композитор. Көзім жетпей тұр.

Надзиратель. *(Асыға басып есік алдына шығып, қайтып келеді)*. Ал жүр. Уақыт болды. Кемеге үлгере алмаймыз. Тез, кәне.

Композитор. Мың сан есіктен кім өткізеді бізді?

Надзиратель. Онда шаруаң болмасын. Жүр тез.

Композитор. Үш жыл бойы тілге келмей, бүгін адамша сөйлескеңізге рақмет. Енді мазаламаңыз.

Надзиратель *(жыламсырап)*. Балам, жалынамын, ақ басымды аяғыңа иіп сұраймын. Сен халықтың ұлысың, сенің әнің бар әлемге аян. Ұрпақ үшін керексің. Жиырма жыл бойы, қолдары адам қанына боялған екі аяқты хайуандардың арасында дәрменсіз күнелткен мендей сорлыны ая. Тым құрыса дүниеге келген күнімде, тым құрыса қартайған шағымда, соңғы рет, бір адамға жақсылық жасап, ақ өліммен өлейін. Бұдан басқаға менің дәрменім жоқ. Адам боп туып ем, адам боп өлейін. Бер тілегімді, жүр... Уақыт өтіп барады. Уақыт. Таянып қалды.

Композитор. Рақмет, қария. Үш жыл бойы дүниеден еш хабар ала алмай, тілсіз жүрген саған қарап, үнсіз меңіреу тас қапасқа қарап, бар тіршілік семгендей, тор көзден көрінген қала оттары үнсіз қылмыңдаған аспандағы қол жетпес сансыз жұлдыздарға, қала шуылы қиянда күрсінген теңіз үніне айналғандай болып, тіршіліктен күдер үзе бастап едім. Қажыған екенмін, қуат бердің. Адамға деген сенімді қайта тірілттің, рақмет ата, қария! Енді не өлім, не еркіндік.

Надзиратель. Балам, кешіктік. Енді бәрібір үлгере алмаймыз. Сені алып шығатын уақыт өтті, мейлі, өнді өздері келіп көрсін. Сен әлемде не болып жатқаныңа құштар едің ғой, мә. Тумысымда туған күніме алған тұңғыш сыйлық еді, тыңдашы тым құрымас. Ендігі қолымнан келгені — осы. Ал, мә, тыңда!

(Композитор Надзиратель ұсынған транзисторды бұрай бастайды. Транзистор бір-екі шиқылдап барып, қол соққан дауыс шығады).

Композитор. Аплодисмент! Не деген бақыт десеңізші — адамдардың қол соғуын тыңдау.

Надзиратель. Москва. Революция бесігі. *(Транзисторды қатты қояды. Дауыс саңқылдап кетеді).*

Транзистордан дауыс. Жолдастар, дүние жүзінің әр түкпірінде, капиталистер жайлаған елде өз бостандығын қорғау жолында тор көзді түрмеде сарғайып, жылдар бойы зарығып отырған халық ұлдары, дарынды таланттар бар. Оларды дүренің астына алып, аямай азаптайды, дарға асады, атады. Біз оларға қарсы аянбай күрес ашамыз. Бүкіл еңбекші халық бірлігіне, бостандыққа атылған оқты тұншықтыруымыз керек. Ол күн алыс емес, жолдастар!

(Ұзақ қол шапалақтау, халықаралық жұмысшылар гимні — «Интернационал». Транзистордан сөз бастала бергенде, апы кіріп, күпі шығып түрме начальнигі келген. Ол тұтқынмен бірге құшақтасып, бірге тұрған надзирательді көріп, аңырып қалады. Тек «Интернационалға» екеуі қосылғанда барып бар даусымен айғайлайды. Тоқтатыңдар, тоқтатыңдар! «Интернационалға» басқа камерадағы тұтқындар қосылып кетеді. Айналма дөңгелей береді, жарық тұтқындардың бетіне түсіп отырады. Түрме начальнигі бәріне де «тоқтатыңдар» деп тап-тап береді. Бірақ гимн тоқталмайды. Бүкіл түрме «Интернационалды» айтып, күңіреніп кетеді).

Соңы

Ескерту: Прологтегі сөздер белгілі документтерден алынды.

ЖАРАЛЫ ГҮЛДЕР

(Екі бөлімді драмалық поэма)

Драма кейіпкерлері:

1. Бақыт — москал кезі (40-тың ішінде)
2. Бақыт — (Сыбызғы) бала кезі, 7-класс оқушысы
3. Қасым — (Пипин Короткий) »—»—»
4. Аплаш — (Қожанасыр) »—»—»
5. Балташ — (Кеңірдек) »—»—»
6. Балшекер — (Шегіртке) »—»—»
7. Таурид Эмма Ивановна — оқытушы 50-діц мол ішінде
8. Баттал — майдангер. (Бір көзі шыны көз)
9. Гүлсім — мектеп директоры
10. Воспком — Гүлсімніц ағасы
11. Таурид Карл Федорович — Эмма Ивановнаныц ұлы
12. Неміс офицері.

Көпшілік сахнада — балалар

I бөлім

1 - КӨРІНІС

Даң-дұң, даң-дұң — қалай болса солай тартылған пианино үні (какафония). Перде ашыла береді — сахнада екі пианиноны таласа ұрғылаған бір топ оқушы — балалар: біреуі саусағымен, біреуі шынтағымен, енді бірі жұдырығымен пергілеп жатыр. Қастарына ентелей басып қырықтар шамасындағы, самайына ақ кірген адам келеді. Бұл — ақын Бақыт.

Бақыт. Балалар, балалар, бұларың не, бұларың не! Тоқтаңдар, аясаңдаршы, бұл күйсандық емес пе?

Бала. Бұл тозған пианино ғой, Бақыт ағай, ешкімге керегі жоқ. Көп тілдері сөйлемейді. Биыл мұны завхоз далаға шығартып тастаған.

Бақыт (қалтасынан ақ орамал алып, пианиноны сүртеді). Иә, тозған пианино. Бірақ балалар білесіңдер ме, қазір бұл — үнсіз қалған көне ескерткіш. Сөйлете білсең, көне дүниенің де өз тілі бар. Ескіні де қадірлей біл. Мен аулыма келген сайын осы пианиноны бір көрмей кете алмаймын. Әрдайым осы күйсандық өткен өмірді еске салады... *(Жарық сөне береді де, пистолет жарығы Бақыттың бетіне түседі. Ол сөйлеген бойы авансцененың бір бұрышына келіп тұрады.*

Одан бері көп жылдар
Өтіп кетті іргесі,
Отыз көктем,
Отыз қыс,
Отыз жаз бен
Отыз күз —
Қанатты, ұшқыр уақыттың
Табаны жерге тимейді.
Біз де ол кезде, балалар
Өздеріндей оқушы ек.
Зердемізге, бірақ та,
Кітаптан емес, жырақтан
Өмір мен өлім белдескен,
Хабарды тиген құлаққа,
Үреймен күнде тосушы ек.

Сендермен жасты болсақ та,
Біздерді бала демейтін.
Ыстыққа күйіп,
суықта
Түн қатып жүріп тоңсақ та,
Тамағыңды іш,
ұйықта,
Деп мүсіркеп, туыс та,

Қамыңды онша жемейтін
Тырнауыш, айыр ныктан
Жаз болса, әсте түспейтін.
Титықтап, қажып жұмыстан
Жүргенде,
қайда туысқан.
Мезгілмен тамақ іш дейтін

Қазіргі күндей тоқшылық
Жүгіру қайда доп қуып.

Тары көжс,
бидай қуырған,—
Үлкені астың бұйырған.
Жамаулы киім — жоқшылық
Балалық шақтан тез өттік,
Ерте есейіп, ер жеттік,
Еркелік қалған жөнімен.
Кетпейтін ылғи көңілден
Қайғыны үнсіз тербеттік.
Бұзылып батыс реці,
Жау келе жатқан жыл еді.
Соғыстың өткен зардабы,
Талайдың өлген ардағы,
Сұм заман еді,
біл енді,
Бір сүйем совет жерінен
Шегінсе таудың бармағы
Қуанған елдің арманы —
Жеңіс боп тұрған кез еді,

Адамзаттың дұшпаны.
Оқ пенен ажал құсқаны
Неміс боп тұрған кез еді.

(Өлең соңында «Священная война» секілді ән айтылады да соңынан ол балалардың қосыла салған» «По военной дороге» әніне ұласады).

2-КӨРІНІС

Военкомат. Соғыс комиссарының кабинеті. Стол. Биікте Сталиннің портреті. Екінші жақта —«Родина — мать зовет» дейтін плакат. Одан төменде карикатура — қолы қан-қан Гитлердің суреті. «По военной дороге» өлеңін айтып бір топ балалар кіреді. Қасым, Бақыт, Аплаш, Балташ, Балшекер. Ұзынды-қысқалы қолқылдаған шинель, кең гимнастерка, каска, фуражка, танкист шлемі. Аяқтарын теуіп, өлең айтқан балалардың алдында соғыс комиссары капитан Жанғожин честь беріп тұр.

Қасым. Айт, два! Айт, два! Стой. Налево. Жолдас капитан... бір топ болашақ жауынгерлер сіздің қарамағыңызға келіп тұр. *(Бәрі қосылып.)* Служим Советскому Союзу!

Военком: Вольно! *(Темекісін тұтатып)*. Ал, сөйлеңдер, болашақ жауынгерлер *(ұсқындарына қарап сәл жымияды)*.

Қасым. Жолдас капитан! Бәріміз да өз ықтиярлығымызбен әскерге сұрана келдік.

Бақыт. Неміс басқыншыларымен соғысамыз.

Военком. Мылтық ата білесіңдер ме?

Бәрі де. Білгенде қандай. Білеміз.

Қасым. Мен, жолдас капитан, ұшып бара жатқан үйректі көздемей атып түсіре берем.

Военком. Жау саған үйрек емес. Мылтық ата білсең оны алып жүре де білесің ғой.

Қасым. Ehe, мылтық түгілі бір қап бидайыңызды иыққа салып қайқандай жөнелгенде... Сіз менің күшімнен қорықпаңыз.

Военком. Мылтықты жай көтеру бар да, Берлинге дейін жеткізу бар.

Қасым. Енді... Мылтықты орта жолда тастап, Берлинге өлең айтуға бармайтын шығармыз.

Военком. Тіл бар, балақай, тіл ұзын. Бірақ бой қысқа.

Қасым. Сіз менің бойыма қарамаңыз. Соғыс басталғалы шөгіп қалған бойды кемітіп қайтесіз. Әкеңіз, ағаларыңыз майданға кетіп, бар үйдің жұмысы мына мойныңызға түссе, сіз де өспей қалар едіңіз.

Балшекер. Мұны біз Пинин Короткий дейміз.

Қасым. Бойым аласа демесеңіз, осылардың бәрінен үлкенмін. Жас деген біраз жерге келіп қалды ғой.

Военком. Нешедесің?

Қасым. Он алтыдан... он... сегізіңізге кеттік.

Военком. Нешінші кластасың?

Қасым *(күмілтіп)*. Жетінші класта. Жолдас капитан, биыл бір класта үшінші жыл отырамын. Сабақ жағына кінәліміз.

Военком. Үш жыл?! Oho, Жо-жоқ, жаман оқушы — жақсы солдат бола алмайды.

Қасым. Жолдас, капитан, үш үйдің жұмысы мойнымда. Оның үстіне колхоз жұмысы. Шөп шабу, егін ору, шым ою, қыста мал жайлау, ең арты диірмен тартуға дейін менің мойнымда. Оқуды қай жерде оқимын. Ал, немістерге септік жалғауы мен көбейту амалын айтуға бармайтын шығармын.

Бақыт. Жолдас капитан, мен жақсы оқимын. Мені әскерге алыңызшы.

Военком. Сен нешедесің?

Бақыт. Он төрттемін.

Военком. Жоқ, сен тым жассың.

Қасым. Айттым ғой сендерді, алмайды деп, жассыңдар. Мына мен болсам бір сәрі.

Бақыт. Иә, деген жасқа қарамайды. Украинада бізден жас балалар соғысып жүр емес пе?

Военком. Олар неміс қолында қалған балалар — партизандар.

Бақыт. Маған партизан болса да бәрібір. Бірақ әкемді көре алмаймын ғой онда.

Военком. Әкең қайда?

Бақыт. Соғыста. Екінші Украина майданында. Бес ай болды хат келмегелі.

Военком. Фамилиясы кім?

Бақыт. Мәмбетов.

Военком *(селк етіп)*. Мәмбетов?

Бақыт. Білесіз... Соңғы рет командирі мақтап жазған хатты апама өзіңіз әкеп бергенсіз.

Военком *(даусы жарықтанып)*. Иә, иә, білемін. Папаң ең алдыңғы қатарлы солдат. Өте мақтаулы азамат. *(Сөзді бұрып.)* Сенің атың кім?

Бақыт. Бақыт.

Аплаш. Мұны біз Сыбызғы дейміз. Сыбызғыны шебер тартады. Өзі де қурайдай ғой.

Балшектер. Және ақын өзі. Немістерге шығарған өлеңі де бар.

Военком. Қане, айтшы, Бақыт, өлеңінді.

Бақыт. Онша мықты емес, жолдас капитан.

Военком. Сонда да тыңдайық.

Қасым. Бақыт, слушай мой команда!

Бақыт *(алға шығып)*. Енді... *(күмілжіп)* сіз сұраған соң, айтайын:

Немістер —
    қанға жеріген,—
    Адамның етін жегіштер!
Айн, звай, драй
Болсам да мен сыбызғы — қылдай қурай,
Қолымда екі пұттық пулеметпен
Сендерді жоқ қыламын шөптей турай.
    Неміс-неміс — колбаса,
    Мен турайын сен аса!
Аталар салған батырлық жолда

Айпымай біздер тұрамыз,
Отанға кірген аш қасқыр — немістерді қуамыз.
Жауыздардың бастарын жұлып, тістерін қағамыз,
Өз жерінде — қойдай бәрін қырамыз!
Айн, звай, драй,
Біздердің салтымыз солай!
Неміс-неміс — колбаса,
Мен тураймын, сен аса!

(Қолында драу қамшы, бір көзі ақиған шыны көз әскери киімді Баттал тұлан тұтып жетіп келеді. Балалар военкомның артына тығылады. Баттал өлең оқып тұрған Бақыттың құлағынан бас салады.)

Баттал *(құлағын бұрап)*.— Оһ, дизертир, менен бәрібір құтыл аалмайсың. Қазір әкеңе танытайын.

Бақыт. Құлағым-ай, құлағым-ай.

(Военком арашаға түседі.)

Баттал *(қамшысын көтеріп)*. Қане, бәрің де алдыма түсіңдер!

Военком. Тұра тұр. Соншама не боп қалды?

Баттал. Оны мыналардан неге сұрамайсың. Жұмысты тастап, осында қашып келген, қарай гөр. Күз болса мынау. Қырау түсе бастады. Егін жиналмай жатыр. Оһ, дизертирлер. Соғыста бұлай қашса, әкем болса да табан аузында, так сказать, атып тастар ем.

Военком *(жұмсақ үнмен)*.— Балалар, шынында бұларың жарамаған екен. Сендер ғой майданға барамыз деп, жұмыстан қашып келіп тұр екенсіңдер ғой.

Қасым. Егін даласы — майдан даласы емес.

Баттал *(ұмтылып)*. Көрсетейін мен саған майдан даласын *(военком тағы арашалап, ортасына түседі.)* Қарашы тілі мен жағына сүйенуін. Мұның шегедей болып майданшылына не бересің.

Балташ. Сонда немене, айыр, тырнауыш арқалап жүре бермекпіз бе. Барамыз майданға. Әкелерімізден ардақты емеспіз.

Баттал. Қуатит енді!

Военком. Балалар, сендер бір нәрсені түсінбей тұрсыңдар. Мұндағы айыр, күрек те соғыстағы мылтық. Егін даласы да — екінші майдан.

Баттал. Бұларға не мәймеңке керек. Давай, алға түсіңдер. Табандарыңды тіліп тұрып так сказать күні-түні жұмысқа салмағын бар ғой. Көздеріңе көк шыбын үймелетем!

Военком *(даусы ащырақ шығады)*. Жолдас, ефрейтор!

Баттал. Әй, маған әкіреңдеме. Сендей капитанның талайын, орысша айтқанда, видали.

Военком *(балаларға)*. Жауынгерлер, в одну шеренгу становись! Смирно! Балалар әскерге алатындай қуанысып, тез стройға тұрады. Равнение на середину! Балалар, сендер тылдағы жауынгерлерсіңдер. Сендердің ағаларың, әкелерің майданда қан кешіп жүр. Оларға жылы киім, оқ-дәрі, нан керек. Оны дайындайтын тылдағы біздер. Сендер бала да болсаңдар, бар жұмысты атқаратын азаматсыңдар. Тылдағы көмек — сендердің қолдарында. Отан сендерге қарап отыр. Қазір сендердің оқу оқып, доп қуып жүретін кездерің. Бірақ оны уақыт көтермейді. Талай қалалар мен деревняларымыз фашистердің қолында. Жау елімізге баса-көктеп кіріп келеді. Егер олар тез шегінсін, жеңілсін десеңдер, жұмыстарыңа барыңдар. Бұйырамын. Қане, смирно! Направо! Влево плечо вперед, шагом марш!

Баттал. Запивай! *(Балалардың соңдарынан ілесе береді)*.

Военком. Сіз тұра тұрыңызшы. *(Балалар «По военной дорогені» айтып шығып кетеді)*.

Военком. Сен балаларға тым қатал екенсің.

Баттал. Немене олардың аузына еміздік салу керек шығар. Қазір бір дән жерде жиналмай қалса білемісің — оның аты Отан алдында, орысша айтқанда, преступление. Қазір балаларды мәймеңкелеп, үлкендерге жарамсақтанатын уақыт емес.

Военком. Ол түсінікті. Әйтпесе, баланың аты бала ғой. Былай, алдап жұмсамайсың ба?

Баттал. Алдап! Төбеңе шығып ойнақтасын дейсің ғой. Обалы маған емес, так сказать, немістерге.

Военком. Жасындағы әпербақандығың әлі қалмаған екен.

Баттал. Мұныңды қалай түсінуге болады. Соғысқа барып жауасып қайтпадың дегенің бе?

Военком. Байқа, балаларды, қияли етіп алма.

Баттал. Өзімде де бір түйір нерві қалған жоқ. Соғысқа бармаған сендер не білесіңдер. Мына бас адам басы ма, қойдың басы ма *(өз басын өзі нұқиды)*. Ал мына көз ненің көзі? Мен немістерге басымды қой басының орнына табаққа салып, мына көзімді, так сказать, асатқан шығармын, мүмкін.

Военком. Ол түсінікті ғой. Бірақ қазір кімнің төрт құбылысы түгел? Сен жаңа Бақыт деген баланы қатты ренжіттің. Кешірім сұрауыңыз керек.

Баттал. Титімдей баладан ба?!

Военком. Титімдей емес. Ол енді өз үйінің бас көтерер азаматы. Үй — иесі.

Баттал. Азамат, үй иесі. Әкесінің көзі тірі тұрғанда оған, орысша айтқанда, хозяйын болу қайда!

Военком *(теріс қарап)*. Оның әкесі енді бұл дүниеде жоқ.

Баттал. Бұл дүниеде? Жо-оқ!

(Қайғылы музыка. Шам сөне береді).

3-КӨРІНІС

Күз. Кеш. Егіс даласы. Шағын қос «Бәрі де майдан үшін!»— транспорт ілулі. Қос басында екі бала Қасым (Пипин Короткий) мен Бақыт (Сызбағы) шөп машинасы шалғысын қайрап отыр. Бақыттың аузында дамыл жоқ: «Дыңғыл-дыңғыл, дың-дың» деп неше түрлі күйді салып, шалғы тістерін зыр айналған шарыққа жүгірте салады (бір қолы таңулы).

Қасым. Әй, Сыбызғы, осы сенің-ақ күйің таси береді екен. Дұрыстап салсайшы.

Бақыт. Күйдің не бөгеті бар. Мына қолым емес пе бөгет боп отырған.

Қасым. О, проклятый, немістер, сендер болмасаңдар ғой, осындай қара бастарын ала алмай жүрген шалапайларды маңыма жуытар ма ем.

(Шаң-шұң, бірін-бірі қуып екі бала келеді: Аплаштың (Қаңбақ шал) қолында бишік, Балташтың (Кеңірдек) қолында заноска. Аллаш Қасымның артына тығылады. Балташты Бақыт ұстай алады).

Қасым *(арашалап)*. Оу, Кеңірдек, не боп қалды.

Балташ. Әй, Қаңбақ шал, ер екенсің жасырынбай жекпе-жек шық.

Аплаш *(асықпай)*. Ер екенім рас! Бірақ алдағы заноскамен жарғызатын сенің басындай далада жатқан бас жоқ.

Балташ. Шіркін-ай, мұрныңды бет қылар едім.

Аплаш *(асықпай)*. Мен сенің ана аузыңды күншығыстан қаратар едім.

Балташ *(ұмтыла түсіп)*. Төбеңнен тесік шығарар едім.

Аплаш. Ал, мен болсам, ана сопақ төбеңнен боз торғай жұмыртқалайтын ұя салармын.

Балташ. Әттең, андағы Пипин Короткийдің артына тығылмасаң...

Қасым. Әй, менде не жұмысың бар. Ал, бұл тығылмаса не істер ең, Кеңірдек?!

Балташ. Жерге қағып жіберіп, суырып алар ем.

Қасым. Бұл соншама, немене, шеге ме екен, бір қағып бір суырып ала беретін. Мә, ендеше, қаға ғой. Бақыт, қас қарайып кетпей шалғымызды қайрап алайық одан да.

(Балташ пен Аплаш бір-біріне кіжініп тұрып қалады.)

Балташ. Қағып жіберіп, жалпаңнан түсірейін бе?!

Аплаш. Әттең, әкең әскерде жүр, аяймын.

Балташ. Мұның аяғышына не берерсің. Кеңірдегіңді жұлып алайын ба осы?

(Сырттан тр-тр-р! деген дауыс шығады да, Баттал айғайлай келеді.)

Баттал. Атставить! Разойдись!

(Балташ пен Аплаш қолдарындағы «Қаруларын» тастап, екі жаққа тарайды).

Баттал. *(Қасымға қарап.)* Встать! Сен неғып ерте келіп отырсың.

Қасым. Көрмейсің бе шалғының тістерін ауыстырып отырмын.

Баттал. Оған не болды.

Қасым. Арам шөпке қақалып, бір-екі тісі сынып қалды.

Баттал. Соған да сынғаны ма? Немене, соншама кемпірдің тісі ме ол?!

Қасым. Етке қақалса адам өліп те қалады. Былтыр Бестерек деген жерде, бір қомағай шал біреудің жаназасы үстінде етті өлерменде жеймін деп, тісіне сіңір ілегіп қалып, ет не әрі, не бері кетпей тұншығып, жан тапсырған.

Баттал. Отставить! Куатит! Напраснай сөздің қажеті жоқ. Бұдан кейін саған запас тіс жоқ, өз тісіңді салмасаң. Ұқтың ба... Бақыт сенің қолыңа не қылған?

Бақыт. Қақалған шалғының алқымына арам шөптерді алып жатқанда, көлік жүріп кетіп...

Баттал. Әйтеуір саусақтарың аман ба?

Қасым. Онша терең кескен жоқ. Ештеме етпейді. Өзіңіз айтатындай: «До свадьба живиот».

Баттал *(енді Аплаш пен Балташқа)*. Ал, сендерге

не жетпей қырқысып жатырсыңдар?! Так сказать, қораздар құсап!..

Балташ. Әлгі Қарапидің сынық мүйізін кезекпен мінуші ек қой...

Аплаш. Мінсе, немене?

Баттал. Отставить, Пәрәдкемен сөйлеңдер.

Балташ. Содан мына Қаңбақ шал Шабдар атты екінші күн қатарымен мініп кетіпті. Шабан өгізбен ток басына бүгін зорға жеттім.

Аплаш. Сен онда тырнауышқа отыр. Қарапидің сынық мүйізі түгілі, Бопан қара да қанша елпілдек өгіз болғанымен тырнауышқа жүре алмайды.

Балташ. Бопан қара да, Топан қара да керегі жоқ. Ендігәрі сұраусыз міндің ғой, тура басыңды заноскамен қақ айырамын!

Баттал. Қуатит. Әй өзің бір Кеңірдек десе дегендейсің-ау. Іздейтінің, так сказать, төбелес. Ылғи қызыл кеңірдек боласың да жатасың *(отырады)*. Өй, өгіздің қасиетін білмейтін бұзаулар. Біз кеше осы қазағымның өгізімен ту-ту майданға дейін барғанбыз.

Аплаш. Майданға деймісіз?

Қасым. Әй, Қаңбақ шал, түк білмейсің. Батекең талай рет бәйге шолақ деген өгізбен немістерді қырып салған.

Баттал. Қырса несі бар, қырғам!

Бақыт. Аға, шынында, немістерді көрдіңіз бе?

Баттал. Е, соғысқа қатысқан адам көрмеуші ме еді. Көрмек түгілі бірге отырып сөйлескенмін де.

Қасым. Баттал ағай талай рет олармен табақтас болған.

Баттал. Табақтасы несі.

Бақыт. Аға, немістерді қалай көрдіңіз, өздері қандай болады, соғыс жайлы бір әңгіме айтып беріңізші.

Балшекер. Аға айтып беріңізші. Әңгіме айтыңызшы.

Қасым. Әңгіме емес, так сказать, ертегі де.

Баттал. Несі ертегі?! Әй, қалжақбас, Пипин Короткий, сен-ақ құрдасымдай ойнай бердің ғой. Әкеш, темекің бар ма *(қол дорбадан темекі алып орай отырып, әңгіме бастайды)*. Соңғы рет марқұм Бәйгешолаққа мінгесіп Иванов деген сержант екеуіміз немістерден тіл әкелуге шыққанбыз.

Бақыт. Ненің тілі?

Қасым. Өгіздің тілі.

Баттал. Немістің тілі. Орысша айтқанда язык.

Бақыт. Ә, сөйдемейсіз бе? Немецкий язык деңіз.

Баттал. Иә... Түн тастай қараңғы. Тезірек ай тумай тұрып бір-екі тіл алып келе қояйық деп Бәйгешолақтың су жорғасына салып, сыпыртып келе жатқанбыз. Тап алдымыздан өңкиіп немістің тигрі шыға келмесі бар ма.

Аплаш. Тигр? Арыстан ба?

Бақыт. Өй, арыстанды лев дейді. Тигр деген жолбарыс-ыс, сауатсыз.

Қасым. Оттапсыңдар. Ол танк емес пе! Сендер де ұялмай-қызармай соғысқа барам дейсіңдер-ау.

Баттал. Үлкендігі тура біздің, так сказать, колхоз сарайындай. Бізді көріп қалды. Атака деп тұра шаптық.

Аплаш. Бұрылып кетпедіңіздер ме?

Қасым. Сен дедің бе мына Кеңірдектен қашатын.

Баттал. Атам жаудан қайтпаған. Нағашым Қара Қыпшақ Қобыланды емес пе! Ивановка белімнен мықтап «Ұста» дедім де, өгізге қамшы басып, қайқы қылшымды жалақтата «Отан үшін алға» деп ұмтылдым. Марқұм Бәйгешолақ та сәйгел тигендей шолақ құйрығын шаншып алып, көзі қанталап тигрді мүйізімен періп өтті.

Шақыр-шұқыр етіп екеуі бірімен-бірі сүзісіп кеп мөңкігенде, Бәйгешолақтың үстінен біз де сыпырылып түстік. Тигрдің ішінен қарасы жүзге тарта неміс шашылып қалды.

Аплаш. Тигрдің қарны жарылып қалды ма?

Баттал. Онысын қайдам, біз тұра қаштық, пулеметпен атқылап немістер де шәуілдеп қуып берді.

Қасым. Жаудан бетіңіз қайтпаушы еді ғой.

Баттал. Қайтпағанда, оларға аялдасақ уақытымыз зая кетпей ме. Біздің задачамыз, так сказать, тіл әкелу ғой...

Бақыт. Иә, тіл әкелу. Қасым, бөгемеші сен.

Қасым. Бәтекең өзі де бөгейлейін деп тұрған жоқ.

Баттал. Содан қашып келе жатып бір өзенге қойып кетіп, жалдап, әрең құтылдық. Бірақ үстіміз малмандай су. Енді не істеу керек?

Қасым. Кептіру керек. Сонан соң өтектеу керек.

Баттал. Тура айтасың. Қалай кептіру керек. Бірақ амал — тезек теру керек. Содан не керек, Иванов та деревняда тезек теріп өскен шаруақор жігіт екен, екеуіміз әп-сәтте бір қап тезек теріп алдық.

Қасым. Жаңа түн тастай қараңғы емес пе еді. Қалай көрдіңіздер.

Б а қ ы т. Е, ай туатындай мезгіл болды ғой.

Б а т т а л. Иә, ай туған. Және Украинаның айы қазақ арбаның доңғалағындай үлкен болады екен. Содан тезектерімізді жағып отырғанбыз, анадай жерге он шақты неміс кеп, мылтықтарын тазалай бастады. Оларда шаруамыз қанша «Гутен морген!» дегендеріне, «Гутн тах» деп, отты маздатып қойып, тыр жалаңаш шешініп, жасымнан белімнің бір қуяңы да болушы еді, так сказать, қақтанып отырмын. Бір кезде біздің қасымызға бір неміс келіп, отқа темекісін тұтатып, бұтып-шатып көржерді әңгімелеп отырған. Әлден уақытта: «Әй, осы сенің шашың неге қара» деді. «Е, қазақ болған соң қара болат та» дедім. «Ә-ә» деп қойды. Біраздан соң, «Ал, көзің неге қара?» деді.

А п л а ш. Ол кезде екі көзіңіз де бар ма еді?

Қ а с ы м. Оттапсың, туғанда шыны тығып туды деймісің.

Б а т т а л. А как же! Әрине бар. Содан, «Е, қазақ болған соң қара болат та» дедім тағы да. Әлгі неміс «ә-ә», қазақ, қазақ» деп отырды да, бір кезде құйрығына шоқ басып алғандай баж етіп «Русь, русь» деп аттан салмасы бар ма. Сол жерде сарт-сұрт алыса кеттік.

Б а л т а ш. Әп, бәлем!

Б а т т а л. Басқа немістер де келіп қалды. Иванов екеуміз етігімізді де киіп үлгере алмадық. Жалаң аяқ алыса түстік. Маған бір еңгезердей дәу неміс тиген екен, мені олай да, бұлай да лақтырады. Мысықша дік етс қалып, қайта атылам.

Б а қ ы т. Жамбасқа алмайсыз ба, жамбасқа!

Б а л т а ш. Жығып салып, ішке-ішке теппейсіз бе?

А п л а ш. Мына шықшыттан, шұрқылтайдан.

Б а т т а л. Оған бола қоя ма. «Мен саған көрсетемін. мен күрестен дүние жүзінің шемпионымын» деп қояды. «Мен де тегін емеспін талай рет ауданда бас балуанға түскенмін» деймін. Бір кезде ырсылдай жүріп «Әу, осы сен кімсің?» дейді. «Мен Шарықбайдың Батталымын!» деймін, «Ұлтың кім?» дейді. «Ұлтым қазақ» деп ем, аузынан көбігі ағып жынданып кете жаздады.

А п л а ш. Ол несі екен?

Б а т т а л. «Сендерді жеңгенде ең алдымен қыратынымыз қазақ болады» дейді. «Неге» десем, «Сендер шеттеріңмен мерген-снайперсыңдар» дейді. «Е, Қамбар батырдың бөлесімін» деп ем, қай Қамбар, Шапалайдың Қамбары ма дейді. Мә саған Шапалай!» деп әуелі шапа-

лақпен тартып жібердім де, іштен қазақша шалып алып періп кеп қалдым. Күлпаршасы шықты. Кейін сөйлетермін деп, так сказать, қапқа салып алдым.

Қ а с ы м. Күлпаршасы шықса ол қалай сөйлейді?

Б а т т а л. Е, олар жылан сияқты тіріле береді. Содан үһ деп шалбарымды киіп отырсам, тағы бірі келіп қалды. Ышқырымды көтере сап, тамағына атылдым.

А п л а ш. Шалбарыңыз түсіп кетті ме?

Б а т т а л. Түссе, оған қарайтын уақыт па. Жұтқыншағы тура қаздың жұмыртқасындай екен, мыжып жатырмын, мыжып жатырмын. Бір кезде «Босат, ойбай, қылғынып барамын!» дегені ғой...

Қ а с ы м. Өздері қазақшаға да судай екен-ау.

Б а т т а л. Ойпырмай, сен де бір қисық сөйлемесең, отыра алмайсың-ау. Ал, қане «Әңгіме бұзау емізеді, бұзау таяқ жегізеді» демекші. Тамақ ішіп, ертерек жатып қалайық. Ертең таңмен жұмысқа тұрамыз.

Қ а с ы м *(қисайып жатып)*. Әй, балалар, осы биыл оқуды қойсақ қайтеді.

Б а л т а ш. Оқудан мұрның қанап жүр еді.

А п л а ш. Е, бір класта үш жыл отырды не, төрт жыл отырды не.

Қ а с ы м. Оқығанда не қиратам дейсің. Жібі түзу бір мұғалімің жоқ.

Б а л т а ш. Немене, Баттал ағай тақияңа тар келіп тұр ма?

Қ а с ы м. Е, Батекең бар екен ғой. Биыл орыс тіліне жаритын болдық. Бірақ не болса, о болсын, әйтеуір темекі тартып тұруымызға жақсы болды.

Б а т т а л. Әй, темекі дегенді мектепте қоясың. Қазір әшейін ұйқыларың ашылсын деп, орысша айтқанда, жалею... Шынында да темекің таусылмайды, осы сенің фабрикаң бар ма-ей, немене?!

Б а л т а ш. Жол үстінің бәрі фабрика емес пе оған.

А п л а ш. Ағай, мұның темекісі — кәдімгі аттың қиы.

Б а т т а л *(шоршып түсіп)*. Не дейт?!

Қ а с ы м. Әй сен де айтасың-ау. Ішіне аздап жапырақ самасаттың тұқылын араластырам. Таза өзі болса сорылмайды ғой. *(Жерге дастарқан жайып алқа-қотан отырған балаларға Балшекер шай жасап, орталарына бір таба бидай қояды)*.

Б а т т а л *(шошынып, табаға қарап)*. Мынау не?!

Б а л ш е к е р. Бидай ғой, ағай.

Б а т т а л. Қандай бидай?

Қ а с ы м. Қәдімгі бір-екі қасық тоқ май салып, табаға қуырған ыстық бидай.

Б а т т а л *(атып тұрып)*. Встать! Қандай бидай деймін!

Б а л ш е к е р *(түсініңкіремей)*. Қәдімгі, қәдімгі...

Б а т т а л. Ескі ме, так сказать, жаңа ма?!

Б а л ш е к е р. Ескі, қайдан келсін, жаңа...

Б а т т а л. Жаңа!.. Мұндай өнерді кім үйретті сендерге. Қалай ғана тамақтарыңнан өтеді. Бұл бидай емес — оқ, оқ! *(Балалар шошынып қалады)*.

Қ а с ы м. Қайдағы оқ! Аға сіз қай көзіңізбен *(аузын басады)*.

Б а т т а л *(ежірейіп)*. Екі көзіммен де көріп тұрмын. Қазіргі бір дән — неміске атылатын бір оқ, білемісің оны.

А п л а ш *(шын сеніп)*. Бұдан бытыра жасай ма?

Б а т т а л. Бытыра, бытыра. Өзің бытыра.

Қ а с ы м. Қысық езгек надиақ ніттесрөк.

Б а л ш е к е р. Ріб абат адиадиб нағрұт ен раб.

Қ а с ы м. Рұтарұт, еднегемеж регөт іңісімиед...

Б а т т а л. Әй, не деп кеттіндер тағы да. Осы бір кері сөйлегенді қашан қоясыңдар.

Б а л ш е к е р. Аға, балалардың қарны ашып жүрген соң, біраз масақ теріп, көпейкеге соғып алып ем.

Б а т т а л. «Қарны ашып» өлмейсіндер. Ана жақта ол от кешіп, жүрген әкелерің тойып жүрген шығар. Бұларың преступление. Орысша айтқанда под сот кетесіндер. Нанды алдымен майданға жөнелту керек.

Б а қ ы т. Аға, бүгін айран да келген жоқ. Ірімшік те бітіп қалыпты. Сосын...

(Баттал Бақытқа бір қарап, теріс айналып жүріп кетеді.)

Қ а с ы м *(айқайлап)*. Баттал аға, мына бидайды төгіп тастайық па?

Б а т т а л *(теріс қараған күйі)*. Жей беріндер.

(Балалар қаужаңдасып, шай іше бастағанда сырттан арба салдыры естіледі.)

Б а л ш е к е р. Айраншы атай да келіп қалды.

Б ә р і. Хат келді, хат келді.

Б а л т а ш *(сүзіле қарап)*. Мынау әйел ғой.

А п л а ш. Директор, мынау Гүлсім апай.

(Гүлсім келеді. Қолында хат сумкасы.)

Б ә р і. Сәлематсыз ба, Гүлсім апай.

Г ү л с і м. Айраншы атайларың ауырып қалыпты.

Мына сумканы беріп жіберіп еді. Ішінде жиналған хаттар болуы керек.

(Балалар жапа-тармағай сумканы ашып хат алып, оқып жатады. Бақыт ұмтылып, бос қалған сумканың түбіне қарап, ұнжырғасы түсіп қостың қасына қисаяды. Сыбызғысын алып мұңды ән тартып жатады. Гүлсім Батталды авансценаға қарай алып шығады).

Баттал. Гүлсімжан, өзің тола бастағансың ба, әлде сағынған соң солай көріне ме?

Гүлсім. Қой, балалардан ұят та.

Баттал. Еһ, сағынғанның не ұяты бар.

Гүлсім. Балаларды бүгін елге апару керек.

Баттал. Елге? Қой, ертеңгі жарты күнгі жұмыс қалмай ма. Енді орақ бітуге өзі де аз-ақ қалды.

Гүлсім. Апармай болмайды. Бақыттың шешесі кеше келген...

Баттал. Е, онда Бақыт барсын. Басқалары не алады.

Гүлсім. Бүгін естіртпекші.

Баттал. Өзі шын болды ма?

Гүлсім. Шын болғаны да.

Баттал. Осы күнге дейін несін жасырып келген?!

Гүлсім. Шешесі жаздай қой соңында — сыртта болған жоқ па. Ол кезде естіртсе кемінде бір жұма уақыт қойды кім бағады. Басқарма кейін — күзде естіртерсің деп Военкоммен келісіпті.

Баттал. Естірту дегеннің өзі бір пәле болды ғой.

Гүлсім. Пәлесінен бұрын талайлар талма ауруға да шалдыққан жоқ па?

Баттал. Не десең о де. Балаларды жібере алмаймын. Орысша айтқанда, категорический...

Гүлсім. Болмайды. Олар да елдің ендігі азаматтары. Оның үстіне Бақыттың кластас достары. Басқа бригадаларға айтпаспыз, кейін естір.

(Осы кезде аспанда тыраулап ұшып бара жатқан тырналар үні естіледі. Бәрі аспанға қарайды. Бақыт қолын соза ұмтылып авансценаға келіп тоқтайды. Сахнада шам сөнеді. Бақыт пистолет жарығында.)

Бақыт:

Тырау-тырау тырналар,
Тізіліп қайда барасың?
Сәлемімді ала бар
Көрсең майдан даласын.

Майданда жүрген әкем бар,
Көрсең сәлем айтарсың.
Жеріме кірген — жыландар,
Тұмсықтан ұрып тойтарсын.

Мың батпан мұңды әкелген,
Немістен есе қайтарсын.
Артында қалған жұртына,
Хат салып тұр деп айтарсың.

Өзің де байқа, майданда,
Оқ тисе мұнда қайтпассың,
Әкемді бірақ жасытпа,
Қайғырып жүр деп айтпассың.

Жеткізе гөр сөзімді,
Қамымды, достым, жегейсің.
Жақында ұлың өзіңді,
Іздеп те келер дегейсің.

Тырау-тырау тырналар,
Тізіліп кетіп барасың,
Сәлемімді ала бар,
Көрсең майдан даласын!

(Мұңды әуен. Пистолет жарығы сөнеді).

4-КӨРІНІС

Сахнада Бақыттың үйі. Мұңайған адамдар. Балалар үйге кіре бере ошарылып қалады. Бақыт жан-жағына жалтақтап анасын іздейді. Оң жақта бетін ақпен жапқан адам жатыр. Бақыт қасына келіп тұрып қалады.

Б а қ ы т *(анасының бетін баяу аша бере)*. Апа-а!

Г ү л с і м. *(Анасын құшақтап жылап жатқан Бақыттың шашынан сипап)*. Қайырын берсін! Әттең жете алмай қалған екенбіз. Амал не?

В о е н к о м. Жүрегі жаман екен ғой, кім білген. Өкінішті болды.

Б а қ ы т *(басын көтеріп)*. Тым құрмаса бір күн қасында бола алмадым-ау, апа. Кеш мені. Қасында бола алмадым. Соңғы сөзінді ести алмадым. Енді сен алыстасың... Енді менде ана ж-жоқ!

В о е н к о м. Бақыт, айналайын, берік бол. Сен де

енді үлкен азаматсың... Берік бол... Мынау... Мынау әкеңнің майданнан жіберген киімдері. *(Бақыт мағынасыз қарайды)*. Отан үшін қанды жорықта жанын пида еткен адамдардың өлмес ескерткіші. Біз мәңгі ұмытпаймыз. Отан солдаттары. Әкең партия тәрбиелеген нағыз коммунист еді... *(Бақыт мәңгірген адамдай түк түсінбей военкомның қолындағы кителді алады)*.

Бақыт *(шинельді жазып)*. Қан, кімнің қаны?! Кімнің шинелі?!

Военком. Отан үшін, елі үшін совет солдаты Мәмбетов қаза тапты. Жолдастар, үнсіз тұрып, марқұмды аза тұтып, еске алайық!

Бақыт. Па-па! *(Шинельді құшақтап, тізерлеп отырып қалады.)*

(Аз үнсіздік. Сыбызғыда қайғылы музыка баяу ойнап тұрады.)

Бақыт *(басын көтеріп)*. Па-па, апа, жалғыз... Жалғыз қалдым ғой. Бір күннің ішінде жетім қалдым. Жетімекпін енді. Неге... Неге менің атымды Бақыт қойдыңдар. Неге... Неге Бақытсыз қоймадыңдар.

(Тағы шинельді құшақтап, анасының қасына сүйретіле барып тізерлеп отыра кетеді. Осы кезде сырттан жан ұшырып Балшекер кірген).

Балшекер *(үрейлі)*. Ойбай, немістер келіп қалды, немістер... Екі арбамен түсіп жатыр. Тұрғандар *(абыржып)* немістер, немістер. Келіп қалды. Келіп қалды.

(Бақыт атып тұрып екінші жаққа жүгіріп қос ауыз мылтық алып шығады.)

Бақыт *(мылтығын көтеріп жүгіре жөнеледі)*. Қолдарында өлем. Бірге ала өлем, немістер. Жауыздар!

Военком. Тоқта, тоқта! Жолдастар, абыржымаңдар!

(Музыка)
Шымылдық

II бөлім

5-КӨРІНІС

Бақыттың үйі. Бақыт пен Қасым қолдасып диірмен тартып, ыңылдап ән айтып отыр. Саңқ етіп радио сөйлейді. (Балалар құлақ түреді).

Радиодағы дауыс. «Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Совет информбюросының хабарын береміз. Бір тәулік бойы Совет Армиясы Сталинград түбіндегі кескілескен ұрыста неміс басқыншыларын көп шығынға ұшыратты. Бірақ екінші тәулікте жау күшінің басымдылығынан, біраз шегінуге тура келді. Көптеген қалалар мен деревнялар, гитлершілдердің әуеден жаудырған бомбасының астында қирап, бүліншілікке ұшырауда.

Қасым. Әй, мына атаңа нағлет немістерің не деген өлермен еді...

Бақыт. Шіркін-ай, папам тірі болғанда ғой, әлі де соғысып жүрер еді-ау. Осы радиодан соғыс хабарын берген сайын бұрын папам туралы бірдеме айтатындай елеңдей қалушы едім. Қазір бір түрлі күдерімді...

(даусына булығып, сөзін жалғай алмайды.)

Қасым. Айтпақшы, осы сен интернатта тұратын болдың ба?

Бақыт. Өзім де білмеймін. Көршілер: «Үйіңді қаңыратып қайда барасың, тым құрмаса бір жылға шыда» деседі.

Қасым. Соны мен де естідім. Шынында, әкеңнің түтінін түтетпей, үцірейтіп тастап кетуің ұят болады. Шыда.

Бақыт. Шыдауын шыдармын-ау. Бірақ жалғыздық қиын екен. Әлі үйрене алмай жүрмін. Кейде түн ішінде ана ауыз жақта, қорада шайтандар жүретін сияқты. Башпайлары сырт-сырт етеді.

Қасым. Өй, қорыққанға қос көрінеді. Қорықпастың амалы бар ғой — сен өзіңді соғыстамын деп ойла. Егер қару-жарақ қоймасын түн ішінде күзетсең, қайтер ең.

Бақыт. Е-е, онда ұйықтамайсың ғой. Қолыңда автомат. *(Сырттан жүгіріп Аплаш пен Балташ келеді. Жүздерінде қуаныш).*

Балташ. Аплаш *(жарыса)*. Сүйінші, сүйінші.

Қасым. Иә, иә, не болды!

Бақыт. Біреу келді ме әскерден.

(Балташ артына жасырып тұрған волейбол добын жерге бір ұрады.)

Қасым. Әй, мынау доп қой, қайдан алдыңдар-ай.

Бақыт. Көкеңнен келді ме-ей.

Балташ. Табыңдар қайдан алдым.

Аплаш. Қайдан алдық де.

Қасым. Қайдан аласыңдар. Әскерден біреуіңнің әкен жіберген шығар.

Бақыт. Қайсыңдікі, әй?

Аплаш. Екеуміздікі...

Балташ. Сырты менікі.

Аплаш. Іші менікі.

Қасым. Оттапсыңдар! Қалайша екеуіңдікі болады. Біреуіңе жіберген шығар?

Бақыт. Қарапидің қара өгізін бөлісе алмай жүрген сендер.

Аплаш. Честно, Ленинский.

Балташ. Оллахи-белахи, көктегі жұлдыздай, жердегі шөптей...

Аплаш. Ақж, Бқж болайын! Іші менікі, орысша айтқанда, собственный.

Қасым. Өй, қайдан алдыңдар. Жүн добыңа айырбастап алдың ба?

Балташ. Сатып алдық.

Аплаш. Екі кесе бидай...

Балташ. Сыртын мен сатып алдым, ішін Аплаш.

Бақыт. Кімнен. Аудан орталығында ондай ешкім жоқ еді ғой.

Балташ. Немістерден.

Аплаш. Әлгі Шарапидің ауыз үйіне кірген прселен неміс бар ғой...

Балташ. Соның жалтыр шеке бір боласы бар екен. Фамилиясы қызық — Сальфельд.

Бақыт. Немістен сатып алғанға мәз болып тұрсыңдар, ә?

Аплаш. Е, несі бар. Алсақ өзіміздің еңбек күнге тиген бидайдан бердік. Ешкімнен ұрлағамыз жоқ...

Балташ. Өздеріңде болмаған соң көре алмайсыңдар...

Бақыт. Әкеш онда көрейін.

Балташ. Әуелі қолыңды жуып кел.

Бақыт. Қолым неміс добынан таза! *(Балташтың қолынан добын жұлып алады да, желін шығарып жіберіп, табанына салып покрышканы қақ айырады.)*

Балташ. Аплаш. Өй, әй! *(Жармасады. Қасым ортаға түседі. Екеуінің малақайын жұлып алып бастарына — қақ айырылған покрышканы зорлап кигізіп, құйрықтарынан бір-бір теуіп шығарады.)*

Қасым. Марш!.. Қарашы өздерін немістерден алғанға мәз боп жүргендерін.

Б а қ ы т *(терезе жаққа қарап)*. Әй, осында военком келе жатыр... Қасында перселең әйел бар.

Қ а с ы м. Осы военкомды көрсем жүрегім зу ете қалатын болыпты. Ылғи жаманат жеткізетіндей көрініп тұрады.

Б а қ ы т. Енді маған несін айтар дейсің.

(Екеуі қолдасып диірмен тартып отыра қалады. Сырттан военком мен басында қауырсын қадаған ескі шляпа, самайынан ақ шашы көрінген, жеңіл пальтолы, дірілдеп тоңған елулердің мол ішіндегі әйел Таурид кіреді.)

В о е н к о м. Амансыңдар ма, азаматтар!

Т а у р и д. Здравствуйте, дети! Саламатсыз ба, жолдас капитан!

В о е н к о м. Диірмендерінді сәл қоя тұрсандар қайтеді.

(Балалар екі-үш рет айналдырып барып, селсоқ тоқтатады.)

В о е н к о м. Ал, балалар, ертең енді оқуларың басталады.

Қ а с ы м. Иә, қыс ішінде бастайық деп тұрмыз. Бір класта қалай үш жыл отырмайсың.

В о е н к о м. Ә, әлі ұмытқан жоқ екенсің ғой. Ал, Бақыт айналайын сен интернатыңа барасың. Мен директормен жақсылап сөйлестім. Саған қысқы киімдер беретін болды. Біз де мүмкіндігінше көмектесеміз.

Б а қ ы т. Мен интернатқа бармаймын.

В о е н к о м. Неге, айналайын. Жалғыз қалай тұрасың? Интернат үйде тұрған балаға көмектесе алмайды.

Б а қ ы т. Мейлі.

В о е н к о м. Қой ол болмайды.

Қ а с ы м. Жолдас капитан, үйді қаңыратып несіз тастап кету қазақ ырымына жаман.

В о е н к о м. Ә, солай ма. Ендеше, мен сендерге оның оңай жолын айтайын. Міне, мына кісі үй таба алмай жүр.

Б а қ ы т. Неміс пе? Пәрселенге үй бергенше, өртеп жібергенім жақсы емес пе.

В о е н к о м. Айналайын-ау... Енді...

Б а қ ы т. Сонда менің әкемнің түтінін неміс түтетіп отырмақ па?!

В о е н к о м. Қой, ол қазақшылық болар.

Б а қ ы т. Әкемді неміс өлтіреді, мен оған үй беремін.

В о е н к о м. Ол Германияның немісі, бұл өзіміздікі...

Бақыт. Өзіміздікі болса, бұларды біздің елге курортқа жіберген шығар, неміс — бәрібір неміс!

(Қасым қарқылдап тұрып күледі.)

Қасым. Әй, бағанадан мына әйел кімге ұқсайды деп олай ойлап, бұлай ойлап, жаңа таптым. Біздің үйде бір кәрі тауық бар, қыста ылғи қорада бүріседі де жүреді. Өзі жұмыртқаламайды да.

Бақыт. Балташтың тобан аяғындай ғой.

Қасым. Тура, тура.

Военком. Тоқтатыңдар! Ұяттарың қайда. Шешелеріндей адам емес пе... Бақыт, интернатқа шықпасаң да мына кісі осында тұрсын. Саған да жалғызсырамауыңа жақсы.

Бақыт *(ащырақ)*. Сіз не айтып тұрсыз өзі?! Ендігі, жетпегені төрімде немісті талдаңдатып қою екен ғой. Иесіз үйді басынғыңыз келді ме!

Қасым. Одан да әлгі сайтандардың талдаңдап жүргені артық емес пе? Ніредзө пыуқ абнысиапқыш, цынаным ысамиқ еген ыдишық.

Бақыт. Әй, қойшы.

Военком. Жүріңіз.

(Военком Таурид шығып кетеді.)

6-КӨРІНІС

Сүт машинаның барабанынан жасаған қоңырауды дамылсыз соғып, ерсілі-қарсылы жүгірген оқушы. Шағын класс. Бөлме ішінде алысып-жұлысқан балалар — чехарда ойнап жүр.

Қасым *(қоңырау тынған соң)*. Тише балалар, тише. Слушай мой каманда! *(Балалар тына қалады.)* Қазір бірінші сабақ орыс тілі. Орыс тілі пәнінің мұғалімі ефрейтор Батекең Шарықбаевті алғаш келуін өзі үйреткен әнімен қарсы алайық.

Балалар. Ура, Ура!

Аплаш. Ал, Бақыт бастап жібер.

(Бақыт бастай жөнеледі, басқалары қосылады.)

«По военной дороге Шалбарбек
Етрибоги боевой восемнадцатый год.
Был с гор и на долги от кубас,
И на долги ни коней понимас нам пахот».

Есік жақтан сығалаған Балташ, «Ал келе жатыр» деп белгі береді. Есіктен мұғалім кіре берді-ау дегенде өлеңдерін доғарған балалар тымақтарын аспанға атып, уралап қоя береді. Бірақ есіктен кірген директор Гүлсім Жангожина мен шашына ақ түскен, жүдеу киімді бейтаныс неміс әйелін көрген оқушылар таңырқап тұрып қалады.

Гүлсім. Саламатсыздар ма, балалар, отырыңдар. (Балалар орындарына самарқау отыра беріп, дабырласып кетеді.)

Аплаш. Мынау, ескі детсадтың бір жағына түскен неміс қой-ай!

Балташ. Бұл неге келген-ай!

Қасым. Әнеугүні үй таба алмай тентіреп жүрген кемпір емес пе? Бізге сабақ беретін шығар, вот тебе на!

(Бәрі ду күледі.)

Гүлсім *(өктем)*. Тыныштальңдар, балалар.

Қасым *(балаларға қолын көтеріп)*. Тыныштық керек, тыныштық!

Гүлсім. Балалар, мына менімен келген адам Эмма Ивановна Таурид дейтін апаларың.

Балалар *(қосыла)*. Тәуір ит! *(Ду күлкі.)*

Бақыт *(тістеніп)*. Неміс апа болып па!

Гүлсім. Эмма Ивановна сендерге жаңадан келген мұғалима.

Балалар *(қосыла таңырқап)*. Мұға-лима-а?!

Гүлсім. Және класс жетекшілерің. Орыс тілінен сабақ береді.

Балалар *(қосыла)*. Орыс тілінен?

Неміс орыс тілінен?

Баттал ағай қайда?

Е, Баттал Шырақбаевич.

Гүлсім. Сендер енді сұрақты көбейте бермеңдер: Баттал ағаларың басқа жұмыста. Ал, ескертемін, кімдекім Эмма Ивановна туралы әлгіндей өрескел сөздер айтып, тілін алмады бар ғой, ертеңінде мектептен қуылады.

Қасым. Аудан орталығында бір-ақ мектеп бар. Одан шықсаң Мәскеуге барып оқимыз ба?

Гүлсім. Жәкібаев, тіліңді тарта сөйле! Тілің, ұзынау тілің!

Қасым. Апай-ау, сонда менің тілім сиырдың тілі болғаны ма!

Гүлсім. Жетті енді! Ал, сабақ бастауыңызға болады, Эмма Ивановна, сәтті бастама болсын!

Таурид. Рақмет, Гүльсум Махмутовна!

(Директор соңғы партаға келіп отырады.)

Таурид. Балалар, жаңа директор мені таныстырды. Ал, енді, сендермен танысып қояйық. *(Бақытқа.)* Балақай, сенің фамилияң, атың кім?

Бақыт *(орнынан тұрмай, созалаң үнмен)*. Мәмбетов.

Бақыт. Тағы не айтайын?

Таурид. Оқытушы сұрақ қойғанда, оқушы әрқашан орнынан тұрып жауап береді... Ата-анаң бар ма, қайда істейді.

Бақыт *(орнынан атып тұрып)*. Әкем де, шешем де жоқ. Екеуін де немістер өлтірген...

(Балалар бірінен соң бірі тұрып, өз бетімен жауап береді.)

Қасым. Жәкібаев Қасым. Әкем де, үш ағам да майданда. Немістердің мұрнын қан жалатып жүр.

Балшекер. Менің әкем майданнан келген. Екі аяғы жоқ мүгедек.

Аплаш. Менің ағатайым майданда. Ал әкемді әскерге алған жоқ. Көксау ауруы бар....

Гүлсім. Балалар, балалар! Тәртіп, тәртіп... Отырыңдар. Өріп кеткендерің не.

Таурид *(өз сұрағынан ыңғайсызданып)*. «Қадірлі, балалар! Жаңа мен осы класқа келе жатып, жақсы бір ән естідім. Өздерің әнші екенсіңдер.

Қасым. Вот тебе на! Біздің Бақыттың аузымен салған күйін естісең, талып қалар ең.

Балташ. Мүрдем кетер ең десейші!

Қасым. Әй, Бақыт, кәне біреуін салып жіберші. «Адай» күйін.

Балалар. Салшы, салшы.

Қасым. Бақыт, слушай мой команда!

Бақыт. Немене, мен неміске концерт қоюым керек пе?

Таурид. Жарайды, балалар! Кейін, естірміз. Қазір бәрің қосылып әлгі әнді айтып беріндерші.

Қасым. Вот тебе на! Бұл орыс тілі сабағы ма, әнкүй сабағы ма?

Таурид. Бұл — орыс тілінің алғашқы сабағы!

Қасым *(директорға қарап қойып)*. Онда айтып берейік. Жалко штоли! Әй, Шырылдауық шегіртке, сен

қосылма, бұзасың. Слушай мой команда *(Қасым ән бастайды, бәрі қосылады)*. «По военной дороги Шалбарбек...» *(түгел айтып шығады)*.

Қасым. Вот и все!

Таурид. Ал, осы өлеңнің сөзін тақтаға қайсың жазып бересің?

Қасым. Жалко штоли! Бәріміз, жазып береміз.

Таурид. Сен, қызым, атың кім, тақтаға шығып, жазшы.

Аплаш. Оның аты Балшекер.

(Балшекер тақтаға өлең тексін жаза бастайды.)

Қасым. Товарищ, Тәуірит! *(директорға қарап қояды)*.

Таурид. Эмма Ивановна.

Қасым. Жарайды, Емген Ивановна. Балшекер деген өзі сияқты аты да тәтті қыз. Бал деген, қалай еді-ай орысшасы, балалар. Енді былай *(қолын көтеріп)* вот так соззыладыский.

Таурид. Резина ма?

Қасым. Жо-оқ, резеңке дейді ғой. Балшекер соншама галош деп тұрсың ба. Жарайды, кейін табармыз. Ал шекер деген қант, яғни шақпа қант емес, шаймен ішетін ұсақ — құм шекер. Қазір ол жоқ, соғыс басталғалы бәрі жоғалды ғой. Бірақ біз, шай ішкенде ылғи осы Балшекердің тәтті мандайын бір жалап қойып іше береміз.

Таурид *(тақтаға қарап)*. Ал жазып болдың ба? Балалар, қараңдаршы, қатесі бар ма? Кім табады.

(Балалар жапа-тармағай күбірлеп оқиды).

Аплаш. Бір қатесі жоқ.

Қасым. Вот тебе на! Біздің Баттал ағайдың үйреткенінде мін бола ма? Орысшаға судай Батекең біле ме, сен білесің бе?

Таурид. Балалар сендер сөзін дұрыс үйренбеген екенсіңдер. Қане талдап көрейікші. Сен, балақай, атың кім, айтшы. Мына Шалбарбек деген не сөз?

Балташ. Шалбарбек... Шалбарбек. Ол, ол енді... Кісінің аты. Шұлғаубек, Сырғабек, Жалаубек сияқты...

Қасым. Оттапсың... Мен айтайын. Ол шалбар... енді, былайша айтқанда, дамбал, штан деген сөз.

Таурид. Ал, мына Кубас, понимас дегендер не сөз?

Қасым. Кубас деген, енді... Кубас — Кубас, бұл немістердің кубасы.

Гүлсім. Жәкібаев! *(Таурид тақтадағы өлеңнің қателерін түзей бастайды).*

Қасым *(диекторға бұрылып).* Гүлсім апай-ау, мен білгенімді айтып тұрмын, ойдан шығарады деймісіз. Өзіңіз желкемізден отырып алып...

Аплаш *(тақтаға қарап).* Мәс-сағ-а-ан, қатесі қалай көп-ай!

Балташ. Әй, мына немісің орысшаға судай ғой!

Қасым. Біздің Батекеңнің орысшасы әшейін шатекең болып шықпаса игі етті. *(Класқа рұқсатсыз басакөктеп Баттал кіріп келеді, балалар ду күледі).*

Таурид. Сіз біреуді іздеп жүрмісіз? Мұнда сабақ жүріп жатыр.

Баттал. Маған ешкімнің керегі жоқ. Жай әшейін сенің сабағыңды тыңдай келдім.

Таурид. Сізбен үзіліс кезінде сөйлесейік. Әзірше сабаққа бөгет жасамасаңыз екен. Мұнда бөтен адамға рұқсатсыз кіруге болмайды.

Баттал. Мен бе бөтен адам. Сонда менің шығып тұруым керек болды ғой. Вот тебе на! Менің кім екенімді білесің бе өзің?

Таурид. Бұл арада сізді білу-білмеудің қандай қатысы бар? Сабақтан кейін танысайық.

Баттал. Ә, әлі танымайды екенсің ғой. Мен Батталмын. Комендантпын.

Балалар *(күбірлесіп).* Комендант.

Немістердің команданты.

Коменда-ант. Прселендердің бастығы.

Қасым. Батеке, сіздің атыңыз енді Батакеңе емес, Шалбарбек болды.

Баттал. Шалбарбек. Қайдағы Шалбарбек?

Балташ. Ана тақтаға қараңыз.

(Баттал тақтаға қарап, жақындайды.)

Баттал. Ә-ә, мына келгінбай енді мені де мазақ еткісі келген екен... *(бұйрықпен)* Переселенка Таурид, қазір тура менің соңымнан ілес. Сенімен кеңседе сөйлесемін.

Гүлсім *(орнынан тұрып).* Сабақ бітпей ешқайда бармайды.

Баттал. Ә, директор жолдас, сен де осында екенсің ғой. Жәр-р-әйді, жәр-р-әйді. *(Таурида қарап.)* Сабағыңды таста. Ер соңымнан.

Гүлсім. Ешқайда бармайды.

Баттал. Мен командантпын. Немістердің билігі — менің қолымда.

Гүлсім. Мен директормын. Мектеп билігі — менің қолымда. Эмма Ивановна, сабағыңызды жүргізе беріңіз. Үзіліс кезінде маған жолығып кетерсіз.

Баттал. Ісім сендермен болсын! *(Шыға береді).*

Қасым. Батеке, біздің құлағымыздың тамырын үзіп болдыңыз, енді мыналардың құлағын бір бұраңызшы.

Таурид. Балалар, тақтаға қараңдар...

(Жарық сөнеді. Балалардың тақтадағы өлеңді дабырласып оқыған даусы естіліп тұрады.)

«По военной дороге шел в борьбе,
И тревоге боевой восемнадцатый год.
Были сборы не долги,
От Кубани до Волги
Мы кокей поднимали в поход»

(Қоңырау даусы.)

7-КӨРІНІС

Директордың кабинеті. Гүлсім мен Баттал.

Гүлсім. Ұят болды-ау, ұят болды.

Баттал. Кімнен неміс кемпірінен бе?! *(Күледі.)*

Гүлсім. Ақ шашты ана емес пе ол. Балалардың алдында беделін түсірмекпісің. Былай да балалар «Неміс, неміс» деп зыр-зыр етеді.

Баттал. Неміс екені өтірік пе? Балалар — молодес! Менің тәрбиемнен шыққан жауынгерлер.

Гүлсім. Неміс болғанмен фашист емес қой бұлар.

Баттал. Гүлсім, айналайын, тек өзіңді жақсы көргендіктен ғана айтайын, ендігәрі мұндай сөзді қайталама. Немістерді жақтап сөйлегеніңді біреу-міреу естіміесін. Соғыстың қайнап тұрған кезінде жазатайым боп кете барарсың. Байқа. Бұл немістердің бүкіл секреті біздің қолда. Жау қазір еліміздің көп жерін басып алды. Ертең, жаман айтпай жақсы жоқ, біздің ауылға келсе, таяқты осы немістерден жейсің.

Гүлсім. Фашистер жеңеді деп кәперіме де кірмейді.

Баттал. Қәперіңе кірмесе, мына немісті неге баурыңа тартып жүрсің?!

Гүлсім *(шошынып)*. Бауырға тартқаны қалай?!

Баттал. Түсінбей тұрғаныц. Орыс тілінен биыл мен сабақ беруге тиіс емес пе ем.

Гүлсім. Онда Эмма Ивановнаныц келетінін кім білген. Сенің жеті-ақ кластық білімің бар. Ал, ол болса — Саратов университетінде сабақ берген оқымысты адам. Және Райономен келісілген.

Баттал. Олай бұрмалама. Сендердіц құйтырқыларыцды білем. Орысша айтқанда, как пять пальца! Өнберстетте сабақ берген оқымысты адам. Міне, түбіце осындайлар жетеді. Оныц әгінт емесін қайдан білесіц?

(Сырттан Таурид келеді.)

Таурид. Рұқсат па екен?

Гүлсім. Келіціз, келіціз. Отырыцыз *(Орнын ұсынады)*.

Баттал. Отырмай-ақ, қой. Мен көп ұстамаймын. Бірінші сұрақ — бірінші сабақты әлгі мен үйреткен өлеціне неге бастадыц? Так сказать, патриоттық өлец ұнамады ма?!

Таурид. Ғапу етіціз. Ол өлеңге ешқандай қарсылығым жоқ. Қайта балалар орысша өлец үйренсе, оған тілі жаттығады.

Баттал *(киіп)*. Тілі жаттығады. Балалар Шалбарбек деп маған күлсе, қазақты бір-біріне мазақ еткізіп, бір-біріне айдап салу мақсатыц орындалады. Қазақ сауатсыз дегіц келеді, солай емес пе?

Гүлсім. Неге олай бұрмалайсыц.

Баттал. Мен, қазір қызмет бабындамын. Егер мешайт етсец өз кабинетіме экетіп сөйлесемін *(жүзін Таурид ке бұрады)*.

Таурид. Ғапу етіціз! Мен ол өлеңді сіздіц үйреткеніціздi білген жоқпын. Білген күнде де, оқушылардыц орысша таза сөйлеуге жаттығуы үшін, қатесін түзеткен болар ем, басқа мақсат болған жоқ. Иланыцыз.

Баттал. Жарайды, бұл туралы кейін. Екінші сұрақ — сенің мені, мына мені, осы жердіц азаматын, Отан үшін қан төгіп келген совет солдатын «бөтен адам» деуіц қалай? Сен бе, мен бе бөтен?!

Гүлсім. *(Шыдамай.)* Сен бүгін сол жамбасыцнан ұйықтап тұрғансыц ба?

Баттал. Тура етпемнен түсіп ұйықтап шықтым. Түсімде сені көрдім. Шалқаціан түсіп, жайсыз ұйықтап жатыр екенсіц, Таурид, жауап бер.

Таурид. Мен сізді бөтен дегенде, әшейін, әлгі сабаққа қатысы жоқ адам деген мағынада...

Баттал. Жарайды, бұл туралы да кейін. Үшінші сұрақ,— лишни диаланда жалғыз балаң бар, ол әскерге кеткен екен. Немістерді соғысқа қай кезден бері алып жүр?

Таурид. Ол арасын білмедім. Менің ұлым — Карл майданға соғыс басталғанның ертеңінде сұранып кеткен. Коммунист — менің ұлым!

Баттал. Қашаннан бері хат алмайсың?

Таурид. Көп болды. Бір жылдан асып барады.

Баттал. Бір жылдан... Қызық екен... Қара қағаз да жоқ

Таурид *(шошынып)*. Атамаңыз.

Баттал. Ең соңғы хаты бар ма? Қай жерден салған?

Таурид. Бар.

Баттал. Маған әкеп бер. Бүгін. Мен балаңның қайда екенін, өлі, тірісін біліп беремін.

(Қоңырау соғылады.)

Гүлсім. Бұл кісі сабаққа барсын.

Баттал. Бара бер. Әзірше мектепте істей бар.

(Таурид кетеді.)

Гүлсім. Баттал, сыпайылықтан қалғанбысың. Тым құрмаса қазақтың үлкенді сыйлау әдеті қайда?!

Баттал. Сыпайылық немістерге жүрмейді. «Жауды аяған, так сказать, жаралы. Сосын менің жұмыс методымда шаруаң болмасын. Өз методыңды біл... Иә, айтқандай, сенің методың белгілі. Мен саған жабысып қалады деп жүрсіз ғой. Сенің қарамағыңда енді мұғалім болмай-ақ қойдым. Мені менсінбей жүрсің. Білем. Құдайға шүкір, не көп, басы бос қыздар көп.

Гүлсім. Баттал, олай деме, мен саған айттым ғой деймін. Сөз берген адамым бар. Ол майданда. Антымды аттап кете алмаймын. Менің өз билігім өзімде шығар.

Баттал. Түсінемін. Түсінемін. Менің көзім жоқ. Соқырмын. Мен немістерге көзімді садақаға беріп келген шығармын. Майданда неміс шығарсын көзімді. Мұнда неміс мазақ етсін. Сен соларға қосыл, ана военком аған екеуің.

Гүлсім. Ағамда шаруаң болмасын.

Баттал. Ол соғысқа бармай жылы жерде отырғанына мәз. Көрсетермін отырғанды. Екеуіңнің не істеп

жүрген фактілерің қолымда. Енді ісім сендермен болсын! Сендермен!

(Баттал шығып кетеді.)

8-КӨРІНІС

Бақыттың үйі. Бақыт астына тапал орындық қойып пеш аузында жылынып отыр. Аяғында пима. Қолында жалым-жұлымы шыққан ескі кітап. Кітап бетіне шимайлап өлең жазады да дауыстап оқиды. Белдерін шарта буынған рабайсыз қалың киімді Қасым мен Аплаш беттерін ұқалап үйге кіреді. Бірінің мойнында полевая сумка, екіншісінің қолында шүберектен жасаған портфельсымақ.

Қ а с ы м. Уһи-Уһ, мына күн қайтеді-ай, бетті жалап барады! *(Аплаш кеуі пешке жылынады.)*

А п л а ш. Күн төрт жерден құлақтанып тұр.

Б а қ ы т. Бес жерден де. Сен де Батекең құсап өтірікті шімірікпей соғатын болыпсың ғой. Саған да жұққан ба.

Қ а с ы м. Батекең болса күн он екі жерден құлақтанып, ай бес жерден қотанданып тұр дейді. Дегенмен күн әлемет суық, бет қаратпай тұр.

А п л а ш. Мектеп те азынап кетті. Бүгін сия қатып қалды. Бестеректен келе жатқан Шәлтік деген бір шалдың мұрны үсіп жолда түсіп қалыпты.

Қ а с ы м. Әй, Қожанасыр, сен де соғасың-ау. Оның кеңсірігі атам заманнан бері жоқ. Тапауы саңырайып тұратын.

А п л а ш. Ал ендеше Эмма Ивановнаның бетіне не болды.

Қ а с ы м. Ә, оның дұрыс. Бақыт, кеше кешке мектепке келе жатып Тауридтің беті үсіп кетіпті.

Б а қ ы т. Кешке мектептен не алады?

Қ а с ы м. Ой, кеше тамаша әдеби кеш болды. Эмма Ивановна Симонов деген жазушының соғыс туралы жазғандарын оқып, түсіндірді. Керемет қызық. Келесі жұмада тағы болады.

А п л а ш. Өй! Жаңа көріп тұрмын. Аяғында пима бар ғой. Сені жалаң аяқ қалды деп жүрсек.

Б а қ ы т. Мә, қызықсаң сен кие қой *(аяғын көтереді. Пиманың табаны түгел ойылып, түскен, жалаң аяғы*

сопаң етеді.) Пешке жаям деп күйдіріп алғам жоқ па? Табандауға да келмейді.

Аплаш. Әй, Сыбызғы, интернатта да қазір пима жоқ. Таңертеңгі сменнің кейбір балалары түске смен балаларының пимасын киіп баратын көрінеді.

Қасым. Әй, маған бір тамаша ой түсті. Сен ғой он бес күн сабақтан қалдың, енді мен қалайын. Сен менің пимамды киіп оқуға бар.

Бақыт. Қой, онда не болды. Мен қалдым не, сен қалдың не?

Қасым. Қызықсын-ау, Сыбызғы. Сен барсаң, үздік оқисың. Саған сабақ қалдыруға болмайды. Ал, мен шынымды айтайын осы жетінші класс жеткен жерім шығар. Ай, биыл да, оллаһи, көше алатын түрім жоқ.

Бақыт. Е, олай ойлай берсең, жетінші класта сақалың шыққанша отыра бересің. Одан да дайындалмайсың ба?

Қасым. Диірмен тартып отырып та, мал жайлап жүріп те күбірлеп, дайындалып жүремін. Бірақ қонбайды. Ойлаймын: жасымда тауықтың жұмыртқасын ұясынан алып іше беруші едім. Тегі, менің миым да тауықтың миына айналып кетсе керек.

Аплаш. Өй, бүгін бұл орыс тілі сабағында қызық қылды ғой. Соны айтшы.

Қасым. Бүгін өз-өзімнен пысықсып, қол көтеріп, тақтаға шыға қоймаймын ба. Әлгі Эмма Ивановна келгелі өзі орыс тілі нені де қызықты өтетін болды. Тақтаға көп сөйлем жаздым. Өзің білесің ғой, мені қинайтын «б» мен «в» қарпы ғой. Ол келген жерде, балаларға сыбырлап «қарға ма, қоңызша ма десем, бұлар да қайбір қарағым, бірі қарға, бірі қоңызша деп шақшадай басымды шарадай қылды.

Бақыт. «Қарға», «қоңызша» дегендерің не?

Аплаш. Эмма Ивановна алфавиттің бәріне ат қойып үйретті ғой. «А — акула, бэ — букашка, вэ — ворона, гэ — глаза...»

Қасым. Әй тұра тұр... Иә, бы — букашка, вы — ворона — қарға! Содан кез келгенін қоя бердім. Сөйтсем брать — деген сөз врать болып шығыпты. «Благо-влаго», «вить-бить» болыпты. Сегодня Ваня сходил в баню» деген сөйлем, «сегодня баня сходил вы ваню» болып шығыпты.

Бақыт *(күліп)*. Сонда монша Ваняға барған ғой.

Қасым. Тұра тұр. Әлі қызығы бар. Сабақтың орта

кезінде Эмма Ивановна бір упражнениені аудартты. Онда қазақша «қып-қызыл, қоп-қоңыр, қап-қара, көкпеңбек, аппақ, сап-сары» деген бояуларды аудару керек екен. «Мен аударам, мен аударам» деп ұшып кете жаздадым. Мұғалім рұқсат етті. Мен әуелі саудаласып алдым: «Дұрыс аударып шықсам, бес қоясыз ба? «Қоямын» деді. «Әй ғұмырымда бір бес алған шығармын» деп сыдырта жөнелдім. «Қып — красный, сіп — сини, беп — белый, көп — каришни, деп, құдай ұрып, сап-сарыны айтқанда балалардың ду күлмесі бар ма. Сөйтсем орыстар красный-красный, желтый-желтый — деп қайталай береді екен ғой.

(Жүгіріп Балшекер кіреді, қолында келепандай екі пима.)

Балшекер. Бақыт, Бақыт. Мә, саған, пима әкелдім.

(Тастай береді.)

Қасым. Мұны қайдан алдың-ай, қыз?

Балшекер. Әкемдікі. Бақыттың аяқ киімінің жоғын айтып ем, сарайдағы кебежеден алдырып «Бақыт сабағынан қалмасын» деп беріп жіберді.

Аплаш. Өзі не киеді? *(Байқамай айтып қалғанын аңғарып аузын басады).*

Қасым. Әй, Қожанасыр-ай, екі аяғын да немістерге беріп келген адам не киюші еді.

Балшекер. Бақыт, киші-киші.

(Бақыт, өз пимасын шешіп, үлкен пиманы кигенде, қоншына көміліп кетеді. Жүре беріп, етпетінен түседі).

Қасым. Әй, мынау диюдің пимасындай. Размері қанша екен? *(Сырттан Таурид кіреді, қолында үлкен түйіншек).*

Таурид. Лұқсат па екен?

Бақыт. Лұқсат демесе кірмей ме екен, осылар?! *(Орнынан тұрмайды.)*

Таурид. Аман ба, Бахитка. Сендер де мұнда екенсіндер? Бахитка, сен жерде неге жатасың, еден суық емес пе?

Қасым. Военный диаладан попластунский жүруге задание берген.

Таурид. А, солай де. Бахитка, сен оқуға неге келмей жүр десек, аяқ киімің жоқ екен ғой.

Балшекер. Енді бар.

Таурид. Бар болғанда, мынаумен жүре ала ма?

Қасым. От тебе на! Түнеукүні Батакең «Біздің әс-

керлер жарты Европаны паплостунша өтіп, Берлинге дейін барады» деген. Немене, Бақыт сонда бес шақырым мектепке поплостунский бара алмай ма?

Таурид. Қой, күлмеңдер, балалар *(түйіншегін шеше бастайды)*.

Қасым. Эмма Ивановна, бұл бір падишах болды ғой. Мұны таңертең мектепке көтеріп апарамыз, үйге көтеріп әкелеміз. Пимасы су болмайды. Жаюдың керегі жоқ.

Аплаш. Пима жүруге жарамаса, не керек. Көрпемен-ақ орап алмаймыз ба.

Бақыт. Енді мазақтағыларыңыз келді ме *(пиманы сілкіп лақтырып жібереді)*.

Таурид. Мә, Бахитка. *(Түйіншектен жалтыраған етік алып береді)*.

Аплаш. Ух, ты-ы!

Қасым *(етікті бас салып)*. Во-от, сапо-га-а! Мұндай етік военкомда да жоқ. Ой, Бақыт енді оқушылардың бәрі сенің аяғыңа қарайтын болды. Мә, киіп ал!

Бақыт. Бұлардың етігімен күн көрмей-ақ қойдым.

Қасым. Жалаң аяқ жүріп намысты қайтесің. Киіп ал, ешкім де білмейді.

Бақыт. Білмегенде қайдан алдым деймін жұртқа. Майданнан әкем жіберді деймін бе.

Аплаш. Әй, онда маған айырбаста. Менің әкем бар...

Қасым. Оттапсың!

Бақыт. Иә, иә, кие ғой.

Аплаш. Бақыт, кешір, мен байқамай...

Қасым. Мұның әкесі жаумен жағаласып жүріп... Сенің көксау әкең, пештің түбінде, жамбастап жатып өледі. Ал мен де байқамай айттым, қалай екен?

Аплаш. Мен шынында...

Балшекер. Эмма Ивановна тамаша етікті қайдан алдыңыз?

Таурид *(күрсініп)*. Ұлымдікі.

Балшекер. Ұлыңыз бар ма?

Таурид. Бар. Майданда.

Аплаш *(үрейленіп)*. Майданда. Бізбен соғысып жүр ме?

Таурид. Жоқ, Аплаш, фашизмге қарсы.

Қасым. Вот, тебе на! Неміс неміске қарсы.

(Бақыт етікті үнсіз кие бастайды.)

Таурид. Баламнан қалған жалғыз белгі еді. Қейде

чемоданнан алып қарап отыратын ем. Сол кезде менің Қарлым қызметінен келіп, өз бөлмесінде тып-тыныш ұйықтап жатқандай көрінетін. Енді, ылғи көз алдымда жүретін болды, Бахитка.

(Бақыт киіп алады. Жүрелеп етікке тесірейе қараған Аплаш ішін тартады).

Балшекер. Немене, жыртығы барма-ай.

Аплаш. Ой, аллай, мен жүдеп кетіппін-ау өзі. Мына қарашы етіктен көріп тұрмын өзімді.

Қасым. Ой, Қожапасыр сол *(күледі)*.

Аплаш. Несіне күлесің. Мен өзімді-өзім көрмегелі екі жыл болды. Әпкемнің айнасы ана жылы сынып қалған.

Балшекер *(терезе жаққа қарап)*. Балалар, Батекең келе жатыр.

Таурид *(ол да терезеге қарап)*. Ал, мен кетейін: Бахита енді сабағыңнан қалма. *(Шығып кетеді)*.

Бақыт *(сонынан)*. Рақмет, Эмма Ивановна... *(Енді абыржып)*. Әй, Қасым, мына етікті шеше тұрайыншы. Тағы да немістен алдың деп Батекең...

Қасым. Тұра тұр. Әйтеуір ұяласың ғой киюге? Мен қызық жасаймын. Батекең «қайдан алдың» десе, «военкоматтан алдым» де. Оны бір қызықтырып, аяғындағы етігіне айырбастатайық... Үндеме, үндеме... Мен үстіне малақайын, портупеялы белбеуін, тағы бірдемелерін қосып аламын. Дымдарың іштеріңде болсын.

9-КӨРІНІС

Военкомның кабинеті. Ашық терезеден торғайлар үні естіледі. Бөлмеде военком мен Гүлсім.

Гүлсім *(терезе жаққа қарап)*. Қарашы, аға, кеше ғана азынаған далаға тағы да көктем келді. Титімдей торғайларға дейін қайтадан тіршілік қамына кіріскен. Дүниеден неше бір абзал жандар мерзімсіз кетіп жатыр, кетіп жатыр. Табиғаттың онда шаруасы жоқ. Өз тіршілік қамы өзінде.

Военком. Иә, Гүлсім, аз жылдың ішінде қаншама азаматтар көз жұмды. Хабар-ошарсыз кеткені қаншама. Бірақ күдер үзбеу керек.

Гүлсім. Жоқ, күдер үзбейміз ғой. Әйтсе де бір хабары болмағаны жанға батады.

Военком. Мен де сұрау салып жүрмін-ау. Бірақ жау ес жиғызып жатыр ма...

Гүлсім. Ал, мен кетейін. Аға, сізге келген себебім, біздің Таурид Эмма Ивановна деген оқытушымыз қатты науқастанып ауруханаға түскен. Сол бүгін шығады. Тәуір. Екі-үш ай бойы орыс тілі пәні жүрмей қалып еді, балаларға қиын болды.

Военком. Орнына уақытша біреу таппадыңдар ма?

Гүлсім. Кім бар?

Военком. Әлгі Баттал *(күліп)* сабақ бере тұрмады ма.

Гүлсім. Қойыңызшы, аға! Сасқан үйрек артымен сүңгидінің керімен, анада ешкім табылмаған соң, амалсыздан алмақ болғанымыз рас. Енді пәлеге қалдым. Қазір Эмма Ивановнадан басқа жоғарғы білімді жібі түзу бір оқытушымыз жоқ.

Военком *(өзіне-өзі)*. Қайран, осы тұсқа кездескен оқушылар не деген бақытсыз еді.

Гүлсім. Аға, сол Эмма Ивановнаның, өзіңіз білесіз, тұрмысы нашар. Өзі жалғызілікті адам. Ауруханадан шыққан соң да үйінде біраз жатуы керек. Соған сіздерден не көмек болар екен?

Военком. Көмек? Ай, қиын-ау... Дегенмен көрерміз.

Гүлсім. Жарайды, аға. Біз де мектеп тарапынан барымызша көмектеспекпіз. *(Шыға береді. Сырттан Баттал келеді. Түсі қатулы)*.

Баттал *(Гүлсімді бөгеп)*. Гүлсім, тұра тұр. Айтатын әңгіме бар.

Гүлсім. Асығыспын *(Батталдың етігіне қарап)*. О-о, тамаша етігің бар екен. Байғазы сұрамайсың ба?

Баттал. Олай кекетпей-ақ қой. Мұны сенің ағаң берген жоқ. Тұра тұр дедім ғой. Мына военком екеуіңнің төбелеріңнен жай түсетіндей хабар алып келдім.

Гүлсім *(шошып)*. Ол не хабар?! Майданнан ба?

Баттал. Иә, майданнан. Бірақ сенің жігітіңнен емес.

Гүлсім. Онда ағама айта бер. Естірмін кейін *(асығыс шығып кетеді)*.

Военком. Бара берсін. Бүгін, әлгі, Таурид деген мұғалімдері ауруханадан шығады екен.

Баттал. Е, ана неміс кемпіріне құрмет көрсетеді де ,«Жауды аяған жаралы».

Военком. Баттал, осы сен, Тауридке неге өшігіп

алдың. Ол байғұстың балаларға білім бергеннен басқа не жазығы бар?

Баттал. Соған неге жаның ашиды. Анада ол үшін үй іздеп, жанталастың. Ара-тұра аман-саулығын біліп тұратын көрінесің.

Военком. Ол фронтовиктің шешесі. Әскер семьясына қарайласу — менің қызметтегі де, азаматтық та борышым.

Баттал. Әсіресе Тауридқа де. Басқа немістерге неге солай қарамайсың?!

Военком. Олар әскер семьясы емес. Оларға қалай қарау — сенің шаруаң.

Баттал. Сенің немістерге көзқарасыңды тексеру де, так сказать, менің шаруам.

Военком. Сен мына түріңмен менен әлі жауап аларсың?! *(Күледі)*.

Баттал. Мен алмағанмен басқалар алар. Неміс үшін сот алдында жауап бересің. Енді сенің неміс партиясын ғана мақтауың қалды.

Военком. Дәмең зор екен. Осы сен неміс-неміс дегеніңді қашан қоясың? Қараңғы адамдар айтса, олар неміс пен фашист дегеннің айырмасын білмейді. Оларға жаудың бәрі — неміс. Бар ауыртпалықты әкелген де неміс.

Баттал. Ол өтірік пе?! Неміс — фашист болмаса Тауридтің баласы қайда?

Военком. Ол майданда.

Баттал. Қай майданда?

Военком. Е, қайсыбірін біле береміз? Кеткеннен хабарсыз көрінеді. Өлі ме, тірі ме, ол арасы бимағлұм.

Баттал. Мен білемін. Мына мен білемін. Таурид Карл Федорович Совет үкіметінің барып тұрған қас жауы.

Военком. Не айтып тұрсың? Неге нахақтан қаралайсың?

Баттал. Мә, саған қаралаған.

(Қалтасынан алып, бір парақ қағаз береді. Военком оқыған сайын үрейлене түседі).

Баттал *(военкомның орнына отырып, кекесінмен)*. Гүлсім екеуіңнің жандарың шығып еді. Бәсе, бір көкір бар сендерде. Енді түсінген боларсың. *(Военкомның қолынан қағазды жұлып алады)*. Сен тексертпегенмен мен тексерттім.

Военком *(күмілжіп)*. Ол Армиядағының бәрі жау емес шығар. Оны әлі уақыт көрсетер.

Баттал. Уақыт, уақыт. Не уақыт керек. Қазіргі жау кейін де жау. Мынада анық жазылған: «Карл Федорович Таурид Власовтың қарамағында жұмыс атқарған». Ендеше, Власов немістерге сатылғанда, так сказать, ол да қол көтеріп бірге кеткен.

Военком. Қағазда «қол көтеріп» демейді, «содан кейін белгісіз» депті ғой.

Баттал. Неміске беріліп кеткендер қол көтермегенде, аяғын көтере ме! Енді сен, так сказать, власовшыларды да ақтағың келді ме? «Без известия» кетті деген, ана жаққа өтіп, бізге қарсы оқ жаудырып жатыр деген сөз. Ал, оның осылай тәрбиелеген шешесіне шық жұктырмай жүрген сен, қарындасың екеуің енді не болатындарыңды білесіңдер ме?

Вонком. Осы, қорқыту, үркіту деген қашан қалады?! Таурид баласы үшін күймек пе?

Баттал. Күймек түгілі ертең мектептен шығады. Жаудың шешесі Совет балаларына, так сказать, қандай патриоттық тәрбие бермек? Ал, сен екеуінді мен қорқытпаймын. Менсіз-ақ әділ жазаларыңды аласыңдар.

(Шығып кетеді).

10-КӨРІНІС

Таурид тің үйі. Шалқаймалы столда қалың оранып, тұмшаланған, Эмма Ивановнаны қоршаған оқушылар. Аплаш, Балшекер, директор Гүлсім.Таурид әңгіме айтып отыр.

Таурид. Гитлершіл фашистер тек адам баласын «асыл нәсілді» немістерге тәуелді ету ғана емес, бүкіл адамзат жасап кеткен мәдени қазынаны да құл еткісі келеді. Қезінде Германияның кейбір қалалары әдебиет-мәдениет ошақтарына айналған. Мысалы, қандай қалаларын білесіңдер, балалар!

Балшекер. Берлин, Дрезден.

Аплаш. Лейпциг.

Таурид. Лейпциг. Дұрыс айтасыңдар, тағы қандай қалалары бар?

(Балалар ойланып қалады.)

Гүлсім. Подсдам, Майсен...

Таурид. Тағы қандай?.. Иен.

Гүлсім. Иә, иә. Сосын... Веймар.

Таурид. Веймар. Дұрыс. Міне, осы Веймар қаласы — ұлы адамдардың ұлы шығармаларын тудырған тарихи қала. Мұнда неміс поэзиясының алыбы Гете тұрған. Ол өз шығармалары арқылы немістің ұлттық әдеби тілін байытты.

Аплаш. Гетені білеміз. Суретін көргеміз. Мұрны күрке тауықтың мұрнындай ұзын ғой.

Балшекер. Оның қандай шығармалары бар? *(Аплашқа)*. Әй, Қожанасыр-ай?

Таурид. Иоһан Вольфгангтың дүние жүзіне әйгілі туындылады «Фауст», «Вильгелм Майстер». Ағайынды Гриммдер неміс тілі сөздігін жасағанда, негізінде, осы Гете поэзиясының бай тіліне сүйенген. Вэймарда атақты Фридрих Шиллер де 1790 жылдан бастап тұрған.

Аплаш. Шиллердің қандай шығармалары бар?

Таурид. «Вильгельм Тилль», «Орлеан қызы» аты әйгілі туындылары бар. Веймарда бұл екеуінен басқа Веймар операсының дирижері Франц Лист өмір сүрген. Осындай әдебиет пен өнердің орталығы болған Веймардың қасында Эттерсберг деген кішігірім тау бар. Ол Гете поэзиясында кездеседі. Осы тауда 1937 жылдың июль айынан бастап адам баласы бұрын естімеген жауыздықтың қаны сорғалаған концлагерь ашылған.

Аплаш. Ой, аллай, пионер лагерінен басқа да лагерь болады екен-ау. Қонслагерь деген не? Онда кімдер дем алады?

Таурид. Ол — демалыс орны емес. Ол — антифашистер, яғни фашизмге қарсы адамдар қамалатын орын. Көбінесе коммунистер жазаланған.

Аплаш. Біздің коммунистер ме?

Таурид. Неміс коммунистері.

Аплаш. Немістерде де коммунистер болады екен ғой.

Балшекер. Әй, Қожанасыр, мешәйт етпей отыршы. Иә, сосын Эмма Ивановна.

(Сырттан даурығып Қасым кіреді. Қолында түйіншек).

Қасым. Саламатсыз ба, Эмма Ивановна. Қайырлы болсын, айықтыңыз ба?!

Таурид. Аман ба, Қасымчик. Рақмет, сәл айыққан сияқтымын.

Қасым *(түйіншекті ашып, сирағынан көтерген тауық шығарады)*. Мынау, Эмма Ивановна сіздің ауруханадан емделіп шыққаныңызға орысша айтқанда пе-

дерке, қазақша шашу дейді. Мынау — бауырсақ. Әлгі біздің Батекең әскерден келгенде «Што такой думалак» дейтіні осы.

Аплаш. Әй, әжең тауықтарға тигізбеуші еді, қалай қиып берді, тегі, жайқап кеткенсің ғой, Пипин Короткий.

Қасым *(жайғасып)*. Бұл өзі бір кәрі тауық. Және қысыр тауық.

Балшекер *(күліп)*. Қысыры несі? Сиыр ма сонша?!

Қасым. Қысыры сол — жұмыртқаламайды. Екі жыл болды. Өзі тобан аяқ. Былтыр аязда жылы қорадан тысқа шығып кетіп, бір аяғы үсіп қалған. Анада, «осы неге жұмыртқаламайды» деп, прәверке жасай қояйын десем, шойнандап алып ұстатпайды. Әбден ит әуреге салды. Сондағы Бақыттың шығарған өлеңі бар. Қалай еді-ай, Қожанасыр, иә, былай:

Тысқа шығып келем деп, қораны аяп,
Бұл күнде болып қалдың тобан аяқ.
Жұмыртқаңды жейтұғын бала едім ғой,
Шойнандап қашып жүрсің жоламай-ақ.

Гүлсім. Мынау шынында жақсы өлең екен. Бақыт түбінде ақын болады.

Қасым. Содан соңынан қалмай ұстап алдым да, проверкеден өткізіп, жұмыртқаламайтын болған соң, қаңқ еткізіп, әжеме көрсетпей, қапқа тыға салдым. Әжемнің бір жақсы көретін тауығы еді.

Таурид. Қасымчик. Құрметіне рақмет! Сен әжеңді ренжітпе. Шашу дедің бе? Шашуға мына бауырсақ та жетеді. Ал, ана тауықты әжеңе көрсетпей әкеткенін жарамаған. Оны үйіне алып бар.

Қасым *(басын сипалап, қыбыжықтап)*. Жо-жоқ, Эмма Ивановна, әжем біледі. Әжем тауық етін жемейді. Сосын айтқандай, бұл тауықтың кінәсі бар. Айтайын.

Балшекер. Түу, қызық әңгімеге бөгет жасадың ғой.

Аплаш. Айтсын, айтсын. Сен Қасымды тоқтатам деп отырмысың енді...

Таурид. Айта ғой, тыңдайық.

Қасым. Кеше түн ортасында қорада бір әтеш шақырады. Әжем оятып жіберді. «Әй, қағынғыр, түн ішінде шақырып жатқан қай әтеш, басыңа көрінгірді көріп келші» деді. Мен шығуға ерініп «әлгі көк балақ қой» деп салдым. Ол әжемнің жақсы көретін әтеші, «Қой ол емес,

мынау дәу де болса, «қызыл кеңірдек» деді. Онысы біздің Балташ секілді төбелеской, шұбар әтеш. Содан «Қой, ол емес, қой бұл емес» деп әжем екеуіміз жат та таласып, ақыры бәстесіп, сықсима шаммен қораға шықсақ, Балшекердің даусындай қырқылдап, қиқылдап шақырып отырған мына тобан аяқ. Әжем де, мен де шошып кеттік. Тауық шақырса, ол тек жаманатқа көрінеді. Содан, басын аллакбар деп қиып түстік. Өзі де семіз екен. Қысырдың бәрі семіз келеді... Ой, мыналар да келіп қалды, сабаздарың!

(Сырттан Бақыт пен Балташ кіреді. Бақыттың қолында қос ауыз мылтық пен қараша қаз. Балташтың қолында қызғалдақ).

Бақыт, Балташ. Эмма Ивановна, есенсіз бе?

Бақыт. Сауықтыңыз ба? Эмма Ивановна, мына Балташ екеуіміз көлден көл қоймай жүріп, ақыры мына қараша қазды атып алдық. Сіздің ауруыңызға алғаш келген қараша қаз ем дейді.

Балташ. Мынау көктемде алғаш шыққан қызғалдақ.

Таурид. Рақмет, ұлдарым менің!

Гүлсім. Ал отыра қалыңдар, Эмма Ивановна, әңгіменің жалғасын...

Таурид. Эттерсбергке кіре беріс бетонды жолды фашистер әлгі қапастағыларға салдырған. Жол салу кезінде талайы таяқтан, соққыдан өлген. Сондықтан оны «қанды жол» деп атаған. Лагерь қақпасында «Әркім өз көрешегін көреді» деп жазылған. Міне, атақты адамдар өмір сүрген бүкіл дүние жүзі білетін мәдени ошақ Веймарды фашистер — нацистер осылайша азаптың ошағына, айуандық ошағына айналдырып отыр. Ол қалада Пушкинге де ескерткіш орнатылған. Оны да фашистер құлатыпты, Ясная полянаны басып алғанда, Лев Толстой музейін де қиратып, оның құнды, асыл мұраларын өртеп жіберген. Бірақ олар өздерін фашистпіз демейді, ұлы рейх солдатымыз дейді... *(сырттан түксиіп Баттал кіреді.)*

Баттал. Тағы да жиналғансыңдар ма?! Не айтып отырсыңдар?

Гүлсім. Оны сенен сұрай алмадық, Баттал.

Баттал. Сұрамақ түгіл сұрарсың. Аяғыма жығылып, жалынып сұрарсың. Бүгінен бастап бұл үйге жиналуға запрет.

Қасым. Батеке, бұдан былай әкіреңдеуіңізді қойыңыз. Біз де дүниеде не боп жатыр, білгіміз келеді, так сказать, мешайт етпеңіз.

Баттал. Немістің үгітін тыңдағым келеді де.

Аплаш. Ал, сіз керемет екенсіз. Гете кім. Шиллер кім? Ол Германияның қай қаласында өмір сүрген? Айта қойыңызшы.

Баттал. Ондай неміс офицерлерін білмеймін, білгім де келмейді. Ал, сендер қазір бұл үйден табандарыңды жалтыратыңдар. Бұл — жаудың үйі.

Таурид. Сіз не деп тұрсыз?! Бұл сөзіңізге жауап бересіз.

Баттал. Мен емес, әуелі сен жауап бересің. Қорқытуын қара, мына мыстанның.

Гүлсім. Олай деуге қақың жоқ!

Баттал. Сенің қорғаштауға қақың жоқ. Кімнің үйіне жиналып, кімнің лекциясын тыңдап жүрсің. Балаларды да улағың келеді. Мұның баласы — жау. Оны сен ежелден білетін шығарсың, мүмкін.

(Балалар үрейленіп қалады.)

Баттал. Сен баланың қайда екенін білмеуші едің ғой. Мен білемін. Сенің ұлың — Карл Федорович Таурид Власовпен бірге Гитлерге қызмет етіп жүр.

Таурид. Жоқ, ж-жоқ. Мүмкін емес *(талықси береді, Гүлсім ұстайды)*.

Балалар. Мәс-саған.

— Власовпен дейді?

— Ол сатқын!

Баттал *(балаларға)*. Кетіңдер, бұл үйден! Жаудың үйінде бір минут қалушы болмаңдар *(Бақытқа зекіріп)*. Әкенді осылар өлтірсе де, намысың, жігерің жоқ екен.

Бақыт *(шығып бара жатып)*. Сіз де жаудың етігін ұялмай киіп жүрсіз ғой!

Баттал. Не дейт!

Аплаш. Иә, андағы етік сол Карлдың етігі. Эмма Ивановна берген.

Баттал *(отыра қалып шешеді. Қолында салбыраған екі етік, шұлығы шұбатылып Бақыттың соңынан жүгіреді)*. Етігімді, шеш, етігімді бер.

Қасым. Баттал, Шарықбаевич, сауда сақал сипағанша!

(Жарық сөнеді.)

11-КӨРІНІС

Пионер клубы. Бұрышта пианино. Балалар алысып-жұлысып, біреулері чехарда, енді бірі — Зоска (лямка) теуіп ойнап жүр. Бойына шақ әскери гимнастерка жаңа етіп, фуражка киген Қасым келеді.

Қасым. Тише, балалар, тише!

(Балалар Қасымды қоршап алады.)

Балташ. Вот я понима-аю!

Бақыт. Әй, Пипин Короткий, не деген бақыттысың. Баратын болдың ба?

Аплаш. Қайда? Қайда барады?

Бақыт. Естімеп пе еділдер?

Қасым. Военком училищеге жіберетін болды.

Аплаш. Училищеге?

Балташ. Вот это да-а!

Қасым. Ар жағында соғыс та-та-та! Училищені қайбір жетістіріп оқыр дейсің. Қасекең *(ысқырып)*. Вж-и-ит деп фронтқа тартып отырады. Ертең жүремін. Қоштаса келдім... Ал сендер нағып сабақтан соң кетпей жүрсіндер.

Балшекер. Директор клубқа жиналыңдар деген. Особое сообщение!

Балташ, Аплаш. Әне, өздері де келе жатыр. *(Военком, Гүлсім, Эмма Ивановна, Баттал кіреді. Балалар қақ жарылып сапқа тұрады).*

Гүлсім. Оқушылар... Пионерлер... Комсомолдар. Военкомның сендердің алдарында айтар арнайы хабары бар.

Военком. Балалар, әскери «Красная знамя» газетінде гитлершіл Германияның Эттерсбург концлагерінен қашып шыққан бір солдаттың мақаласы жарияланыпты. Соны сендердің алдарында оқуға тура келіп тұр. Бақыт Мәмбетов сен оқып берсең.

Бақыт *(мақаланы оқиды)*. «Эттерсберг лагерінде дүние жүзіндегі отыз екі елдің бар ұлттар өкілінен тұтқындар бар. Ондағы фашистердің айуандығын, тартқан азап, көрген қорлықты ауызбен жеткізу қиын. Егер, о дүниеде дозақ бары рас болса, бұл дүниедегі дозақ — фашизм. Ағаштықтан, дүреден, ауыр жұмыстан күнде жүздеген адам өлім халіне душар болады. Оларда нацистер крематорийге апарып, шалажансар күйінде тірілей өртейді...

Балалар. О, жауыздар!

О, иттер!

Oh, фашистер! Не деген сұмдық!

Б а қ ы т. «Сол дозақта жүргенде орысша таза сөйлейтін бір неміс офицерін көруші едік. Кейін білдік. Ол — Саратов қаласының тұрғыны екен. Аты-жөні — Таурид Карл Федорович.

Б а л а л а р. Не дейді?

— Карл Федорович?!

Т а у р и д. Ұлым менің!

Б а қ ы т. «Менің қазір, бір жыл тартқан тамұқ отынан өртенбеген сау жерім жоқ. Соның зардабынан айықпас дертке ұшырап, хал үстінде жатырмын. Сонда да, неміс офицері болып жүрген саратовтық Таурид жөнінен айтып кету — парызым...

Соңғы кезде, ол екі-үш ай бойы көзге түспеп еді. Қайда кеткенін білмедік. Ақыры, күздің бір желді түнінде прожектор жарығының астында көрдік. Сиренаның ащы үнімен мыңдаған тұтқын барактардан жалаңаш-жалпы жүгіре шығып, аппельплацта, дірдектеп, сапқа тұрғанбыз...

(Сирена. Арс-арс үрген овчаркалар үні.)

Арьерценада көрініс

Екі жақ партадан түскен прожектор жарығы. Неміс офицері мен ақ көйлегі жұлым-жұлым, жалаң аяқ, үстібасы қан-қан Таурид Карл Федорович.

Н е м і с о ф и ц е р і *(айғайлап)*. Вильде тирен! Ир трахен! Тұтқындар! Азғындар... Мына сатқынды қайсыңыз білесіңдер?! Кімге жәрдемдесті? Қандай үгіт жүргізді? Соғыс туралы қандай информациялар таратты? Кімдекім жасырмай айтып берсе, соған — он күн бостандық, екі булка нан, шошқа майынан жасалған екі банка консерва, қажетіне қарай медикамент.

(Арс-арс еткен иттердің үні ғана жауап береді.)

Соңғы рет ескертемін. Қане, қайсың батылсың: русь, чех, поляк, азиаттар — қайсың айтасың?!

(Тағы да иттер үні.)

Ох, өңкей надандар! Жабайы хайуандар! Вильде тирен! Ир трахен!

(Енді таяқшамен Карлдың, иегінен көтереді). Хұн демалс заге мир зелбет! Вем хаст ду байге хольфен? Гештен русише хунд! Кімге жәрдем бердің! Егер медикамент беріп, астыртын емдеген адамдарыңды, листовка таратушыларды көрсетсеңіз, сағаң бостандық.

Карл. Мұнда сырқатсыз сау адам жоқ. Бәріне көмектестім.

Неміс офицері — Азғын! Өз нәсілін айырбастаған сатқын! Сені біз асыл нәсілді неміс деп, ұлы Рейхтың офицер чинін бердік. Сен кімдерді арашалап, кімдерді ажалдан айырып қалмақсың?!

Карл. Мұндағылардың бәрін ажалдан айырып қалу мүмкін емес. Мен неміс ұлтын арашаладым: Неміс те дүние жүзіндегі басқа ұлттардай таза халық екенін, олардың да шын ұлдары мен нағыз фашистері барын дәлелдемек болдым.

Неміс офицері. Сондағы шын ұлдарың кім?!

Карл. Ол — Гете, Шиллер, Гейне, Баутценнен Эттерсбергке әкеп сендер жауыздықпен өртеген Эрнест Тельман, бүгін алдыңда тұрған — мен!

Неміс офицері. Ах-ха-ха! Сен... неміс?! Асыл нәсіл, ақ нәсіл? Жо-оқ, сен қызыл нәсіл — қызыл большейбек! Енді сен де сол Тельманның жолын қушасын *(пистолетін суырады)*. Сатқын болсаң да неміс деген атың үшін саған соңғы тілегіңе лұқсат. Соңғы сөзіңді айт. Не тілейсің?

(Иттер үні, барабандар соғылады.)

Карл. Мен фашистерден бостандық тілемеймін. Соңғы ақтық демім біткенше неміс халқының ұлы әнін тыңдап өлсем болады. Маған Бетховеннің «Айлы түнін» орындасаңдар екен.

Неміс офицері. Саған пианино әкелейік пе, әлде оркестр керек пе?!

Карл. Мейілдерің.

Неміс офицері. «Айлы түнді» Бетховеннің өзінен тыңдарсың. Онда сені бөгемей тезірек Бетховеннің қасына жөнелтейік *(атып жібереді)*.

Карл. Тағы да ат, фашист, сендердің қолдарыңнан бұдан басқа не келеді?!

(Тізерлеп отырып қалады.)

Неміс офицері. Сендей сатқынға екі оқ шығару артық. Бойыңдағы бүкіл арам қаның таусылмай, қинап өлтірмей көңілім көншімейді! Қашан басыңды иіп құлағанша шыдаймын! Мына тұтқын хайуандар да шыдайды! Көреді!

Карл. Садист, инквизитор, фашист! *(тізерлеген күйі, қиналып алға жылжиды, кеудесін басқан қолы қызыл ала қан.)* Мама, көптен хабарласа алмадым. Кешір! Уақыт солай болды. Қазір қайдасың, мама?! Мен

енді сені мәңгі көре алмаймын. Қайғырма оған, мама! Қолымнан келгенше адамзаттық парызымды өтедім. Туған анам, сенің алдыңдағы борышымды өтедім. Фашистерге бір минут бас игем жоқ. Соңғы рет, Отаным — Совет елім, сенің алдында, ақ шашты анам сенің алдында соңғы рет... бас... йемін! *(Офицер тағы да атып жібереді. Карл басын ие беріп, сылқ етіп құлайды.)*

САХНАДА КӨРІНІС

Арьерсценадағы жарық сөнеді. Балалар тым-тырыс мойындары салбырап үнсіз тұр. Көзінен жас парлаған Таурид еңсесін көтеріп, пианиноға барады да, ұлының соңғы тілегі — Бетховен «Айлы түнін» жігерлене тартады.

Авансцена бұрышында ақын Бақыт:

«Дауылда,
желде тілінген,
Қарт саусақ ойнап дірілмен.
Күйсандық тілі зарлады,
Көздерден бұршақ парлады.
Осылай ана ұлының,
Жарып шыққан жүрегін,
Орындап соңғы тілегін».
Теліген адамды ажалдан
Қарғысын төкті тажалға.
Соғыс та бітті жеңіспен,
Әкенің көбі келмеді
Соңынан ұлы ермеді.
Шұқанақ.
орда,
еңісте
Белгісіз солдат денесін
Көшпелі құйын жерледі.
Апаттан қалған тірілер,
Сендерге,
балалар,
біліндер,
Кең, зәулім мектеп,
үй салдық.
Оқ тесіп гүлін көгерген,
Қағылған көбі өнерден,
Қазір де тілі көнерген

Олар да тозған күйсандық.
Сендер үшін,
балалар,
Өткен күн — фильм,
тосын жай.
Ертегі емес, бірақ та,
Әкелер жолы жырақта
Айрылған елге қосылмай.
Өткенді еске салатын,
Жылдардай
тозып қалатын.
Күйсандық сыры осындай!

(Пианино үні күшейе түседі. Ақ шашы желбіреген Эмма Ивановна алға шыға береді. Айналасында қолтығынан демеген оқушы балалар).

Ш ы м ы л д ы қ

ӘР ҮЙДІҢ ЕРКЕСІ

(Үш прологты, 7 көрініс ті драмалық оқиға)

Пьеса кейіпкерлері:

1. Болат Бақытжанович — жас мұғалім
2. Гүлсім Махмутова — мектеп директоры
3. Руслан — оның ұлы, 10-кл. оқушысы
4. Қәрібай Асқарович — класс жетекшісі
5. Тәнзила — оның қызы, 10-кл. оқушысы
6. Қасым — аудандық атқару комитетінің председателі
7. Балшекер — оның әйелі
8. Қанат — оның ұлы, 10-кл. оқушысы
9. Иван Сергеевич — милиция қызметкері
10. Лида — оның қызы 10-кл. оқушысы
11. Балташ — қойма меңгерушісі
12. Қарас (Ұзынтұра) — оның ұлы 10-кл. оқушысы
13. Василий Оттович Салфельд — механизатор
14. Андрей — оның ұлы, 10-кл. оқушысы
15. Баттал — қарт шопан
16. Күләш — оның қызы, 10-кл. оқушысы
17. Аплаш — аудандық прокурор
18. Досқан — оның ұлы
19. Ғазиза — оның қызы

10-кл. оқушылары.

I пролог

Тас қараңғы түн. Ішін тарта ұлып, үілдеп, ысқырып соққан алай-түлей боран. Жылт-жылт еткен көп фонарь: белшесінен қар кешіп, жанталасып, төбе, қырат-

---

Бұл пьеса — балалар мен жас өспірімдерге лайық шығармаларға арналған республикалық жарыста бәйге алған туынды.

тарды шарлап, толарсақтап із кескен адамдардың қолындағы фонарьлар. Тырылдаған трактор үні, біреулердің шақылдатып ұрған темірлерінің үнімен қиуаттаса айғайлаған дауыстар бір сәт бәсеңсігенде, фонарін көтерген әр адамның жүзіне шам жарығы көмескі түседі де, оның ішкі монологтары естіледі.

Дауыстар:— Қане осы арадан бөлініңдер екіге.

— Сопау тау жоталарына қарай созылыңдар.

— Біріңнен-бірің көз жазып қалмай, қатар жүріңдер.

— Мына арқаннан ұста.

— Араларың тым қашықтап кетпесін.

— Ал, беттеңдер алға қарай.

МОНОЛОГТАР:

Қ а р а с. Осы беткейден ығып кетсе керек. Бәрі де бірге шыққан. Киімдері аса сенімді емес.

Г ү л с і м. Бүкіл облыс құлақтанды. Бұрын-соңды болмаған оқиға. Сұмдық-ай, ауыз бармайды.

Қ ә р і б а й. Боран соққалы екінші тәулік, екінші түн, толастайтын түрі көрінбейді.

И в а н С е р г е е в и ч. Қаншама жан іздеу салуға шықты. Қайда кетті бұлар? Мына түтеген боранда табылар ма?

Б а л ш е к е р. Күнім-ай, қайда адасып кеттің, қайдасың? Қай төбенің бауырында, қай жыраның ішінде жатырсың?!

А п л а ш. Ақыр аяғы осыған әкеліп соқты ма? Кім осы «өнерді» бастаған? Кім осы балаларға ой салып, адастырған?

Қ ә р і б а й. Менде не жазық. Басында-ақ байбаламды салып едім. Осы бір жас бала келіп, бәрін бүлдірді.

Т а л а п. Барлық пәле менен басталды демексіздер, білемін! Рас, ой салғаным рас! Бірақ адастырды деуге ауыздарыңыз қалай барады?

Б а л ш е к е р. Тұра тұр, құлағым ба шыңылдаған... Құлағыма ән келеді. Бұл неғылған ән. Ызыңдаған боран ба? Жоқ, жоқ, ән! Жетімдер әні. Құлындарым-ай, осы бір суық әнді бәрің қосыла айтқанда, денем түршігіп, тітіркеніп кетуші едім. Қайдағы әнді қайдан таптыңдар. Осыған көрінген екен ғой. Өзімен кетсін, өзімен...

(Музыка: «Жетімек әні»).

I-КӨРІНІС

Прологтағы ән көрініске ұласады. Сахна жарықтанғанда қолдарында гитара, киім киістері, шаш қойыстары бүгінгі күнгі сәнмен үйлескен бір топ ер, қыз балалар ән салып отыр. Ән шумақтары ағылшын, орыс, қазақ тілдерінде айтылады. Сырттан қарт шопан Баттал кірген. Таяғына сүйеніп, үнсіз тыңдап тұр.

Прологтағы ән жалғасы:

«Я начал жить в трущобах городских,
И добрых слов я не слыхал,
Когда ласкали вы детей своих,
Я есты просил, я замерзал...

За что отбросили меня, за что?
Где мой очаг, где мой ночлег?
Не признаете вы мое родство,
А я Ваш брат, я человек...

О! Мама если бы найти тебя —
Была не так горька моя судьба!..[1]

Баттал. Амансыңдар ма, жауынгерлер?

Балалар: Амансыз ба?

— Саламатсыз ба?

— Төрлетіңіз, қойшы атай?

— О, Ертегіші атай, төрге шығыңыз.

Баттал. Әндеріңқандай жақсы, зарлы еді. Тұла бойымды бақайыма дейін шымырлатып жіберді. Бұл қай әншіниің шығарғаны?

Қанат. Ата, бұл Америка деген жердегі жетім балалардың әні.

Баттал. Ә, болса, болар. Оу, Америка дегенің бай ел деуші еді, әлі де жетім-жесірлері бар екен-ау! Тағы бірін айтып жіберіңдерші, кішкене көңілдірек бірін, желпіндіріп, былай, желпіндіріңкіреп...

Досқан. Айтайық, Бәке, егер сіз билесеңіз?

Баттал. Билесе несі бар. Қане, қане!

(Балалар «Той жырын» қосыла салады. Ән аяғында үш-төртеуі тұрып, битлз ырғағымен аласұра билей жөнеледі: Желк-желк еткен шаштар, бұралған белдер, ырғалған иықтар. Осы шудың үстінде айғайын салып Балшекер келеді).

---

[1] Бұл ән — «Құм карьерындағы генералдар» фильмінен шартты түрде алынды. Жалпы бұл арадағы ән осы характерде болса керек.

Балшекер. *(Екі шекесін басып).* Тоқтатыңдар! Жетті, жетті! Қойыңдар!

(Ән, би күрт үзіледі.)

Тым құрмаса үлкен адамды сыйласаңдаршы! Миын ашытып жібердіңдер ғой!

Баттал. Оу, айта берсін, Балшекер. Мың қаралы қой қатарымен маңырағанда ашымайтын ми...— бұл... ән емес пе... қалай-қалай айтады, молодес, балалар!

Балшекер *(Қанатқа).* Ертеден қара кешке селтеңдеп, сарнай бергенше, сабақтарыңа дайындалмайсыңдар ма? Титімдей бір сана болсайшы, биыл мектеп бітіретіндерің бар ма ойларында?

Қанат. Мама, сабаққа дайындалғанбыз, енді бір мезгіл басымызды тыныктырайық та...

Балшекер. Қазір әкең келеді әбетке, астарыңды ішіңдер де мектептеріңе тайыңдар. Андағы сорайған темірлерінді ана жаққа апарыңдар.

Қанат. Құп болады!

(Балалар, қыздар гитараларын алып ауыз жаққа кетеді.)

Балшекер. *(Стол жасап жүріп.)* Қалай деуші еді... «ас ішіп, аяқ босататындар» деуші ме еді?! Бастарында шайнам ақылдары болса, бұйырмасын!

Баттал. Өздері тіпті жеті жұрттың тілін біле ме, немене. Өнерлі ғой, өнерлі ғой бүгінгі заманның жастары.

Балшекер. Өнерлері бар болсын. Құр сайраған тіл, алған білім не керек орнына жұмсай алмаған соң. Есіл-дерті сән, әлем-жәлем киім! Құр сорайған бой демесең, ой жоқ. Баяғыда біздер қаршадайымыздан...

Баттал. Е, ол кездің жөні бір бөлек. Қазір, немене, балалар не ішейін, не киейін демейді.

Балшекер. Сол ғой, сол ғой бұлардың тойтаңдайтыны. Әбден ойларына келгендерін істейді. Шаш қойыстарын көрдіңіз ғой, бәрі әшейін, Менделеев! Қыздар мен ұлдар бір-бірімен бастарын алмастырып алған сияқты.

Баттал. Барлық не істетпейді. Соғыс жылдары сендер ғой, сән қумақ түгілі колхоз шаруасында салпақтап жүріп, жұлықтарыңнан шұлғауларың көрініп тұрмаушы ма еді? Қисін, жесін заманның түзуінде. Немене, қызғанамысың олардан.

Балшекер. Қызғанған емес-ау, кисін, жесін. Бірақ өмір бойы осыларды біреу тегін киіндіріп, ішіндіріп

тұрса жақсы ғой. Өздеріне салсаң... ай, түк шықпайды-ау, түк...

(Сырттан Қасым кіреді.)

Қасым. *(Батталға көз қиығын ғана тастап).* Әлі кетпегесің бе, Батеке, орталықтан шықпайтын болып-сың ғой кейінгі кезде. Сен мұнда, малды кім бағып жүр?!

Баттал. Қойларды далаға шашып кеттім. Өздері бірін-бірі бағып жүреді. Бүгін бір, ай-й, терлеп-тепшіп моншаға рақаттанып түстім-ау!.. Ертең шашымды алдырамын, арғы күні мұртымды бастырамын... Содан соң үш-төрт күн докторға қаранамын... Айтқандай аптекте де біраз шаруам бар екен-ау...

Қасым. *(Стол қасында газет оқып отыр).* Балшекер, асыңды тездетші, жиналыс бар. Тездет...

Баттал. Кеше собеске бардым, бүгін тағы барамын. Шаруашылық басқармасында да жұмысым бар еді... Айтқандай, быт комбинатта екі-үш күн аялдайтын шығармын. Барлық жерде өшірет. Шүмегі түскен пұшық самауырды бергелі не заман... Әлгі завсклад Балташқа да баруым керек еді. Шай жоқ. Ол да мұрнын көтеріп... Бәріне қой керек. Былтыр Алматыға сессияға барғанда бір қап шай әкеліп едім, ол да бітіп қалды...

Қасым *(жақтырмай).* Балшекер, болсаңшы енді.

Баттал. Әй, председатель, мен сенімен сөйлесіп отырмын. Қашанғы бетіңді газетпен бүркей бересің.

Қасым *(газетін алмай).* Құлағым сенде, Батеке. Талай естіп жүрген сөз ғой.

Баттал. Әлі де естисің *(орнынан тұрып Қасымның газетін жұлып алады).*

Қасым. Өй, Батеке, бала боп кеттіңіз де, мұның не?

Баттал. Бала емеспін. Шалмын, баяғы бригадирінмін. Алдыма талай томпаңдатып, жұмыска салушы едім, ұмыттың ба?

Қасым. Ол... ол балалық шақ... соғыс кезі.

Баттал. Енді председательмін деп отырған шығарсың.

Қасым. Болсақ... Жазықтымыз ба?

Баттал. Сен исполком председателі болсаң, мен депутатпын. Жоғарғы Советтің депутатымын.

Қасым. Онда кеңсе бар емес пе сөйлесетін.

Баттал. Кеңсеге жұрттың шаруасымен барамын,

ал қазіргі өз шаруам, өз қарақан басымның шаруасы, понял!

Қасым. Өз шаруаңды да талай естідік қой, Бәке. Бәрі де уақытымен. Жағдай жылма-жыл түзеліп келеді. Болады, бәрі де болады. Шайға кел... столға жақын отыр.

Баттал. Отырмаймын!.. Бұл жолғы келуім — пенсияға шығамын.

Қасым. Пен-сия-ға-а! Алпысқа келіп қалдыңыз ба, шал?

Баттал. Келмегенде сайтан дедің бе? Қуатит, алпысқа дейін істедім... Собес қағаздарымды түгел реттеген, соған тездетіп қол қой, исполкомның решениесі керек дейді...

(Бұл кезде Балшекер столға ас қойған.)

Балшекер. Қанат, Досқан, Андрей, Руслан асқа келіңдер. Самауырды ала келші біреуің. Қыздар неғып кетіп қалды?..

(Біреуі самауыр көтеріп столға жайғасады).

Қанат. Ата, ата, шопан ата, бір қызық әңгіме айтып беріңізші.

Балшекер. Қайдағы әңгіме, тамақтарыңды ішіңдер де, мектептеріңе кетіңдер.

Баттал. Қайбір әңгіме айтатын күй бар дейсің, қарағым.

Қанат Ата, айтыңызшы!

Досқан. Ататай, айтыңызшы!

Баттал. *(Кесеге құйған шайын алдына қойып.)* Биыл... күзде гой деймін. Көзге түртсе көргісіз тастай қараңғы түн болатын. Бір отар қой жусап жатыр. Қешке дейін шелектеп құйған қара жауын түнде басылған. Үстім малмандай су. Киімімді түгел шешіп, кептіріп алайын деп, отты маздатып қойып, тыр жалаңаш отырғам... Көзім ілініп кетіпті. Сонда да үйреншікті әдетпен ғыр-р-р *(қорылдайды)* айт, ғы-р-р, айт!» деп ұйықтап отырғамын. Біреу, мына шыны көз жақтағы иығымнан ақырын түртеді... Тағы да түртеді.

Досқан. Әлі түн ғой?

Баттал. Әрине... Содан, ұйқымды қимай ыңыранып едім, иығымнан жұлқып-жұлқып қалды. Қолы мұндай тастай болар ма?.. Содан... сау көзімді ашып, бұрылы-ы-п қарасам, өзі екен.

Бәрі. Кім?

— Кім?

Баттал. Кім дейсіңдер?

Андрей. Зоотехник шығар.

Досқан. Ветврач шығар.

Баттал. Е-ей, олар түн ұйқысын төрт бөліп отарға келуші ме еді.

Қанат. Таптым, таптым: командировкада жүрген папам шығар?

Баттал. Сенің папаң қой фермаға түнде түгіл, күндіз, жылына бір соқса да спасиба!

Қасым. Мені қоспасаң, оңгімеңе жараспайды-ау!

Қанат. Ал, кім екен. Кім айтыңызшы.

Досқан. Иә, кім?

Баттал. Қасқыр.

Бәрі — Қасқыр!

— Қасқыр!

— Кәдімгі қасқыр?

Баттал. Иә, кәдімгі дала қасқыры. «Өй, иттің ғана баласы, тойс, қасқырдың баласы, зәрімді алып...» деп ата тұрып ем, «Тс-с-с, дауыстама» дейді. «Немене, дауыстаса жүрегіңнің қабы жарыла ма?» «Жо-оқ, ана жақта иттерің, ұйықтап жатыр, оянып кетеді» дейді... Содан отқа алақанын жайып, тойс табанын жайып жайғасып отырды. Жыным ұстап «Әй, немене сен отқа қақтануға келіп пе ең?» десем, «Осы сен, пенсияға қашан шығасың?»— дейді. «Немене, мен пенсияға шыққанда, қойды Пушкин баға ма?» «Ана табақтай-табақтай дипломдары бар зоотехник, веттехнигің бағар. Әйтпесе, біз бағармыз» дейді ит неме! «Әй, менің қамымды ойламай-ақ қой, деңгелетіп отырғаның не, өзіне не керек?» деп ем. Өзімді кекете жөнелді. «Өзің алжиын дегенбісің, қартайған сайын сараң боп барасын, сені бала кезімнен, тойс, бөлтірік кезімнен білемін, көз көрген адам еді деп осы күнге дейін қой бермейсің, сараңсың-ау, сараңсың!» Ана жылы, «тұра тұр, жетпей жатыр, биыл жүз қойдан жүз жиырма қозы аламын», деп, одан соң «140 аламын» деп, тағы да «150»-деп тарыла бересің, тарыла бересің. Соларды өлгенде бірге ала кететін шығарсың. Енді қой басын елу миллионға жеткізем деп тыраштанып жатырсың. Сен миллионға қашан жеткізеді деп, біз ет жемеуіміз керек ие? Жеткізерсін жаман қатты, аяғынды зорға алып жүріп, сенің миллион неңді алған!» деп қарқылдап тұрып күлмесі бар ма? А-ай, зығырым қайнап, қасымда жатқан таяғымды ала салып «өй атаңа нәлет!» деп тұра ұмтылды.

Досқан. Қақ бастан пермейсіз бе?

Баттал. Ой, ол ит жеткізуші ме еді, ілбиіп алып сөлендей жөнелді. Артына қарап «қап, бәлем, қозыларыңды қынадай қырмасам бар ғой» деп кетті және.

Андрей. Ол айтқанын істеді ме?

Баттал. Оған жіберем бе... Киімдерімді тік көтере алып кетті, жалаңбұт қалсам да қойды берермін бе?

Қанат *(күліп)*. Немене, мүлдем жалаңаш қалдыңыз ба?

Досқан. Ұят болған екен.

Баттал. Е-е, шырағым-ай, ұят болғанда, далада жүрген жалаң бұт, қойшыны кім көрер дейсің!..

Балшекер. *(Сағатына қарап)*. Ал, барыңдар енді, мектептеріңе. Өтірік әңгімеге сон-он-дай жандарың құмар-ау!

(Балалар орнынан тұрады.)

Қанат. Ал, болдық... Мама, сен бүгін жүремісің Алматыға?

Қасым. Қайдағы Алматы тағы да?

Балшекер. Иә, күнім!

Қанат. Мама, мына Андрейге бір джинси, екі туфли на флатформе, бір гитара — электрический... сосын... сосын... бір тень... қабақтың астына жағатын...

Балшекер. Оны қай қабағыңа жағасың?

Қанат. Жағатын қабақтар табылады.

Балшекер. Осы күнгі қыздарда ес болсайшы, күйеуінен таяқ жеген әйелдей, көздерінің астын көкпеңбек қылып...

Қанат. Егер осы жолы әкелмесең бар ғой...

Балшекер. Иә, әкелмесем...

Қанат. Онда институтқа түспеймін.

Балшекер. Мен үшін оқитын шығарсың?!

Қанат. Сен үшін, мама, сен үшін! *(кетіп бара жатып)* Мама, ұмытпа!

(Балалар кетеді.)

Балшекер. Қарашы айтып бара жатқанын. Әбден кекірелеген осы күнгі балалар.

Баттал. Балшекер, жол болсын, Алматыға жүремісің?

Балшекер. Иә, биыл Алматыға үш рет, Мәскеуіңізге екі рет бармадым ба?! *(Қасымға)* Әлгі юридическийге биыл да конкурс қатты болады дейді. Медицинскийге ер балаларды көбірек алатын көрінеді. Бірақ бі-

реудің ауруын қарау... Педагогическийді онша ұнатпаймын.

Баттал. Ұнатпаймын?

Балшекер. Қыздардың жұмысы ғой. Және бүгінгі мұғалімде баяғыдай бедел қалды ма?

Қасым. Балшекер, қойсаңшы енді, бардың ғой талай рет. Оқуға өзің түсетіндей... Қанат медальмен бітірсе, өзі де түспей ме?

Балшекер. Қайдағы түскен. Ол сөны ойлап жүр деймісің.

Қасым. Ендеше, қашан ата сақалы аузына біткенше мойныңа мінгізіп жүр...

Балшекер. *(Батталға)*. Айтып отырған сөзін қара! Қаланың балалары қашан сақалы беліне түскенше ата-анасының мойнынан түспейді. Астанадағы мықтылардың балалары мектепті бітірер-бітірместе институтын алдынан даярлапқояды. Институттен шығар-шықпастан, аспирантурасын, үйленер-үйленбестен пәтерін... Тіпті келіндеріне дейін дайындап қояды...

Қасым. Иә, бәрі солай деген. Бірен-саран болса болатын шығар, сол үшін жұрттың бәрін...

Балшекер. Қалаға көп қатынап жүрген сен білемісің, мен білем бе?

Қасым. Біздің бала өз күнін өзі көреді...

Балшекер. Ал, сенің шыққан шығының не соған?! Бала үшін бір жыл қызметтен шықсам мен шықтым. Биыл Қанатымды оқуға түсірмедім бар ғой. Осы үйде тұрмаймын, кетемін қаңғырып...

(Қасым орнынан тұрып, есікке беттейді).

Қасым *(күліп)*. Сонда бала оқуға түспейді деп мен әйелсіз қалмақпын ба?

Балшекер. Мейлің. Өзіңе лайық біреуді тауып аларсың.

Баттал. Қасым, бір минут мойын бұра кетші. Әлгіні тезірек шешіндер. Сонсоң, менің құрдасыма айта баршы, сенің орынбасарыңды айтамын. Соның жеті көзі бар екен...

Балшекер. Сақтай гөр, жеті көзі несі?

Баттал. Ол да мендей соғыста бір көзін беріп келген инвалид *(Қасымға)* Соның жеті запчас шыны көзі бар екен. Біреуін қарызға бере тұрсыншы. Жыл он екі ай болды аптекке заказ бергеніме. Проклятый Гитлерге берген көзді аптектен сұрап, қашанғы қылқылдай берерсің.

Балшекер. Әй, Қасым, барысымен машинаңды жібер, вокзалға шығарып салсын. Алматыға звондай сал, мен келе жатыр деп...

2-КӨРІНІС

Спорт залы. Қаз-қатар тізіліп жаттығу киімін киген қызбар, ер балалар отыр. Екі кілем (мат) үстінде қатарымен күрестен жаттығу жүріп жатыр. Жаттығу жүргізуші Талап Бақытжанович...

Мизансценада директор Гүлсім Махмутовна өтіп бара жатады, соңынан Кәрібай Асарович қуып жетеді.

Кәрібай. Гүлсім Махмутовна!.. Айтпады демеңіз, алдыңыздан өттім. Ендігі жерде дирекция тарапынан реніш жоқ шығар.

Гүлсім. Кәрібай Асарович, сіз осыншама неге байбалам саласыз? Бір айттыңыз жетеді. Тексереміз. Кабинетке шақырып сөйлесермін.

Кәрібай. Жоқ, мұны кейінге қалдыруға болмайды. Бұл бала әдейі жасап жүр. Ізін суыта алмаймын...

Гүлсім. Кәрібай Асарович, ойланып айтсаңызшы!

Кәрібай. Бұл арада ойланатын түк те жоқ. Істің логикасы солай.

Гүлсім. Мұның түбі — жала, ал төркіні — ескі көзқарас, қажетсіз күдік екенін білемісіз.

Кәрібай. Егер тоқсан аяғы тақап қалғанда менің жетекшілігімдегі бұрын үздік кластың оқушылары түгелдей төмен баға алса, оны жасап отырған Бақытжанов болса, мұның түбінде не жатпақ?

Гүлсім. Әрине, оқушылардың бұлайша күрт құлауы таң қаларлық. Әйтсе де байыптылық керек.

Кәрібай. Жоқ, сіз байыпты болсаңыз болыңыз. Он жылдай көз алдымда өскен балалардың тағдырына немқұрайды қарай алмаймын.

Гүлсім. Кәрібай Асарович, асығыстықтың орны жоқ, ұғынысайық. Мүмкін, оның да дәлелі бар шығар.

Кәрібай. Онда мен кеттім. Өздеріңіз ұғынысарсыздар.

Гүлсім. Жоқ, кетпейсіз. Класс жетекшісі сіз. Және де бұрынғы әдебиет пәнінің оқытушысы да сіз.

Кәрібай. Иә!.. Бар түйін осында жатыр... Гүлсім Махмутовна, сіз көремісіз, осы бала әдебиетші ме, палуан ба, шахматшы ма. Өзі бар үйірмені қолына алыпты.

Тіпті қыз балаларға дейін күрес үйретеді, самбо, дзюдо дей ме? Не деген универсал!

Гүлсім. Оқушылардың бәріне де үйреткен жөн. Мұнысы өте құптарлық нәрсе! Біздің мектеп — осындай мұғалімдерге зәру емес пе еді?!

Қәрібай. Мұның астарында басқа мән бар. Бұрын еш нагрузкаға таласпайтын коллектив ішінде енді ірікті салу болмасын түбі.

Гүлсім. Сіз де жоқ нәрсеге түйткілденеді екенсіз.

Қәрібай. Біздіңше, балаларға жаны ашып жүр деймісіз? Ақша құмарлау ма деймін жап-жас басынан. Үйірмелерге бөлінетін ақшаның бәрін өзі алмақ. Ал, сіз...

Гүлсім. Бұрын, талай жыл бойы ештеме өткізбей-ақ сіз де алып келдіңіз ғой!.. *(Бұрылып.)* Талап Бақытжанович, уақытыңызды бөлсеңіз...

Талап. *(оқушыларға)*. Енді сабақ басталар алдында жуынып, дем алыңдар. Маттарды жинап қойыңдар.

(Директорға келеді.)

Ғапу етіңіздер, жуынып-шайынып келсем...

Гүлсім. Талап Бақытжанович, ештеме етпейді, сізбен біраз ғана әңгімеміз бар еді. Қәрібай Асаровичтің оныншы кластың жетекшісі екенін білесіз ғой.

Талап. Білемін... Бұрын әдебиет пәнінен оқытушы болғанын да білемін.

Қәрібай. Міне, өзің де жақсы біледі екенсің. Бәрі де енді түсінікті. Оныншы класс оқушыларына шығармадан түгелдей төмен баға қойғаныңыз әдейі жасалған...

Гүлсім. Қәрібай Асарович.

Талап. Қәрібай Асарович, әдейі жасалған деген сөзіңіз артықтау болар. Және, сіз маған осы неге шұқшия бересіз?..

Қәрібай. Егер артықтау болса, ғапу етіңіз, балақай, ал мен шығарма жаздырғанда бәрі де төрт пен бес алатын еді...

Талап. Өкінішті...

Қәрібай. Өкі-ніш-ті. Балақай, қалай ірі сөйлейсің, сен бітірген жоғарғы оқу орнын біз де бітіргенбіз. Айырмашылығы менің 25 жыл стажым бар да, сенің *(кекесін күлкі)*...

Талап. Сіздің тым ерте бітіргеніңіз көрініп тұр.

Қәрібай. Сонда немене бітірген кездері ұстаздар теріс білім берген бе?..

Талап. Жоқ, ол ұстаздарыңыз кінәлі емес, тегі, өзіңізде кінә болуы ықтимал...

Қарағанды облыстық драма театры.

Ажар — Ж. Шашкина. Сары жорға — М. Мұқатаева.

Н. Бегежанов атындағы Қызылорда облыстық драма театры. «Ажар мен Ажал» пьесасынан көрініс.

М. Әуезов атындағы Академиялық драма театры. «Ажар мен ажал». Қатай — Қ. Әділшінов. Болыстың әйелі — Х. Жиенқұлова

Сөкыр кемпір — С. Майқанова.

Ажар — З. Досанова.

М. Әуезов атындағы Академиялық драма театры. «Ажар мен Ажал» Ажар — Ш. Жандарбекова. Бойжеткен — Салиха Қожақова.

Қызылорда облыстық драма театры
Кемпір — С. Майқанова.
Ажар — Р. Түгелбаева.

Рәзия — Ш. Айтқожанова. Құмар — М. Манапов

Торғай облыстық музыкалы драма театры
«Қызым, саған айтам...» пьесасынан көрініс.

«Қызым, саған айтам...»
Құмар — М. Мұраталиев
Рәзия — Р. Әлікулова

«Қызым, саған айтам...»
Құмар — М. Мұраталиев
Рәзия — Р. Әлікулова
Шүйкетай — Ә. Өмірзакова

Республикалық балалар мен жасөспірімдер театры. «Қызым, саған айтам...» Құмар — М. Мұраталиев. Рәзия — Р. Әлікулова Сәуле — К. Қажыгалиева

Шымкент облыстық драма театры. «Тұтқындар»
Композитор — А. Қалмырзаев.
Надзиратель М. Найманбаев.

Түрме бастығы — О. Жұмабеков. Композитор — А. Қалмырзаев

Республикалық балалар мен жасөспірімдер театры
«Жаралы гүлдер» пьесасынан көрініс
С. Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық драма театры.

Қ ә р і б а й. Ме-е-ен-де?

Т а л а п. Жиырма бес жыл бұрын алған білімініз бүгінгі өмірмен сабақтаспай жатыр.

Қ ә р і б а й. Сен немене, сонау астанадан осы мектепке аттестация жүргізуге келіп пе едің?

Т а л а п. Сізге аттестация жүргізетін инспектор емеспін, ал кейбір олқылықтардың орнын толтыру азаматтық та, педагогтік те міндетім.

Қ ә р і б а й. Орнын?.. Екілікпен толтыру?..

Т а л а п. Мен оны жаным ашығандықтан істедім.

Қ ә р і б а й. Маған жаның ашымай-ақ қойсын!

Т а л а п. Жоқ, сізге емес, оқушыларға жаным ашыды.

Қ ә р і б а й. Мен бәрінің де дәптерін алып қарадым. Грамматикалық та, орфографиялық та, тіпті стилистикалық қателері де аз. Ал сен...

Г ү л с і м. Сіз деңізші, ала-құла сөйлемей.

Қ ә р і б а й. Жарайды, сіз, жаңа бітірген білімді жігіт, шығармаға Маяковскийдің «Кім болам?» атты өлеңін тақырып етіп алыпсыз. Жаңалығыңыз осы ма? Оны балалар жетінші кластан-ақ жазып тастаған. Оныншы класс оқушылары үшін тіпті күлкілі.

Т а л а п. Маяковскийдің «Кім боламы» еш уақытта ескірмейді. Мәселе бүгінгі таңдағы өзгерген өмірдің жаңа талаптарына сай жаңаша ұғуда.

Қ ә р і б а й. Онда оқушылардың шығармасының мазмұны ұнамаған ғой.

Т а л а п. Дұрыс айтасыз.

Қ ә р і б а й. *(кекесін)*. Сонда қалай, Зоя Космодемьянскаядай, Матросовтай, Мәншүк Мәметовадай, Нүркен Әбдіровтей жерін сүйем деген патриоттық, отаншылдық идеялары ұнамады ма?

Т а л а п. Тура сіздің сөзіңіздей жаттанды сөздер. Алдындағы мақсаттарын түсінбейтін әсіре қызыл сөздер. Хрестоматиялық дайын ұғым. Балаларды терең сезімге баулымай, шаблонға дағдыландыруды қашан қоямыз.

Қ ә р і б а й. Жоқ. Сізбен педсоветте, коллектив алдында сөйлеспесек, қазір мезгілсіз қияли болып кету қиын емес.

Т а л а п. Менімше, бұл тақырыпты арнайы диспут етіп, оқушылармен әңгіме түрінде өткізгеніміз пайдалы шығар. Биыл оқу бітірген оқушылардың болашақта кім болатындарын, мақсаттарын біліп, ой салғанымыз дұрыс шығар?!

Г ү л с і м. Иә, бұл сөзде де жан бар.

Кәрібай. Бәрі екі алған соң диспуттың қажеті қанша?

Талап. Сіз қорықпаңыз, бағаларды журналға түсірмеймін.

Кәрібай. Сонда бұл методиканың қай түріне жатады?

Талап. Методика қатып қалған тас емес.

Кәрібай. Сіздің методикаңыз, сонда, қалай илесеңіз солай көне беретін саз балшық па, пластилин ба?

Кәрібай. Әр жағдайға қарай әсер ету, құлық қойғызу деген болады.

Кәрібай. 25 жыл мұғалім болып, мұндай бейбастықты көргенім жоқ. Не деген сұмдық!

(Ашумен кетеді.)

Гүлсім. Талап Бақытжанович, сіз бұл мәселені тым уқыштырмаңыз. Жас мұғалімсіз. Коллектив алдында ұятқа қалмаңыз.

Талап. Мен өз пәніме, өз педагогтік жолыма өзім жауап бере аламын.

(Кете барады.)

Гүлсім. Сіз қазір менің кабинетіме келіңізші.

Талап. Сабақ басталуна аз-ақ уақыт қалды. Үлгермеймін ғой.

Гүлсім. Сонда да. Сәл кешігіп барарсыз, ештеме етпес.

3-КӨРІНІС

Класс іші. Оныншы класс оқушыларына Кәрібай Асарович дәптерлерін таратып беріп жүр.

Кәрібай. Жараған екенсіндер, балалар, бәріне де жаңа мұғалім бір-бір екіні қонжиткан екен.

Қарас. Менің екі алғаным ештеме емес-ау. Мына болашақ журналист Русланның екі алғаны жаныма батып отыр.

Андрей. Маған да бәрібір, филология факультетіне түсіп жатқам жоқ.

Қанат. Дегенмен жаппай төмен баға алу ұят екен өзі.

Күләш. Осы, сіз сабақ бергенде мұндай шығармаларға бес, кемі төрт ала беретініміз қайда?

Кәрібай. Жаңа мұғалімнің өзінше бір жаңалығы шығар. Әлі де тексереміз. Бұлай болмайтын шығар.

Лида. Қәрібай Асарович, менің шығармамды тексерте көрмеңізші.

Қәрібай. Е, неге? Сен жаман жазбапсың. Сенің кінәң қандай? Екі-үш-ақ қатең бар, грамматикалық.

Лида. Мен былтыр, сіздің мұғалім кезіңізде,— еркін тақырыпқа жазған шығармамды сол қалпында көшіріп бере салып едім... Сезіп қалған-ау деймін.

Руслан. Оны қайдан сезсін. Бізді бір қорқытып алғысы келген ғой.

Досқан. Оған несіне қорқамыз.

Андрей. Бәрібір биыл бітіреміз, мейлі қорқытсын, мейлі қорқытпасын.

Қәрібай. Балалар, мәселе қорқыту, қорқытпауда емес, мәселе... басқада...

Күләш. Басқада болса, айтсын жасырмай. Не ол? Біздің жазығымыз не?

Қарас. Егер бұлай бола берсе, ол мұғалімнің алдынан оқымаймыз.

Лида. Өзіміздің Қәрібай Асаровичімізді директорымыздан сұраймыз.

Қәрібай. Мен енді... сендер үшін қайта келермінау, бірақ... *(Класқа Талап кіреді... балалардың бірі тұрып, бірі тұрмайды. Талап қашан бәрі тұрғанша үнсіз күтеді.)*

Талап. Отырыңдар, балалар. Дирекцияда сәл кешігіп қалдым. Кезекші, кімнің жоқ екенін себебін жазып берерсің... Бүгінгі сабақ — өткендігі шығарманы талдау. Ә, сіз де осында ма едіңіз...

Қәрібай. Класс жетекшісіне сабағыңызға қатысуға болатын шығар.

Талап. Қатысыңыз... мейліңіз. Тәнзила тақтаға шық. Шығарма тақырыбын және жоспарын жаз. *(Тәнзила жаза бастайды)*. «Кім болам? Жоспар: 1. Маяковский шығармасының өміршеңдігі. 2. Ерлік, батырлық сипаттары. 3. Азаматтық белгі, оның көріністері. 4. Кім болам?

Талап. Оқушылар, шығарма, тақырыбын түсінгенмен шын ниеттеріңмен толғанып, ойланбай, ат үсті жазғансыңдар. Сондықтан да сендердің, ертең онжылдықты бітіріп өмірге жолдама алатын кәмелетке толған адамдардың болашақта кім болғысы келетін ойы, жалпы көмескі қалған. Терең талдау жоқ. Ең қынжылармысы— ұрандаған бос сөздер. Ал ең ұяты — көпшілігің оқулықтағы кейбір абзацтары сөзбе-сөз көшіргенсіңдер...

Қ а р а с. Біз енді одан артық жаза алмаймыз. Жазушы емессіз.

Ғ а з и з а. Кітаптан алмағанда, көктен аламыз ба?!

Т а л а п. Оқушылар, сендер, бәрің де, ертең оқу бітірген соң ерліктің, батырлықтың жолын қуғыларың келеді. Еліміздің азаматы боламыз депсіңдер.

Қ а р а с. Сол қате ме?

Т а л а п. Жоқ, дұрыс. Бірақ ерлік деген не? Тап басып, дәл айтқан бірің жоқ. Жалпылама сөз.

Л и д а. Мен оны жаздым ғой. Зоя Космодемьянскаяның ерлігін жаздым.

Д о с қ а н. Мен Нүркен Әбдіровтың.

А н д р е й. Мен Мотросовтың.

Т ә н з и л а. Мен Мәншүк Мәметованың.

Т а л а п. Жарайды, балалар. Мұның бәрі соғыс жылдарындағы ерліктер. Ал тап осы кезде, бейбітшілік уақыттағы, яғни жалпы батырлық пен азаматтық деген сөздердің мәні мен мағынасы неде? Екеуінің ара-қатынасы қандай? Болашақтағы мақсаттарың не?

Қ а р а с. Мұғалім, біз өзі шынын айтқанда, әлі қай оқуға түсіп, кім болатынымызды да білмейміз.

Д о с қ а н. Мысалы, мына Қанаттың қай оқуға түсетінін өзі білмейді, мамасы біледі.

Қ а р а с. Сондықтан да ерлік, батырлық дегендер қазір жұрттың қолындағы бір зат сияқты, түсініксіз...

Т а л а п. Жарайды онда, Лида, сенің мысалыңнан бастайық. Сен Зоя Космодемьянскаяның ерлігін жазыпсың. Оның ерлігі неде? Тәнзила орнына барып отыр.

Л и д а. Оның ерлігі? Белгілі емес пе? Оны бастауыш кластың баласы да біледі. Және мен шығармамда жаздым.

Т а л а п. Тағы да қысқаша қайталап айт.

Л и д а. Айтсақ айтайық: оның фрицтерден қорықпай, олардың қару-жарақ қоймаларына от қойып, қолға түскенде жауап бермей, қаншама қинаса да берілмеуі ерлік! Ол аз ба?

Қ ү л ә ш. Сол үшін де батыр атағын алды.

Р у с л а н. Әлде батыр атағын бермеу керек пе еді?

Т а л а п. Бұл жерде сұрақ оның ерлігі мен азаматтығының белгілерінде болып тұр. Ал енді азаматтығы неде?

Л и д а. Азаматтығы, оның... енді... ерлігінде. Азаматтығы да сол фашистерге берілмеуінде емес пе?

Т ә н з и л а. Азаматтық болмаса, ерлік те болмас еді.

Т а л а п. Иә, Тәнзила, орнынан тұр. Дұрыс айтып

отырсың. Зоя Космодемьянскаяның, не өзің жазған Мәншүк Мәметованың азаматтық белгісі неден көрінеді?

Тәнзила. Азаматтығы?.. Азаматтығы... енді оның батырлығы емес пе?

Талап. Досқан сен айтшы?

Досқан. Мен айтсам... Ерлік деген, бүгінгі күні, бесжылдық жоспарларды күн ілгері бітіріп, жүннен, сүттен, жұмыртқадан мол өнім беру. Шойыннан болат балқытып, қозыдан қошқар шығару. Ақ, оқуға түсудегі батырлық — бір орынға таласқан он баланы түгел қирата жырып, құлатып, жалғыз өзің институтқа түсіп кету. Азаматтық туралы шығармада жазғамын. Ол да бір жаттанды болған сөз ғой.

Талап. Досқан, сен шығарма жоспарындағы *(тақтаға қарап)* азаматтық деген не деген сұраққа бір-ақ сөзбен жауап беріпсің.

Досқан. Қате ме? Өзіме дұрыс: «Азаматтық деген — өз мүддеңнен қоғам мүддесін артық санау».

Талап. Өте дұрыс. Бұл — біздің еліміздегі ұлы қағида! Енді осыған талдау жасайықшы.

Андрей. Оған талдау жасамай-ақ белгілі емес пе?

Талап. Шығарма мақсаты — осы сөзді мысалдар арқылы талдау. Осы ауданда болған мынадай бір мысал айтайын: Өзенде мұз жаңа қатқан кез. Бір бала өзен үстімен өтемін деп келе жатқанда мұз ойылып кетіп, шыға алмай, жанталасып жатады. Мұны көрген екінші бір адам құтқаруға түскенде екеуі де суға кетеді. Жұрт бұл оқиғаға қатты қайғырды. Әлгі адамды азамат деп осы күнге дейін аузынан тастамайды. Неге?

Күлаш. Егер аман алып шықса-шы?

Талап. Онда да азамат екен дейді.

Қарас. Ал егер баланы құтқаруға түспесе? Мүмкін... тығыз шаруасы бар шығар.

Ғазиза. Мүмкін ол суда жүзе білмейтін шығар.

Қанат. Онда ол өз қара басын, өз амандығын ғана ойлайтын қорқақ адам.

Талап. Ендеше, қандай қиындықта өз басын ғана құтқарған адамды, не өз мүддесін ғана қорғаған адамды азамат екен деп ешкім мадақтап ,елге жарияламайды.

Қарас. Мысалы?

Талап. Мысалы, бала емес, жаңағы адамның өзі жалғыз келе жатып, мұз ойылып кетіп суға кетсе, не жалдап шықса, ол адамды жұрт «азамат екен судан аман

шықты» немесе «азамат екен суға кетті» деп мадақтай ма?

Р у с л а н. Расында да, қайғылы қазаға ұшырады деп газетке некролог береді де қояды. Мүмкін, одан бұрынғы азаматтық, ерлік істері болса жазар.

Қ а н а т. Ендеше, Зоя Космодемьянская мен Мәншүк Мәметованың азаматтығы да ерлігінде емес пе?

Т а л а п. Егер олар ондай ерлік жасай алмай, ертерек оққа ұшса, батырлық атақ алар ма еді?

Л и д а. Жоқ.

Т а л а п. Бірақ азаматтық аты қалар ма еді?

Қ ү л ә ш. Әрине.

Ғ а з и з а. *(Орнынан тұрып)* Талап Бақытжанович, мен айтайыншы. Менімше, Зоя Космодемьянскаяның да, Мәншүк Мәметованың да азаматтықтары — ең алдымен, олардың соғысқа өздерінің тіленіп баруында. Олардың ерлікке деген алғашқы қадамы да осы азаматтықтарынан басталған...

Т а л а п. Иә, иә...

Ғ а з и з а. Егер олар соғысқа сұранып бармай, эвакуациямен басқа қалаларға бас сауғалап кетсе де, ешкім сөкпес еді. Ерлік те жасамас еді. Бірақ олар өздерінің жастығына, тіпті қыз бала екендіктеріне қарамастан, халық басына күн туғанда, өздерінің болашақ өмірін, болашақ жастық өмірін қиып, яғни оны ойламай, Отанның тағдырын өз тағдырынан биік қойды...

Т а л а п. Яғни?

Ғ а з и з а. Яғни, өз мүддесінен халық мүддесін биік қойды. Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу жолында өздерінің, тіпті қара бастарының арманын құрбан етті.

Т а л а п. Міне, дұрыс. Отыр Ғазиза! Ал, бейбітшілік уақыттағы осындай азаматтық борышын өтеу туралы қандай мысал келтірер едіңдер.

Д о с қ а н. Мысал көп қой.

Т а л а п. Қане, қандай мысалдар?

А н д р е й. Мысалы, елімізде сонау отызыншы жылдарда гидростанциялар құру, ауыр өнеркәсіпті көтеруде, бертін Қамазға, БАМ-ға барған, тыңға келген жастар да Отанымыздың шын азаматтары.

Қ а р а с. Е-е, олардың өз мүдделерінен қоғам мүддесін артық қойғанын немен дәлелдейсің? Соғыста еңбекақы алмайды, ал бұлар еңбекақы алады, ол мүдде емес пе?

Доскан. Егер олар да, сен сияқты, әуелі оқуға барамын деп, немесе, алыстағы үй-жайы жоқ жерге бармай-ақ жылы үйімде жүріп қана жұмыс істеймін десе, әрине, онда да еңбекақы алады, өз мүддесін ғана ойлаған болар еді.

Руслан. Онда, көпшілік қолымен жасалатын құрылыстар, жаңа объектілер дер кезінде игерілмес те еді.

Қарас. Талап Бақытжанович, менімше, өз қара басын ойламайтын адам кемде-кем. Әйтпесе, қараңызшы, осы ауданда жылда өз үйін ремонттамайтын бірде-бір адам жоқ. Ал, мектеп екі жылда бір жөнделмейді. Осыған неге көмектеспейді, егер қоғамшыл болса жұрт.

Талап. Қазіргі мектептің жөні басқа. Қазір құрылысқа, жөндеуге бөлінетін арнаулы қаражат бар. Бір кезде, рас, мұндай қаражат та тапшы болған. Мысалы, Айтматовтың «Алғашқы оқытушы» повесіндегі Бейсен образын алыңдар. Қане, қайсың айтып бересің, сол Бейсеннің бойындағы азаматтық қасиеттерді. Қарас, ойға дұрыс салдың.

(Оқушылар қол көтеріседі.)

Талап. Сен айтшы, Сальфельд.

Андрей. Енді... Бейсеннің азаматтығы, өз басында үй болмаса да мектеп ашуы, білімі аз бола тұра, сол аз білімін елге таратуы. Егер, өз қара басын ойлап, білім қуып кетсе, өзінің көзі ашылар еді. Мүмкін, академик те болар еді. Ол көптің көзін ашты. Басқа академиктерге жол ашты. Кейін өз білім деңгейі мектепке жарамаған уақытта почтальон болды. Ол да қоғамға қажетті орынға, яғни тайшы орынға пайдасын тигізді. Демек, өз мүддесінен қоғам мүддесін биік қоя білді.

Талап. Міне, тамаша! Бір сөзбен біздің қоғамның мықтылығы батыр адамдарының көптігінде емес, азаматтарының көптігінде. Солай ма?

Лида. Сонда қалай, батыр болмау керек пе?

Талап. Батыр болу әркімнің қолынан келе бермейді. Ал азамат болу — борышың! Азаматтық жоқ жерде батырлық та жоқ. «Ақын болу — шарт емес, азамат болу — міндетің»,— дейді Некрасов.

Қарас. Бұл ақындарға айтылған сөз емес пе? Бізге солай үйретіп еді ғой.

Талап. Бұл — жалпы адам баласына айтылған сөз. Ақындық, әншілік сияқты өнер — табиғи дарын. Кез келген адамның бойында бола бермейді. Сондықтан бар

адамның ақын болуы шарт емес, ал өз қоғамының азаматы болуға міндеттісің. Адамдық қасиетің еліне тигізер пайдаң — батырлықпен, ақындықпен ғана өлшенбейді. Бұл парыз бәрімізге де ортақ. «Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан»,— дейді ұлы Абай. Ендігі шығарма тақырыбы осы болмақ.

(Сыртта қоңырау дыбысы ысылдаған боран үніне ұласады.)

II пролог

Тас қараңғы түн. Ішін тарта ұлып, үілдей ысқырып соққан алай-түлей боран. Жылт-жылт еткен көп фонарь. Рацияның гуілдеген, шыңылдаған, шуылдаған, шыңылдаған ауа толқынындағы үні.

Иван Сергеевич *(ықтап, рациямен сөйлесіп отыр)*. Шамасы он километрдей жер жүрдік. Жүрісіміз өнбейді. Тауға қарай жақындаған сайын қар қалыңдап, «К-700» жиі-жиі бата береді. Адамдар әлі тыңқ. Екінші беттегілерден хабар жоқ. Прием, прием!

Монологтар:

Баттал. Апырмай бір белгі де болмағаны ма. Бәрі де жұбын жазбай бірге ықтап бара ма? Жатып қалған, не бөлінген бір саулық та кездеспейді?

Балташ. Қайдан кездессін. Мүмкін, біз қар астында қалған балалар мен қойлардың үстімен келе жатқан шығармыз. Бәрі де зым-зия жоқ. Аспаннан саулап, жерде ұйтқыған мына қалың қар бәрін де көміп кеткен шығар.

Карас. Табылса екен, табылса екен. Жалғыз қалдым-ау жалғыз!

Балшекер. Күнім-ай, күнім-ай, қайдасың. Тоңдың-ау, ботам!

Жетекші. Үсіп қалмасаң жарар еді, қызым!

Гүлсім. Боран да ашылмай қойды. Таң да білінбейді. Қай жерде кетіп бара жатыр екенсің.

Талап. Не деген толастамайтын боран. Көктемде де осынша үскірік соғады екен-ау.

Аплаш. Бұл кезде жылда екі-үш адам адасып өледі. Сонда да сақтығымыз шамалы. Мұндай боранды алдын ала болжау да, хабарлау да жоқ. Жемшөптің жетіспейтінін қадағалау қайда? Осының кесірі, ақыры келгенде айдаладағы балаларға келіп тиді.

Василий Оттович Талай рет боранда қалып жүріп, тап мынадаї боранды көргем жоқ. Тауға жақындасақ керек. «К-700» та малтыға береді. Трактор майы жетсе жарар еді.

4-КӨРІНІС

Аудандық атқару комитеті председателінің кабинеті. Іште мектеп директоры Гүлсім Ахметова, 10-класс жетекшісі Қәрібай Асарович отыр. Председатель Қасым бөлме ішін ерсілі-қарсылы кезіп жүр. Телефон дамылсыз шылдырлайды. Қасым телефон трубкасын жұлқи көтеріп: «Қазір облыс орталығынан, райком секретарынан болмаса, ешкімді қоспаңыз! Кейін өзім айтамын» деп қояды. Ішке Талап Бақытжанов кірген.

Талап. Лұқсат па екен, сәлеметсыз ба?

Қасым. Келіңіз, отырыңыз. Қаншама адамды күттірдіңіз ғой.

Талап. Жаңа бір... кешкі мектепке қосымша сабақ өткізіп...

Қәрібай. Мен сізге айтпадым ба... Сіз де бір жоқ жерде, пысықси қалады екенсіз...

Қасым. Оқытушы жолдастар, мұнда сіздерді неге шақырғанымды өздеріңіз де сезіп отырған шығарсыздар!

Қәрібай. Иә, аздап...

Қасым. Ендеше, қысқарта сөйлейік, жолдастар. Облыстық газетке үндеу жазып жүрген кім? Биылғы онжылдықты бітірген оқушылардың бәрі де қостай ма? Және оған мұрындық болған кім?

Талап. Әуелі сізге бір сұрақ қоюға лұқсат па?

Қасым. Иә, не сұрағыңыз бар?

Талап. Облыстық газетке үндеу жазуға болмай ма? Болса, сіздің лұқсатыңызсыз жарияланбай ма?

Қасым. Түсінікті. Жазуға болады. Бірақ мұндай мәселе, аудан тарапынан тексерілетін үлкен мәселе. Ол — ойыншық емес...

Талап. Ғапу етіңіз, сөзіңізді бөлгеніме, үндеу — мектепте, комсомол ұйымында талқыланған, бір данасы атқару комитетіне жолдаған. Бірақ хабар-ошар болмаған соң... Сіздердің лұқсатыңызды күтіп отыра алмадық.

Қасым. Иә, қаралатын қағаздар өте көп, кейде қайсыбір қағаздардың ұзағырақ жатып қалатыны рас...

Гүлсім Ахметова. Үндеу жазған 10-кластың оқушылары.

Қ ә р і б а й. Оған мұрындық болушы, оларды... былай үгіттеуші жасыратыны жоқ, мына отырған жаңа келген жас оқытушы Бақытжанов жолдас.

Т а л а п. Иә, ой салғаным рас! Бірақ тап осылай болыңдар деген үгіт те, зорлық та жоқ. Оқушылардың өз жүрек қалауы.

Қ ә р і б а й. Менімше, жүрек қалауы дегеннен гөрі, әдеби тілмен айтқанда жастыққа тон алып-ұшқан албырттық, балалық деген үйлесімдірек пе деймін.

Т а л а п. Әдеби тілде «жастық жалын, жастық жігер» деген де сөз бар. Сіз өңкей жасықтау сөздерге үйірсіз, Қәрібай Асарович!

Қ а с ы м. Әдеби тіл нормасын мектепте түсіндіре жатарсыздар. Әзіргі қауіп мынада: оқушылардың үндеуін обком, облисполком біледі. Сондықтан да бізге, жергілікті совет органына талқылауға, талдауға жіберіп отыр. Бір сөзбен, сіздер бізге аяқ астында жұмыс тауып беріп отырсыздар. Ертең облыстық газетке, одан соң республикалық газетке үндеу жарияланса, бүкіл халық біледі деген сөз. Ал, одан соң, үндеу құрғақ үндеу боп қала берсе...

Т а л а п. Сонда сіз оқушыларға сенбеймісіз?

Қ а с ы м. Баланың аты бала, ертең әрқайсысы жаңжаққа тартып, бытырап кетсе, оларға не істейсің? Олардың бұл қылығына кім жауап береді?

Қ ә р і б а й. Тура осы сөзіңізді мен де айттым. Әуелі бір жыл барып көрсінші өздері. Тіпті бармайды да, ал бара қалса, бір көрген қиындыққа шыдамайды.

Т а л а п. Мұндай сенімсіздікпен жүріп, он жыл алдыңызда оқыған оқушыларыңызды қалай тәрбиелегенсіз... Менімше, үндеу жариялау — оқушыларға сенім артады, жауапкершілік жүктейді, бәрінен де еліміз үлкен азаматтарымыз деген ұлы сезім туады.

Қ а с ы м. Иә, әдеби тілмен майдалап айтқанда, солайы солай-ау!

Т а л а п. Егер, әдеби тілмен айтсақ, Отанымыздың ұлы ісіне деген үлкен үлес,партиямыздың шақыруына комсомолдық жауап!

(Пауза.)

Қ ә р і б а й. Комсомолдық путевкамен тыңға келу, БАМ-ға бару, темір жолдар, каналдар салуға, қырға да, ойға да бару дегенді көзіміз көрді. Ал, қойға бару дегенді... білмеймін... Бұл жастарды да, басқамызды да тектен-тек адастыру, ақыры ұятқа қалу.

Гүлсім Ахметова. Тыңға келу миллиардтарды көтерді. Ал, бүгінгі қой шаруашылығындағы миллиондарды кім көтереді? Менімше, Қәрібай Асарович, педсоветте де сөз болды, біз өз оқушыларымызды әлі жете білмейді екенбіз.

Қасым. Шынында да бұл дер кезінде көтерілген мәселе! Қойды комплексті түрде бағу мәселесі — бізге қолға алынып жатқан үлкен жұмыс. Кемінде екі-үш жылдың жұмысы. Разработывать деген бар. Ал, ертең балаларды қойға жібердік, оларға қандай мүмкіндіктер бар?

Талап. Иә, дұрыс айтасыз.

Қасым. Оны педсоветтің қаулысымен шеше алмайсың.

Талап. Міне, менімше, бұл — сіздердің мәселелеріңіз... Оларға жатақхана, кітапхана, асхана.

Қәрібай. Иә, хана-хана, ханалар керек, тек ақыры бәрі де хана болып қалып жүрмесе...

Талап. Қәрібай Асарович, осы сіздің ылғи бүйректен сирақ шығара беруге жаныңыз құмар екен.

Қасым. Жақсы, осы еді шақырғаным: оқушылармен де арнайы сөйлесерміз.

(Оқытушылар шыға береді.)

Қасым. Бақытжанов, бірер минутқа қала тұрыңыз.

(Бақытжанов қайта кіреді.)

Сен айналайын, астанадан биыл келген баласың ғой.

Талап. Иә, аға.

Қасым. Сенің үй сұраған өтінішіңді дирекция маған тапсырып еді. Қазір, тап биыл пәтер жағдайы қиындау болып тұр. Негізгі мамандардың өзіне үй қиындау...

Талап. Негізгі мамандар?

Қасым. Иә-иә... Ауыл шаруашылық мамандарын айтамын.

Талап. Қазір интернаттың бір бөлмесінде тұрамын. Шешем мен қарындастарымды кейін көшіріп алмақшымын. Әзірше...

Қасым. Иә, әзірше амалдай тұр, кейін көрерміз.

Талап. Рақмет, аға! Енді кете берейін бе?

Қасым. Иә, иә!

Бақытжанов бір минутке.

(Бақытжанов бөгеледі.)

Әлгі, қойға барамыз дейтін оқушылардың ішінде менің балам да бар ма?

Т а л а п. Қанат па? Әрине, ол ішінде ғана емес, осы істі негізгі бастаушы сол!

Қ а с ы м. Солай де! Иә,иә.

(Бақытжанов шығып кетеді.)

Қ а с ы м *(жалғыз)*. Ым, да-а! Ендігі қып-қызыл майдан алдымен біздің үйде басталатын шығар.

(Телефон трубкасын көтеріп номерлерді ала бастағанда, кабинетке асыға-үсіге Балшекер кіреді.)

Қ а с ы м. Оу, Балшекер келіп қалғанбысың, иә аман ба?

Б а л ш е к е р. Неғып кешке дейін отырсың, сенің-ақ шаруаң таусылмайды екен.

Қ а с ы м. Иә, шаруа көп.

Б а л ш е к е р. Мен үйден кетсем-ақ болды, сен де, ана ұлың да отырмайсыңдар: Қанат қайда кеткен?

Қ а с ы м. Жарайды, үйге барған соң тергерсің, бара бер үйге.

Б а л ш е к е р. Жүр енді, жетер коммунизмді жалғыз өзің құратындай!.. Тым құрмаса мен алыс сапардан келген күні қарсы алсаң, нең кетті.

Қ а с ы м *(күліп)*. Оу, биылдай Алматыға жүз қатынадың, соның бәрінде қарсы ала берсем, жұмысты кім істейді?

Б а л ш е к е р. Жұмыс-жұмыс, баланың да қамын бір жолға ойлауға бола ма осы...

Қ а с ы м. Еһ, сен ойлап жүрсің, жетеді бір балаға бір қамқоршы.

Б а л ш е к е р. Бір қамқоршы! Алматыда жұрт балаларының қамымен осы күннен бастап шұбырып жүр. Жазда бір баланың соңында бір қамқоршы емес, бес-он қамқоршы жүреді.

Қ а с ы м. Соншама шұбыратын немене ол, бәйгеге қосатын ат па екен?

Б а л ш е к е р. Шұбырмағанда қайтеді? Осы жолы он екі институтта болдым. Былтыр юридическийге бір орынға 17 бала, университеттің әр факультетіне оннан, он бестен, медицинскийге 12, СХИ-ға 13, политехническийге 9, тіпті әлгі педагогическийге 8, *(қалтасынан қағаз алып)* консерваторияға 7, нархозға 11, шет тілге 14.

Қ а с ы м. Жарайды, жарайды, шұбыртпа.

Б а л ш е к е р. Тұра тұр. Шұбыртқанда қызығы бар... Мен Қанатжанға тамаша институт тауып келдім... Тек ұнаса...

Қ а с ы м. Оған ұнамайды.

Балшекер. Ұнамағаны несі? Әуелі тыңдап алсайшы. Мен Алматыда неше күн, неше түн табанымнан сарылып жүрсем... Институтқа түсуді ойыншық көреді екенсің. Алматылықтардың айтуынша: «бұл проблема № 1».

Қасым. Онда, бұл проблеманы Қанаттың өзі шешіп те қойған. Ол оқуға бармайды.

Балшекер. Оқуға бармағаны несі? Осы сен кері сөйлеуіңді қашан қоясың. Оқуға бармағанда ауыл ішінде арақ ішіп, қаңғырып жүрсін деймісің. Әлде әйел әперіп қоймақсың ба?

Қасым. Арақтан, әйелден басқа кәсіп жоқ пе екен?

Балшекер. Білеміз, оқуға бармаған балалардың кәсібін. Ана Балташтың үлкені жүрген жоқ па, жасынан қағынып әйел алып, астында машина, аузында шылым, қалтада шыны.

Қасым. Біздің Қанат қойға барады.

Балшекер. Қойға-а?

Қасым. Иә, қойшы болады.

Балшекер. Қойшы-ы *(есірік күлкі)* тапқан шаруасының түрін!

Қасым. Қанат қана емес, бүкіл класымен түгел барады.

Балшекер. Бұл сен ойлап тапқан жаңалық шығар.

Қасым. Менікі ме, басқанікі ме, жаңалықтың аты — жаңалық.

Балшекер. Соңғы екі жыл бойы қой шаруашылығының ақсап, жоспарларың орындалмай, жанын мұрнының ұшына келіп жүруші едің. Енді, балаларды жегіп, жаныңды алып қалмақшы екенсің ғой.

Қасым. Ешкім де өз қара басын сақтап жүрген жоқ, қой шаруашылығы бұдан былай комплексті шаруашылыққа көшпек.

Балшекер. Комплекс, аха-ха!

Қасым. Бәрі механизацияланған шаруашылыққа ауысады. Оған жастар бармағанда, сердечник сен барасың ба, гипертоник мен барамын ба?

Балшекер. Әй, председатель қарағым! Бос сөзді қайтесің. Одан да Қанатжанның оқуға түсетін қамын ойлайық. Биыл медальмен бітірсін десең, бүгіннен бастап, столға шегеле. Мен жоқ едім, қарашы, үйде ол да жоқ. Қайда жүр. Тағы да гитарын арқалап қаңғып кеткен ғой...

Қасым. Ол, ешқайда қаңғыған жоқ. Құрбыларымен

бәрі каникулда қой фермасына кеткен... Ертең келетін күндері.

Б а л ш е к е р. Не айтып тұрсын, ойының ба, шының ба?

Қ а с ы м. Әзірше өзіме де мәлім емес. Ойын ба, шын ба?

Б а л ш е к е р. Ал, маған мәлім!..

Қ а с ы м. Жарайды, жарайды, үйге бар, кеңседе дауласпайық. Бүгін Батекеңнің юбилейлік тойы. Соған барамыз.

Б а л ш е к е р. Өзің бар. Батекеңді пенсияға шығарып, орнына Қанатты қояды екенсің ғой, тапқан екенсің, оңай майшелпекті.

Қ а с ы м. Жарайды, бар, үйге, киініп кел. Есінде болсын ата-аналардың арасында ши шығарушы болма!

Б а л ш е к е р. Ши шығарғанды көресің әлі. Сен Қанатжанның әкесі болсаң, мен анасы. Бір жыл бойы Алматы мен Мәскеудің арасын шаңдатып мен жүрейін. Сен болсаң... *(Осы арада Қасым қабырғада ілулі репродукторды бұраған. Би әуені шалқи жөнеледі. Балшекер екі қолын сермеп, әлденелерді жұлынып сөйлеп жатыр, сөйлеп жатыр. Музыка әуені күшейе түседі).*

5-КӨРІНІС

4-көріністегі көңілді музыка жалғасы. Жұпыны жиналған үй. Шопанның үйі. Іште 10-класс оқушылары: Қанат, Лида, Тәнзила, Ғазиза, Андрей, Досқан, Қарас (Ұзынтұра), Руслан, Қайсыбірі музыка әуеніне қосылып билеп жүрген, музыка күрт үзіледі де, ауа толқынында жоғары оқу орнына қабылдау ережелерінің құлақтандыруы оқылады.

Қанат. Қол приемнигінен басқа ауа толқынын іздестіре бастайды.

Ұ з ы н т ұ р а. Қанат, тұра тұршы, не переключай Прошу Қанат, Қана!

Қ а н а т *(күліп)*. Қайтейін деп едің, бәрібір оқуға бармайсың.

Л и д а. Мен саған түгелдей жатқа айтып берейін Физика-математика факультетіне түсушілер математикадан жазбаша, орыс әдебиетінен ауызша, жазбаша...

Ғ а з и з а. Физикадан ауызша.

Қ а н а т. Түсем деушілерге есік ашық.

Досқан. 40 сом стипендия, сырттан келгендерге — жатақхана.

Ғазиза. Құлап қалғандарға қайтар жолына поездың билеті.

Андрей. Алыстан келгендерге самолетке билет...

Ұзынтұра. Әй, сендер, оқуды мүлдем қылжаққа айналдырдыңдар ғой.

Қанат. Немене, оқуға бармайтыныңа қынжылып отырмысың.

Руслан. Шынында да осының қабағында бір кірбің бар.

Ұзынтұра. Балалар, кейістік-мейістікті қайтесіңдер. Осы, шындап бір ақылдасайықшы.

Қанат. Ол қандай ақыл?

Ұзынтұра. Біз осында неге келдік?

Досқан *(күліп)*. Неге келгені қалай? Сен әлі түсінбей отырмысың? Батпақ каникулінде батпаққа біраз аунап-қунап кетейік деп келдік.

Ұзынтұра. Досқан, мен шын айтып отырмын. Осы көк салпақта салпақтап неге келдік?

Лида. Қойлардың амандық-саулығын білуге келдік.

Ұзынтұра. Саған қалжың не керек? Тіпті қыз балаға жараспайды... Ал, келдік... Сонда не бітірдік?

Тәнзила. Пәлендей қиратқанымыз жоқ!

Ұзынтұра. Ендеше, біздің осы араға керегіміз бар ма? Осы каникулдағы жүрістен не тындырдық?

Руслан. Не тындыру керек еді. Аз күн болса да қолқабысымызды тигіздік.

Досқан. Көмектестік.

Ұзынтұра. Көмектестік! Біз көмектеспесек қойлар бағусыз қалатын ба еді...

Ғазиза. Ол да мүмкін...

Қанат. Сен осы шын айтып отырмысың?

Ұзынтұра. Иә, шын... Шын айтып отырмын. Қойға барамыз, қойға барамыз деп атойлап жар салдық. Өзімізше, үлкен істі бастамақ болдық...

Досқан. Сен өзің шын айтам деп шындап барасың ғой.

Андрей. Немене, бұл сеніңше, үлкен іс емес пе?

Ұзынтұра. Мен осыдан үлкен іс көріп тұрғаным жоқ...

— Қалайша?
— Не дейді?..

Ұзынтұра. Менімше, біздің бастамамыз баланың ойыншығы сияқты.

Андрей. Міне, қызық!

Лида. Сонда бір қуыршақ болғанымыз ба?

Андрей. Өзің не айтып тұрсың?!

Қанат. Қыздар, балалар, шуламаңдар. Кезекпен сөйлейік.

Ғазиза. Мейілдерің, жиналыс па, жиын ба, менің өз ойымды айтуға қақым бар шығар.

Досқан. Бұрын айтсаң, қайда қалдың?

Ұзынтұра. Бұрын, қой бағудың не екенін түсінбедік, енді көзіміз жетті...

Лида. Неге жетті көзің?

Қанат. Балалар, шуламаңдар... Жолдастар, оныншы класс оқушыларының кезексіз комсомол жиналысы ашық деп жариялаймын... Күн тәртібінде бір мәселе — «комсомол Қарас Балташевтың күдікті ойын талқылау».

Андрей. Жо-оқ!.. «Балташевтың комсомолдардың үндеуіне қарсы шабуылын талқылау».

Ғазиза. Олай емес, «комсомолдық уәдесінен тайып, екі жүзділік жасаған Балташевтың оғаш қылығын әшкерелеу!»

Ұзынтұра. Екі жүзіділік дегенің ауырлау болар, Ғазиза!

Руслан. Менің ұсынысым бар.

Қанат. Иә, Руслан?

Руслан. Менімше, мәселені бұлайша тікесінен қоюға болмайды.

Лида. Мәймөңкенің қажеті жоқ!

Қанат. Бұл жиналыс. Кезекпен сөйлейік, Лида.

Руслан. Қарас екі жүзді де емес, қарсы шабуылдап та отырған жоқ. Менімше, комсорг жолдастың қойған күн тәртібі дұрыс. Қаникул кезінде қой фермасында өткізген аз уақытта қандай әсер алдық, болашақта жұмысты неден бастамақпыз. Ойларымызды ортаға салайық. Күдікті ой деген сөз де келіңкіремейді.. Сәл енді түзету... былайша корректура...

Досқан. Ой, мынауың ұзақ сонар ғой. Мұндай күн тәртібі болмайды.

Қанат. Ал, сеніңше, қалай, Досқан.

Досқан. Әлгі өзің айтқан күн тәртібі дұрыс.

Қанат. Қол көтерейік... Көпшілік дауыспен «Күн тәртібі» қабылданды... Бірінші сөз Балташевқа беріледі. Қысқаша ойыңды айт.

Ұзынтұра. Жарайды, егер айт десеңдер, айтайын. Жолдастар, комсомолдар! Мені дұрыс түсініңдер: мен ешқандай қиыншылықтан қашпаймын.

(Сырттан Күләш кіреді де, «балалар!» деп сөйлеп келе жатып, тоқтай қалады.)

Қанат. Күләш, ғапу ет! Мұнда жиналыс жүріп жатыр еді. Иә, Қарас, сөйлей бер!

Ұзынтұра. Мен... қиыншылықтан қорқып тұрғам жоқ. Мұнда үлкен қиыншылық та жоқ. Бірақ менің айтарым — біздің, осы бәріміздің бригада ұйымдастыратындай қажетіміз бар ма? Бәріміз жиналып келгенде, не істемекпіз? Айналдырған бес-алты отар қойды осындағы үш-төрт қойшы да баға алады. Отыз жылдан бері Бәкең де бағып келген, солай емес пе?

Күләш. Менің әкемнің отыз жыл қой баққанын бәрі біледі...

Қанат. Күләш, сөз кезегін саған да береміз, жиналыс тәртібін сақтайық. Жолдастар, содан соң, күн батпай жүріп кетуіміз керек, регламент сақтайық: бес минут.

Күләш. Иә, балалар күн райы бұзылайын деп тұр. Бұл айды әкем үт деуші еді. Үт айында алдамшы борандар ойламаған жерден соғып жүре береді.

Қанат. Иә, Балташев?..

Ұзынтұра. Мен енді, не айтайын... Менің айтатыным сол — біз осы бүкіл облысқа, қала берді бүкіл республикаға тым ерте жар салып қойған жоқпыз ба? Мұнда, көріп отырсыңдар, бізге деген түк жағдай да, мүмкіншілік те жоқ. Айдалада қаңқиған жалғыз үйге қалай сыйысып жатырмыз. Және...

Лида. Е, тоғыз күн қалай сыйысып жаттық.

Қанат. Тыныштал... Лида!

Ұзынтұра. Тоғыз күн... Енді тоғыз күн жатып көр, мамана қалай жүгірер екенсің. Басқасын былай қойғанда, монша да көзімізден бір-бір ұшты. Қысқасы, кімнің мақалы еді, «Қоразы көп үйдің таңы кеш атады» деп, біздің жар салып, шақыруымыздың өзі қалай болды. Ұятқа қалмаймыз ба?

Руслан. Кішкентай ғана корректура. «Қоразсыз да таңымыз атқан» деген де мақал бар. Біз, біріншіден, қораз емеспіз, комсомол жастармыз, екіншіден, халық мақалын орнына қолдана білуіміз керек...

Ұзынтұра. Жарайды, ділмаршымашы, болашақ

журналист. Тап басқамыз қой бақсақ та, сенің қолыннан келетін шаруа емес, гном!

Руслан. Кереолинге тоғытпасақ, сені жалдататын мұнда өзен де жоқ, сырғауыл. Түйе де бойына сеніп жылдан құр қалған.

Қанат. Балалар, артық сөздің не керегі бар. Балташев, болдың ба?

Досқан. Регламент!

Ұзынтұра. Мен болдым!

Қанат. Енді кім сөйлейді.

(Тәнзиладан басқа оқушылар түгел қол көтереді.)

Қанат. Тәнзила, сенің сөйлегің келмей ме?

Тәнзила. С... сөйле десеңдер... енді... сөйлейін.

Қанат. Ал, қысқаша! Және тоқ етерін!

Тәнзила. Ну, енді, конкретно, былай. Жолдастар, мені... енді дұрыс түсініңдерші...

Қанат. Бөгелме, айта бер.

Тәнзила. Мен, как говорится, сендермен, точнее, достарыммен бірге болуды үлкен бақыт деп санаймын. Ну, әйтсе де, былай реально ойласақ... Мен өзі кейінгі кезде көп ойлап жүрмін... Кеше ұйықтай алмай шықтым... Ну, жолдастар, правильно поймите меня...

Андрей. Айтсаңшы енді... қалай еді, әлгі... ешкінің ащы шегінше созбай.

Қанат. Андрей!

Андрей. Қайдан білейін, шегім шұрқырап кетті.

Тәнзила. Ну, енді, конкретно былай! Мен ғой, әйел боламын. Ұлдардың жөні бір бөлек. Жасым да көбіннен бір-екі жас үлкен.

Андрей. Әрине, бір класта екі жыл отырсаң.

Тәнзила. Ну, оны мен жасырмаймын. Екі жыл қатарымен ауырдым...

Андрей. О, ғапу, ғапу!

Тәнзила. Сонымен, егер қойда екі-үш жыл, қашан, басқа жастар келгенше жұмыс етсем, одан соң медицинский институтқа барып, алты-жеті жыл оқысам. Сонда... сонда тым қартайып кетпеймін бе?

Досқан. Сұлу қыз еш уақытта қартаймайды.

Руслан. Міне, осы арада халық мақалын айтуға болады: «Сырлы қасықтың сыры кетсе де, міні кетпейді».

Қарас. Сенің аузыңа неге жаңа мақал түспейді *(кекесін)* «Еңбек адамды жасартады».

Тәнзила. А, ладно, сендер келемеж еткілерің келеді. Мен болдым.

Қанат. Қане, жолдастар, мәселе расында шындап барады, қалжыңды қояйық!

Күләш. Қанат, күнгей бетке жайған отарымды қораға қайырмасам, кім біледі... бір ауыз сөйлеуіме бола ма? Сосын кетейін.

Қанат. Жарайды, сөйле, Күләш!

Күләш. Мен сөйлесем, жаңағы Ұзынтұра Қарастың сөзіне жауап бергім келеді. Ол үшін түнеукүнгі әкем айтқан сөзді бәрің естеріңе түсіріндерші *(бәрі үнсіз. Төмен қарап отыр. Орталарына, қолында таяқ, Баттал келіп тұр).*

Баттал *(пистолет жарығында жалғыз).* Шырақтарым, сендердің бұл істерің балалық емес, азаматтық. Мүмкін, кейбіреуің біздің осында не керегіміз бар дейтін шығарсыңдар. Жо-о-оқ... Сендер он қолынан өнері тамған жассыңдар. Ендігі жерде қойға мен емес, сендер керексіңдер. Сендер қойшылықтың да оқуын оқыған екенсіңдер. Бір мысал: Әнеукүні артизиан құдығынан су тартатын мотор сынып қалды ма? Досқан, сен, қолмақол жөндеп бердің бе? Қыста қойға қар беріп амалдармыз, ал жаздың ыстығында? Совхоз орталығынан михайник келгенше, талай рет қойлар аузын ашып, қаталаған күндер болған... Биыл шөп тапшы. Екі рет барып, Андрей сен қасемсотпен шөп тартып әкелдің бе?.. Бәрің жабылып жүріп, орталықтан движок әкеліп, қой төлдейтін қораға свет тартып бердіңдер ме. Ертең сына қалса, оны мен жөндеймін бе? Айта берсем, толып жатыр. «Жас келсе іске» деген атам қазақтың сөзі, міне, іске асты. Сендер, істің ғана емес, бар жаңалықтың да тетігін білетін нағыз жұмыскер, қойдың да бар бабын меңгеріп алған білімді шопансыңдар. Өз білетінімді мен де үйретермін. Қойда бір ауыз емес, бес ауыз бар деп ем ғой. Ондай құйтырқылар көп. Қадамдардың құтты болсын! Оқу бітірісімен келіңдер. Көп боп келсендер, үй де, монша да, ән де, би де болады. Шаруаға жарамай қалған күнде моншашыларың болармын! *(Жарық сахнаға түгелдей түскенде Баттал жоқ. Күләш кетеді. Балалар бастарын көтеріседі).*

Андрей. Баллар, қыздар, ендігі сөздің қажеті жоқ сиякты.

Досқан. Иә, сөйлей берсең сөз қоздай береді.

Руслан. Бізді зорлаған ешкім жоқ қой!

Л и д а. Ал, он жыл бірге жолдас болған достарынан ажырасамын деген адамға ерік.

Қ а н а т. Дұрыс, жолдастар! Қарастың сөзі де дұрыс. Қазір айтып алғаны оңды болды. Кейін іріткі салғанша!..

Ғ а з и з а. Жоқ, менімше, Қарастың сөзін аяқсыз қалдыруға болмайды. Мектепке барған соң жалпы жиналысқа салып, мәселесін айырықша қарау керек.

Қ а н а т. Жолдастар, комсомолдар! Қиындықтан қашқан адамды жиналысқа салып түзеу — зорлық болар еді. Еркі білсін. Ал, біз айтқанымызда тұрамыз. Алдымыздан дайындап қойған жылы үй де, мамаларымыздың жылы алақаны да жоқ. Оны біледі. Бізді ешкім аямай-ақ қойсын. Аяушылық мысықтың жаңа көзін ашқан баласына ғана лайық. Өз жағдайымызды өзіміз жасаймыз. Талап ағай айтқандай, біз, осы кезде елімізге қажетті үлкен азаматтық етеміз дедік. Айтқан сөз айтқан!

(Сырттан жүгіре басып Күләш келеді.)

Қ ү л ә ш. Балалар, боран көтеріліп кетті. Апырмай ауданға жете алсаңдар жақсы болар еді. Менсіз-ақ тамақ ішіп, аттана беріңдер. Сөзбен отырамын деп қарашы. Сау болыңдар, мен кеттім. Тауға қарай ықтап барады қойлар, қап, әттеген-ай! *(кетеді)*.

Қ а н а т. Балалар, біз де кеттік. Көмекетсейік Күләшқа.

Л и д а. Иә, сосын да кетерміз үйге.

(Бәрі алас-күлес киініп шыға береді. Қарас та салғырт киіне бастаған).

Қ а н а т. Сен шықпай-ақ қой, өзіміз де жетеміз.

Ұ з ы н т ұ р а *(бір жеңін киген. Бәрі кетеді)*. Мейілдерің, өзім де құштар едім... Көрермін қойшы болып жарытқандарыңды!..

6-КӨРІНІС

Қойшы Батталдың 60-қа толуына байланысты юбилейлік шағын той. Тойды өткізушілер — соғыс жылдары Батталдың бригадасында жұмыс істеуші балалар — бүгінде есейген адамдар, 10-класс оқушыларының ата-аналары. Әр жерге қойылған шағын дөңгелек столдар. Оларды жағалай топ-топқа бөлініп отырғандар — Баттал, Гүлсім Махмұтова, Қасым, Балшекер, Аплаш (прокурор), Балташ (склад меңгерушісі), Иван Сергее-

вич (милиция қызметкері), Василий Оттович (механизатор), Кәрібай Асарович, Бақытжанов. Тойдың қызып жатқан тұсы.

Қ а с ы м. Жолдастар, жаңа бәріміздің бұрынғы ұстазымыз — Гүлсім Махмутовнаның, Кәрібай Асаровичтің сөздеріне қосыла отырып, менің айтпағым мынау: жолдастар, бүгінгі той — ауданымыздың ардақты еңбеккері, Жоғарғы Советтің депутаты, Ленин орденді шопанымыз, жүз қойдан жүз елу қозы алып жүрген еліміздің мақтанышы, қадірлі Баттал Шарықбаевтың 60 жасқа толу юбилейінің басы ғана. Кейін бұл той бүкіл аудан көлемінде үлкен салтанатпен өтпек.

Д а у ы с т а р. Өте дұрыс.

— Сөз жоқ!

— Баттал Шарыкбаевичтің тойын триумфпен өткізу керек.

— Бүкіл республика көлемінде!

Қ а с ы м. Тойдың басы дейтінім, бұл жиналып отырғандар, соғыс жылдарындағы ауыр кезеңдерде осы мектепте оқып жүріп, жаз бойы Баттал Шарықбаевичтің бригадасында, колхоз даласында қаршадайынан еңбек еткен балалар, сондықтан біздің тарапымыздан өтіп жатқан шағын той.

Д а у ы с т а р. Семейный той!

— Банкет

— Өте символично! Үлкен тойдың басы.

Қ а с ы м. Тише, тише, жолдастар! Сондықтан, мен, жолдастар, мына тосты, құрбы-құрдастарым, сендердің аттарыннан, құрметті Баттал Шарықбаевичтің, қылшылдаған жас күнінде майданда қару ұстап, ел қорғаған жауынгерлеріміздің, тылда күрек ұстап, біздің еңбекке баулыған бригадиріміздің, соңғы біраз жылда қолына таяқ ұстап қой баққан шопанымыздың ден саулығы үшін көтеремін.

Дауыстар: Ура-а!

— Браво!

(Көтерілген тостар. Қысқа ғана музыкалық туш.)

Қ а с ы м. Сөз аудандық прокурор Аплаш Асановқа беріледі.

А п л а ш. Жолдастар! Қасекең өте жақсы айтты. «Адамды адам еткен еңбек» дейді Энгельс.

Д а у ы с т а р: Маркс.

Д а у ы с. Энгельс.

Б а л т а ш. Аталы сөз болған соң, бәрібір емес пе,

жолдастар! Маркс айтты не, Энгельс айтты не «Туғанда дүние есігін ашады еңбек, еңбекпен жер қойнына кіреді денең» деп Абай да айтқан.

Кәрібай. Еңбекпен емес, өлеңмен деген, Бәке.

Балташ. Сені солай оқытқан шығар, бізді осылай оқытқан. Абай еңбекті — өлең, өлеңді — еңбек деген.

Қасым. Тише, жолдастар!

Аплаш. Сол айтпақшы, Батекенді, Горький айтқан үлкен әріпті Адам еткен, республика көлемінде атышулы ардақты халық қалаулысы депутат еткен — Еңбек! Советтік Конституцияда алтын әріппен жазылған: біздің елде еңбек етуге әркімнің қақысы бар. Бәтекең болса, жай ғана қатардағы еңбеккер емес, еңбектің небір үлгісін көрсеткен, кейінгі жас жеткіншектерге, соғыс жылдары бізге, бүгінгі күнгі барша ұрпаққа өнеге көрсетуші ақсақалымыз.

Балташ. Ай, тілдің майын тамызасың-ау. Тамаша!

Аплаш. Социализмнің ұлы принципі: «Еңбек еткен ішіп-жейді!» Ендеше, жолдастар, ұлы еңбектің иесі — ұлы адамның тойында ішіп-жейік! Еңбек үшін! Еңбек адамы үшін!

Дауыстар. Тамаша, тамаша!

Қалай қисынын келтіреді!

Керемет сөз!

— Темірдей заңның, болаттай сөзі үшін!

(Көтерілген тостар, музыкалық туш.)

Қасым. Келесі сөз милиция тергеушісі Иван Сергеевич Новиковке беріледі.

Иван Сергеевич. Жолдастар, алдымен ғапу өтінемін. Жаңа командировкадан оралып едім. Баттал Шарықбаевичтің тойына, Формамды ауыстырып келуге де үлгермедім.

Дауыстар.— Ештеңе етпейді!

— Қызмет бабы...

— Милиция қызметінің спецификасы...

Иван Сергеевич. Менің ойыма осы той үстінде біздің еліміздегі заңды бір құбылыс оралып тұр. Ұлан байтақ Отанымызда не бір алып құрылыстар салынып, талай ГЭС-терден бүкіл қала, ауылдарға қуатты электр күші таралып, шамдар жағылды. Темір жолдар тораптары бар даланы белдеулеп тастады. Үлкендікішілі Магниткалардан болаттар ағылды, тың даласынан халық қазынасы алтын астықтар құйылды қамба-

ларға. Осының бәрін жасаған адам қолы. Бүгінде партиямыз тағы да бастап отыр ұлы іске. Қазақстан даласында қой шаруашылығын өркендетіп, қойдың басын елу миллионға жеткізуге шақырып отыр. Бұл да ертең жүзеге асады. Баттал Шарықбаевичтай еңбек адамдары тұрғанда бұл да іске асатын ұлы идея! Жолдастар, көп сөйлеп кеттім бе...

Қ а с ы м. Жоқ, жоқ, өте орынды.

Д а у ы с т а р.— Дұрыс, дұрыс!

— Әдемі тос!

И в а н С е р г е е в и ч. Халқымыз бен партиямыздың шақыруына іспен жауап беретін, дер кезінде үн қосып, аянбай күш жұмсайтын Баттал Шарықбаевич бастаған шопандардың, яғни екінші тыңның ардагерлерінің ден саулығы үшін!

Д а у ы с т а р. Міне, тос!

— Идейный тос!

— Тамаша!

(Көтерілген тостар, музыкалық туш.)

Б а л т а ш. Осы маған да сөз кезегі тиген шығар, бастықтар, сөйлеп болды.

Қ а с ы м. Тосты тым жиілетіп жіберген жоқпыз ба?

Г ү л с і м. Ара-тұра ән салып қойсақ та болар еді.

Б а т т а л. Иә, ән деген жақсы ғой!

Б а л т а ш. Ештеме етпейді, көп ішкен жоқпыз. Жаңа прокурордың өзі лұқсат берді: бүгін, ай да, ішіп-жейміз. Күнде мұндай той бола бермес.

И в а н С е р г е е в и ч. Иә, ішпейтіндерге зорлық жоқ қой.

Б а л т а ш. Мен құрғақ тос көтермеймін. Немене, бастықтардың тосын көтересіндер, маған келгенде... Жарайды, мен сөйлеп болғанша мастықтарың да тарқап болар.

Ф р а н с О т т о в и ч. Самокритика.

Қ а с ы м. Жарайды, сөз райпотребсоюздың зав, склады Балташ Бактияровқа беріледі.

Б а л т а ш. Жолдастар, жаңағы айтқан адамдардың сөздеріне мен де қосыламын. Қасекең де, Аплаш та, Иван Сергеевич те не деген шешендер еді. Аплаш егер пркорол болмағанда, судай ақын боп кететін адам ғой. Әттең қолы тимей жүр. Сөзді түйдек-түйдегімен тастағанда, ай да, тура сот залында, немесе телевизиядан оқып тұрғандай байпаңдатады.

Қ а с ы м. Балташ, юбиляр біз емеспіз...

Б а л т а ш. Ғапу етіңіз, Батекеңе де жеттім... Бір кезде, жасыратыны жоқ, Батекең бәрімізді де бір қамшымен айдап, ай да, жұмысқа салушы еді-ау күні-түні. Бір бидай шашылып қалса ұрсып, тіпті табаға қуырып та жегізбей, қазіргі бір дән — жауға атылар бір оқ — деп ай да, екі аяғымызды бір етікке тығушы еді-ау! Сол еңбегі, сол тәрбиесі зая кетті ме, жолдастар. Батекеңнің өз сөзімен айтқанда — соғыс жылдарындағы қамал бұзар жауынгерлері — қазір мына отырған біздер. Міне, Қасекең — білдей Атқару комитетінің председателі, Аплаш Байтұрғанов — білдей ау, пркорол, ай да, елді басқарып отырған дәулер...

Қ а с ы м. Балташ, Балташ...

Б а л т а ш. Жарайды, сөздің тоқ етері — бәрімізді де көзімізді ашар-ашпастан еңбекке баулыған, Отанымызға игілікті жұмыс атқаруға үйреткен — осы Батекең.

Ф р а н с. О т т о в и ч. Е, міне, дұрыс!

Б а л т а ш. Жаман-жақсы болсын, бәрімізге ең алғаш майданнан келе, орыс тілін де үйреткен осы Батекең. Қуатит, пәрәткемен сөйлеңдер деп... ай, да...

Қ а с ы м. Иә, кейін Шалбарбек деп күлейік-күлмейік, әйтеуір алғаш орысша өлең айтқызып, тілімізді орысша орауға келтірген Баттал Шарықбаевич!

А п л а ш. Жолдастар, шынында да, сол бір балалық шағымызды еске түсіру үшін, осы той үстінде Батекең үйреткен «Восемнадцатый годты» айтайықшы.

Г ү л с і м. Міне, дұрыс.

Б а л т а ш. Бірақ сөзін бұзбай, сол кездегі үйренгенімізше айтайық.

А п л а ш. Қанша түзеймін десең де, жатталып қалған нәрсе тілге жеңіл оралады.

Б а л т а ш. Батеке, қане баяғыдай команда беріңіз.

Б а т т а л. Оу, мен команда бермегелі қанша уақыт.

Б а л т а ш. Жо-оқ, болмайды!

Б а т т а л. Ал ендеше: Стайт! Смирна! Слушай мой команда!

(Қасым, Аплаш, Балташтар сымдай тартыла қалады).

Б а л т а ш. Балшекер, неге тұрмайсың!

Б а л ш е к е р *(көңілсіз)*. Мені бұзып айтасың деп қоспаушы едіңдер ғой.

Б а л т а ш. Айта бер, сол бұзылып айтылғаны қызық, Шырылдауық!

Б а т т а л. А ну, запивай!

Қосылып салған ән:

По военнай дороги Шалбарбек,
Етребоги баявой восемнадцатай год.
Был сгор инадолги, от Кубас
Инадолги никакей понимас, нам пахот...»

(Қошаметпен соғылған қолдар, көңілді күлкілер).

Гүлсім. Қалай ұмытпағансыңдар, кешегі бала күндеріңіз тура көз алдыма айна-қатесіз елестеді-ау.

Баттал. Иә, айтпа деймін.

Балташ. Ал, жолдастар! Қанша ішпейік дегенмен, осы арада бір тостың реті келіп тұр. Сіздер Батекеңнің ден саулығы, ел алдындағы абыройы, атағы, ым... т. т. б. туралы көтердіңдер. Сол т. т. ыларға қосыла отырып, мен Батекеңнің әлі де тұғырдан түспеуі үшін, үкіметіміз бен партиямыздың қой санын 50 миллионға жеткізу туралы шақыру ұранына тағы да үлес қосып, 60-қа дейін баққан ақтылы қойын алдында өргізіп, жүзге дейін баға беруі үшін бір ауыздан алауларыңызды бір кісідей сұраймын. Енді Батекеңді құшырланып тұрып бір сүюіме лұқсат етіңіздер, қазір еркекті еркек ауыздан сүю деген заң шығыпты ғой.

Аплаш. Ол қашан шыққан заң?

Балташ. Мұндай екі адамның арасындағы интимнай қатынастар кодексте жазыла бермейді, пркорол жолдас.

(Балташ Батекеңе келіп рюмкасын соғыстырады, құшырлана сүйеді).

Баттал. Балташ, тұра тұр, сеніц осы сөзіңе мен де бір ауыз сөз қосайыншы, көмейіне тіреліп отырған сөз еді, дәл үстінен түстің-ау.

Василий Оттович. Бұл тост па?

Қәрібай. Сізге әлі тост беріледі, юбиляр кейін сөйлейді.

Баттал. Жо-оқ, ауызға келген сөзді жұта алмаймын. Тостың алды не, арты не!

Қасым. Сөйлесін, сөйлесін Батекең.

Гүлсім. Иә, көп болмайды, кейін тағы да сөйлер!

Баттал. Балташ жүз жылға дейін қой бақ деді. Тауып айтты. Мен өзім де тұғырдан түспеймін. Денім сау болса әлі де, жастарға өз білетінімді үйретіп, көмектесіп, кемі бес-алты жыл кетпеймін. Пенсионерлікте жүріп те жұмыс істеуге болатын көрінеді ғой.

Аплаш. Әрине, 300 сом еңбекақының төңірегінде.

Б а л т а ш. Оу, Бәтеке, жүз жылға келісіп тұрып, 5—6 жылыңыз не?

Б а т т а л. Пастой, ол жүз жылдың реті бар. Расын айтқанда, мен биыл сабындай бұзылып, 60-қа келісімен пенсияға шығып, қойдан бір жола кетем бе деп жүруші ем.

Б а л ш е к е р. Енді айнып қалғаныңыз не?

Б а т т а л. Ашулы едім, ызалы едім. Осы-ы... зоотехник агрономның оқуын былай қойғанда, шопрлық оқу, трактор оқуы бар, тағы толып жатқан оқулар бар. Ал, қойшы оқуы неге жоқ, ертең жылма-жыл көбейген мыңғырған қойды кімге тастап кетемін, деп қынжылушы едім. Қателескен екенмін. Бүгінгі саналы жастар бар екен. *(Ішкі қалтасына қол салады.)* Мен сіздерге бір қағаз оқып берейінші: *(бір қағазды ежелей бастайды. Ата-аналар бір-біріне қарасып, таңырқап отыр.)* «з-о-те-тех-нек б-бала № 5 январьда б-бір қ-қой ал-ды. А-а-уыл ш-шар-уа-ш-шы-лық б-б. бас-қар-м-мас-н-ның б-бас т-тығы, бала-с-сы-ның, ты-той-ын-ына е-екі қ-қой, б-бір». Ойбой бұл емес. *(Қалтасына қайтадан қол салады.)* Бұл — жұрт сұрап алған қойлардың есебі екен ғой. *(Өз-өзіне.)* Ә-әй, қайтарар деймісің. Біздікі әйтеуір жазып қою ғой. Ә. Ә. Міне, таптым *(тағы бір қағазды алып оқиды)*. «С-слуш-к-ке-ден ө-өт-к-кен» с-сау-лылық-тар-дың т-ті-зі-мі...» Ой-бой бұл болмай шықты... Қойларды ұрықтандырғанда жазып қоймасақ... Ә-ә, ілікті-ау қолыма. *(Тағы бір қағазды алып оқиды.)* «Y-у-кі-ме-ті-міз б-бен партия-мыз-мыздың қой ба-бас-сы-сын 50 мил-ли-лион-ға жет-жеткі-зу-зу ту-ра-туралы ша-қы-ру-руына бі-біз-дің ау-ау-дан ком-ком-сом-ол-дары-ның үн-үн қо-су-суы қуа-нар-рық іс, ул-ул-кен куқуа-ныш! Бұл бүкіл жас-тар-тар-ға үлгі-ө-өне-өнеге бол-болмақ. Ал-алда-ғы пя-пяти-тилет-тке»-кені ой-ойда-ғы-дай өт-өтк-зу-де...» *(қағаздан басын алып)* өзі жалғыз жарымжан көз бұлдырайтын болыпты. Оқымайақ қояйын, түсінікті шығар, хуатит, ә?

Б а л т а ш. Оу, Батеке, ауызша айтыңызшы, онша түсіне алмай қалдық.

Б а л ш е к е р *(кекесін)*. Қазір түсінесіздер.

Қ а с ы м. Балшекер!

Б а т т а л. Осы бір ғажабы, жазып берген сөзге өзім де түсіне алмаймын. Өз ойыңа өз иелігің болғанға не жетсін... Бір кезде азаматтардың жоқ кезінде, үлкендердей еңбек еткен мына сендердің балаларың мектебін

бітіре салысымен қойға барса, бұдан артық мен үшін бақыт бар ма, айтыңдаршы. Мен мына стаканды пенсияға шығар қарттығым үшін емес, балаларымменбірге тағы да еңбек етіп, қайта жасаратыным үшін аламын! *(Бәрі аң-таң. Музыкалық пауза. Жұрт орындарынан көтеріліп, әр жерде көңілсіз ойда отыр).*

Қасым. Жолдастар, жақында облыстық газеттс осы мектептің оныншы класс оқушыларының үндеуі шықпақ. Бәрі де, оқу бітірісімен қойға бармақ.

Балташ. *(Көзі бақырайып.)* Мәссаға-ан безгелдек, қашан айттым тез кел деп!

Баттал. Оу, өздерің мына хабарды жаңа естіген-нен саумысыңдар?

Гүлсім. Мектеп қабырғасындағы балаларының тағдырына ата-аналардың бұл да бір жиі араласуының салдары!

Балшекер *(ызалы)*. Адамның, тіпті... Жылайын ба, күлейін бе? Қашаннан бері мектеп қойшылар даярлайтын болған?!

Қасым. Балшекер!

Балшекер. Мен оның анасымын, анасымын!.. Әрине, мұғалім үгіттесе, балалар көне береді.

Балташ. Сонда өзі қалай? Оқу бітірген балаларды жұмысқа орналастыру, жегу мәселесін де мектеп билейтін болған-ау, тегі.

Гүлсім. Мектеп оқушылары оқу бітірген соң, қайда барамын десе де еріктері. Қәмелетке толған балалар жұптарын жазбай, бәрі білек қосып жұмыс істейміз деп, онымен қоймай бүкіл республикаға жар салып, жаңалыққа шақырса, ол бізге әрі мақтаныш, әрі қуаныш!..

Балташ. Мұғалима, ертеде менің бір жолдасым, «біздің ауданнан екі жазушы, 20 доктыр науык, алпыс кәнделет, отыз враш, он екі секретарь, 25 инженер, 13 бұғалтыр шықты» деп мақтанып еді. Ал енді «біздің аулымыздан қырық қойшы, жүз бақташы шықты деп мақтанғанды әлі көргенім жоқ.

Балшекер. Ә-әй, класс жетекшісі, Қәрібай, сен неге тымырайып отырсың. Балаларымызды үгіттеп жүрген сен бе? Баулыған екеңсің жақсы өнерге...

Қәбірай. Мен, енді... *(Гүлсімге қарап)* осылай болларын білгемін. Оқушылардың тілегі *(қасымға қарап)*, былайша айтқанда, орынды. Бірақ шынымды айтсам, әрқайсысы әке-шешесінің баурында өскен ерке балалар.

Солар алдына бір отар қойды салып, бағады дегенге өз басым-ым-ым...

Б а л т а ш. Міне, жөн сөз, ой, сабазым-ай!

Т а л а п. Сіз өз балаңызға сенбейсіз бе, әлде бәріне де ме?

Қ ә р і б а й. Қой бағу — еріккеннің ермегі емес. Мен, Гүлсім Ахметовна, қой шаруашылығынан түк хабары жоқ оқушылардың ертеңгі тағдырына, класс жетекшісі бола тұрып, жауап бергім келмейді. Ал, жас мұғалім *(Талапқа қарап)*, сіз қалада өскен жігітсіз, қой бағу — футбол ойнау емес. Және де қатты айтамын, қала балалары алған жоғары білімді, дала балалары да алуға қақысы бар.

Б а л т а ш. Міне, жөн сөз. Әрине, біздің балалар әлі де оқиды.

Т а л а п. Қәрібай Асарович, сіз қала, дала деп олай бөлмеңіз. Аудан орталығы да қала!

Б а л ш е к е р. Е-е, мына бала екен ғой, бәрін алатайдай бүлдіріп жүрген. Бәсе, бәсе, қыс ішінде мұндай леп қайдан шықты десем... Балалардың кім болатынын өзіміз... өзіміз шешетін шығармыз...

Т а л а п. Балшекер апай, Қанаттың мектеп бітірген соң кім болатынын бұрыннан білетін бе едіңіз?

Б а л ш е к е р. Әуелі бітірсін, сосын қай оқуға түседі, соған байланысты.

Б а л т а ш. Иә, қай оқуға түсуіне байланысты.

Т а л а п. Онда, қай оқуға түскісі келетінін білдіңіз бе?

Б а л ш е к е р. Шырағым, қазір баланың қай оқуға түсетінін ешкім де білмейді. Өзі де білмейді.

Б а л т а ш. Бағына қарай да. Оқуға түсу деген қазіргі кезде картаның ойыны сияқты. Қолың жүрсе — ұтасың, жүрмесе — ұтыласың.

Б а л ш е к е р. Ұта ма, ұтыла ма, әйтеуір біздің Қанат қойшылар дайындайтын институтқа түспейтіні анық.

Б а л т а ш. Мына Аплаштардың кезінде ғой, оқу дегенге шақырып, үгіттеп жүретін. Осы Аплаш мектепті жаман-ақ бітірді, не керек, білдей пркорол.

А п л а ш. Тап сенен жаман оқығам жоқ, Кеңірдек!

Т а л а п. Сіз, Аплаш ағай, қай оқу орнына жібермекшісіз балаларыңызды?

А п л а ш. Қай оқу орнына болса да, әйтеуір бір мамандық алып шықса...

Балташ. Иә, қолына бір қатырма қағаз алса, тесік түйме жерде қалмас...

Талап. Василий Оттович, сіздің ойыңыз не? Андрейден сұрадыңыз ба?

Василий Оттович. Кішкентай кезінде солдат боламын дейтін. Балалардың әдеті емес пе мылтыққа әуес болатын.

Балташ. Біздің бала да жамбасына ағаш наган байлап, Шиаяқ болам дейтін.

Балшекер. Шиаяғы кім?

Балташ. Әлгі, баяғы қисық аяқ милиционер-ші! Бертін оны қойды.

Василий Оттович. Біздің бала да бертін ихтиолог боламын деп екі жәшік аквариуммен күні-түні әуре. Кейін оны да тастап, космонавт боламын дегенді шығарды. Былтырдан бері оны да қойды.

Балташ. Сонысы дұрыс. Сол космонавтарыңның қызығы кетіп барады. Қазір кейінгілерінің аттарын да білмеймін.

Василий Оттович. Біздің бүкіл Ұрпағымыз — менің әкем, әкемнің әкесі, оның әкесі — бәрі диқан. Былтыр жаз бойы балам өзіме қолқанат болып, үлкендермен бірдей еңбек етті. Енді оқу бітірген соң, менің тракторыма біржола отыратын шығар деп үміттенуші едім. Шынын айтайын, Андрейден қойшы шығады деп еш уақытта ойлағам жоқ. Оны енді... істей алса...

Балшекер. Қайдағы істеген-ау. Жасынан өткерілген Бәкендердей қарттар болмаса, осы күнгі бұла боп өскен балалар... Өй, әшейін шитімек балалардың басын қатырып, уақыттарын зая кетіру. Тіпті мазақ, мұның аты мазақ!

Василий Оттович. Қойыңыз, еңбек еткен де мазақ болып па. Балалардың өз қалауы біледі де...

Балташ. Әй, Васелей, баланың да баласы бар. Біреудің баласы іштен туа сұңғыла боп, дүниеге қасығы мен айырын ұстай келсе, енді біреудің баласы портфелін құшақтап келеді. Сенің ұлың туғанда тракторына мініп келген бала ғой!

Василий Оттович *(күліп)*. Егер әркім туғанда не боларын ойлап туса, складчик жолдас, тап сен, жарық дүниеге өңкей жүз теңгелікті уыстай келген шығарсың.

Талап *(күлкімен қалжыңдарын бөліп)*. Меніңше, балалар дүниеге келгенде ұлы Абай сөзін жаттап келген

сияқты: «Сен де бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан».

Балташ. Қарағым, сен оқыған Абайды біз де оқығанбыз. Абай орыс ғалымдарымен танысқанша, көзін аша алмай, қараңғы бай пиадалдарды ғана мақтаған. Байлардан басқаның бәрін балшық, кірпіш деп төмен санаған. Ал, жаны бар совет балаларын, сен де, қарағым, кірпіш деп қорлама.

Қасым. Әй, Балташ, осы сенің үлкен ұлың институтын неге тастап кетті?

Балташ. Е, адамның еркі мына рюмкедегі арақтай — ішкісі келмесе ішпейді, ішкісі келсе ішеді *(ішіп салады)*. Бір жыл пркорол, сот боламын, ұрыларды, саудагерлерді соттатамын, бұйрократтарды жөндеймін деп кіжініп жүруші еді, екінші жылы қайтып келді. «Ойбой, кісі соттау үшін көп оқудың керегі жоқ екен. Статьяларды тармақ-тармағымен жаттап алса», әлгі темір адам кім еді?..

Қәрібай. Робот, Робот...

Балташ. Иә, иә! Сол Робот та соттай береді екен деп оқуын тастап кетті.

Аплаш. Сен олай заңды қылжаққа айналдырма! Одан да балам мектепте жаман оқитын, қазір еш жерге сыймай жүр, жалқау, дармоед де!

Балташ. Әй, пркорол, олай ғайбаттама баламды. Сенің де сауатыңды білеміз. Біреуді қаралау үшін де сөз таба алмай. Әлгі бір кодексіңді, 25 жыл болды, құрандай пысықтап, ежелеп жүрсің ғой. Дормоедіңді қой!

Иван Сергеевич. Дормоед емей немене, еш жерде жұмыс істемейді. Бар өнері қаршадайынан әйел алып, машинасымен салпақтау.

Балташ. Әйел алса, соқтандай жігіт, он алтыдағы бала совет Заңы бойынша үйленуге қақы бар. Осы күнгі жастардай тайдай талтүсте жебір бұзауларша кешеде көрінген қыздың бетін жалап тұрсын деймісің...

Гүлсім. Жә, сіздер мұнда айтысуға жиналып па едіңіздер?!

Балташ. Жарайды, мұғалима, қойдық... Баламның машина мініп сайрандағанын да бұл қазақ көре алмайды. Жүрсін заманның түзуінде, әкесінің арқасында. Біз бала күнімізде не көрдік. Жүрдек өгіз бен ат тырнауышқа таласатынбыз.

Баттал. Балташ, әй! Сен балама олай жақсылық

жасадым деп көкірегінді соқпа. Сен обшстваға пайдалы бала емес, масыл, тунияд тәрбиелеп отырсың.

Б а л т а ш. Сіз, байқап сөйлеңіз... Қойыңызды баға алмайды екенсіз, пенсияға шығыңыз пысықси бермеңіз енді.

Г ү л с і м. Балташ, сыпайылық деген қайда?

Б а л т а ш. Гүлсім апай, сіз бізге мұғалима болсаңыз, оған отыз жыл өтті. Қазір мен төрт баланың әкесімін. Сіздің оқушыңыз емеспін. Ал бүгінгі оқушыларды қойшылыққа оқытсаңыз, жеткен жеріңіз, белгілі екен. Енді тезірек Батекеңмен бірге сіздің де пенсияға кеткеніңіз абзал!

Қ а с ы м. Тоқтат, Балташ, ішіп алып аузына келгенді сөйлемей!

Б а л т а ш. Қойдық, қойдық, басеке! Мені мас деп ойламаңыз.

Қ а с ы м. Өз балаң туралы пікіріңді тыңдадық, енді басқаның баласында шаруаң болмасын!

Б а л т а ш. Е, онда кетейік, біздің сөзіміз жараспаса!

Қ а с ы м. Мейлің!

Б а л т а ш. Бұл енді сіздің кабинетіңіз емес қой. Жарайды, сонда да кетейік *(орнынан тұрады)*. Ал, соңғы айтарым — балалардың басын қатырмандар. Ертең айдалада бір шұңқырда өліп қалса, кім жауап береді?

Б а л ш е к е р *(шошынып)*. Қой, қайдағы сұмдықты айтпай!

Б а л т а ш. Мен, жасымнан, бетің бар, жүзің бар демей тура айтатын адаммын. Бәріміз де бір класта өсіп-өнген балалармыз...

Т а л а п. Сонымен не айтпақшысыз?

Б а л т а ш. Менің айтарым, әкеңнің өлгенін жасырғанда, көмгенде қайда қоясың дейді ғой. Сол айтпақшы — шешелері дайындап берген алдындағы асын дұрыстап іше алмайтын құйтымдай балалар ертең алдына салған отар-отар қойдан айырылып қалса, ешкім де аяушылық етпейді. Ондай еркеліктерін совет Заңы көтере алмайды. Солай емес пе, пркорол жолдас?

А п л а ш. Былай енді... Әрине, бар азаматқа заң біреу. Жолдастар, бағанадан бергі айтқан Балташтың көп сөздерінің ішінде мына бір сөзінің жаны бар: қой жайылымы — арнайы дайындалған әскери жаттықтыру полигоны емес, қой фермасы — мектептегі химиялық лаборатория емес. Онда жаттығуға бармайды, жұмыс

істеуге, алдындағы әр малды көзінің қарашығындай сақтауға, өсіруге, өндіруге барады.

Ендеше, бұл — жауапты іс. Әркім басымен жауап беретін шаруа.

Балташ. Бәсе!.. Өзің-өз болып дұрыс сөйлегенің осы.

Аплаш. Мен Досқанымнан қорықпасам да, Ғазизадан... Қыз баланың аты қыз бала...

Кәрібай. Иә, қыз баланың қолы емес. Менің Тәнзилам да, тіпті еден жуып көрген емес...

Иван Сергеевич. Және бұл спецификасы бөлек жұмыс.

Балташ. Иә, қойшылыққа спискемен алуды доғару керек.

Баттал. Оған неғылған спеске. Менің Күләш деген қызым біріңнің ұлыңнан кем емес. Жаз бойы маған қолғабыс беретін сол.

Балташ. Әрине, көзі қанат та. «Ана көрген оқ жонады». Менің Қарас ұлым да жаз бойы складта товар алып, товар бөлгенде қолы қолына жұқпайды *(қайта орнынан тұрып)*. Ойбой, мен тағы да отырып қалыппын ғой. Кетейін. Лұқсат болса, бір сұрақ *(стаканына арақ құяды)*.

Иван Сергеевич. Сіздің де сөзіңіз таусылмайды екен!..

Балташ. Қарағым *(Талапқа)* сенен менің бір сұрағым бар *(арағын ішіп алады)*.

Талап. Сұраңыз.

Балташ. Сен осы қайдан келдің?

Талап. Алматыдан.

Балташ. Онда жұмыс табылмады ма?

Қасым *(күліп)*. Оу, бұл екінші сұрақ...

Балташ. Бір-бірімен ағайындас сұрақтар ғой. Мәуелі ағаш ішіндегі тамаша қаланы тастап, айдаладағы тақыр ауданға неге келдің?

Талап. Айтайын: Алыстағы ауданда оқып жатқан сіздей адамдардың балаларына ұстаздық пайдам тие ме деп келдім.

Балташ. Сондағы пайдаң — қойға жіберу? Ой-боой, қарағым-ай! *(Кеңкілдеп күледі)*.

Талап. Сіздіңше, қойдың еті дәмді де, қой бағу дәмсіз бе?

Балташ. Е-е, жаңа түсіндім. Қаладағы базарда еттің бағасы күйіп тұр дейді. Тегі, әке-шешеңе ет дайын-

дауға келгенсің ғой. Мұғалім емес, экспедитор, заготавителмін де!..

Гүлсім. Балташ, ұят емес пе, өзіңнің балаңдай адамға!

Талап. Бәке, егер менің әке-шешемнің етке қалай қарайтынын шын білгіңіз келсе, айтайын. Шешем, төрт жылдай болды, науқас — асқазаны ауырады, дәрігерлер ет жеуге мүлдем қоспайды: днетада! Ал, әкем, енді сіздің балаңыз баққан қой етін жай алмайды. Оған қиналмаңыз — былтыр дүние салған!

(Аз уақыт үнсіздік).

Тірі күнінде, осы отырған бәріңізді де аузынан тастамаушы еді. Әке сөзіне қарап Сіздерді көргеншс асық едім, сырттай ғашық едім, енді көп нәрсені ойымдағыға ұқсата алмай отырмын. Сіздің бала күнгі лақап атыңыз *(Аплашқа)* Қожанасыр емес пе еді.

Аплаш *(таңырқап)*. Иә! Аздап аңғалдау болғаным рас.

Талап *(Қасымға)*. Сіздің атыңыз Пинин Короткий.

Қасым *(күліп)*. Иә, бойым шарқылау еді жасымда.

Талап *(Балташқа)*. Сіздің есіміңіз — Кеңірдек!

Аплаш. Тура, тура, бұл балапан әтештерше төбелесқой болатын.

Талап *(Балшекерге)*. Сізді «Шырылдауық шегіртке» демеуші ме еді? Сізді *(Батталға)* «Шалбарбек» дейтін.

Баттал. Қарағым-ау, сонда мұның бәрін айтып жүрген кім, әкең кім өзі?

Қасым. Иә, кім?..

Талап. Араларыңызда кім жоқ құрбыларыңыздан? Ұмыткандарыңыз ба?

Гүлсім. Талаптың әкесін «Сыбызғы» дейтін едіңдер ғой!

Бәрі *(жамыраса)*. Бақыт?!

— Ақын Бақыт?!

— Өзіміздің Бақыт!

Талап. Әкем, кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы сіздер туралы, сіздердің балаларыңыз — болашақ ұрпақ жайында дастан жазып қалдырды. Батекеңнің тойында тост орнына содан үзінді оқып беруге лұқсат етіңіздер:

Содан бері көп жылдар
өтіп кетті іргелі,
Отыз көктем,
отыз қыс,
отыз күз...

Қанатты, ұшқыр уақыттың
Табаны жерге тимеді.
Қаршадай
нәзік болсақ та,
Біздерді бала демейтін,
ыстыққа күйіп, суықта

Түн катып жүріп тоңсақ та,
Тамағыңды іш, ұйықта
Деп, мүсіркеп, туыс та
Қамқорды онша жемейтін.
«Тырнауыш айыр иықтан
Жаз болса, әсте түспейтін.
Титықтап, қажып жұмыстан
Жүргенде,
қайда туысқан:
«Мезгілмен тамақ іш» дейтін...
Қазіргі күндей тоқшылық,
Жүгіру қайда доп қуып,
Тары көже,
бидай қуырған —
Үлкені астың бұйырған,
Жамаулы киім — жоқшылық».

(Дастан үзіліп қалады. Бөлмеге өңі қашқан Қарас кіреді.)

Б а л т а ш. Оу, біздің бала *(шошынып)*. Өй!

Б а л ш е к е р *(үрейлі)*. Бәрің келдіңдер ме?!

Б а л т а ш. Қой бағып жетістіріп келген шығарсыңдар. Түріңнен көрініп тұр.

(Ұзынтұра Қарас шеттегі орындыққа сылқ етіп отыра кетеді. Бәрі өре түрегелген.)

И в а н С е р г е е в и ч. Мына балаға не болған?

А п л а ш. Мына баланың түсі келмейді ғой?!

И в а н С е р г е е в и ч. Амансыңдар ма?

Қ а р а с. Бүгін... екінші күн... Жаңа милицияға хабарладым...

Б а л ш е к е р. Құдай-ай! Құлындарым-ай!

Қ а р а с. Бүгін екінші тәулік... Балалар жоқ... Адасып кетті. Бәрі де...

(Шошынған, үрейленген сәт. Милиция қызметкері қолма-қол рацияны қосады.)

Р а ц и я д а д а у ы с.

«Милиция қызметкерлері, бәрің де аудандық милиция бөліміне тез жиналыңдар! Бәрің де! Тез, іздеу саламыз... Іздеу саламыз!..

III пролог

Тас қараңғы түн. Ішін тарта ұлып, үілдеп, ысқыра соққан алай-түлей боран. Жылт-жылт еткен фонарьлар... Монологтар:

Б а т т а л. Апырмай, әлі төселмеген, жаттықпаған балаларды қалайша жалғыз қалдырдым. Қызым, қайда, жөн-жобаны білетін қызым бұлай адастырмаса керек еді. Мына Балташтың баласы не ғып жырылып жалғыз қалды екен? Мұнда не сыр бар?

(Батталдың шам-жарығы қатар келе жатқан әкелі-балалы Балташ пен Қарасқа түседі).

Б а л т а ш. Балам! Қарас! Менің бұдан әрі жүре алатын халім жоқ... Кейін қайтайық. Біттім, енді жұрт үшін...

Қ а р а с. Әке, не айтып тұрсыз?

Б а л т а ш. Балалар енді табылмайды. Дала бораны қомағай, тажал, талайларды жұтқан. Енді бізді де қылғытады.

Қ а р а с. Мен бір рет бас сауғалап қалғанмын. Енді шегінер қақым жоқ. Іздеймін, табамын оларды. Неге ғана солармен бірге болмадым...

Б а л т а ш. Қарағым-ау, сенің түк жазығың жоқ қой, несіне қысыласың, жауап беретіндер табылады. Алдымен ана председательдің өзі жауап береді. Содан соң айыптылар табылады. Айтпадым ба, айтқаным келді ме... *(Балташтың қол фонарының жарығы Қасымға түседі. Оның қасында малтыққан Балшекер).*

Б а л ш е к е р. Сенсің, осының бәріне кінәлі, сенсің! Ертең ең алдымен бар адамның қарғысы сені атады. Осыдан жалғызым табылмасын, мен де қаламын осы далада, ақ қарды жастанып, қаламын көміліп...

Қ а с ы м. Балшекер. Балшекер...

Б а л ш е к е р. Тыңдағым келмейді сені! Жалғызым,

қайдасың, бір рет дыбыс берші, Қанатым!

Қ а с ы м. Шыныменен табылмағаны ма? Бір топ баладан, тым құрмаса, бір белгі болмағаны ма? Мұнын арты не болар екен. Егер табылмаса...

(Қасымның шам жарығы прокурор Аплашқа түседі.)

А п л а ш. Табылмаса, бұл — үлкен процесс. Тергеу, тексерусіз, сыннан, сынақтан өткізіп алмай «Жас балаларды айдалаға қаңғытып жіберген кім? Әзірше мектептегі ие — класс жетекшісі! Қаникул кезінде басқа ойын-сауық орындары табылмағаны ма, коллектив болып кино көру, мұз айдынында, тауда серуендеу деген болмаушы ма еді. Алдымен сенен басталады. Жалтарма, алдымен сенен...

(Аплаштың фонарь жарығы Қәрібайға түседі.)

Қ ә р і б а й. Өзім де жетісіп келе жатқам жоқ, мен де қызымнан айырылдым. Тәнзила, қызым, қайдасың. Кімдерге еліктеп еріп кеттің. Ақылың мол еді ғой, жаным. Достарыңнан, қатарыңнан қалмаймын деп, ақыры неге ұшырадың... Басында-ақ айтып едім, тыңдадың ба?.. Ақыры шатасқан жерің осы шығар, Гүлсім! Оқушыларға сабақ беруімізде, тәрбиемізде ізденіс жоқ, балалардың ішкі сырына үңілмейміз, кеңеспейміз дедің. Ал енді үңіл қараңғы далаға!

(Қәрібайдың шам-жарығы Гүлсімнің бетіне түседі.)

Г ү л с і м. Егер... Олай-бұлай болып кетсе, әрине, мектеп үшін, алдымен жауапкер мен. Отыз жыл мүлтіксіз еңбек атқарып жүріп мүлт жіберген жерім осы шығар. Оңбай құладым тап осы жолы, жазықтымын. Талап Бақытжановты тым еркінсітіп жіберген мен. Жап-жас тәжірибесіз мұғалімді қалай ғана мақұлдай бердім екем... Қалай ғана бетіңді қақпай көне бердім...

(Гүлсімнің шам жарығы Талаптың жүзіне түседі.)

Т а л а п. Жоқ, мен күдерімді, үзбеймін. Табылады. Олар осы үйде ерке болса да, түзде үлкен азаматтар! Сенім керек, Гүлсім Махметовна! Солай емес пе, Батеке! Із таптыңыз ба. Қар жауса да басылмайтын іздер жатушы еді ғой!

(Талаптың шам жарығы Батталдың бетіне түседі.)

Б а т т а л. Мен із көрмесем де, жобалап келемін... Осы бір қылтадан өтсе, ал жағы тау. Бұл ара айлыкүннің аманында ұйытқып, боратып тұрады. Бірақ жол біреу-ақ. Осы жерден жығылмай өтсе, тау жотасына шығып кетеді. Онда боран жоқ. Қызым біледі бұл сырды.

(Енді жалтылдаған шам жарықтары ұзай береді. Қол фонардың жарықтары айқұш-ұйқыш түсіп, бір-бірімен кіналасқан адамдардың үні ғана естіледі).

Балшекер. Сен, сен!

Қасым. Жалғыз мені жүндей беретінің не? Басқалар да кінәлі?..

Балташ. Айтпадым ба? Баттал бір күн сеніп тастағанда, не болды балалардың күні?

Аплаш. Балаларға жауап бересіңдер, талайың жауап бересіңдер!

Қәрібай. Менің түк жазығым жоқ. Бәрін бастаған...

Гүлсім. Келіп-келіп қателескен жерім осы болғаны ма? Шатастырдың тәжірибесіз жас мұғалім.

Талап. Кеттік ілгері, Басеке!

Баттал. Менен көз жазба, қатар отыр!

(Рацияның гуілдеген, шықылдаған, шуылдаған, шыңылдаған ауа толқынындағы үні. Бораннан ықтап рациямен сөйлесіп отырған Иван Сергеевич).

Иван Сергеевич. Әлі жақсылықтан нышан жоқ. Боран түтеп тұр. Жабысқақ май боран. Басқа бөткейдегі іздеушілерден де хабар жоқ. Соңымыздан бірде-бір трактор жеткен жоқ. Біз қай арада келе жатқанымызды да білмейміз. Мұндағылардың көбі қарға малтығып, жүруге жарамай қалды. Бәрін де бір араға топтадық. Үш-ақ адам кетті. Тауға қарай. Шопан Баттал Шарықбаевич, оқытушы Бақытжанов, Оқушы Балташев. Иә, иә, хал жаман... Тезірек трактор... Трактор керек. Таң ағарып келеді. Прием прием!..

7-КӨРІНІС

Тау қойнауы. Жарқырап шыққан күн. Жоталанған қалың шыңылтыр қар көз ұялтады. Үлкен қойтас үстіне тіке қойған шағын радиоприемниктен төгілген жеңіл би әуені. Қалың (тон, күпі), жұқа (пальто, куртка) киінген балалар (Қанат, Күләш, Досқан, Лида, Ғазиза, Андрей, Тәнзила, Руслан) битлз ырғағымен аласұрып билеп жүр. Шатқал мүйісінен Баттал, Талап, Қарас шығады.

Балалар:— Ура-а!

— Ура-а-а!

Баттал. Жауынгерлерім-ай, амансыңдар ма? *(Құшақ жайып).* Қарлығаштарым-ай! *(Бәрі құшақтасады).*

Қарас. Бүкіл аудан болып аяқтарынан тік тұрып,

іздеп жүрсе, сендер мұнда той тойлап жатыр екенсіндер ғой!

Руслан *(әлі де билеп тұр)*. Аяғыңа мынадай модный туфли киіп қой бақсаң — көрер едім...

Лида. Билемек түгілі, жүгірістен мировой рекорд жасарсың.

Баттал. Оу, шынында осы бір қиқаң-сиқаң би неге керек десем, мынау өзі қойшылардың қолы екен.

(Көңілді күлкі.)

Талап. Әйтеуір, үсімей тау қойнауына аман жеткендерің жақсы болды-ау!

Қанат. Үсу түгілі, Талап Бақытжанович, тоңу дегеннің не екенін білмедік.

Тәнзила. Боранда қой соңынан жүгіріп, қарға малтығып отырсаң, әрине.

Досқан. Оның үстіне боранда арқаламақ ойнағандай Тәнзила мен Лиданы арқалап жүрсең көрер едім... тұла бойыңнан қалай тер саулап отырғаныи...

Лида. Жарайды, көп болса, екі реттен арқалаған шығарсыңдар.

Қарас. Немене, жүре алмай қалдыңдар ма?

Андрей. Бұл, қыздар деген масыл емес пе, оппы қар кездессе-ақ бастарымен жаншыла көміліп, қашан көтергенше түйе құстарша тырп етпей жатып алады.

Тәнзила. Әрине, мынадай ұзын күпі кисең... аяққа оралып...

Лида. Оның үстіне екі күн аш болсаң...

Ғазиза. Ұйықтамасаң...

Баттал. Қойлар да аман шығар, әйтеуір?!

Қанат. Жолдас, комбат! Бір батальон қойдан шашау шыққан жоқ. Бәрі де аман. Бөктерде ескі шөмелелер бар екен, бәрінің алдына шөп салдық...

Досқан. Екі күн көз шырымын алмаған қойлар қазір тырп етпей қалың ұйқы құшағында маужырап жатыр.

(Көңілді күлкі.)

(Радиоприемниктен диктордың үні естіледі. Қанат қолына алған қабылдағышты қатты бұрайды. Саңқылдаған диктор үні).

Диктор. «Келесі хабарымызда», «Ұлар тау» ауданы комсомол жастарының үндеуі:

Балалар: Ура! Ура-а!

Диктор. «Біз —«Ұлар тау» орта мектебінің 10-класс оқушылары биыл оқу бітірген соң, бәріміз де ком-

сомолдық жолдамамен, өз жүрек қалауымыз бойынша, «Қарлығаштар» бригадасын құрып, жұбымызды жазбай, бірге еңбек етеміз!..

Б а л а л а р: Ура-а! Ура-а!

(Хабар соңы «Мектеп вальсіне» ұласады. Жарық бояу сөне береді. Авансценада, пистолет жарығында, вальс фонында. Талап дастанның жалғасын оқып тұр.)

Т а л а п: ...Бойымыз шарқы,
ал киім
Жамаулы, жыртық, ел іші
Таршылық — еді-ау,
жоқ бұйым.
Бәрі де — жоқтың белгісі,
Қазірде сонқой,
тамақты
Талған ішсе балалар,
Достарым, іні, ағалар,
Ол да бір тоқтың белгісі!

Иыққа шашын жіберіп,
Жалтыран сонмен бүгінде
Мың құбылып киінсе,

Бұла боп өскен үйінде
Ұл менен қыздан түңілме.

Шеге боп олар қағылар
Сын сағат ашса есігін,
Кірпіш те болып қаланар
Дүниенің
тауып кетігін!
Өйткені олар кешегі
Жалыпды жылдар
жалаңаш
Қолымен отты көсеген
Сені мен менің ырзығым,
Көгерген бүгін — көсегем!

Төс, балаға алып үйренген.
Қамырша темір илеген
Еңбекші елдің ұл-қызы!

«Мектеп вальсі» әуенімен бірге жарық күшейе түседі. «Соңғы қоңырауға» жиналған ақ көйлекті қыздар, қара костюмді ұлдар жүп-жұбымен дөңгелей билеп, авансценаға қарай жақындай береді, жақындай береді).

Соңы.

ҚОС АНАР

(Екі бөлімді драмалық уақиға)

Драма кейіпкерлері:

1. Райхан	— совхоз инженері.
2. Қарасай	— жалғыз үй иесі, бетіндегі қалыпа қарап Қарабет дейді кейбіреулер.
3. Халел	— Қарасайдың баласы.
4. Жәміш	— Қарасайдың кемпірі.
5. Ақбөпе	— Қарасайдың келіні.
6. Дикәй	— Қарасайдың қолбаласы.
7. Мұқат	— Қарасайдың құдасы.
8. Алагөзов	— аудан басшыларының бірі. Өкіл.
9. Моргун	— совхоз директоры, тың көтеруші.
10. Дерягин	— механизатор, тың көтеруші.
11. Дерягина Тамара	— тракторшы, тың көтеруші.

Көпшілік сахнада: (Жұмысшылар...)

Уақиға тың жерді игерудің алғашқы жылдарының бірінде жапандағы жалғыз үй төңірегінде өтеді.

I-бөлім

бастама

I-көрініс

Дала тіршілігінің мұңды әуенін баяндар шертпе күй. Аръерсценада қурай, алабота басқан ескі жұрт. Мезгіл аласапыран көктем басы. Сыртта тоқтаған машина гүрілі. Азан-қазан дүрліге ұшқан қаратаған. Жұпыны киінген мосқал әйел Райхан шығады. Ескі жұртқа қарап үнсіз тұр. Ұзақ жылдар бойы жел өтіне мүжілген, құла-

ған үй орындарынан әлдекімдердің сыбыры келеді құлаққа.

Шал даусы. Айналайын-ай, келдің бе? Сен, сен шын Райханбысың? Туған жердің суы тартқан-ау ақыры.

Әйел даусы. Тістеніп.! Ә, тағы да келдің бе? Бәрімізді орға жығып, өзің құтылып ең. Елің, жұртың қайда? Соңыннан ерткен ұрпағың жоқ, келдің бе, тағы да состиып!..

Еркек даусы. Сен келмегелі талай жылдар өтті. Қайда жүрдің? Неге келмей кеттің? Жақсылықтан күдеріңді мүлдем үзгенің бе?

Әйел даусы. Өзің жылап тұрсың ғой. Жасыңда жөпшендіге бой бермейтін асау ең. Қазір арының басылып, мұқалғансың-ау.

Еркек даусы. Білем, сен қуаныштан жылап тұрсың! Қайта оралдың, қайырлы болсын!

Шал даусы. Жәрәйді, жылап ал. Ішіндегінің бәрін ақтар. Бар ауыртпалық көзіндегі осы жаспен кетсін. Бірақ осыдан соң қайтып жылама. Ал, қазір жыла, жылап *ал!*

(Сырттан дабырласып екі адам келеді: Моргун, Алакөзов авансценада.)

Моргун. Не деген байтақ дала, ұшы-қиырсыз кең жазық.

Алагөзов. Мұның бәрі болашақ бір-ақ совхоздың жері. Анау алыстан мұнартқан қос емшекті бұйратты көремісіз. Сол сіздің совхоздың шекарасы. Оны «Қос анар» дейді. Жер емшегі.

Моргун. Жер емшегі?!

Алагөзов. Сол «Қос анардың» бауырына алғаш егін еккен мына ескі жұрт. Балта ауылы. Отыз бірінші жылы ірге көтерген колхоз еді.

(Сыртта пысқырған ат, қарқылдаған қарға үні).

Моргун *(сыртқа қарап).* Айдалада жүрген бұл не қылған адам?

Алагөзов. Ә-ә, бұл сонау алыста көрінген жалғыз үйдің иесі. Жапан түзде міз бақпай отырғанына талай жылдар өтті. Ешкіммен қатысы жоқ жұмбақ жан.

(Сырттан түлкі тымақты, бетінде алақандай қара қалы бар Қарасай келеді, қолында бүктеп ұстаған қол қамшы).

Қарасай. Ассалаумағалейкүм, жолдас Алагөзов, здрасти! Айдалада адасып жүрген қай бейбақтар де-

сем... ескі жұртқа сәлем беріп тұрған бастықтар екен ғой.

Алагөзов. Жер қарап жүр едік... Осы араға орнайтын болашақ совхоз директор Моргун жолдас.

Қарасай *(Моргунның ұсынған қолын алып)*. Е, олай болса, үйге жүріңіздер. Алыстан келген қонақты ата дәстүрімен қарсы алу парыз емес пе?

Алагөзов. Рақмет! Рақмет! Күн кешкірмей «Жаңа талапқа» жетуіміз керек. Әлі Моргун қонақ болады ғой. Жаңа совхоз орталығы сен тұрған Талжан ағашының бауырына салынбақшы. Қонақтан ығыр боларсың! *(Райхан жаққа қарап)* Райхан, жүріңіз енді кетейік.

Қарасай (үрейлі) Рай-хан?!

(Моргун екеуі кетеді).

(Райхан таяна бере екеуінің көзі түйісіп қалады).

Райхан *(жұртқа қарап)*. Қарасаймысың, баяғы қонысында әлі отыр екенсің-ау.

Қарасай *(жұртқа қарап)*. Апырай, сен тірі ме едің?

(Шертпе күй).

2-КӨРІНІС

Ақбөпенің отауы. Іште Ақбөпе. Мұқат, Дикәй. Шай столда ондық шам жарығымен тамақ ішіп отыр. Алдарында арақ, Масаңдау Дикәй теңселіп, изеңдеп қойып ән салып отыр.

Әмірхан, не ғып жүрсің қойың жаймай,
Мен жүрмін қайын атаның көңілін қимай.
Он аяқ, отыз мысқал көжеңді ішіп,
Жатасың кең төсекке кеудең сыймай.

Мұқат. Шәу пәле! Әй тағы біреуін алып қойшы *(қырлы стаканға арақ құяды)*.

Ақбөпе. Әке жетеді ғой енді, ауырып қалса қайтесің?

Мұқат. Түу, өгіздей жігіт ауырушы ма еді, «Мысыққа да бір күн той» дейді. Мә, іш, іш! Әлгі құда мұны адам санатына қоспайды. Әттең, менің қолымда болсаң, қонақ атаулыдан қалдырмай, қасыма алып жүрер ем.

Дәкей:

Қара тайға жарасқан қара терлік,
Жараспайды жігітке төтеп ерлік.

Жамандардың жабыққан ісі дейді,
Өлең айтып көңілді көтерелік.
Қарағым-ай...
қырға шығып, өзіңді қарадым-ай...

Мұқат. Пәлеу, шіркін. Әй мына диірменнің құдайы қайтеді-ей! Даусы қыздың даусындай ғой.

Дикәй *(өлеңін тоқтата қойып)*. Мен орысша да айта аламын.

Мұқат. Ә, кәне айтшы,

Дикәй.

Ақ сиса, белый сиса, красный сиса,
Қалмайды кімдер пешком зорлық қылса.
Мұстафа Шорманский атымды алып,
Атандым поэтому пешком Мұса.

Мұқат *(қарқылдай күліп)*. Түу орысша қалай таза айтасың. Жетік адамға орысшаның қазақшадан түк айырмасы жоқ екен-ау! Орысша өлеңің үшін *(стаканға құяды)*. Әй, Дикәй, осы сен өлең айтқанда неге бүкіл құйрығыңмен қопарылып изеңдейсің.

Дикәй *(жымыңдап, бөгеліп)*. Құйрығым қозғалмаса, айта алмаймын.

Мұқат. Е, сенің құйрығың онда патефон болды ғой, ха-ха-ха!

Ақбөпе. Күн ұзын диірмен тартқанда өлең айтудан аузы бір босамайды, әбден диірменнің нәшіне үйренген ғой.

Мұқат. Е-е, бүйтіп отырамын де *(диірмен тартқан адамның қимылына салады)*. Ал осы диірмен тартқан стажың қанша сонда?

Дикәй *(жымыңдап)*. Біраз болды ғой.

Ақбөпе. Соғыс жылдарынан бастап диірмен тартыпты.

Мұқат. Иә-иә, айтқандай, осы сен соғыс кезінде ауданда бар үйдің диірменін тартып жүруші едің-ау. Ол кезде мұның қаны жерге тимейтін. Ау, пенсияға шығатын уақытың болыпты ғой. Тұра тұр, сонда осы сен нешеге келдің өзі?

Дикәй *(тұнжыраңқы)*. Біразға келдік қой. Тауық жылы туыпсың дейтін.

Мұқат. Көзің кілбиіп, түнде түк көрмейтінің содан екен ғой, ха-ха! Сонда осы Бәйтөбстің қырықтарды алқымдап қалған шығар-ау. Солай ма, ей!

Дикәй. Солай шығар.

Мұқат. Ұмытпасам, сол кезде отыздарға тақап қалған жігіт. Осыған кім қойды екен, әйтеуір біреулер «диірменші бала, Дикәй бала» деп ат қойыпты.

Ақбөпе. Ә-ә, бірінші естуім.

Мұқат. Орыстың «дикий» деген сөзін алып, үйсіз-күйсіз жетім деп қойғандары ғой. Өзіңнің шын атың кім еді әй? *(Пауза)*. Айтсайшы-ай, ұмытып қалдың ба?

Дикәй. Тұрсын!

Ақбөпе. Тұр-сы-ын! *(Бір ыдысты алып ауыз жаққа шыға береді)*.

Мұқат. Ал енді шыныңды айтшы Дикәй, осы күнге дейін өзің жігітшілік құрып көрдің бе? Ха-ха-ха!

(Дикәй жымыңдап, тұқыраңдап күле береді).

Мұқат. Өй, айтсайшы, бірдеңе есіңе түсіп отыр-ау.

Дикәй *(әлі де жымыңдап)*. Есімде жоқ *(орнынан тұра жүгірем дегенде, Мұқат иығынан басып қайта отырғызады. Ақбөпе қайта кіреді)*.

Мұқат. Өй, ұялшақ, соған да жігіт ұяла ма екен. Тұра тұр. Сені осы үй қолбалалыққа алғалы неше жыл болды?

Дикәй. Біраз болды ғой. Он шақты жыл.

Мұқат. Әйел неге алмайсың?

Дикәй. Ағатайым әперем деген.

Мұқат. Қашан? Қәрәсін қатқанда ма?

Дикәй. Бұдан он жыл бұрын айтқан.

Мұқат. Ей, пақыр-ай, қашпаған қашардың уызына қараған бейбақ. Дикәй шынымен әйел алғың келе ме өзі?

Дикәй. Білмеймін... *(Күмілжіп)*. Алған теріс болмас еді.

Мұқат. Соны мен де ойлап, саған бір әйелді дайындап қойдым.

Дикәй. Сіздерде басы бос әйелдер көп пе?

Мұқат. Басы босты қайтесің, қаласаң, қыз әперем. Немене, осы Қарасайдың босағасында көк жұлын боп, ит тіршілікпен ғұмырыңды өткіземісің. Сенің де жар құшатын мезгілің жетті, шырағым.

Дикәй *(күрсініп)*. Оһ, шіркін-ай...

Ақбөпе. Әке, келемеждеп қайтесіз, сол да ойынға жата ма?

Мұқат. Келемежі несі, шыным сол. Қатран деген-ніц қырыққа келген қызы бар. Бес байға тиіп шықты. Соны әперем, егер мен барғанша біреуге кетіп қалма-

са. Әй, бәрібір ол кеудесінде жаны болса қайтып келеді, қорықпа.

(Сыртта ит үре беріп басылады. Ішке, қолында шілтерлі шам, Жәміш кіреді).

Жәміш. Әй, Дикәй, қораға шам алып шық. Қарасайлар келді. *(Шілтерлі шам береді. Шамды жаға алмай қолы дірілдеп, Дикәйдің апы кіріп, күпі шығады).*

Мұқат. Өй, не боп қалды мына байғұсқа?! Зәр қысты ма ей!

Жәміш. Ойбой, мынаның аузы қисайып қалыпты ғой. Бар төсегіне жата ғой, шал көрмесін мұныңды.

Дикәй *(шілтерлі шамды көтеріп, екінші қолымен шамды нұқиды).* Жоқ, апа, мынау шамның біреуін қораға, біреуін далаға алып шығамын *(Ақбөпеден басқасы тысқа шығады).*

(Үйге ентіге басып, құшақ жая Халел кіреді).

Халел. Ақбөпеш.

Ақбөпе. Халел!

(Екеуі шұрқырасып құшақтасады).

3-КӨРІНІС

Тауық қора. Үш адам. Қарасай, Мұқат, шілтерлі шам ұстаған Дикәй.

Мұқат. Ойпырым-ай, құда, ана бір бурыл ат жарылғалы тұр екен. Сере шығар кемі, тпә-тпә!

Қарасай. Сенің де көзің көргіш-ау, көп жылқының ішінен ала-бөтен қалай танисың?

Мұқат. Жеген ауыздың көзі қырағы емес пе?

Қарасай. Ұзынсарыда соятын соғымым ғой. Қақтап алсақ, жыл бойғы азық емес пе? Әй, Дикәй, қазір шамды мына араға қой да, үйге барып тамағыңды ішіп ал. Сонсоң ана сиырлардың астын тазала. Өй, мынау жаңа туған бұзау құсап аяғын баса алмайды ғой. Бұл өнерді қайдан таптың?!

Дикәй. Ағатай, құда маған қатын әперем дейді.

Қарасай. Итке темір, саған қатын не керек? Бар, тамағыңды іш те, жұмысыңа кіріс.

Мұқат. Құда ұрыспай-ақ қой бір жолға, мен едім арақ берген. Мына целина келіп жатыр, Дикәй менсізақ үйренер әлі.

Қарасай. Ол жаққа аяғын қия басып көрсін... *(Дикәй шамды қойып кете береді).*

Мұқат *(темекінің түтінін сақиналандыра шыға-*

рып). Ал, құда, амандық болса таң қараңғысымен жүрем. Асығыспын, шаруамды айтайын, Қареке.

Қ а р а с а й. Ол не шаруа сонша жаналқымға тірелген?

М ұ қ а т. Тірейтіндер тіреп жатқан жоқ па? Мына целина келмей жатып, іргеңе дейін жеріңді қара жыртындыға айналдырып тастапты. Тірелген емей немене?

Қ а р а с а й. Е, сол ма, қазақтың ен даласының жері жыртуыңа да, қырқуыңа да жетпей ме? Мал бағатын жер табылмас деп қорқамысың?

М ұ қ а т. Табылар-ау, бірақ соған бағатын малың болса.

Қ а р а с а й. Мал болмағанда, оны қай құдай алады?

М ұ қ а т. Құдай емес, үкімет алады. Өзің әлі беріде жүр екенсің ғой. Шынымен естімегенсің бе? Мына тыңға байланысты жаңа заң шығыпты.

Қ а р а с а й. Заң? Ол не заң?

М ұ қ а т. Артық мал ұсталынбасын, бәрін заготскотқа өткізу керек дейді.

Қ а р а с а й. Сонда бір семьяға қанша мал ұстау керек екен?

М ұ қ а т. Бір сиыр, бір шошқа.

Қ а р а с а й. Жылқы ше?

М ұ қ а т. Онда бір жылқы, бір шошқа!

Қ а р а с а й. Шошқа-шошқа деп шошаңдата бермей, жөнінді айтсайшы, сонда сиыр қайда? Шошқа саумақпыз ба?

М ұ қ а т. Іh, «Таз ашуын тырнадан алады»,— заң шығарған мен деп отырсың ба?! Жылқы мен сиырды бір қораның астында ұстауға болмайды, тебісіп, сүзісіп қалады дейді. Ал шошқа сүзіспейді де, тебіспейді де.

Қ а р а с а й. Қой, сапаның сары даласы жатқанда өйтпес.

М ұ қ а т. Оның үстіне ана Райхан да келіпті. Ойпырым-ай, ит жанды неме екен, құйрығын кесіп тастасаң, қайта жалғап жүре беретін кесірткедей сұмырай, енді сені аяп қалар деймісің. Саған енді бұл арада тұрудың реті қалай болар екен...

Қ а р а с а й. Қартайғанда не ретін айтасың. Туған топырағымнан қайда кетпекпін?

М ұ қ а т. Ә, солай ма? Онда ін түбінде жатып қыңсылайтын қасқыр болам десейші. Өзің біл...

Жақында малға сапақ жүреді Осында тұрған малдарымды әкетем.

Қ а р а с а й. А, жарайды, малың аман...

М ұ қ а т. Сосын Қареке, айран сұрай келіп шелегіңді жасырма дейді. Ренжіме, тағдырға ара түсу қиын, қайтейін, Ақбөпені де осы жолы көшіріп ала кетуге келдім.

Қ а р а с а й. Жарайды, жарқыным. Малыңды ертең алып кет, бірақ Ақбөпені әкете алмайсың...

М ұ қ а т. Әкете алмағаны қалай?

Қ а р а с а й. Әдейілеп алдарыңнан өтем бе деп едім, енді өз үйімде айтуға тура келді. Балалар бізден де зерек, ақылды ғой. Өздері қорытса керек. Халелім де ер жетіп ақыл тоқтатқан екен. Әменгерлік құдай жолын түсінген екен: Халел мен Ақбөпе қосылыпты. Беттерінен жарылқасын, батаңды бер, иланı амин!

М ұ қ а т *(аңырып)*. Апырай Жәлелдің жылы болмай жатып... Тым құрмаса алдымыздан да өтпегені ме?

Қ а р а с а й *(Дикәйға)* құданы үйге кіргіз, қараңғыда ашаға басын соғып алар. Сосын Халелді алып шықшы, малдарды бөлейік.

(Мұқат пен Дикәй кетеді).

Қ а р а с а й *(жалғыз)*. Ә, Омбының алаяғы, енді құйрығынды бұлғаңдатып, сен де менен сырт бере бастадың ба? Жо-оқ, сен олай қиқаңдасаң, мен Ақбөпені бұл қораның астынан шығармаспын, сонда апан маңынан ұзай алмайтын бөрідей ұлырсың... Ұли бер, ұли бер. Сен ұлиды екен деп, енді Халелді туыстарынан ажыратпаспын.

(Халел келеді).

Х а л е л. Мені шақырдың ба, әке?

Қ а р а с а й. Отыршы мына араға *(екеуі отырады)*. Әлгі Мұқат неге келгенін білемісің?

Х а л е л. Малына келген шығар.

Қ а р а с а й. Жәлелдің орны суымай жатып, Ақбөпені алып кетуге келіпті.

Х а л е л. Ақбөпені? Мүлдем бе?

Қ а р а с а й. Мүлдем болмағанда қонаққа апарады деймісің? Апарысымен Омбының бір саудагерінің баласына ұзататын көрінеді. Қалыңын да алып қойыпты. Ана Жәлелімнің екі балапаны біреудің қолына қарап қор болатын болды.

Х а л е л. Оларды алып қалсақ қайтеді?

Қ а р а с а й. Осы күні қай әйел баласын тастап кетуші еді.

Халел. Онда не істейміз, әке?

Қарасай. Мұндайда не істеу сенің ғана қолыңнан келеді.

Халел. Менің?

Қарасай. Немене, менің қолымнан келеді деп пе ең? *(Пауза)*. Жәлел бір құрсақтан шыққан бауырың. Екеуің тел қозыдай қатар өсіп, біріңе бірің арқа сүйеп өтетін едіңдер. Бірақ сұм ажал дегендеріңе жеткізбеді. Ана кішкентайлары да тірі жетім. Енді оларды біреуге телміртіп, жаутаңдатып қоюдың да реті болмас. Өйтсек, Жәлелдің де аруағы ырза емес. Ендігі айтарым — оларға аға ғана емес, Жәлел орнына қамқоршы бол, қанатыңның астына ал. Атадан қалған мирас бар. Оны да тентіретіп жіберу атымызға лайық емес. Ляулы жеңгеңді жат жұртқа жіберме. Енді өзің адам ет...

Халел *(сөзіне шашалып)*. Ж-жоқ, жоқ, не айтып отырсың, әке?! Масқара ғой, атама, әке, не деп отырсың? *(Көзі алайып, атып тұрып, шегіншектей береді)*.

Қарасай. Масқарасы несі? Мен сені жарға итеріп отырғам жоқ. Жәлелдің балаларынан сен безгенде бөтен жұрт не істемейді. Қиқаңды қой! Ағаңның орнын жоқтатпа. Оның үйдегі орны көрдей боп суып, қаңырайып қалмасын десең, балалықты таста! *(Қайта жуасып)*. Кейінгісін көре жатарсың. Әзір осы айтқаным болсын. Бұл әкеңнің де, ақ сүтін берген анаңның да тілегі. Ендігісін өзім жайғастырамын!

(Орнынан тұрып кете береді).

Халел *(жалғыз)*. Масқара-ай! Бауырымдай боп кеткен Ақбөпеге? Жоқ, жоқ ұят-ай!

4-КӨРІНІС

Шатыр — палатка. Совхоз директорының кабинеті. Кабинетте үшеу. Секретарь Алагөзов, директор Моргун, инженер Райхан. Алагөзов ерсілі-қарсылы жүріп тоқтайды.

Алагөзов. Жолдас Федор Трофимович, жоспарланған жерді түгелдей жыртпай, мал жайылымы үшін жер үнемдеу — бүгінгі күнгі тың көтеру деген ұлы ұранымызға керекар қайшы әрекет. Ана Жамантұз, Қойтас жағына әлі боразда түспеген. Совхоз техникасының тең жарымы Тұғыржаптың ақ тасын тасумен жүр. Машина былай тұрсын тіркемелі тракторларды жегіп қойыпсыңдар. Бұл үшін мәселелерің бюрода қаралады.

Р а й х а н. Жұмыс былай да бастан асып жатқанда бюроға уақыт жібермей, кейбір түсініксіз жайларды осы арада шешуге болмай ма?

А л а г ө з о в. Не түсініксіз, бәрі де түсінікті. Жоспарланған істің бірі істелмеген. Бұларың қылмыс, директиваға қайшы келіп отырсындар!

М о р г у н. Жамантұз бен Қойтасты қайтсеңдер де жыртыңдар деген директиваны оқыған жоқпын. Ғапу етіңіз, Сіз жалпы директива мен жергілікті жоспарды шатастырмаңыз. Кейбір шалағай жоспарларды жер ыңғайы, жұмыс ыңғайы көтермейді, Нургалэ Алагузович.

А л а г ө з о в. Мысалы?

М о р г у н. Әлгі айтқан жерлеріңіз егістікке құнарсыз, шақатты, кей тұсы ащылы жер.

А л а г ө з о в. Оны ауданда неге айтпадыңыз?

М о р г у н. Ұлан-қайыр жердің ерекшелігін біле беру әзір мүмкін емес, сондықтан бұл араның табиғат сырына қанық тәжірибелі адамдарды тыңдауға тура келеді.

Р а й х а н. Ол жерлер егістікке жарамсыз, малға ғана қолайлы жерлер. Боразда салдырмаған мен.

А л а г ө з о в. А, тәжірибелі адам деген Сіз болдыңыз ғой. Жоспарланған басқа жерлерге боразда салдырмаған да сіз шығарсыз?

Р а й х а н. Иә, мен!

А л а г ө з о в. Себеп?

Р а й х а н. Тың жер ұшан-теңіз дария. Дарияны да үнемдемей ысырап етсең, лайлайсың, сарқып аласың. Ен даланы көшеге дейін жыртып тұқым сеуіп, ертең жайқалып шыққан астықты түгел ала алмай қар астында қалдырсақ — ол қылмыстың қай түріне жатпақ? Әзір егу оңай да, жинау қиын. Айту жеңіл де орындау ауыр, жолдас Нұрғали Алагөзович!

А л а г ө з о в. Сіз осы инженерсіз бе, директорсыз ба? Совхозға Сіз жауап бересіз бе, әлде...

М о р г у н. Егер дер кезінде астық жиналмай жатса, инженер де совхоз директорымен бірдей жауап береді.

А л а г ө з о в. Сіздер, татар халқының әзілімен айтқанда, «тумаған баланың фітиясын қалай береміз!» деп қорқады екенсіздер.

Р а й х а н. Сол себепті де алдымен жұмыс атқаратын тұрақты кадр мәселесін бірінші жоспарға қоямыз. Ол үшін совхоз еңбекшілерінің тұрмысын, яғни баспанасын, балалы адамдарға детсад, мектеп салу мәселесін ойлап, алдымен жұмыс жүйесін жолға қоймақпыз. Әлгі

Тұғыржаптың тегін тасын тасыттырмауымыздың себебі де осы.

Алагөзов. Сіз совхоздың құрылыс инженері де екенсіз ғой?

Моргун. Совхоз парторгі, қажет жерде, совхоз архитекторы да болады.

Алагөзов. Ә, онда *(Райханға қарап)* көрегендігіңізді аудан басшыларына, бюрода қаулы алған кезде неге айтпадыңыз?

Райхан *(күліп)*. Нұрғали Алагөзович, бюроға бұйралаудан бұрын, шаруашылықты жоспарлаған кезде шақырған жөн. Сонда сөз әрі әділ, әрі өтімдірек болмақ!

Алагөзов. Сіз жоғарғы жердің сөзінің әділдігіне, өтімділігіне күмән келтіреді екенсіз ғой.

Райхан. Сөзді олай бұрмаңыз. Сізге лайық емес. Онда отырғандар да адам, құбыжық емес, қорқытпаңыз.

Алагөзов. Көріскенше, директор жолдас! Инженер жолдас, Сіздің аяқ алысыңыз, жасырмаймын, ұнамайды. Ескертемін, байқаңыз, байқаңыз! *(Кетеді. Сыртта гүж еткен машина даусы)*.

Моргун. Райхан Сұлтановна, осы Алагөзов сияқты адамға жоқ нәрсеге түйткілдену, шаруашылықты қызмет деңгейімен ғана өлшеп, өзінен жоғары болса, байсалды сөйлесіп, өзінен төменге баяпар болу қандай лайықсыз? *(Пауза)*.

Райхан. Алагөзов ұзақ жылдар бойы жан аямай үздіксіз жұмыс атқарған адам. Өмір тәжірибесі мол. Әлі де халық үшін тынымсыз еңбек етуден танбайтын, талмайтын адам. Бірақ жұмыс басты боп жүріп, бір жақты кеткен. Ана Досановтай емес, Алагөзов мәдениеті де, білімі де келе-келе бұрынғы өзі шыққан қауымнан төмендеп қалғанын аңғармаған сияқты. Қауымнан төмендеу, уақыттан, заман тілегінен артта қалу. Қазіргі уақыт жасқаншақ, үркектердің, құрғақ бұйрықтың заманы емес, творчестволық ойдың заманы. Меніңше, Досанов сияқты жаңа уақыттың жаңа стильді басшылары көбейе бастаған сияқты. Олар Алагөзовтерге ермейді, Алагөзовтерді өз деңгейіне көтере алатын мәдениетті, білімді басшылар. Мен осыған қуанам.

5-КӨРІНІС

Көк майса дала. Далаға төгілген шуақты күннің нұры. Көйлегінің жеңін түріп, білегін сыбанған Қарасай, майкешең Халел, беліне дейін жалаңаш Дикәй бірінің соңынан бірі қатарласа, күнге шағылысқан шалғы жүзін жанып тұр. Алыста тырылдаған трактор, гүрілдеген машиналар үні.

Қ а р а с а й. Сәл дем алайықшы. Қартаяйын дегем бе, сендерге ілесе алмайтын болыппын, жүрегім қағады. Дикәй, сусын әкелші.

(Дикәй кетеді. Қарасай, Халел отырады).

Х а л е л. Осы бір тұстың шөбі ерекше, әке. Мына қарашы *(шалғыны сүрткен шөпті иіскейді)*. Бір уыс шөпте сан түрлі гүл аралас жапырақ бар.

Қ а р а с а й. Қайран дала шөбі жұпар емес пе, мұрын жарады. Тіршілікке қуат беретін асыл нәр ғой бұл. Қарашы әне, мың-мың көбелек, құрт-құмырсқа, инелік, шегіртке, тіпті кесірткеге дейін, бар жәндік, бар мақұлық осы шөп тамырынан қорек алады. Әттең, не керек, осы тіршіліктің бәрі ертең асты-үстіне келіп, қара топыраққа айналайын деп тұрған жоқ па? Ана дәрменсіз көбелектерге обал-ау.

Х а л е л. Осынша ұшан-теңіз даланың бәрі жыртылмайтын шығар.

Қ а р а с а й. Әй, қайдам. *(Дикәй әкелген сусынды мейірлене ішіп)*, кеше атпен біраз жерді аралап едім, сонау Қамысты көлдің жиегіне дейін айырып тастапты, бүкіл ауданның бар жері тас-талқан жыртылып жатыр. Ертең көбелек тұрмақ, тіпті тірі құсты көрмессің мына түрлеріне қарағанда...

Д и к ә й *(сыртқа қарап)*. Мына бір трактор қымыздың иісін сезген-ау, осылай қарай келе жатыр.

(Қарасай, Халел орындарынан тұрады. Трактор үні жақындай түседі).

Қ а р а с а й. Ау, өзі жалпақ жонды жосылтып жыртып келеді ғой.

Х а л е л. Ана қара, жолды да айырып өтті.

Қ а р а с а й. Есі дұрыс емес шығар. Ай, остановись, постой, атаңа нәлет, токта, постой. *(Сыртқа ұмтылады да, шегіншектейді. Трактор үні тура түбінен келіп тоқтайды. Шалғысын көтеріп Қарасай тұр, алдынан тракторист Дерягин шығады).*

Д е р я г и н. Старина, шалғыңды тарт, немене, адам

шабайын деп пе едің? Одан да сусындарың бар ма, әкел. *(Дикәй қалбалақтап қымыз береді, Дерягин аяқты басына көтере сіміріп қояды).*

Дерягин *(аузын жеңімен сүртіп).* Ал мына жерден тайып тұрыңдар.

Қарасай. Ол ненің ақысы?

Дерягин. Кім сендерге бұл жердің шөбін шап деген?!

Қарасай. Оны сенен сұрай алмадық. *(Дерягин тағы қолын созады. Дикәй қымыз құя бергенде, аяқтағы қымызды Халел алып торсыққа қайта құяды).*

Дерягин. Әй, немене, қазақтар қонақжай болады деуші еді, сендердің сорттарың бөлек екен. Қане шалғыларыңды алып жөндеріңді табыңдар, кешке дейін бұл араның тас-талқанын шығарамын. Старина, бұл шабындықты енді түсінде ғана көресің. Екі сағаттың ішінде бұл орында «Қара теңіз» толқынданып жатады.

Халел. Ай, жолдас.

Дерягин. Иә, мен — жолдас Василий Алексеевич.

Халел. Бұл арада шаруаң болмасын. Басқа жерді жыртсаң да жетеді. Көріп тұрсың ғой біз де ойнап жүрген жоқпыз.

Дерягин. Ойнап жүрген жоқпыз. *(Сақылдап күледі).* Сендер немене совхозға шөп шауып жүрсіңдер ме? *(Сес көрсетіп).* Давайте, кетіңдер. *(Тракторға қарай жүреді).*

Қарасай *(қарсы алдынан шалғымен тұра қалады).* Осыдан мына жердің бір түйірін аударып көр.

Дерягин. Неге аударамайын. Былай тұр, бүгінгі норма сенің бар шөбіңнен қымбат. *(Сыртқа қарап).* Ал, әне директор келе жатыр, Старина, сонымен сөйлес.

(Машина гүрілі жақындай түседі).

Қарасай. Халел, Дикәй, тұрмаңдар, шаба беріңдер. Қара бұлардың басынуын.

(Халел мен Дикәй шөпті сырылдатып шауып кете барады. Сыртта машина тоқтайды, Моргун мен Райхан келеді).

Моргун. Здраствуйте, ақсақал!

(Райхан басын изейді).

Дерягин. Федор Трофимович *(күліп),* совхоздың жаңа директоры табылды. Жердің қожасы мына шал екен ғой, «хозяйн страны» ха-ха-ха! Ал екі директор *(тракторға қарай бұрыла береді).*

Моргун. Тақ атпай ішіп алғанбысың? Вася, саған не көрінген?

Дерягин. Ішкеннен ешбір зиян жоқ, Федор Трофимович, айдалада ешкімді баспаймын.

Райхан. Ендеше бұдан былай қоятын боларсың. Сені ертеңнен бастап жүк машинасына ауыстырамыз. Шоферлер жетіспей жатыр.

Дерягин. Құп болады, инженер жолдас, паровозға ауыстырсаңыз да мейліңіз.

Райхан. Жарайды, жұмысыңа бара бер.

Дерягин. *(Сағатына қарап, Қарасайға)*. Старина, екі сағат срок!

(Кетеді)

Моргун. *(Қарасай берген қымызды ішіп)*. Не деген жақсы сусын.

Қарасай. Бұл дәрі, дәрі, жолдас Моргун.

Моргун. Дәрі?!

Қарасай. Иә, иә әлгі доктырлар дәрі атаулыны мына даланың неше түрлі шөбінен жасайды екен ғой. Білемісің, түнде басқа мал күйіс қайырып ұйықтап жатқанда, жылқы баласы көбінесе түнде оттайды. Ең қуатты шөп көтемдегі түнгі шөп, күндіз ол күн сәулесінен нәр алып, тамырына сіңірсе, түнде нәрді сол тамырынан алады. Міне сол кезде оттайтын жылқы сүті, басқа мал сүтінен ерекше. Ал осы сендер, сапаның сары даласын бас-көзге төпелеп айда-ап жатырсыңдар, сонда, осы мал қайда жайылмақ?

Моргун. Қареке, Сіз мына жерге бекер шалғы салғансыз. Бұл ара бүгіннен қалмай жыртылатын жер.

Қарасай. Әй деректр, бұл — жазда шауып алатын нағыз мәйекті жерім... шабындығым, бұдан басқа ұланқайыр жер жетпеді ме?

Моргун. Кімнен рұқсат сұрадыңыз?

Қарасай. Оу, өз иелігімдегі ұлтарақтай жер үшін де рұқсат сұрауым керек пе?

Райхан. Енді Сіз ие емессіз. Бұрын бос жатқанда шаптыңыз. Енді бұл араға егін егіледі. Бұл — совхоз жері.

Қарасай. Е-е... солай екен ғой. «Кірмей жатып төр менікі, келмей жатып жер менікі», деген сөз бар еді-ау о заманнан бері, о заман-ай!

Моргун. Солай ақсақал, мына жатқан шөбіңізді тез жинап алыңыз. Бүгін кештен қалмай бұл төңірек тү-

гел жыртылады. Сіздің шаруашылығыңызға қарап отыра алмаймыз. Сау болыңыз.

(Моруғн, Райхан кете береді.)

Р а й х а н *(қайырылып)*. Ана жүрген Жәлел ме, Халел ме?

Қ а р а с а й. Халел ғой.

Р а й х а н. Апырай, дырдай жігіт болыпты-ау.

Қ а р а с а й. Жәлел қайтыс болған.

Р а й х а н *(үрейлі)*. Сол-ай ма? Қайырын берсін! Ал мына Халелді жұмысқа бермеймісің?

Қ а р а с а й. Райхан, алақандай жерімді де тартып алдың, енді балама ауыз салма! Жақында кетеміз бұл арадан, жарқыным. Жұғыспа бізге, алма мазамызды! *(Райхан кете барады)*. А-а, Мұқат, алаулы отыңа салып ең, енді күйігіңді тартатын мен ғана болармын. Зауал төне бастады басыма. Көрешегім алдымда екен ғой. Сен алдын ала болжаған екенсің! *(Шалғысын лақтырып жібереді. Халел, Дикәй келеді. Үнсіз)*. О, жасаған туған топырағымнан енді бір саржын көр де бұйырмайтын шығар. *(Ессіз күліп)*. Жаңа қожалар, жерді өлшеп-пішетін жаңа қожалар, жер иелері келіпті. Оу, жер иелері, оу жер иелері, пұрсат беріңдер, күзге дейін. Көшеміз, кетеміз бұл арадан. Көшеміз күзде!

Д и к ә й. Қайда, ағатай?

Қ а р а с а й. Аспан асты кең. Дала бөрісі де тыныштығы бұзылса, мекенін тастап жер ауады. Көшеміз, көшеміз!

Х а л е л. Сонда біз де бөрі болғанымыз ба?

Қ а р а с а й. Басыңа күн туса, бөрі түгілі ит боп кетерсің!

5-КӨРІНІС

Түн. Қара жыртынды. Алыста «Қос анар» белінің ығында анда-санда күн жарқылдайды. Ол кезде қос анар дірілдеп, алып денеге жан біткендей қозғалады. Үстіне комбинезон киген біреу жан ұшырып жүгіріп шығады да, ышқына айғай салады. Даусында үрей. Бұл — Тамара.

Т а м а р а. Ах-ах-ей, а-а-а-й!

Д а у ы с а л ы с т а н. Аһ-ай-аһ-ей-аһай!

Т а м а р а *(қос қолымен аузын көлегейлеп)*. Ах-ха-ха-ха-эй! *(Сәлден соң Халел келеді, қолыңда жүген)*.

Тамара *(шошынып)*. Сен кімсің, неғылған жансың? *(Шегіншектей береді)*.

Халел. Сен бе айғайлаған, не боп қалды?

Тамара. Кетіңіз бұл арадан!

Халел. Өй, мынау қайтеді. Әй, қыз, өзің емес пе жаның шыққандай айқайлаған.

Тамара. Айғайласам, мен сені шақырғам жоқ, кетіңіз. Әйтпесе тағы да айқайлаймын, бақырамын!

Халел. Немене, мені қуайын деп пе ең? Кең жерге сыймасаң өзің бар, о несі-ей?! *(Жақындайды. Тамара жан даусы шыға шегіншектейді)*. Ха-ха-ха! Тамара, Тамара!

Тамара *(әлі де үрейленіп)*. Сен кімсің өзі?

Халел *(қуанып)*. Мен Халелмін... Халел!

Тамара *(күліп)* Халил. Сен Халилмісің?! Кешір Халил, мен танымай қалдым.

Халел. Ой, қыздар деген, сендер бақырып қорқытуға шеберсіндер.

Тамара *(жүрегін басып)*. Ой, как страшно! Халел жүрегім жарылып кетер ме деп ем. Әлі дірілдеп тұр.

Халел. Соншама не болды?

Тамара *(фуфайкасын шешіп)*. Қазір, қазір, жүрегімді басайын *(фуфайкасын жерге жазады.)* Сәл отырайықшы.

Халел. Жер таза ғой қайтесің.

Тамара. Таза болғанмен шық бар... Әлде майлы фуфайкадан жиіркенемісің?

Халел. Жо-жоқ, *(екеуі фуфайканың үстіне шық тақастыра отырады)*.

Тамара *(кеудесін кере дем алып)* Халил, жаңа мен бір сұмдық нәрсе көрдім.

Халел. Иә!

Тамара. Сонау алыстан оралып келе жатсам, жыртындының үстінде бір нәрсе ағараңдайды. Жақындап келіп тракторды тоқтаттым. Аударылған қалың қыртыстың бауырында домалақ ақ тас жатыр. Бұл араға тас қайдан келген? Не де болса кабинаға салып алайын, кейін бидай сепкенде бөгет болар деп, әлгі тасты көтерсем, жеп-жеңіл. Трактордың жарығына келгенде жүрегім үзіліп түсе жаздады. Басым айналып, әлгі заттың қолымнан қалай түсіп кеткенін байқамадым.

Халел. Иә, не екен ол? Тас па?!

Тамара. Тас емес, бас!

Халел. Бас?! Неніц басы! Жылқының басы ма?!

Тамара. Жо-жоқ! Адамның басы! Бас сүйек. Екі көздің үңірейген орны өзіме қадалғанда, ой Халил!

Халел. Қәне, қай арада? *(орнынан тұра береді).*

Тамара. *(Халелді иығынан басып).* Кейін мен жүріп кеткен соң аларсың. Сен келмегенде не істерімді білмейтін едім. Мына қап-қараңғы дала да әлгі көздей үңірейіп, төрт жағымнан бірдей тесіліп, жұтып қоятындай. Совхозға қарай жүгірейін десем, сүйегі салдыраған Қащей секілді әлдебіреу бас салып ұстап алатын сияқты көрінеді... Ал, Халил, сен түн ішінде неғып жүрсің?

Халел. Жылқы бағып жүрмін.

Тамара. Жылқы? Кімнің жылқысы?

Халел. Өзіміздікі.

Тамара. Өзіміздікі? Қанша?

Халел. Он шақты жылқы құлындарын қоспағанда.

Тамара. Не деген көп!.. Оны енді түнде неге бағасың, күндіз жібермейсіндер ме?

Халел. Болмайды. Жылқы малы түнде оттайды. Күндіз ыстықта ағаш арасында саялап тұрады. Түнде қасында жүріп, жаймаса, ұзап кетеді. Және кім біледі, далада қасқыр да бар.

Тамара. Да, Халел, айтқандай жақында мен қасқыр көрдім. Өмірімде бірінші көруім. Осы арада апаны бар екен. Біздің трактористер төрт күшігін ұстап алды. Екі-үш күн осы маңда ұлып жүрді. Қазір жоқ, басқа жаққа ауған-ау. Бірақ қайда барып паналайды. Аяныштыə! *(Халел ойланып қалады).* Қарасайдың үні: «Дала бөрісі де тыныштығы бұзылса, мекенін тастап жер ауады. Аспан асты кең. Көшеміз, көшеміз!» Халел үні: «Сонда бізде бөрі болғанымыз ба?» Қарасай үні: «Басыңа күн туса, бөрі түгілі ит боп кетерсің».

Тамара. Халил, неге үндемей қалдың?

Халел *(шошып оянғандай).* Иə, иə! Ескі апан. Білем, білем. Қасқырлар... дала тіршілігі қызық, Тамара ə?!

Тамара. Романтика, Халил! Мен алғаш тракторға отырғанда мына мидай далада ішім пысып, жарылып өлермін деп қорқып ем. Қазір оны ойлауға мұрша жоқ... О, Халел, егер сен тракторист боп көрсең, *(тізесін құшақтап аспанға қарайды).* Ала көбеде мың-мың шырылдаған бозторғайлармен бірге тұрып, шық басқан даланы трактор үнімен дүр сілкіндірген кезді ойласаң. Жалпақ жонды тіліп, алға қарай ұмтыла бересің, ұмтыла бересің! Артыңда толқындай боп қара қыртыс қала береді.

Көбейе береді. Көбейген сайын жырта түскің келеді, молайған сайын тоқтағың келмейді. Рас айтамын. Әбден көзіңе ұйқы тығылғанда барып, бір-ақ тоқтайсың. Кейде осы айдалада ұйықтап қаламын. Күні бойы құлақ тұндырған мотор үні кілт сөнгенде, бүкіл әлем тым-тырыс болып, төңкерілген аспан алыстағы қыраттар, төбелер маужырап бәрі саған қарағандай болады. Сен сал-сал болған денеңді жазып, дымқыл жер иісі шыққан қалың шөпке фуфайканы төсеп жата кетесің. Түнгі дала да жүрегі соғып, сенімен бірге дем алып жатқандай болады. Содан кейінгі ұйқы не деген тәтті. Тіпті ондай кезде сіркіреген жауын астында да тамаша дем алып, сергіп тұрамын... Дала өзіннің туған үйің секілді де, сен соның қожасы секілдісің...

Халел *(сыртқа қарап)*. Мына бір машина адасып жүр-ау. *(Машина жарығы бұлардың бетіне бірде түсіп, бірде түспей құбыла береді)*.

Тамара. Жол таба алмай жүр ғой, тегі. Біздің кейбір трактористер жолдың екінші жағына өтерде соқа тілін көтеруге ерініп, бірге жыртып жіберетін көрінеді. Кеше Райхан Сұлтановна сол үшін біраз адамды қатты ұрысқан. *(Гүр етіп капоты сахнаға жартылай шығып тоқтаған машина моторы кілт сөнеді де, жап-жарық фары Тамара мен Халелдің бетіне түсіп тұрады. Бұлардың қасына еңгезердей Дерягин келеді)*.

Тамара. *(Жарықтан жасқанып)*. Фарыңды сөндірсейші!

Дерягин. Немене, ұяламысыңдар. Ұрлық жасап жатырсыңдар ма?!

Тамара. Тағы да ішіп алғанбысың?

Дерягин. Сенің ақшаңа ішкем жоқ.

Халел *(әңгімені бұрып)*. Жолдан адасып жүрсіз бе?

Дерягин *(ызалы күледі)*. Жоқ, көжегім, жаңа бір дала қоянын қуам деп зыкым шықты. Қорқақ неме көзі жасаурап, жарықтан шыға алмай, машина астында бұғып қала береді. Ақыры жыртындыға түсіп құтылып кетіп еді, сөйтсем Тамараның бауырына тығылған екен ғой.

Тамара. Халел, жүр, трактор кабинасына барып отырайық. Жауын жауайын деп тұр ма қалай? *(Олар тұра береді)*.

Дерягин. Бұл әлі бұлт қой түйілген. Әзір жаумайды. Үрікпеңдер, әлде сен қорқамысың, көжегім. Әй, тұра тұрыңдар! *(Екеуі бөгеледі)*.

Дерягин. Әй, көжек, Тамара жер жыртып жүр, сен мұнда не жыртып жүрсің?

Халел. Онда не шаруаң бар.

Дерягин. Оһо, қарай гөр, степной орел. Шаңқылдайды өзі!

Тамара. Вася жетеді енді, ұялсайшы.

Дерягин. Кімнен? Мына сопляктан ба? Әй, көжек, жүр машинаның алдына түсіп көдемен зыт, қарыныца прожектордың ізін қалдырайын.

Халел. Кел, мына жүгенді салып, біраз тақымымды жазып алайын! *(Дерягин жұдырығын түйіп, жақындай түседі).*

Тамара *(Халелдің алдына тұрып)*. Жақындама!

Дерягин. Немене, оның жұқпалы ауруы бар ма? Әлде жылан ба шағып алатын? Аһа, түсіндім: саған ұнап қалған екен, қорға, қорға!

Тамара. Жетті енді! Егер бұлай күн көрсетпейді екенсің, ертең кетем бұл арадан.

Дерягин *(бөгеліп)*. Әй, көжек, бұл менің әлі түнергенім ғана. Егер шын жаусам, төпелеген бұршақ астында қаласың. Айдалада қыз аулайтын неме екенсің, түсерсің қолыма бір. *(Кетеді).*

Тамара. Қорқытпа, бұл да сендей жігіт! *(Машина гүрілі — Дерягин кетеді).*

Халел. Бұл неғылған аумесер!

Тамара *(көз жасына булығып)*. Менің ағам, кешір Халел.

Халел. Ағам деймісің! Тамара, мен ендеше...

Тамара. Ештеңе етпейді. Оған сол керек. «Тыңға барамыз, бірге еңбек етеміз» деп алып келіп еді, енді кейінгі кезде мінезі мүлдем өзгеріп барады. Көрінгеннен қызғануды шығарды. Анада екеуіміз танысқан күні, ұзақ биледік қой. Сол күні құлағымның етін жеді. Жаңа сені таныды... Жақында ұрсысып қалдық. Бір палаткада тұратын ек. Мінезіне шыдай алмай аспазшы әйелдердің бөлмесіне кеттім. Содан бері жиі ішетін болыпты...

Халел. Тағы біреу келе жатыр. *(Машина жарығы)* Вася емес пе?!

Тамара. Енді ол шын соқтығуға келе жатқан болар!

Халел. Онда кетейін.

Тамара. Қорқамысың?

Халел. Жо-о-оқ, әншейін... жарайды. *(Жақында*

машина үні де, фары да сөнеді, бұлардың қасына Райхан келеді).

Райхан. *(Халелді көрмегенсіп)* Тамара, бұл не тұрыс, тракторың сынып қалған жоқ па?

Тамара. Жоқ, Райхан Сұлтановна, жаңа... жаңа... Халел әлгіні алып келші *(Халел кетеді)* Райхан Сұлтановна сіз анау ескі мола, ескі жұртқа соқа салмаңдар деп ескертіп едіңіз ғой. Мына арада мола да, ештеңе де жоқ сияқты еді, жер астынан адамның қаңқасы шықты.

Райхан. Қаңқа?

Тамара. Иә, Райхан Сұлтановна. Зәрем ұшты.

Райхан. *(Мән бермегенсіп).* Жер боп кеткен көне зираттың орны ғой, тегі. Оны жалғыз үй қасындағы молаға көмдірерміз. Жәрәйді. Ал соляркаларың қалай?

Тамара. Кейде мезгілімен жетпей қалады.

Райхан. Бүгін көп темір бөшкелер алдырдық. Енді соляркаға тапшы болмайсыңдар. Ал лемехты айналымдарда троспен көтеріп көрдіңдер ме?

Тамара. Көтеруге болады. Бірақ ауыр Райхан Сұлтановна!

Райхан. Соны бәрі айтады. Жақында рычаг орнататын болдық. Былай да адам жетпей жатқанда, прицепщиктің орнын бір-ақ адам атқарса, ол үлкен жаңалық емес пе!

Тамара *(алысқа Қос анар беліне қарап).* Райхан Сұлтановна, ана Қос анар шынында да әйел адамның кеудесі сияқты. Ол туралы бір ақыз бар деп едіңіз. Айтыңызшы.

Райхан. Ә, әлі ұмытпаған екенсің ғой. Кішкентай кезімде әкем айтушы еді. Ертеде осы арада төбесімен бұлт тіреген, аяғымен жер тіреген алып ана болыпты. Бұл жердегі адамдардың бәрі соның балалары екен. Ол шашын тарап, өргенде, осы төңіректе күн орнайды екен де, мақпал қара шашын жайғанда, түн орнайды екен. Бәрі ананың ақ сүтімен қоректеніп өмір сүріпті. Күндердің күнінде ана қартайып, көз жұмар алдында, балаларына: «Ал мен бұл дүниеден кетемін. Сендерге қорек болған қос анарым тасқа айналмақ. Енді сендерді емізе алмаймын. Мен жатқан жерге егін егіп, мал жайып еңбек етсеңдер, аналарыңның тас емшегі тағы да жібіп нер» деп өсиет қалдырған екен. Ана сұлап жатқан бнік бел сол Ана деуші еді әкем марқұм...

Т а м а р а. Райхан Сұлтановна, мұныңыз аңыз емес, шын болған оқиға сияқты екен.

(Қолында бас сүйек Халел келеді).

Х а л е л. Міне, Тамараны қорқытып жүрген бас.

Т а м а р а. Райхан Сұлтановна, мен кеттім.

(Кетеді)

Р а й х а н *(басындағы орамалын шешіп Халелге).* Мә, мынамен орап ал, ана ескі жұрт қасындағы зиратқа көмерсің. Басына белгі қоюды ұмытпа.

(Кете беріп, қайта бұрылады).

Р а й х а н. Айтқандай, сен бұл арада түнделетіп неғып жүрсің?

Х а л е л. Жылқы бағып...

Р а й х а н. Одан басқа не кәсібің бар?

Х а л е л. Не кәсіп? Не кәсіп болушы еді?!

Р а й х а н. Сен Жәлелдің інісі Халел емессің бе?

Х а л е л. Иә! Жәлелді де білетін бе едіңіз?

Р а й х а н. Соқталдай жігітсің, «не кәсіп» деп менен сұрайсың. Неге совхозға жұмысқа тұрмайсың. Үйіңе шөп шабасың. Меншікті жылқыңды бағасың. Машинаңа міністіп алып, ерсілі-қарсылы сенделіп жүресің.

Х а л е л. Көпсінсеңіз, жақында көшеміз. Біржола көшеміз.

Р а й х а н. Жылы жер іздеймін де... Ол ана шал айтатын сөз. Саған ұят емес пе! Не айтып тұрсың?!

Х а л е л. Келмей жатып мына кең даламыздың аяндай жерін көпсіндіңдер. Кеше мына целиниктер «хозяйн страна» деп кекетеді.

Р а й х а н. «Хозяйн страны» деген оңша ақылды адамдардың сөзі емес. Бірақ сені кекеткендері дұрыс екен.

Х а л е л. Сонда қалай? Мен хозяйн емеспін бе?

Р а й х а н. Жоқ.

Х а л е л. Мәссаған, сонда сіздіңше туған жеріме иелігім жоқ екен ғой *(ызалы күледі).*

Р а й х а н. Бұл жерде ит те, құс та, қасқырдың бөлтірігі де туады.

Х а л е л *(сөз таба алмай, булығып).* Қызық екен.

Р а й х а н. Олар мидай далада тегін су ішіп, тегін жеміс жеп күнелткен бақа-шаян, тышқандар мен суырлар, қасқыр мен құстар. Ал сен де тегін шөпті шауып, тегін суды ішкеніңе мәзсің.

Х а л е л. Қызық екен!

Р а й х а н. Ана қолыңдағы кімнің сүйегі? Білемісің?!

Халел. Көмусіз қалған бірсудің басы шығар.

Райхан. Иә, көмусіз қалған... Сенің мына далада етек-жеңінді кең салып еркін көсіліп жүргенің соның арқасы. Ол сенің ата-бабаңның басы. *(Енді екілене сөйлейді).* Атыраудан Алтайға, Қаратаудан Арқаға дейін көсілген қазақтың қасиетті жері үшін ындыны құрып, көздері қанталаған сұғанақтар талайдың басын жалмаған, жүрегін қалқан етіп, ұрпағына мұра етер жері үшін талайдың басы осылай көмусіз қалған. Жер қожасы, жер иесі алдымен солар. Бұл дала нені көрмеген дала, неге белі қайыспаған қайран қара жер. Жеті ағайын жұтты да, алты ағайын аштықты да көрген жер. Ұрпағын жетілтем, перзентін өсірем деп жер тырмалап, егін егіп, талайлар сол аштыққа да ұрынған. Жер иесі, жер қожасы солар. Мүмкін сенің қолыңдағы солардың бірінің бас сүйегі шығар. Сол ата-баба, әкелер, мұраға қалдырған мына кең далаға кім қожа, білемісің Халел! Кеше ұлтарақтай жердің шөбін шаптырмады деп торсаңдайсың. Егер не бола білсең, мына байтақ дала сенің жерің емес пе? Қазір сен қожа емессің бұл жерге. Сен сатып алған машинаңа ғана қожасың. Өйткені оны жуасың, майлайсың, сынса жөндейсің, Мына туған даланың ондай еңбегіңді сіңірдің бе? Бір түп ағаш отырғызып, оны мәпелеп, не егін егіп маңдайың жіпсіді ме? Әне, жаңағы қаршадай қыз сонау Москва облысынан келіп, түн ұйқысын төрт бөліп жанын салып еңбек етіп жүр. Ана отырған үйің Малжан байдың үйі. Одан қалған азбыншы байлық Қарасайға азық болды. Қарасай саған азық, сені асырады. Бірақ ол сенің ұрпағыңа азық бола ма? Тыңда Халел, ренжіме, мен саған азамат деп ақыл айтам, балам деп ұрсып айтам.

(Шертпе күй).

Мына сен жылқы бағып жүрген жер ескі егін орны. Бұдан талай жыл бұрын нан үшін еңбек еткен адамдардың көз жасының белгісіндей иен даланың бір бүйірінде түскен қара дақ, тусыраған тұлдыр жер. Содан бері қанша жыл өтпеді... *(Күй үзіледі. Сыртқа қарап).* Мына бір аттылы кім болды?

Халел. Әкем ғой.

(Сырттан тыр-тырлаған Қарасайдың үні).

Қарасай *(сырттан).* Ау, қайда жүрсің. Зым-зия жоқсың. Жылқылар қайда?

Халел. Мына бір тұста ескі жыртынды бар екен ғой. Соның қалың курайын ащылап, шықпай қойды...

Қ а р а с а й. Ә, мынау сол тұс па еді? Енді үйге қарай жаярсың.

Х а л е л. Әкс бұл жақта да бұрын егін еккен екен-ау. Қашан жыртқан бұл араны?

(Қарасай келеді).

Қ а р а с а й. Атам заманда... *(шошынғандай)*. Ә, мұнда Райхан да бар екен ғой. Сұра, сұра Райханнан! *(Жаңағы шертпе күй баяу ғана қайта жалғасады. Авансценаның бір бұрышында Райхан, екінші бұрышында Қарасай. Екеуі де пистолет жарығында. Бұл екеуінің сөзі репродуктор арқылы беріледі де, сөз жүйесіне қарай сахнада оқиға жүріп жатады).*

Р а й х а н. Сен әлі сыр ашпаған екенсің ғой... Неге үндемейсің, Қарасай. Мүмкін өзің айтарсың. Әлде ұмытып қалдың ба? Тым құрмаса балаларыңа шет-жағасын естіртсең етті. Онда мен есіне салайын.

Қ а р а с а й. Білем. Есімде. Бұл араға алғаш құрылған «Жаңа талап» колхозы егін салғансыңдар, сен басқарма болатынсың.

Р а й х а н. Иә, сен сол кезде де осы күнгі тозығы жеткен жапандағы жалғыз үйде іргең бөлек, жеке отыратынсың.

Қ а р а с а й. Жеке отырмағанда қайтейін, артынан жазықты сиырдай бәрің мүйіздеп, аластап едіңдер ғой. Өңкей сіңірі шыққан кедей-кепшік жиналып, жібі түзу сайман көліктердің де жоқ, желіндеп тұрған сиырларыңа дейін соқаға жегіп, аядай жерге екі-үш қап тұқым сіңіргенсіңдер. Ауыздарың ақтан қағылып, көр-жерді талғажау қып, өлмешінің күнімен күзгі бидайға сүйретіліп жеткенсіңдер.

Р а й х а н. Сол жылғы егінде бір тал арам шөп жоқ, жайқалып бітік шығып еді-ау! Соңғы күнге дейін ертең ақ нанға аузы тиер жұрттың қуанышында шек жоқ еді. Бар тілеуі егіннің үстінде.

Қ а р а с а й. Иә, егін орар алдында күннің ащызақ боп, пеш аузынан үрлегендей ыстық аптаптың соққанын да білем. Бидайларын қауызын жарып төгілгелі тұрған... Түнде жортуылдаған жауларың да көп еді-ау. Жаз бойғы еңбектеріне бір түнгі әрекет жеткен.

Р а й х а н. О, қасиетті дала, Қос анар. Сол бір түндегідей өмірімде ел қайғысына егіліп көрген жоқ шығармын... Мен шошып ояндым. Далаға ата шықтым. Көшеде ұлардай шулаған адам, азан-қазан. Аспан қып-қы-

зыл жалын. Жұрт жалаң аяқ, жалаң бас егінге қарай жүгіріп барады.

Қалың егін жанып жатыр. Шырт ұйқыдан тұрған қарусыз жандар айтпай келген апатқа бірі көйлегін, бірі шапанын сермеп, тілсіз жаумен айқасып, мидай араласып кетті. Әп-сәтте тажал өрт келгендерді орап алды. Аузынан от шашқан айдаһарлар мың бұралып, ысылдап, гүрілдеп жолындағыны жайпап, таптап, атой сап келеді. Шытырлап жанып жатқан егін бе, адам ба оны да аңғарып болмайды...

Айналасы бір сүт пісірім уақытта етегін ыстық жел көтерген өрт егінді тып-типыл етіп, бозға түскен соң, бойы кішірейіп, алысқа ұзап кете барды. Қарғаша салып та үлгіре алмаған жұрт қап-қара күлі шыққан егін орнына қарап мұңайып, қайсыбірі егіліп жылап тұрды *(іш киімдері алба-жұлба, қара қожалақ күл, тұла бойын от шарпыған, жалаң аяқ, жалаң бас адамдар түтігіп, әлде бір аяулысын арулап қойып қайтқан азалы жандардай, немесе кір кебінін сүйреткен аруақтардай екі шіні түсіп, мойындары салбырап, үн-түнсіз сахна ортасына келіп, әр жерде состиып тұрып қалады).*

Осы жалпақ жонның ұлтарақтай бір бұрышын тырмалап егін еккен елдің есіл еңбегі осылайша далаға кетіп еді. Жер емшегін емгісі келген алғашқы арманды осылайша өрт алған.

(Шертпе күй үдей түседі. Қолындағы бас сүйекке қарап ойланып тұрған Халел жалғыз).

Бірінші бөлімнің соңы.

II Бөлім

I-КӨРІНІС

Алғашқы бөлімдегі күй сарыны. Күй әуенімен қосыла тың даласында жосылып жүрген трактор, машиналар гүрілі. Шуақты ашық күн.

Сахнаға жүк машинасының копоты ғана шығып тұр. Машина астында шофердің салаңдаған екі аяғы көрінеді. Халел сол аяқтан түртіп тұр.

Халел. Жолдас, жолдас! Дерягин сен бе?

Дерягин *(машина астында)*. Не керек саған?

Халел. Инженер жіберді.

Дерягин. Немене, қонаққа шақыра ма?

Халел. Сізге қағаз берді.

Дерягин. Соншама не боп қалды?!

(Машина астынан шүберекпен қолын сүрте, созалаңдау шығады. Бұл — Вася Дерягин. Халел екеуі де аңтаң бір-біріне үнсіз қарасып тұрып қалады).

Дерягин. Әй, көгершінім, то есть көжегім, сені мен бір жерде көрдім-ау деймін. *(Халелді майлы қолымен иегінен көтереді).*

Халел *(қолын итеріп тастап)*. Көрсең көрген шығарсың.

Дерягин. Тоқтай тұр, осы екеуіміз «әлі кездесерміз» деп, келіскен жоқ па едік?! Сен өзің уәдешіл жігіт екенсің.

Халел. Мына қағазды Райхан Сұлтановна берді.

Дерягин *(көкесін күліп)*. Немене дуэльге рұқсат алып келдің бе? *(Қағазды оқиды да, Халелге төнеді)*. Бұл — сенің сұрауың бойынша жазылған бұйрық па?

Халел. Қалай түсінсең де мейлің.

(Райхан келеді)

Райхан. Ә, таптың ба, Халел? Дерягин деген осы жігіт. Ең алдыңғы қатарлы шофер.

Дерягин. Райхан Сұлтановна, бұл не, надзиратель ма, әлде адвокат па менің қасыма қосатын?

Райхан. Вася, бұл жігіт өзінің меншікті машинасымен жүргелі бір жылдай болыпты. Бірақ жүк машинасын жүргізіп көрмепті. Бір айдай қасыңа алып стажировкадан өткізесің. Сосын право алып береміз. Күзде жиырма шақты машина алмақпыз. Адам тапшы екенін білесің. Бұл да совхозымыздың болашақ кадры.

Дерягин. Мен шофер дайындайтын оқытушы емеспін, Райхан Сұлтановна! Сосын осы бір баланы суханым сүймейді. Жалпы осындайларды көргенде ішіне шыбын түскен жылымшы шарап ішкендей боламын.

Райхан. Дерягин, сенің сұлу сөздеріңді тыңдап тұруға уақыт жоқ. Іске сәт! *(Кетеді)*.

Дерягин *(аз ойланып, Халелдің бас-аяғына қарап)*. Так, так... Ал, көжегім, біздің дуэль бір айға созылатын болды. Өзің, дегенмен, мені қалап алған жүрек жұтқан неме екенсің. Қане, бастайық стажировканы: Машина кузовінде шелек бар, отырғыш астында шүберек, алып кел. *(Халел әкелгенше)*. Үстіндегі киіміңді үйлену тойыңда киерсің. Мұнда тойға келген жоксыц. Енді, бұдан былай мына машинаны майлайтын, тазалай-

тын сен боласың. *(Халел шелекті әкеледі).* Ал қазір көжегім, анау көлге барып су әкел. Әрине, жаяу, жаяу! Тұра тұр. Мына радиаторды білесің ғой. Арақ ішіп көріп пе ең? Егер көрсең, суды радиатордың көмейіне лақылдатып құйма, кеңірдегіне сыздықтатып құй, әйтпесе шашалып қалады. Сосын мына шүберекпен, әрине, тағы да су әкеліп, машинаны жалтыратып жуасың. Жаратылысымда тазалықты жақсы көретін адаммын. Мен тамақ ішіп келгенше, осы жұмыс саған жете тұрады. Келісімен рейске шығамыз. болды. Сұрағың жоқ па?! *(Екеуі екі жаққа кете бергенде Тамара шығады).*

Тамара. Халел!

Халел. Тамара, сәлем!

Тамара. Иә, шелегің не, бензин алайын деп жүрсің бе?

Халел. Тамара мен жұмысқа орналастым.

Тамара. Да-а! Тамаша! Құттықтаймын. Ал, асығып барам! Кешке уақытың болса кел. *(Кете береді).*

Дерягин. Тамара!

(Тамара бөгеледі)

Тамара. А, Вася?!

Дерягин. *(Тұрып қалған Халелге).* Сен неғып тұрсың сөлбірейіп! Бар жұмысыңа. *(Халел кетеді).* Тыңшы құсап қайтеді.

Тамара. Аузыңа сыпайырақ сөз түспей ме? Ал, не шаруаң бар? Асығыспын...

Дерягин. Асықсаң, соңғы рет ескертемін, әлгімен кездескеніннің алды-арты осы болсын.

Тамара *(күліп).* Не? Жұмыстан қолы босамай ма? Менің де уақытым бола бермейді. Әйтсе де...

Дерягин. Тамара, мен қалжыңдайын деп тұрғам жоқ.

Тамара. Мен де қалжыңдап тұрғам жоқ. Шыным сол. Халел деген бір биязы, жақсы жігіт. Ұнатамын. Өздерің бір машинада істейтін болыпсыңдар ғой, байқауымша. Әлі өзіннің де көзің жетеді. Ал, қолың тигенде киімдеріңді алып кетерсің, жуып, өтектеп қойғанмын.

(Асығыс кетеді).

2-КӨРІНІС

Түн. Жалғыз үй. Қора іші. Шілтерлі шамның көмескі сәулесі. Сыртта селдете құйған нөсер үніне Қарасайдың сарнаған даусы ұласады. Қолында жалақтаған пышақ, білегін сыбанған, қолы қан...

Қ а р а с а й. Есіл мал, қор болған есіл мал! «А, жасаған, көрсетпегенің осы еді. Апандай аузын ашып, азуын салар тажалыңды үйде де, түзде де каптаттын! Менде не өшің бар еді?

(Үйден Жәміш шығады).

Ж ә м і ш *(баяу ғана)*. Батыр еке-ау, сенің бағусыз малыңды жарған құдай емес, аш қасқырлар емес пе, несіне таусыласың?

Қ а р а с а й. Дала қасқырына не жорық, жаңа туған бөлтірігінен айырып, тыныш жатқан мекенінен қуса, өшіккен бөрі ауызды малға салмағанда қайда салады?! Қазір бұл үйде де жаны ашитын тірі жан қалмай барады.

Ж ә м і ш. Бізге не істе дейсің? Ақбөпе баладан шыға алмайды. Дикәй байғұс қайтсін мына нөсерде...

Қ а р а с а й. Дикәй, Дикәй! Атасы басқа алапес, күні үшін жүрген жарымес, ол қай бір малға белі қайысып, жаны ашитын неме! Бұл мал жалғыз маған керек деп жүрген шығарсыңдар. Шәйнегің қайда, шәйнегің, су әкел жуатын!

(Жәміш кетеді. Екінші жақтан үстіндегі көйлегі малмандай, жалаң басынан су сорғалаған жалаң аяқ Дикәй келеді, қолында бишік).

Қ а р а с а й. *(Пышағын тастай беріп, қанды қолымен ұмтылды)*. Ә, келдің бе? Таптың ба қойларды, атаңа нәлет!

Д и к ә й. Таптым... Қамысты көлден таптым, ығып кетіпті. *(Күмілжіп)*. Әлгі... әлгі...

Қ а р а с а й. Не әлгі... Әй, әлгі, не әлгі!.. Тілің байланып қалды ма? *(Дикәйдің қолындағы қамшыны жұлып алып төне түседі)*.

Д и к ә й *(жыламсырап, жасқанып)*. Ағатай-ай. Енді... қасқарайып кетті. Түк көрінбейді, екі қара қойды таба алмадым, жоқ...

Қ а р а с а й. Өзің қайда жоғалып жүрдің?

Д и к ә й. Мен... мен... жауын күшейіп кеткен соң, ана целинниктерде бөгеліп қалдым: кино әкеліпті, ағатай.

Қ а р а с а й. Ә-ә, Халелдің желіккені аз еді, енді сен де солай қарай ауайын дедің бе? Мәһ, саған, мәһ саған!

(Дикәйді қамшының астына алады. Бүктетіле құлап, басын қорғаштаған Дикәйдің «Ағатай-ай, ағатайлаған» жалбарыныштыүні).

Қ а р а с а й. Мәһ ағатай, мәһ ағатай. Сен қалып ең енді басынбаған. *(Үйден жүгіре шыққан Ақбөпе атасын*

қағып жібереді де, қолындағы қамшыны жұлып алып лақтырып тастайды. Дикәй сыртқа тұра қашады. Жәміш те шыққан).

Ақбөпе. Не деген аяусыз, қатыгездік! Мал емес қой ол, адам ғой ол! *(Дикәйдің соңынан жүгіре жөнеледі).*

Қарасай. О, жасаған! Ақыры келіннен таяқ жедім. Баламның қойнына келін емес, келін емес, кесіртке салған екем ғой! Бұдан да алсаң етті ажалымнан бұрын!

Жәміш *(баяу ғана),* Батыр еке-ау, қойсаңшы, қарғана бермей, мына слина келгелі өзің баяпар боп барасың ғой. *(Гүрс еткен қопарылыс үні шығады).*

Жәміш. Астағпырал!

Қарасай. Әне! Бұлар енді жер үсті жетпейтіндей, жер астының тасын қопарып жатыр. Зираттарды қиратып, ата-бабаның сүйегін аспанға атып жатқан жоқ па? *(Тағы да қопарылыс).*

3-КӨРІНІС

Сырылдаған жауын. Анда-санда күн шатырлап, жарқылдайды. Минорлы шертпе күй сарыны. Бұтағы жапырақ жайған жалғыз ағаш. Жалғыз ағаштың діңін құшақтап, бүрісіп отырған Дикәй. Көйлегі қамшыдан айрылып-айрылып кеткен.

Дикәйдің қазіргі ойы, көңіл күйі ыңылдаған ән болып естіледі:

«Жалғыз ағаш, кімнен пейіл сұрайын,
Ағыл-тегіл көзім жасын бұлайын.
Жел өтінде қалтыраймыз пана жоқ,
Жетім күні осылай ғой ләйім!»

(Сырттан «Дикәй-Дикәй, Тұрсын, Тұрсын» деп айғайлаған Ақбөпе даусы естіледі де, аздан соң өзі келеді).

Ақбөпе. Мына жауында неге алысқа кеттің. Тоңдың ғой, ораншы *(жеңіл шапанын шешіп, үстіне жабады).* Сені үйдің маңынан, сырттағы мал қорадан іздеп таба алмаған соң, дәуде болса осы киелі ағашқа кеткен шығар деп ем... *(енді сөзбен жұбатқысы келгендей).* Анада бір-екі рет атай ренжіткенде осылай қарай кетіп бара жатқаныңды көріп едім...

Дикәй *(әлі де жыламсырап көзін сүртіп).* Ақбөпеш, қарғам, не айтайын саған. Мендей мүсәпірді мүсіркеген сені құдай мүсіркесін. Артымнан іздеп шығар кі-

мім бар? Бұл өмірден жоғалсам да орнымды жоқтар кім бар, қарғам! Мұңымды айтар, шағынар ешкімім де жоқ, ішімде жатқан ащы запыранды үнсіз жұтып, жүре берем. Анда-санда қайғыланып кеткенде іштегі шерді тарқатып кетер сырласым, мұңдасым осы жапандағы жетім ағаш.

Ақбөпе. Былтырдан бері бұл ара — менің де жиі келер орным.

Дикей. Білем, білем, қарғам. Бір-екі рет байқадым оны. Сен де жалғызсырайсың, түсінем.

Ақбөпе. Есінде ме, алдыңғы жылы Жәлел соңғы рет Омбыға мал апарып оралған жыл. Ана сары қопаның тұсында қасқырлар қамап болдырған атын жегенде, өзі қалың қарға омбылап осы қайыңға зорға жетсе керек. Түтеген боранда үйді таба алмады ма, дала кезген көп қасқырлар бұл арада да кезікті ме, ағаштың басына шығып өзін өзі байлап, көз ілдірсе керек. Бірақ сол көз ілгеннен мәңгі ұйқыға кетіпті.

Дикәй. Білем, білем Ақбөпе. Мен онда Халелмен ауданда едім ғой. Біз үсіп өлді дегенін ғана естіп жеткен ек...

Ақбөпе. Дала кезіп жүрген бір аңшылар көріпті. Әйтпесе жазға дейін ізсіз кетер ме еді қайтер еді.

Дикәй. Дәл соңғы жолы — көп жылқымен Омбыға жүрер алдында Жәлел бір түрлі қамығып, қайғыға түсті. Мал қорада отырып, «бұл не тіршілік, айдалада апандағы қасқырлардай елден, жұрттан жырақ өмір кешіп жатырмыз. Тым құрмаса қара жолдың үстінде де емеспіз. Қаладан қайтқанда үлкен жолдан бұрылысымен бұрынғы өз ізімді зорға табамын. Ай, сол жол бірді болмаса, бірде адастырар-ау. Жалғыздық болар менің түбіме жететін» деп өз-өзінен құлазып кетіп еді.

Ақбөпе. «Кетейікші, жұрт қатарлы еңбек етіп тіршілік етейікші. Мен көрген жалғыздықты Халел көрмесе екен, балаларым көрмесе екен», деп маған да шағынушы еді.

Дикәй. Жұмысқа тұрғалы, жұртпен араласқалы, байқайсың ба, Халел де бір түрлі есейген сияқты... Ақбөпөш, сен неге Халелмен бұрынғыдай ойнап-күліп жүрмейсің. Оның жазығы не? Бірің қайны, бірің жеңге кездеріндегі шуақты күндеріңе неге салқын көлеңке түсіресіндер?.. *(Пауза)*. Кешір, Ақбөпеш... Мен әшейін...

Ақбөпе *(күрсініп)*. Сен де көп нәрсені байқайды екенсің-ау. Жұрттың бәрі жаныңды жаралардай мазақ-

тап, келемеждегенде, түк түсінбейтін адамдай елемейсің, қабақ шытып ауырсынбайсың да... Соған қарап мен сені...

Дикәй. Елегенде не істеймін. Көп нәрсені білем деуден, білмеймін деуді үйренгенмін, сөз таластырып біреуді жеңер, не итжығыс түсер менде не қауқар бар. «Аяз би әліңді біл» деп әліптің артын күтіп жүре берем. Қайбір күйім тасып ән айтады дейсің. Іш қазандай қайнайды кейде, ән соны тасытпай, булық шығарып қоятын қазанның қақпағы тәрізді.

Ақбөпе. Мен сияқты артыңа қаранарың жоқ, неге кетпейсің бұл үйден.

Дикәй. Кеткенде қайда барам? Он жылдан бері бауыр басқан Халелді, сендерді қимаймын. Қалған өмірімде қайдан енді туыс іздеп, қайдан жақын табам...

Ақбөпе. Мені де қинап жүрген сол қимастық қой. Ең арты осы жалғыз ағашты қимаймын. Басында дәйім Жәлел отырған секілді. Жаңа үйленген кезде, күнде осы ағашқа келіп, басына шығып отыратынбыз. Біздің ең биігіміз осы киелі ағаш болатын. Жәлел көз жетер жердегі көлдерді, қорымдарды, шоқ ағаштарды, тіпті қыраттарға дейін көрсетіп, осы маңның ащы, тұщы суларына дейін тобылғы, жусандарына дейін таныстыратын. Өзі білетін моңғол, жоңғарлармен болған соғыстарды айтып, елін қорғаған батырлардың ерлікпен қаза тапқан жерлерін көрсететін. Кешқұрым екеуміз қосылып ән салатынбыз. Өлді деуге көңілім сенбейді. Жәлелім, *(ағаш басына қарап)*. Қатты бір сөзге келіп, түс шайыспаған, Жәлелім. Кешір, бүгін атаймен түс шайысып қалдық.

(Сахнада боран. Жалғыз ағаш баурында, бораннан ықтаған Жәлелдің бейнесі).

Репродуктордан. *Шертпе күй,* Ақбөпенің үні. Кешір, Жәлел! Халел екеуміздің арамыз баяғы қалпы. Ол інім ғой. Туған інімдей көрем. Ол да соны іштей түсінетін сияқты. Біз бір-бірімізді қимай жүрген бауырлармыз. Бірақ қанша қимағанмен тіршілікте біз жол айырығындағы адамдармыз ғой.

Жәлелдің үні. Сағап артар кінә жоқ. Тірі адам тіршілігін жасар болар. Жасыма. Басыр күндер менімен кетсін. Серпіл. Көппен аралас, ақылшың көбейеді, екеуміз бұл дүниеге киелі ағаштың биігінен ғана қараушы едік, енді алысты көруге талпын. Жолың ашық. Маған анда-санда келгенің де жетеді, рақмет Ақбөпеш!

4-КӨРІНІС

Қазандық. Жәміш от жағып отыр. Сырттан, үсті малмандай су, Халел кіреді.

Жәміш. Құлыным-ай, аман келдің бе? Мына құдайдың күні де бүгін селдетіп кетті ғой. Шешіпші тез, құрғақ киімдеріңді ауыстырып киші.

Халел. Апа, сағап цейлон шайын әкелдім.

Жәміш. Силоның не, қарағым-ау, ондай да бар ма еді.

Халел. Бағана совхозға автолавка келіп еді ауданнан, индийскийден артық дейді. *(Қойны-қоншынан көп шай әпереді)*. Апа, әкем үйде ме? *(қазандыққа қақтана отырады)*.

Жәміш. Әкең апа төр жақта тұлан тұтып жатыр. Осы үйді бүгін алапатымен көшіріп жіберс жаздады.

Халел. Иә, не боп қалды?!

Жәміш. Сұрама. Өзің де сезіп жүрген шығарсың. Күннен-күнге бимаза, күйгелек боп барады. Әлгі Дикәй байғұс соры қайнап таяқ жеп қалды. Үйден қашып кетті.

Халел. Қашып кетті? Мына жауын астында қайда паналайды *(орнынан ұшып тұрады)*.

Жәміш. Іздемей-ақ, қой, Ақбөпе алып келген болу керек. Сонда тығылып жатқан шығар. Келінге де бүгін шалдың тілі тиді. Күрең биені қасқыр тартыпты, құлынын жарып кетіпті, пышаққа ілікті. Екі қой жоқ... Айтқандай, жаңа түнделетіп құда да келді *(қоя қояды, төрден Қарасай сөйлей кіреді)*.

Қарасай. Әй, түкіргішім қайда? *(іштен Мұқат та шығады)*.

Мұқат. Ә, күйеу бала, аман ба? Өзің совхозға тұрам деп судан шыққан сарышұнақтай сөлбірейіп қалыпсың ғой. Машина жүргізеді деп еді, тегі көлеңкеде емес, сыртқы кобдида отыратып жұмыскер болдың ғой.

Жәміш. Е, жұмыс болған соң, бәрі бір емес пе? Әйтеуір киімдерінен ылғи жермай иісі шығады. Кім білген?

Қарасай. Отырсайшы, Мұқат. Не ана жаққа бармайсың ба, қазандықта не бар?

Мұқат *(қазандық алдында жатқан екі қиды қатарлап, үстіне отырады)*. Жарықтық, осы қидан артық отын бар ма? Қазандық астына қалап қойы-еп, мына Халел құсап өткен-кеткенді ойлап отырғаннан қызық нәрсе жоқ-ау. Бірақ шопрларда не ой болушы еді. Неше

рейс жасап, қанша ақша аламыз дегеннен басқа, ә? Айтқандай, Халел, осы сен қанша жалақы аласың?

Халел. Жалақы емес, еңбекақы деңіз.

Мұқат. Иә, иә, зря плата дейді Омбының мужықтары.

Халел *(күліп)*. Мыңтеңгедей «зряплата» аламын.

Мұқат *(ол да күліп)*. Мыңтеңге? Бір айдағы бар табысың сол ма? Жауынға малшынып, батпаққа малтығып, күні-түні тас тасып, тұла бойыңнан бензин исі мұңкіп, сасып жүріп табатының бір күнгі базардың түсіміне татымайды.

Қарасай. Бұл машина жүргізуші емес, машинаны майлап, тазалаушы. Шопр орыс жігіті.

Мұқат. Ее, е, орыс баласының артына мінгесіп жүр едім де.

Жәміш *(сөзді бөліп)*. Халелжан, күні-түні дүңкілдетіп жатқандары не осы, кейде тіпті терезе сылдырайды, тура іргеңнен ұрғылап жатқан сияқты.

Халел. «Апа ,ол бұл арадан, айналып жүргенде елу шақырымдай жердегі Тұғыржап қой. Соның ақ тастарын атқылап, жарып жатырмыз. Қасында тұрып көрсең, апа. Әке, ұмытып барады екем-ау, Моргун сол тастардан бір үйге жетерлік тас, шипр, басқа да стройматериал берем, жұмыс арасында үй салып ал дейді. Мына біздің ескі үйді күзде бульдозермен көшіреміз дейді. Бұл араға мастерской салмақшы.

Мұқат. Бос жатқан Тұғыржаптың тасын берем деді ме, жомартын қараш! Бульдозермен көшіретін бұл үй оның несін алыпты, қай атасы салып берген екен.

Халел. Құлайын деп тұрған ескі үйді сыпырып тастамағанда қайтеді? Бұл арадан екі көше үй тартылмақшы. Апа, жаңа салған үйлерді көрдің бе? Шіркін, саңғырап тұр!

Мұқат. Әй, Халел, сен де мал иесісің ғой. Мына қарағанда әкеңді енді малсыз-ақ асырайтын шаман бар. Мал бағатын тұр көрінбейді сенен. Қасқырлар жеп, талан-таражға түсіп тұрғанда малдарыңды түгел сатып алып, әкеңнің қолын біржола босатайын деп отырмын. Қалай қарайсың?

Халел. Сіздің малдарыңызды да талай жылдар бойы бағып беріп едік қой, енді саудаласпай-ақ сіз де бірер жыл қармыжысын қайтарарсыз.

Мұқат. Ғұмырымда мал жайлап көрген емен, Ди-

кәйді беріңдер. Мына әксеңнің не малын сатқысы келмейді, не Дикәйді бергісі келмейді.

Халел. Оны Дикәйдің өзінен неге сұрамайсыз?

Мұқат. Оның еркі сендердің қолдарында емес пе? Бар десе барады, барма десе бармайды.

Халел. Ол біреудің басы байлы құлы емес қой.

(Сырттан Ақбөпе мен Дикәй келеді).

Ақбөпе *(салқын ғана)*. Апа, самауырдағы су әлі ыстық шығар. Халел, жүр жуынбайсың ба. Қішкене қазан бос па апа, су қайнатайын деп ем.

Жәміш. Түн ішінде су қайнатқаны несі, тамақ ішіп жатпайсыңдар ма?

Ақбөпе. Дикәйдің көйлек-көншегін жуып берейін деп ем.

Мұқат. Ей, сендер сыртта естіп тұр ма едіңдер. Бәсе, өзіңді үйлендіріп, бір жеке үй ғып шығарайын. Ақбөпе ескі киімдерін жуып, әлек боп қайтесің. Өзім жаңа киім әперем. Әзірше бір киері болса жетеді.

Дикәй. Апа, ренжімейсіз бе?..

Жәміш. Қарғам-ау, қалай қиып жіберем сені?

Дикәй. Апа-ау, күнде келіп тұрам ғой.

Ақбөпе. Дикәй совхозға тас қалаушы боп жұмысқа орналасты. Жаңа директормен сөйлестік. Жатақханадан орын беретін болды.

Мұқат. Ә-ә, бұрын бұйығып жүріп күн көрген Дикәй едің, енді есебін тауып бұл үйден «Тикәй» болам де.

Жәміш. Қарғам-ау, ағатайыңның ашуланып жүріп қолы тиіп еді, өкпелеп қалдың ба?

Мұқат. Жетім қозы тас бауыр! Ащы таяқты қалай көтересін. Өз балаң болса, өзекке тепсең де кетпес еді.

Дикәй. Жетімдік таяғы одан да ащырақ, апа. Сол таяқтан құтылар ма екем. Бағымды сынап көрейін, апа. Ренжімеші, апа! Маған да осал тиіп тұрған жоқ. Ел қатарлы тырбанып көрейінші, ренжіме, апа!.. Ренжіме, ағатай!

5-КӨРІНІС

Түн. Жауын. Доңғалағы бір орында зырылдап батқан машинаның гүрілі. Мотор дырылдап, ыңылдап ышқынады. Сыртта Халелдің «алға, артқа, алға, артқа» деген даусы. Доңғалақ астында май балшыққа батқан фуфайка сахнаға кеп ұшып түскенде, машина моторы сөнеді. Бет-ауыздары салтақ-салтақ батпақ Дерягин мен Халел шығады. (Қолында күрек.)

Дерягин *(батпақ фуфайканы алып)*. Мынаны доңғалақ астына салғанбысың, ортан белінен батқан доңғалаққа бұл жұқ бола ма? Енді өзің жат доңғалақтың астына.

Халел. Осы маңда қолға ілігетін ештеңе жоқ. Бағана біраз тасты кузовта қалдыру керек еді.

Дерягин. Керек еді, керек еді. Одан да мына ащыға түспеу керек еді. Көз қайда? Сайрап жатқан жолды тастап, әдейі түстің бе, енді шығар машинаны. *(Өз басын өзі тоқпақтап)*. Саған баранкені сеніп берген мен ақымақ, мен ақымақ!

Халел. Совхоз алыс емес, трактор әкелейік.

Дерягин. Трактор?! Бұдан былай бір тракторды күнде машинаның үстіне тиеп жүрейік дерсің. *(Фуфайканы лақтырып жібереді. Халел жүгіріп барып алып келеді)*. Таста әрман, не қылған дүние қоңызсың. Енді кию-ге келеді деп отырмысың?!

Халел. Жудырып алам.

Дерягин. Басқа лыпаң жоқ па? Мә, менің пенжегімді *(шеше бастайды)*.

Халел *(фуфайканың өңірін ашып)*. Тамараның фуфайкасы еді...

Дерягин *(тістеніп)*. Тамараның?! Немене белгіге беріп пе еді?

Халел. Түнеукүні жауында плащымды тастап кетіппін, карьерде тоңарсың деп беріп еді. Алғашқы борозда салғандағы телегрейкасы ғой.

Дерягин. Енді сенің жүрегіңді жылытып жүрген телогрейке де. Ки онда, киіп ал. Әтір иісі шығатын шығар. Әлде Тамараның исі шыға ма?

Халел *(күліп)*. Тамара мұны кейін музейге қоям дейді. Өзіне берем... Шынында да кейін Алматыдан, не Мәскеуден тың өміріне арнап музей ашатын болар... *(екеуі де үнсіз)*.

Дерягин *(ызбарлы)*. Ана отырғыштың астындағы балтаны алып кел.

Халел. Балтаны? Оны қайтесің?!

Дерягин *(кекесін күліп)*. Сенің басыңды жарам. Бар, алып кел! Тез! *(Алысқа қарап өзіне өзі)*. Осы тұста еді ғой *(Халел жүгіріп барып балта алып келеді)*. Ал сен, көжегім, қалғып шұлғымай үйіңе барып ұйықта, әне совхоз көрініп тұр. Карьерге бүгін өзім-ақ барамын...

Халел. Жо-оқ, менің ұйқым ашылды. Әуелі маши-

наны шығарып алайық. Сосын тағы бір рейс жасаймыз ба?

Дерягин. Оған қам жемей-ақ қой. Бар! *(Халелдің қолындағы балтаны жұлып алып)*. Сосын... соңғы рет ескертемін. Тамараның қасына енді жуушы болма!..

Халел. Не... Неге?.. Біз, біз достармыз ғой, онда тұрған не бар?..

Дерягин. Білем, достықтарыңның түбінде не жатқанын. Ал Тамараға тісіңнің арасынан шығарсаң *(балтаны кезеп)* тура басыңды жарамын. Ол — менің болашақ әйелім!.. Енді түсінікті шығар?!

(Екінші бетке ширақ адымдап кете береді. Минорлы музыка әуенінде Тамараның баяу, мұңды үні) «Халел, ол менің ағам, кешір. Кейінгі кезде мінезі өзгеріп барады, ішетін болды. Жұмыс уақытында болмаса, басқа кезде көзінен таса қылғысы келмейді. Кейде жұмыстан пысынап келгенде, үйде шешініп тастап қалай болса солай жүрсем, жап үстінді, киін деп, зекіп тастайды. Бала күнімізде мені қасынан бір елі қалдырмай, көл жағасындағы құмда жалаңаш-жалпы күнге күйіп, асыр сап ойнайтын шақтар қандай рахат, кеңшілік уақыт еді. Енді ол екеуіміз де есейгенбіз-ау. Мен оның алдында өзімді әлі кішкентай қыз сияқты сезінемін. Ол? Жоқ, бір түрлі мінезі өзгеріп барады. Түсінбеймін...

Халел *(басын көтеріп алады)*. Түсінсем бұйырмасын. Әлгі не деп кетті: «болашақ әйелім?!»

(Жақыннан ағаш шапқан балта үні естіледі. Халел елегізіп). Бұл қай тұс? Мынау... мынау жалғыз ағаш тұсы ғой! Жәлелдің ағашы! Ва-а-ся! Ва-а-ся-я-я!

(Халел айғайлаған бойы жүгіре жөнеледі. Музыка. Жауын үні. Сахна қараңғыланып, қайта жанғанда жалғыз ағашты құлаштай шауып жатқан Дерягин. Халел жүгіріп келген бойда балтаға жармасады. Дерягин қағып жіберем дегенде балта ұшып кетеді. Халел балтаға ұмтылғанда Дерягин бұрын барып балта сабын басып қалады).

Халел *(бойын жазып)*. «Шаппа ағашты, шаппа!

Дерягин. «Ә, енді менен айдаладағы ағашты да аяйын дедің бе, на получай, получай!» *(сарт-сұрт ұрып құлатады. Халел Дерягиннің қолындағы балтаға тағы ұмтылады, тағы жұдырық, тағы жұдырық, Халел кескен баудай құлап түседі)*.

(Жалғыз ағаштың маңы ұйтқыған боран. Дерягин ақ балтаны сілтеп жатыр. Жәлелдің үні: «Халел, тұр,

тұр орнынан. Маған пана болған ағашты арашалаймын деп таяқ жеп қалдың-ау, жаным! Ажал жетсе адам да өледі. Қураған кәрі ағаш тағы бір тығынға жараса, оған өкінбе. Бұл да қажет болған ғой. Әттең, енді бұл араға Ақбөпе келмейтін болды-ау...»

Сықыр етіп, құлаған ағаш үні.

6-КӨРІНІС

Күн жаңа шығып келе жатқан мезгіл. Шырылдаған боз торғай үні. Теңіздей толқыған сарыбалақ егін көрінеді алыстан.

Сахна машинаның копоты. Түйіншек ұстаған Ақбөпе машина терезесін ұрғылайды.

Ақбөпе. Халел, Халелжан. Тұр деймін, тұр. Ұйқың мұнша қатты болмаушы еді. *(Іштен ыңыранып, есінеп, Халел шыға береді).*

Ақбөпе *(жерге отырып түйіншегін шеше бастайды).* Түні бойы көз шырымын алғам жоқ. Бір жерде жазым болды ма деп, зәрем ұшып... Бетін аулақ қылсын, көрші совхозда бір шоферлер мерт болыпты.

Халел *(есінеп).* Қарьерден таң ата келдік, сосын мазаларынды алмайын деп *(машина астына кіріп радиатор кранын ағызып бетін жуады).* Қазір тағы рейске кетеміз.

Ақбөпе *(түйіншекті дастарқан етіп жазып, бір бөтелке қымыз, ет, май мен нан қояды).* Мезгілімен тамағынды ішіп жүрсеңші.

Халел *(қасына отырып).* Кеше орап берген тамағынды да түгел жегем жоқ, несіне келдің, ұйықтасаң етті. *(Тамақты қарбытып жей бастайды).*

Ақбөпе *(бетіне үңіліп).* Халелжан, бетіңе не ғылған: аварнядан амансыңдар ма?

Халел. Ой әлгі бір... тастарды атқылап жатқанда жақын тұрам деп...

(Сырттан Тамараның даусы шығады.)

Тамараның даусы. Привет, Вам! Приятного аппетита!

(Халел жай ғана қолын көтеріп сәлемдеседі).

Ақбөпе *(ол да қолын көтеріп).* Привет, привет, Тамара! Бері кел, тамақ іш.

Тамараның даусы. Асығып барамын. Сменщигім күтіп қалады.

Халел *(күмілжіп).* Тамараны қайдан білесің?!

Ақбөпе. Қиіктің лағындай сүйкімді қыз. Бірсудің әлпештеген баласы ғой. Өзі қандай бауырмал. Қеше сенің жеңгеңмін деп танысқанмын. Тіпті балаларыма дейін сұрап іші-бауырыма еніп кетті. Бұларда жаттық жоқ қой ,шіркін! Балалардың аттарына дейін біледі, тегі сен айтқансың-ау... Халел, қалай қарайсың? Мен де совхозға тұрайын деп ем. Қеше директор әзірше бензин құятын жерде істе, кейін қолайлы жұмыс табылар деді.

Халел. Әрине, әрине... Мен де айтайын деп жүр едім...

Ақбөпе. Халелжан, ұйқыдан көзім бұлдырады ма, әлдене болды, білмеймін. Күнде алыстан көрінетін жалғыз ағашты көре алмадым. Төбеге шығып та қарадым. Қазір қайтарда әдейі барып кетпесем... *(Сырттан Дерягин келеді).*

Дерягин. Машинаға су құйдың ба? Бол, жүреміз.

Халел *(аузын орамалдың шетімен сүртіп)*. Ал, тойдым, кеттік біз. Су да құя алмай қалдым-ау.

Ақбөпе *(түйіншекті қайта орап жатып)*. Мыналарды салып ал, жолда қарның ашады. Ай, шопр, дәм ауыз тимейсің бе?

Дерягин. Рақмет, таңертең тамақ іше алмаушы едім.

Ақбөпе. Ә, онда жолда жерсіңдер, екеуіне әлі де бір жеуге жетеді. Халел, ана шопр досыңды үйге әкеп жүрсейші, үйі жоқ, байғұстар, столовойдың тамағы тамақ бола ма? Өзі Тамараның ағасы көрінеді.

Сырттан дауыс. Дерягин, Талжанов сендерді Райхан Сұлтановна шақырып жатыр.

Дерягин. А-а, сен шағым етіп те үлгергенсің бе? Мә, ескерткішіңді өзің ал *(кабинадан батпақ фуфайкені сыртқа лақтырып жібереді)*. «Енді Дерягинмен жүрмеймін, аса қауіпті субъект» деп сәлем айта бар Райхан Сұлтановнаға!

(Машинаны от алдырып, шегініп кете барады. Фуфайка ұстаған Халел, түйіншек ұстаған Ақбөпе үнсіз дағдарып тұрып қалады).

7-КӨРІНІС

Палатка. Директордың кабинеті. Іште Моргун мен Райхан шаруашылық жайын ақылдасып отыр. Алдарында егістік жердің схемасы.

Моргун. Сонымен келістік ғой, Райхан Сұлтановна, кейін бар техниканы мына поласаға саламыз.

Р а й х а н. Дұрыс, келіспейтін ешсі бар.

(Сырттан Халел келеді).

Х а л е л. Кіруге бола ма. Саламатсыздар ма? Мені неге шақырдыңыздар?

Р а й х а н. Бетіңе не болған, Халел?

Х а л е л. Машинаға соғып алдым.

М о р г у н. Машинаға соққан бет ондай болмайды, мынау ғой *(жұдырығын көрсетеді).*

Х а л е л. Аздап бокспен шұғылданып жүр едім.

М о р г у н. А, солай ма?

(Сырттан Қарасай келеді).

Қ а р а с а й. Ассалаумағалайкүм! Мені шақырған екенсіндер.

М о р г у н. Сәламатсыз ба, отырыңыз. Қазір.

Р а й х а н. Халел сен завгарға бар, Морозовқа. Мастерскойда істейсің.

Х а л е л *(шошынып).* Неге, Райхан Сұлтановна. Мен Дерягинмен бірге істеймін. Неге одан айырасыз. Менің кінәм не? Райхан апай, Федор Трофимович?!

Р а й х а н. Жоқ, Халел сен стажировкадан өттің. Жетеді. Енді мастерскойда біраз істеп, ремонт жасауды үйренуің керек. Ол — үлкен сабақ. Жақында жаңа машиналар аламыз. Соның біреуі сенікі. Осы бір жұмада келеді. Сосын жұмыс арасында ауданға барып емтихан тапсырасың.

Х а л е л. Рақмет, Райхан апай. Осыған шақырдыңыздар ма? Кетуге бола ма?

Р а й х а н. Бара ғой *(Халел шыға береді).*

М о р г у н *(оның соңынан айғайлай күліп).* Талжанов, жақында спорт инвентарь аламыз, қолғапсыз жалаңаш қолмен соғыспаңдар, бетке дақ түседі...

М о р г у н *(Қарасайға).* Ал, ақсақал, мен сізге қатты ренжіп отырмын.

Қ а р а с а й. Менің саған түк те ренішім жоқ. Тап соған...

М о р г у н. Сіз екеуміздің дұрыстап сөйлесуімізге тура келіп отыр.

Қ а р а с а й. Онда айта ғой... Немене, әлгі Халел бірдеме бүлдіріп жүр ме?.. Ондайы жоқ еді...

(Сырттан гүр етіп тоқтаған машина үні. Ішке Алагөзов кіреді).

А л а г ө з о в. Сәламатсыздар! Өу, мұнда Қарабет те отыр ғой. Қартайғанда жұмысқа тұрмаса неғылсын. Ай, қу шал енді пенсия қуғын кеп жүр-ау.

Қ а р а с а й. Мен пенсиясыз-ақ өмір сүріп келемін, ал сен пенсияға шыққан соң күнің не болар екен?!

А л а г ө з о в. Е, сен бұрынғыдан да артық өмір сүресің, білем. Тура іргеңнен совхоз орнап, астық шаш-етектен келгелі тұр. Ана суырдың ініндей үйіңе екі ұртыңды толтырып жинасаң да, бір ұра астық құйып аларсың.

Қ а р а с а й. Пенсияның тегін ақшасы жақсы-ау. Бірақ ол бар болғырың тегін келе ме, бүкіл беделіңнен жұрдай ғып астыңдағы тағыңды, қолыңдағы бағыңды ала келмей ме? «Көктен күбі түсті, күбімнің түбі түсті» дегендей, ай, сендей әкімге пенсияға шығу қиын-ау.

(Мына адамдардың шарпысуына түсініңкіремеген Моргунға Райхан сыбырлап, ұғындырып тұрған. Енді әңгімені бөледі).

Р а й х а н. Федор Трофимович, қазақта бір жылы туған құрдас адамдар бір-бірімен қатты қалжыңдаса береді.

М о р г у н. Сол-ай ма? Сонда Сіздер айтуларыңызға қарағанда алпысқа шыққан құрдассыздар ма?

Р а й х а н. Мен де бұл адамдармен түйдей құрдаспын.

Қ а р а с а й *(Моргунге)*. Үшеуміз де бір ауылдан едік. Сеніңкіремей тұрсың-ау құрдастығымызға. Рас, сену қиын. Райхан болса — шашы аппақ құдай: Мен болсам, бетімді қап-қара сақал, қара қал басқан қарабетпін. Алагөзов болса, үнемі бетінен ұстара кетпейтін көк бет. Үшеуміздің қартайуымыз да бір ауылдан шығып, үш тарауға бөлінген жолдарымыз сияқты.

А л а г ө з о в *(сөзді бұрып)*. Айтпақшы, Федор Трофимович, құттықтаймын.

М о р г у н. Немен?

А л а г ө з о в. Сенің Қойтас жағын мал өрісі ету жөніндегі шағымың бюрода қаралмақшы.

М о р г у н. Шағым емес, ұсыныс деңіз.

А л а г ө з о в. Менің де атым аталған екен. Біреудің үстінен жазылған қағазды қашанда шағым дейтін. Егін орағынан кейін орталықтан арнаулы комиссия келмекші. Тегі, сенің жеңетін түрің бар.

М о р г у н. Менің емес, көпшіліктің жеңісі болар онда.

А л а г ө з о в *(Қарасайға көзінің қиығымен қарап)*. Қашанда жастар жеңеді әрине, диалектика, Федор Трофимович. Жарайды, ол туралы кейін. Ал, ораққа қашан шықтыңыздар? Жаңа, жолда егіндеріңізді аралап кел-

дім. Бидай пісіп қауызынан төгілгелі тұр. Бір дән далада ысырап болмасқа керек. Биыл тың өмірінде бірінші миллиард беретініміз естеріңде ме?! Талай адамдардың омыраулары жарқырайын деп тұр.

Райхан. Иә, егінді шығынсыз жинап алсақ, омырау емес, мандайдың жарқырағаны сол емес пе?

Моргун. Дегенмен, еңбек бағаланса, еңбекші де ынталы болмақ.

Алагөзов. Бәсе, бәсе, міне, жастар ештеңені құр жібергісі келмейді. Бірақ байқаңдар, «Херсон» совхозы өнімді сендерден молырақ бермек. Жұлдызды жуан шал алып кетіп жүрмесін.

Қарасай *(өзіне-өзі сөйлегендей)*. Тың көтергелі жарты астығы қар астында қалып, екі жылдай жаман аты шығып келіп еді, бір рет бұлт ашылса, кеудесінде жұлдыз жарқырай салады екен-ау. Ауа райы шын түзелейін деген екен.

Алагөзов. Ол неғылған ауа райы тағы.

Қарасай. Осы тыңға дейін егіні шықпай қалса да, сиырлары қысыр қалса да басқарма сорлап, тауықтың күнде жұмыртқаламағанына, қойдың егізден қоздамағанына кінәлі. Жылда жұлдыз санамақ түгіл, сол жылы-ақ жұлдызы сөнетін еді...

Алагөзов *(ұнатпай)*. Федор Трофимович, мына шал неге келіп еді, тезірек жөнелтпейсіңдер ме, жеке ақылдасатын шаруа бар.

Моргун. Ақсақалдың шаруасы қиын болып тұр... Қареке, сіз малыңызға неге ие болмайсыз, бүгін түнде жылқыларыңыз жарты гектар егісті таптап кетіпті.

Алагөзов. Не дейт! Мынау масқара ғой. Қылмыс қой мынау... Қалайша жайбарақат отырсыңдар бағанадан бері.

Райхан. Қареке, жылқыларыңызды қамап қойдық. Штраф төленбей берілмейді. Акт жасаймыз.

Моргун. Ал бұдан былай қайталанса...

Қарасай. Енді мен аяқты малды қалай ұстап тұрайын. Олар да өріс іздейді. Ал, штрәп дегенде, қолға ақша ұстап көрмегеніме табаны күректей отыз жыл. Оны қайдан табамын...

Райхан. Кейін төлейсіз. Онсыз болмайды. Заңды ешкім аттай алмайды.

Алагөзов. Райхан Сұлтановна, бұл шал заңды бізден артық біледі. Жолдас, Моргун, мемлекет байлығын жеке меншіктің малына таптатып қоя алмаймыз.

Және қазір жеке меншікке басы артық мал ұстауға ешкімнің қақысы жоқ. Бар малын бүгін асханаға өткізіңіз де, егіннің шығынын мал басына шағып, қалғанын үкімет бағасымен төлеңіз. Болды, басқа сөздің қажеті жоқ. Мен өзім жауап берем. Бара бер, Қарабет.

Қ а р а с а й. Оу, Алагөздің баласы, тұра тұр, мен ешқайда кетпеймін, сен қашаннан бері жауапшыл болғансың?

А л а г ө з о в. Әй, Қарабет, жауапкермін бе, емеспін бе сенің алдында есеп бере алмайтын шығармын.

Қ а р а с а й. Білем, білем. Іске келгенде апырып-жапырып, бір көлдің суын бір көлге сапыратын пысық, жауап берерге келгенде түк көрмеген мысық адамдарды да білем.

Р а й х а н. Қареке, бұл ара сөз таластыратын жер емес. Бізде одан басқа да шаруалар жеткілікті...

Қ а р с а й *(оны тыңдамай)*. Сен менің бес-алты жылқымды қырып, бойнаға өткізіп, өзім жауап берем дейсің. Әрине оған әлің де, беделің де жетеді. Егер шын жауапшыл болсаң, сонау алғаш колхоз ұйысқан жылдары қырылып кеткен қыруар малға, қаншама жанға неге жауап бермедің кезінде?

А л а г ө з о в. Қайдағы ескі қоламтаны көсеуге әуессің-ау, Қарабет! Оған менің қатысым қандай?

Қ а р а с а й. Сен ол кезде ет, жүн салығын жинайтын агент емес пе едің?

А л а г ө з о в *(кекесін күліп)*. Болғамын. Қейін есепші де, полевод та, бригадир де болғамын. Қажет болса, әлі де болуға әзірмін. Оның несі айып? Мен сен деймісің сынық шөптің басын көтермейтін.

Қ а р а с а й. «Аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын» дегенді желеу етіп, елдің соңғы ешкісіне дейін сыпырып алып, тығырыққа таяп, аштыққа қамағанда, сен де соның бел ортасында емес пе едің?!

А л а г ө з о в. Оны не ғыл дейсің?!

Қ а р а с а й. Қолхозды өз қолымен құрып, ақыры сол колхоз үшін бар қателікті көтеріп, ұзақ сапарда күні бүгінге дейін мына Райхан жүрді. Жауапшыл болсаң, сонда неге ара түспедің, неге ауыртпалықты өз мойындарыңмен көтермедіңдер?

А л а г ө з о в. Е, ол уақыт салмағы еді ғой. Ол кімнің мойнына түсем дейді, сен екеуміздің сұрамайды.

Қ а р а с а й. «Уақыт та сағат сияқты бұрайтын кілті

бар, оның кілті аспанда емес, адам қолында», дейтіндерің қайда?

Алагөзов. Жарайды, сен де бір қайдағы атамзаманда бітелген ор-шұқырды шұқылап, қазбалай береді екенсің. Жақсылықты көретін, соған бойсұнып еміренетін күнің болар ма екен?! Жеріңе мынадай құт-береке орнап, елің байлыққа кенеліп жатқанда, бір селт етіп қуануды білмейтін не деген тастан жаралған жансың.

Қарасай. Мен балшықтан-ақ жаратылған едім, отқа күйе-күйе тасқа айналдым. Сен өңкей бір ұрандап өткен жерді ғана айтып, сүрінген жерді айналып өтуге әбден машықтанған екенсің.

Алагөзов. Ондай-ондай кішігірім шұқанақтарды сен екеумізсіз-ақ жаңа заманның жаңа тракторлары тегістеп кетеді.

Қарасай. Ә-ә, тегістесе тегістер. Былтыр «Озерный» совхозының бір тракторисі шым үйдің бұрышынан кіріп кетіп, тамақ ішіп отырған адамдардың дастарқанының түбінен бір-ақ тоқтаған.

Райхан *(сәл езу тартып)*. Күні-түні жер жыртып қажыған тракторист қалғып кеткен ғой...

Қарасай. Соны айтам-ау, қашанда жаңалық тізгінінде отырған адам да қалғымайтын, сергек болмаса, тақтайдай даланы тегістеймін деп жүріп, қайсыбір тіршілікті де сүргілеп алар.

Алагөзов. Нені сүргілеп, нені бүлдіріппіз.

Қарасай. Тыңды игереміз деп, жергілікті жұрттың малына бықбырттай тидіндер. Одан да, қолындағы малға қараған кемпір-шалдарды қолбаса мен қара шайға қамағанша, әр совхоздан неге бірлі-екілі мал жаятын бөлімше ашпайсыңдар.

Алагөзов. Оны маған несіне айтасың?

Қарасай. Сен де осы ауданның басшыларының бірі емессің бе? Ертең мал басын көбейту керек деген тағы бір ұран шықса, о дүниеге кеткен қыруар малды бір күнде қалай тірілтіп алмақсың. Оған жауапты қалай берер ең?!

Алагөзов. Оған қам жемей-ақ қой!

Қарасай *(ызалы күліп)*. Әрине ол кезде сақалың беліне түскен пенсионер боласың. Қазір он бес — жиырма жылдасын коммунизмге жетеміз деуге де беттерің бүлк етпейді. Бүлк етіп қайтсін, жиырма жылдан соң бүлкілдейтін бет түгілі, қалтылдайтын бастарыңның қайда болатынын жақсы білесіңдер.

Алагөзов. Әй, Қарабет-ай, өзің қартайған сайын шімірікпей сөйлейтін болыпсың, ә?

Қарасай. Қорықпайсың дегенің ғой. Мен несіне қорқайын. Қызмет орнымнан айрылып қалам деп қалтырайын ба? Сендер ғой анадан туғанда орындықтарын бірге ала туатын. Енді бір жыл қалған пенсияға сен ғұсап қалай аман-есен амалдап кетем дейтін менде одан да үміт жоқ. Ауданның зиратында игі жақсыларға тәуір орын бөліп қойыпты деседі, содан да үлес алам деп иегім қышымайды.

Алагөзов. Жетер, Қарабет. Құрдастығыңды пайдаланып біраз нәрсені көйіттің, енді айтпағаның қалған жоқ шығар.

Қарасай. Құрдастықпен қалжыңдасатын менде не күй бар?

Алагөзов. Онда несіне таусыласың?

Қарасай. Енді Райхан, үшеуміз секілді құрдастар қанша жасармыз дейсің, келешек мына Моргун сияқты жастардікі. Ендігі жердің иесі де, басшысы да осылар. Тым құрмаса осылар бұл араның өткені мен кеткенін біліп қалсын. Озығы мен тозығын...

Алагөзов. Сауатты адамдар тарихтан біле жатар, босқа арам тер боп қайтесің.

Қарасай. Ондай-ондай кішігірім уақиғаларды кітапқа жазбай жүр ғой. Ол түгілі дала тарихының куәсі сенің өзің қазір осы дала туралы сөйлегенде «тың жатқан шексіз дала, меңіреу дала, мидай дала, милау дала, жан баспаған, жан көрмеген иесіз дала, құлазыған тұл дала, көшкен қаңбағынан басқа, қолға ілінер жаңғағы жоқ ку медиен» деп талай алыс пен тартысты үстінен өткізген, түгін тартсаң майы шығатын, топырағы торқа байтақ жерде өшің бардай қазыла сөйлеп, қазымырлана тесілесің. Аты жоқ бір томарың, бір шоқ ағашың, бір қыратың, бір дөңің бар ма? Иесіз қораларға дейін пәленшенің қыстауы атанған өз жыры, өз қасіреті бар. Өткенді былай қойғанда, күні кешеге дейін, өгізбен соқа тартып, күзде астық алған қолхозшыларың ен даланы өзінің маңдай терімен еңбек күнімен ұстап келмеді ме.

Райхан. Қалайша?

Қарасай. Неге айтпайсың, жолдас Алагөзов. Ол кезде жер бөлімінің бастығы емес пе едің? Госпошлина деп жұрт игере алмаған байтақ даласы үшін де маңдайының маржанын берген жоқ па? Сол кезде «артық

жер, бос жатқан жер, иесіз жер, колхозға керегі жоқ» деп неге жауап бермедің жауап бергіш болсаң.

(Пауза).

Алагөзов. Әй, Қарабет, екеуміз де шал болдық. Қайтесің мені қажай беріп. Әр кездің, әр пенденің өз шама-шарқы болады. *(Сырттан айғайлаған, шулаған үрейлі дауыстар шығады).*

— От, от!

— Көлге қарай, көлге!

— Апырай, өзі жанып кететін болды-ау.

— Суға, суға...

— Баққа тиеді-ау, баққа!

— Жетті, жетті.

— Тірі қалса игі еді.

— Не болды, не болды?!

— Кім өзі. Кімнің машинасы?!

Палатадағылар алғашқы дауысты естісімен-ақ далаға ұмтылған! Қараңғылық.

8-КӨРІНІС

Дала. Алыста жайқалған егін. Зембілде жатқан адамды қоршағандар аянышпен қарап тұр. Зембілдегі адамның жүзі көрінбейді, қимылдап қалса жарасын ауырсынған аянышты үні ғана естіледі. Сырттан жүгіріп кеткен Дикәй кимелеп ауруға ұмтылады. Тұрғандар: Райхан, Моргун, Қарасай, Алагөзов, Халел, тағы басқа жұмысшылар.

Дикәй. Кім бұл, кім? Өзі тұк қалмай күйіпті ғой, тірі ме өзі. Кім өзі, кім?

Халел. Айғайлама, Дерягин емес пе, танымай тұрмысың?!

Моргун. Қане, не тұрыс, ауданға тез жеткізу керек.

Райхан. Халел, сен жеткізесің.

Халел. Жарайды.

Алагөзов. Менің машинамен жеткізу қиын болады-ау.

Моргун. Кузовты машина болмаса, жарамайды.

Райхан. Оған енді жұмсақ бірдеме төсемесе бола ма, сабан да жоқ.

Дикәй. Құрылыс басынан табылады.

Қарасай. *(Зембілді көтеріп бара жатқандардың соңынан айқайлап).* Әй, Халел, түнеугі жоңышқа қайда үйдің қасындағы, соны толтыра салыңдар, одан жұмсақ нәрсе таппайсыңдар.

(От алып жүріп кектен машина үні. Жүгіріп Тамара келеді).

Тамара. Кім ол, кім жанған?

Райхан. Аздап... бетін от шарпыпты. Онша ауыр емес.

Тамара. Вася емес пе, Вася?

(Машина соңынан ұмтылады).

Райхан. Тамара, тұра тұр...

Алагөзов. Кімнің машинасы екен, айыпты шофердің жазасын тартқызу керек. Сосын, Райхан Сұлтановна, техникалық қауіпсіздік шаралары деген қайда? Бүкіл бензобактарыңыз, цистерналарыңыз қалай болса солай, ашық-тесік жатыр. Бұған кім жауап береді?!

Райхан. Оған айыптымыз. Бәрі бір күнде бола ма? Мен кінәлімін.

Тамара. Федор Трофимович, айтсаңызшы не болды өзі?

Моргун. Вася... Азамат екен. Біреу машинасына бензин толтырып, цистерналардың ортасына қалдырып кетіпті. Әлдекім темекі тастаған ба... жана бастаған машинаны Вася бензин тұрған жерден алып шығып, егін ортасымен көлге жеткізіп үлгеріпті. Сол арада от баққа тисе керек...

(Тамараның жылаған ащы даусы. Қараңғылық. Минорлы музыка көңілді еңбек күйіне ұласады. Егін орағындағы комбайндар, машиналардың тынымсыз үні).

9-КӨРІНІС

Шертпе күй. Қыламықтап жауған қар. Мәткесі омырылып, төбесі ортасына түскен Қарасай үйінің алды. Самауыр, көр-жерді сыртқа тасыған Жәміш пен Қарасай.. Жәміш піспекті сабаны алып шыққанда, Қарасай зекіп тоқтатады.

Қарасай. Мұны несіне алып шықтың?! Қалсын шошалада шошиып.

Жәміш. Енді... керек болмай ма?

Қарасай. Қай биеннің сүтін құяйын деп едің, сорлы-ау?!

Жәміш. Кім біледі, үмітсіз шайтан деген!

Қарасай. Үміт, үміт *(Сабаны алдына алып, піспекке сүйеніп тұрып қалады)*. Үміт дегенше үмітті ұмыт десейші!

Жәміш. Қойтас жақтан мал совхозы ашылады деп жүр ғой Халел.

(Сыртта тоқтаған машина үні. Жайраңдай күліп, тайраңдай басып Мұқат келеді).

Мұқат. Ассалаумағалейкум! Оу, *(шошынғандай).* Шаңырақтарың ортасына түсіпті ғой!

Жәміш. Қой, жаман ырымды айтпай, Атам заманғы ескі үй емес пе? Ажал жетсе, адам да опат болады.

Мұқат *(күліп).* Құда, немене, биелеріңнің сүті үйге сыймаған соң, далаға шығып пісетін болғансың ба?

Қарасай. Е, Мұқат, енді мұқатуыца болады. Сенің атынды Мұқат қойған әкеңнің тілегі оң екен, бірақ сен мұқатқанның бәрі мұқала бермес, Мұқат.

Мұқат. Құда, сенің атынды да жұрт Қарабет дейді. Ол да Талжан әкеңнің тілегі болар?

Қарасай. Болса, болар. Бірақ ел бетімдегі қалыма қарап айтушы еді, жұрт бетіне қарай алмайтын қарабет еткен әкем емес, сендер емес пе едіңдер, несін көңіріссітесің?

(Сырттан су жаңа пальто, шляпа киген, көзінде көзілдірік Дикәй келеді).

Мұқат. Мына бір келімсек неғып жүр.

Дикәй. *(Шеттегі шорым-борым көтеріп шыққан Жәмішке).* Есенбісіз, шеше?

Мұқат. Ой, мынауың қазақша сөйлейді ғой.

Жәміш. *(Алақанын көлегейлей қарап).* Шүкір, айналайын! Қай баласың, танымадым ба?

Дикәй. Танымайсыз апа, Алматыдан келем. Осында апамның апасының ағасынан туған қызды алған жездемнің нағашыларының жиеншарына бөле Жәміш деген шешейіміз бар еді.

Жәміш. Тұра тұр, тұра тұр. Жәміш деген мен. Ал оған қандай жақындығым бар дедің, шұбыртпай анықтап айтшы.

Дикәй. Апа, қайталап айта алмаймын. Өзім де ұмытып қалдым. Ал тоқ етері сол — Сіз сол Жәміш шешей болсаңыз, мен Тұрсын, осы совхоздың алдыңғы қатарлы строитілімін, жұрт «сүйіп» қойған атым Дикәй.

Жәміш Ди-кәй *(жақындап).* Ой қағыңғыр сол. Жаным-ау, сен шын Дикәймісің *(бетінен сүйеді).* Ой алла-ай, ағаш көркі — жапырақ, адам көркі — шүберек. *(Өңірінен шығып тұрған этикеткасын ұстап).* Мына біреуі не?

Дикәй *(сәл қысылып, этикектаны жұлып тастайды)*. Бұл пальтоның адрісі, апа.

Мұқат. Көзілдірігің де өзіңе ұнасып тұр, тура төрт көз ит сияқтысың. Қай кітабынды оқи алмай жүрсің?

Дикәй. Сізді тани алмай қалам ба деп кигенім ғой.

Мұқат. Өй, шірік сол! Сөзін қара.

Жәміш. Көзінің ақауы бар еді, лөктірге қаратқан ғой.

Дикәй. Иә, қараттым. Апа, екеу көзілдірігім. Жұмыста киетінім бөлек. Ал, не тұрыс. Апа-ау, дүниені арбаға неге артып жатырсыздар? Машинамен көшірмейміз бе?

Мұқат. Бұл да атыңның жоғын бетіңе басты-ау, құда, ә жасаған! Әй, Дикә, Қаракеңе арбаға сені жегем дейді.

Дикәй. Жексе несі бар. Жегілем. Жегілмеген жұмыс па? Ал, мен үйдегілерді шығарайын. Апа, сен дем ал. *(Ендігі жерде құлаған үйге бір кіріп, бір шығып жүріп сөзге араласады)*.

Мұқат. О, заман-ай, қатын ала алмай жүрген мына жаманның басына шләпшін киіп қойқаңдауын қараш. Тіпті тілі де шығып, тірілейін депті.

Жәміш. Ой аллай, тіпті, түзеліп, құлпырып кетіпті. Сөзі де пысық. Пәндені тұрмыс билейді деген ып-ырас.

Қарасай. Немене, бізден бір қағажу көріп пе еді?

Жәміш. Әйтседе ел қатарлы жұмыс істеп, жұрт қатарлы жүргенге не жетсін. Өзі, ақшаңды да күреп алатын көрінеді. Анада, зәрпілет алдым деп, қаншама дүние әкеп тастады.

Мұқат. Тесік өкпе емес пе, өлген-тірілгеніне қарамай жұмыс істейтін шығар. Бірақ ғұмыр бақи ол осылай болар деймісің. Мына слинаның алғашқы жылында құтыртып қойған да. Енді бірер жылдан соң көрерсің, жылы мұрнына суық қолын тығып отырар әлі.

Жәміш. Әй, адал еңбек еткен деп сау адамға тұрмыс түзелді ғой. Көрерсің — ертең-ақ әйел алып, қатарлы үй боп кетеді әлі.

Мұқат. Украинадан жиырма вагон қыз келе жатыр деген. Бұған да бір жілігі татитын біреуі тиер... Айтқандай Халелдер қайда?

Дикәй. Халел, түнеугі отқа күйген Дерягин деген жігітті әкелуге кетті. Ол жігіт орден алатын болыпты, совхоз Райхан апай екеуіне той жасайын деп жатыр.

Жақында миллиардтың тойы да болады ауданда. Үлкен той.

Мұқат. Райханға не ғылмайсың деп той. Байың жоқ, балаң жоқ, тұл қатынсың деп той жасамақ па?

Қарасай. Пенсияға шығатын көрінеді.

Мұқат. Қартайып, әжетке жарамай қалу да той болғаны ма? Шығарар бұлар.

Жәміш. Екеуіңе әжетке жарап, жетістіріп жүрген шығарғыңдар, жаман қатты.

Мұқат. Ана орыс шопырына Халелдің қанын бергені рас па?!

Дикәй. Берсе өз қаны. Бір группа екен екеуінің қаны.

Мұқат. Өз қаны! Ол қанды құдықтан құйып алған шығар. Ол атам қазақтың қаны емес пе?!

Дикәй. Е-е, өзі атамыздың ханы ежелден орыс қанымен бір группада екен ғой.

Мұқат. Ой шірік группашылын мұның, жаман неме!

Дикәй. Бұрын жаман едім, қазір бір деген маман болдым, қайтесіз сондай сөзді.

Қарасай. Сөйлес, тілін білсең.

Дикәй. Биыл осы үйде де той болады әлі. Одан да соған да соған дайындалыңыз.

Мұқат. Е, той деген осы емес пе, үйлеріңнің омыртқасы сынып, жұлыны үзіліп жатыр.

Дикәй. Бұл үй ме тәйірі! Совхоз Халелге, как передовой шопр деп үш бөлмелі үй бермекші. Сосын Халел келін кіргізбек.

Мұқат. Келіні несі! Ақбөпе қайда? Не былжырап тұрсың!

Дикәй. Ақбөпе совхозда. Мен үй алғанмын. Балалармен менің қолымда тұрады. *(Үйге беттейді).*

Мұқат *(тұлан тұтып)*. Не дейді! Не масқара! Не басынуың бұл Қарабет. А, Қарабет, Қарабет!

10-КӨРІНІС

Палата. Қос балдаққа сүйенген Дерягин теріс қарап сыртта саулап жауған жапалақ қарға кең терезеден қарап тұр. Халат киген Халел.

Дерягин. Жоқ, жоқ, Халел. Бүгін ауруханадан шығысымен бетім ауған жаққа кетемін, дүние кең, маған үгіт айтпай-ақ қой!

Халел. Сені үгіттейтін бала емессің, кетем десеңжол ашық, совхоз басшылары сені алып кел деп жіберген соң Тамара екеуміз келдік...

Дерягин. Тамара?! Ол да келді ме? *(Жалт қарайды. Беті айғыз-айғыз тыртық-күйік орны).*

Халел. Ол халат жетпей сыртта тұр.

Дерягин. Мен анада оны ішке кіргізбей жібертіп ем.

Халел. Оның барып тұрған ақылсыздық болған. Ол ғой, бүкіл орақ бойы сені ойлап, көзінен жас кетпеді.

Дерягин. Мүгедекті кім аямайды. Мені аямай-ақ қойыңдар, мысықтың баласы емеспін.

Халел. Бүгін совхозда үлкен екі той, бірі — Райхан Сұлтановнаны құрметті пенсияға шығару тойы, екіншісі — сенің жазылып, совхозға оралу тойың.

Дерягин. Райхан Сұлтановнаға менен арнайы сәлем айтарсың... Маған тойдың қажеті жоқ... Айтқандай... Қарыздармын қаныңа.

Халел. Қарыздар болмай-ақ қой, қанның орны өзөзінен толатын көрінеді. Одан да Вася, басқаға қарыздар болмасаң...

Дерягин. Тағы неге, қарыздар екенмін... Сұра... Айтсаңшы...

Халел. Маған әлі күнге дейін жұмбақ. Тамара екеуіңнің араларыңа түк түсінбей қойдым. *(Пауза).* Егер айтқың келмесе, тағы да өз еркің. Тамарадан бәрібір ештеме сұрамаймын.

Дерягин *(авансценаға қарай шығып, жұртқа қарап тұрады).* Халел, екеуміздің арамызда ғана қалсын! Тамара менің қарындасым емес, тағдыр қосқан туыстармыз.

Халел. Өзім де түйткілденіп жүретін ем... Тамара біле ме оны?

Дерягин. Жоқ... *(Ақ халатты Тамара кіріп, үнсіз тұрып қалады. Дерягин де, Халел де көрмейді).* Соғыс жылдарының қайнаған тұсында, эвакуациямен шегінген аласапыранда, аяғын апыл-тапыл басқан екі жасар Тамара бір вокзалда адасып қалады. Содан детдомдағы көп жетім балалардың арасынан Тамараны менің мамам алды. Мен ол кезде алты-жетідегі бала едім. Өз фамилиясын Тамара білмегендіктен Дерягина боп, менің туған бауырым боп кетті. Егіз туыстай жұбымыз жазылмай бірге жүрдік, қатар өстік. Ол өзінің өгей екенін мүлдем білген емес, сезген де емес. Ер жете келе, туыстық

сезімді жігіттік сезім билеп еді. Тыңға да туыс боп бірге аттандық. Бар шындықты айтармын деп жүріп, күндер өте берді. Тамараға айтуға батылым жетпеді. Жүрегімді тырнап, ішімді өртеген бар қайғыны араққа жендірдім. Саған қолым, басқаға тілім тиді. Енді сенен сұрарым — Тамараға естірте көрме. Алыста жүрсем де, Целинада Тамарам бар, туған қарындасым бар деп жүрейін. Мені сол қуаныштан, туыстық сезімнен айырмандар. Туыс қадірін, дос қамқорын палатаның меңіреу төбесіне қарап, жалғыздықтан құлазып, қанаты сынған дәрменсіз құстай жатқанда біледі екенсің.

(Халел Тамараны жаңа байқайды).

Халел. Вася, Тамара да келді.

(Дерягин жалт қарайды. Тамара жүгіріп келіп құшақтайды).

Тамара. Вася! Родной мой!

Тамара. *(Дерягиннен құшағын босатып).* Халел, сыртта Ақбөпе тұр. Райхан Сұлтановна жіберіпті. Тез жетсін депті.

Халел. Иә, не боп қалды екен?

Тамара. Сіздің үй құлап қалыпты.

Халел *(үрейлі).* Апамдар аман ба?

Тамара. Аман, аман. Бірақ түсінбедім, екеуі көшеміз деп жатыр дей ме немене. Ақбөпеден сұрашы өзің анықтап.

(Сырттан сестралармен айғайласып, халатсыз, өз киімімен «бір-ақ минутке», «тоса алмаймын» деп киіп-жарып кіріп келе жатқан Ақбөпе көрінеді).

11-КӨРІНІС

Тоғызыншы көріністегі күй. Мұқат айғайлап жатқанда сырттан Халел, Ақбөпе, Дерягин, Тамара келеді.

Халел. Бұларың не артынып-тартынып, қайда барам деп жатырсындар?

Жәміш. Көшеміз, кетеміз, балам.

Мұқат. Ініне су құйсаң, сарышұнақтар да тымтырақай қашпай ма?

Райхан. Ешқайда қашпайды. Халелге бүгін жаңа үй бердік. Сонда көшесіндер.

Қарасай *(бұрылмастан).* А, Райхан, сен де келгенсің бе? Рақмет, қамқорыңа! Бірақ ол қамқорыңды енді қартайғанда өтей алмаймын ғой.

Дикәй. Жаңа үйде отырғыңыз келмесе, мына ескі үйді сырып тастап, орнына өзім-ақ үй салып берем.

Қарасай *(ызалы күліп)*. Екі қолымды қусырып, қашан ажал келесің деп, кәрі мысықша көзім күлбиіп күн шуақта отырмақпын ғой.

Халел. Жұмыс істегің келсе, не көп — жұмыс көп.

Мұқат *(кекесін)*. Егінге күзетші болмаймысың, қарақшы құрлы жоқсың ба?!

Қарасай. Несі бар, ұлан-асыр даламның топырағына шыққан егіннің күзетшісі-ақ болар ем, бірақ сонау қиырға созылған егінге көзім жетер ме?!

Мұқат *(орнынан тұра беріп)*. Күзетуге көзім жетпейді дегенше, өртеуге қолым жетпейді десейші. Жарайсың, құда, жақсы ит те өлімтігін көрсетпейді. Жарайсың, алған бетіңнен қайтпа, хош бол! *(Кете береді)*.

Қарасай. Әй, Мұқат, тоқтай тұр. Атаның аруағын ауызға алып, құран ұстап, тісімізден шығармауға ант етіп ек. Өзің бастадың, өзің бықсыттың ертеде қоламтасы сөнген өртті. Бүгінде атаның аруағында, құранның жүзінде не қасиет қалды?!

Онда көшер алдында... бұл дүниеден, бәрін айтып ақтарылайын, сен де тыңда! *(Пауза)*... Райхан, ел жүзіне тура қарауға бетім күйген жанмын. Жиырма жылдан астам жапан дүзде жалғыздық тауқыметін тарттым. Бірақ соған етім өліп, үйреніп едім. Сен тағы келдің. Бұл жолы көп боп келдің, мықты боп келдің. Жеңдің *(Пауза)*. Ертеде колхозының егініне өрт салған мен едім...

Халел. Әке-ее!

Жәміш. Егер сол түні өрт салмасаң өзің өлетін едің ғой.

Халел *(жан даусы шыға)*. Неге, неге?!

Жәміш. Осы Мұқат бар, «кәмпескеде итше талан-дым» деп кектеніп жүретін қызыл көз Қанапия бар, үшеуің отырып жеребе тастағандарың қайда?

Қарасай. Иә, жеребе маған түскен.

Жәміш. Егер егінді сол түнде өртемесең, мойныңа тас байлап суға кетуге уағда қылып ең ғой.

Қарасай. Мен о жолы өлімнен қорыққам жоқ. Ерді намыс өлтіреді деп, намысқа өртеніп шыққанмын.

Халел. Сол да намыс боп па, не айтып тұрсың, әке?! Енді мен де ел бетіне қарай алмайтын қарабет болғаным ба?!

Қарасай. Ә, балам, ол заманды саған түсіну қиынырақ... Әкем Талжан кәмпескеге ілігіп, екі мыңдай

жылқысын сыпырып-сыйырып алған соң қайғы жұтып, бүк түсіп отырып қалды. Сол жолы құсадан өлді... Мен болсам жаңа үкіметтің аңғарын аңдап, келешекті өзімше жорамалдап, еңбекші жұртпен қосылып жаңа өмірдің жырын жырлауға шындап бел шештім. Ағымнан жарылып аңқылдап, мойын серікке бірігем деп ақ көңілмен, адал жүрекпен келгенде, кеудемнен итеріп, «тап жауы, байдың құйыршығы, ескінің сілімтігі, кет, жоғал!» деп алапестей аластап тастады. Бұдан өткен қорлық жоқ еді. Жапандағы жалғыз үйде жалғызсырап, дәрменсіз шошайып қалғаннан өткен мазақ жоқ еді.

Р а й х а н. Иә, артельдің маңынан жүргізбей, «байдың баласы, қасқырдың бөлтірігі» деп ащы тілді тәніңе біздей сұғып, қуып салғанның бірі мен болатынмын. Әке үшін бала күйген уақыт еді ғой.

Қ а р а с а й. Бойымдағы кек тұтқан қызғаныш отын бір шырпының басына тұтатып, егінге өрт салдым. Құрап тұрған мың-мың шырпы ду ете қалды. Адам баласының арман еткен асыл нәрі қызыл жалынға айналып, алаулап аспанға қарғығанда тура қарауға дәтім шыдамай, алақаныммен бетімді бастым. Жанып жатқан егін емес, он саусағым сияқты лапылдап, екі бетімді күйдіре берді... күйдіре берді *(басын сүйеп, отырып қалады)*...

Ж ә м і ш. Шал, неге үндемей қалдың. Бастаған соң түгел айт.

Қ а р а с а й. Райхан, ендігісін сен жалғашы. Бұдан арғысы саған мағлұм ғой.

Р а й х а н. Мен өздерің айтпасаңдар аузымнан шығармаймын деп ант-су ішкенім қайда?

Қ а р а с а й. Рақмет саған, осы уақытқа дейін ләм демедің. Енді лұқсат, балам бәрін білсін. Жалғыз айтуға тамағыма тас тығылғандай болып тұр. Есіңде ме, мына мәткесі ортасына түскен осы үйдің алды емес пе еді? Есіңде ме?.. Әрине есіңде... *(Мұңды шертпе күй. Райхан мен Қарасай үні репродуктор арқылы беріледі де, қимыл әрекет сол сөздерге қарай сахнада жүреді)*.

Р а й х а н үні. Егін жанған күзден соң, келесі жылы бар малынан айрылып, қолындағы азығын түгескен халық тарығып, жаз шыға жұтқа ұшырады. Басқа ауылдардың халі де нашар еді. Әркім әр жаққа жел айдаған қаңбақтай босып, бір үзім нан таба алмай аштықтан сеңдей соғылды. О қасиетті кең далам, сенің жазығың жоқ. Жазықтыны өзің ғана білесің. Халқыма жеткен сол бір

зауалға менің де қарсы тұрар айлам, белдесер дәрменім жоқ еді.

Мен әке-шешесіз қалған аш-арық екі жетімек баланың бірін жетектеп, бірін көтеріп, аяғымды зорға сүйретіп, үрерге иті жоқ жым-жырт Балта аулынан қалаға қарай шықтым.

Қ а р а с а й ү н і. Иә, жұртта қалған бұралқыдай бұрлығып, аштықтан басыңқонектей ісіп, менің үйімнің алдына келгенсің. Ұсқыныңнан адам шошырлық еді.

Р а й х а н ү н і. Мен аштан бұратылған екі баланы жол жиегіне қалдырып, ұяттан, намыстан өлердей боп сенің босағаңа келдім. Өмірі ұмытпаспын: Жәміш шығып, маған тура қарауға дәті шыдамай, мұңды жүзін бұрып, қос уыс қуырылған бидай әкеп алақанымма салды. Қаздың үлпілдеген балапанын ұстағандай, аяғымды санап басып, балаларға қарай жүрдім. Сол кезде тап желкемнен сенің үнің шықты.

Қ а р а с а й ү н і. Бұл қайыршыны неге мүсіркейсің. Жұртты ұйыстырам, басын біріктірем, колхоз боламыз деп тыраңдап едің шолақ белсенді. Аяғы не болды. Бәрін аштыққа ұшыратып, енді өзің қаңғып барасың, Қашқын! Мұны мүсіркегенше, итше тепкілемейсің бе?!

Р а й х а н ү н і. Сен арыстандай ақырып, ту сыртымнан төне түстің. Енді ұрады-ау, енді ұрады-ау деп келем... Мен сүрініп кеттім. О қасиетті далам, сенің жеріңде өскен ақ маржанды шашып алдым. Төрт тағандап еңбектеп жүріп, Қарасайдың жер тіреген тәкаппар аяғының астына төгілген бидайды бір-бірлеп тере бердім. Қарасайдың балағат сөзін де құлағым естімеді.

Қ а р а с а й ү н і. Мал біткенді сыпырып-сиырып, бір жылда жалмап құрттыңдар. Өңшең тажалдар! Жетілеміз, жаримыз, байимыз деп өкіреңдеп едіңдер. Қолхозың қайда, колхозың асырамады ма сені?! Өңшең жер шұқыған доңыздар, хайуан болдыңдар ма ақыры! Әй, Райхан біраз күнге тоқал бол маған. Тойындырып жіберейін, Ха-ха-ха!

Р а й х а н ү н і. Топырақ аралас бір уыс бидайды теріп ап, тағы да алға жылжыдым... Бар ойым балаларға жету. Қайран бір уыс бидай, бір үзім нан, туған топырағымның қасиетті нәрі!

(Бидайды уыстаған Райхан көзінен жас парлап тұр. Мұңды күй үдей түседі).

Жарық қараңғыланып, қайта жанғанда, алдыңдағы көрініс қайталанады. Сахнадағылар өз орында).

Р а й х а н. Мен екі баланы қаладағы дәтдомға тапсырмақшы болғам. Бірақ алыс жолға шыдар хал жоқ еді оларда.

Ж ә м і ш. Иә, қайдан шыдасын, үлкенінің қабырғасы ырсиып, беті күлтілдеп, көзінің нұры жаси бастаған екен.

Қ а р а с а й. Жалаңаш тәнін бір қабат жаялықпен ораған кішісінің ғана көз түкпірінде ненің жасуындай жылтыраған болмашы от бар. Қарацғы түнде өртенген егіннің, соңғы отындай өлеусіреп сөніп бара жатқан титімдей шоқты көргенде денем мұздап кетті.

Р а й х а н. Шешесі суалған емшек сүтінің соңғы тамшысына дейін оның аузына тамызып отырып, сол арада талықсып құлап еді... Жағы сембей шырылдаған балаға не істерімді білмей қысылғаннан мандайымнан шыпшып тер шығып, аузына өз емшегімді салдым. Өмірімде тұңғыш рет... соңғы рет сәби ернінің табы қалып еді кеудемде. Бүкіл тұла бойым шымырлап, белгісіз бір ыстық қан табаныма дейін жүгіріп өткендей болды. Бірақ сүт қайдан шықсын!

Ж ә м і ш. О, жасаған, аш бала жетім қозыдай кеудемді иіскелеп, аймалағанда, балаларым өле-өле семіп қалған тас емшегім жібіп, иіп қоя берді.

Қ а р а с а й. Менің тас жүрегімді де алғаш жібіткен сол жетім перзенттер еді.

Р а й х а н. Ажал табалдырығында тұрған панасыз сәбилерді сендер асырауға алып қалғанда, бұрынғы реніштің бәрін ұмытып, бар алғысымды жаудырмақшы ем, таңдайға жабысқан тіл күрмеліп, сөзге келмеді, тек іштей күбірледім.

Х а л е л. Ол балалар қайда қазір? Дәтдомға бердіңдер ме? Тірі ме? Білесіңдер ме?

Қ а р а с а й. Азбыншы нанға, малдың сүмесіне аузы тиген балалар кейін дырдай жігіт боп өсті. Үлкенінен айырылдық, сақтай алмадық. Кішісі... кішісі сен едің, Халелжан!..

Х а л е л. Ме-мен, мен!.. *(Пауза)*.

Ж ә м і ш. Иә, жетім қозыларым, сендер еріңдер. Жәлелдің қозылары жетімсіремесін деп, Ақбөпені бұл қораның астынан шығарғымыз келмеп еді. Енді жетімдік көрмес!

Қ а р а с а й. Тереңде жатқан неше жылғы сыр еді бұл. Бәрін өзім айтып арылдым. Ендігі арыла алмай, бойымда арман да, қайғы да боп бара жатқан бір-ақ

нәрсе. Атжалмандай шұлғыған жастық шағымда, жұлынып тұрған жалын кезімде бойымдағы қуатымды еліме, жеріме бере алмадым. Бар жаңалық атаулыға сырттай қызғанышпен ғана қарап келдім. Қартайған сайын сол қызғаныш оты ішімді күйдіріп барады. Өз жеріңе маңдай теріңді төге алмай, туған топырағыңа иелігің жүрмегеннен асқан жасағанның ауыр жазасы жоқ екен. Сол жара — сол жазамен кетіп барамын. Жиырма жыл ішінде жатып жарық дүниеге шыққан мақлұқтай көзімді ашып, жолдас-жора, туыстарды, жұртымды аралаймын. Көрісемін! Қоштасамын. Мен енді сызыққа жақындаған адаммын, көп жасамаспын: Жасағанның жазуы ол. Мен өлімнен ғана қорқатын ем, тірімде талай өліп, талай тірілдім. Ал, ажалдан титтей де қорықпаймын. Ата-бабадан қалған жерді неше жыл иемденіп келдім. Нағыз жер иесі — маңдай терін бес төгіп жүрген Адам — сенсің Халел. Сендерсіңдер, балаларым! Сенен бір-ақ тілеуім бар, Халел, қайда жүріп о дүниеге сапар шексек, өзің іздеп келіп, мына анаң екеуміздің қабірімізге туған жердің бір уыс топырағын саларсың!

(Баяу шертпе күй. Сахна қараңғы. Сыртта дабырласқан дауыстар).

— Тойға барамыз, тойға. Райхан апайдың тойы!

— Дерягин келіпті.

— Тартуларыңды ұмытпаңдар.

— Райхан апайдың тойы!

— Райхан Сұлтановнаны құрметті пенсияға шығарамыз.

— Құрметті пенсияға.

— Құрметті!

— Құрметті!

Көмескі жарық түседі. Балта аулының ескі жұрты. Ақ шашы желге желбіреген Райхан. Репродуктордан баяу шертпе күй әуенімен жарыса әлдекімдердің сыбырлаған үндері естіледі.

Шалдың үні. Апырай, сенің де шашың ағарған-ау.

Әйел үні. Кешір Райхан! Бар кінәні саған жауып, тіліміз де тиді. Енді қамықпа, еңбегің зая кетпепті.

Шал үні. Сенің де пенсия жасына келіп қалғаның ба? Жарайды, бұған да қолың оңай жеткен жоқ, қара мақпал шашыңа түскен қырау — сенің өткен жолдарың, трішілік жолындағы жеңісің, Райхан!

Жігіт үні. Есіңде ме, Райхан, туған жердің топырағын жалаң аяғымызбен басып, күн ұзақ қатар жүгіруші едік-ау. Томардан-томарға секіріп жұмыртқа іздейтініміз қайда. Алғаш рет екеуміз қарама-қарсы отырып алтыбақан тептік. Одан соң... Ия, тез ержеттік. Ересек адамның жүгі не деген ауыр еді. Мен жолда қалдым. Сен тырмысып кете бардың. Қанша қызық көрдің... Тегі бар қызық, арқалаған жүгінді алысқа жеткізе білуде шығар. Жарайды Райхан! Бәрі қайырлы болсын!

Шертпе күй үдей түседі.

Шымылдық.

МАЗМҰНЫ

Ажар мен Ажал . . 5
Қызым, саған айтам . 48
Тұтқындар . . . 109
Жаралы гүлдер 137
Әр үйдің еркесі 182
Қос анар . . 232

Жунусов Сакен

ДОЧЕНЬКА, Я ГОВОРЮ ТЕБЕ
(На казахском языке)

Редакторы *Ж. Шакеримов, Е. Мекежанов.* Художник *Ю. Юрьев.* Худож. редактор *К. Турекулов.* Техн. редактор *Н. Кунцман.* Корректор *Т. Абдрахманова.*
Сдано в набор 11.09.78. Подписано к печати 05.12.78. Формат 84×108 1/32. Бум. тип. № 1. Гарнитура литературная. Печать высокая. Усл. п. л. 15,54. Уч.-изд. л. 15,3+0,4 вкл. УГ15829. Тираж 4000 экз. Заказ № 1269. Цена 1 руб. 20 коп.
Издательство «Жалын» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480003, г. Алма-Ата, ул. Гоголя, 111.
Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.